И. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

10

БҮКІЛОДАКТЫҚ КОММУНИСТ
(большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ИНСТИТУТ МАРКСА—ЭНГЕЛЬСА—ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

И. В. СТАЛИН

СОЧИНЕНИЯ

*

ОГИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
Москва · 1949

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

И. В. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

*

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы · 1949

Қазақша аудармасын
ҚК(б)П Орталық Комитетінің
редакциялық комиссиясы қараған
ҚК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан

И. В. СТАЛИН

10

ТОМ

1927

АВГУСТ — ДЕКАБРЬ

АЛҒЫСӨЗ

И. В. Сталиннің Шығармаларының оныншы томына 1927 жылғы августен декабрьге дейін жазылған шығармалар кіріп отыр.

1927 жылдың аяқ кезінде елімізді социалистік жолмен индустрияландыру саясатында шешуші табыстарға қол жетті. Ауыл шаруашылығын коллективтендіру жөнінде большевиктік партия мен совет халқының алдына күрделі міндет қойылды.

Орталық Комитеттің БК(б)П XV съезіне берген саяси есебінде И. В. Сталин Совет Одағының халықаралық жағдайын, капиталистік елдердегі хал-жайды, бүкіл-дүние жүзіндегі революциялық қозғалыстың халін талдап шығады; капиталистік қоршау жағдайларында ССР Одағындағы социалистік құрылыстың табыстарын көрсетеді; социалистік жетекші орындарды ұлғайтып, нығайту міндеттерін және халық шаруашылығындағы капиталистік элементтерді жою міндеттерін белгілейді. И. В. Сталин ауыл шаруашылығын коллективтендіруге бет алған бағытты, съезд ұнатып, қабылдаған бағытты, дәлелдейді.

БК(б)П XV съезінде жасалған есепті баяндамада және баяндама бойынша сөйленген қортынды сөзде, «Орыс оппозициясының саяси бет бейнесі», «Троцкистік оппозиция бұрын қандай еді, кәзір қандай», «Партия мен оппозиция» деген сөздерінде және басқа шығармаларында И. В. Сталин троцкизмді идеялық жағынан талқандау ісін аяқтап, партияның алдына троцкистік-зиновьевтік антисоветтік одақты ұйымдық жағынан толық талқандап, жою міндетін қояды, большевиктік партияның бірлігі үшін және оның қатарында темір тәртіп болуы үшін дамылсыз күресу қажет екенін атап көрсетеді.

И. В. Сталиннің «Октябрь революциясының халықаралық сыйпаты», «Шетел жұмысшы делегацияларымен әңгіме», «Халықаралық жағдай және ССРО қорғанысы» деген шығармалары Ұлы Октябрь социалистік революциясының бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызын, мұның өзі адамзаттың тарихында капитализмнен коммунизмге қарай жасалған күрделі бетбұрыс екенін, марксизм-ленинизмнің социал-демократизмді жеңгенін ашып көрсетеді. И. В. Сталин дүниежүзілік революциялық қозғалыстың базасы ретіндегі ССР Одағының маңызын және Совет Одағын империализмнің шабуылдарынан қорғау қажет екенін баса көрсетеді.

«Америка жұмысшыларының тұңғыш делегациясымен әңгімеде» И. В. Сталин марксизм мен ленинизмнің тығыз байланыстылығын ыспаттап, Лениннің марксизмнің жалпы қазнасына енгізген жаңалығын, жаңа заманға — империализмнің және пролетарлық революциялардың заманына сәйкес Маркстің — Энгельстің ғылымын дамытқанын ашып көрсетеді.

Онышшы томда «М. И. Ульянова жолдасқа. Л. Михельсон жолдасқа жауап» деген хат және ««Октябрь революциясының халықаралық сыйпаты» деген мақаланың конспектісі» бірінші рет жарыяланып отыр.

БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы
Маркс — Энгельс — Ленин Институты

1927

АВГУСТ – ДЕКАБРЬ

БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ОРТАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ БІРІККЕН ПЛЕНУМЫ[1]

29 июль — 9 август, 1927 ж.

И. Сталин. Оппозиция туралы 1921—1927 жылдардағы мақалалар мен сөздер, М. — Л., 1928

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ССРО ҚОРҒАНЫСЫ

1 августағы сөйленген сөз

I
ОППОЗИЦИЯНЫҢ КОМИНТЕРН СЕКЦИЯЛАРЫНА ҚАРСЫ ДҰШПАНДЫҚТАРЫ

Жолдастар! Менің ең алдымен Каменевтің, Зиновьевтің, Троцкийдің Коминтерн секцияларына қарсы, Коминтерннің польшалық секциясына қарсы, австриялық секциясына қарсы, ағылшын секциясына қарсы, қытай секциясына қарсы дұшпандығы туралы мәселеге тоқтағым келеді. Менің бұл мәселеге тоқтағым келетіндігінің себебі — олар, оппозиционерлер, туысқан партиялар жөнінде осы арада суды ылайлап, көзге топырақ шашып отыр, ал оның бержағында бізге бұл арада оппозициялық мылжың сөз емес, айқындық керек болып отыр.

Польша партиясы туралы мәселе. Егерде онда, Польша партиясында, Варскийден көрініп отырған оңшыл уклон бар болса, оның үшін Коммунистік Интернационал, Коминтерннің кәзіргі басшылығы кінәлі деп Зиновьев осы арада өкіреңдеп айтып салды. Егерде Варский бір кезде Пилсудскийдің әскерлерін қолдау тұрғысын жақтаған болса, — ал ол, шынында да соны жақтады, — бұл үшін Коминтерн кінәлі, деді ол.

Бұл мүлдем дұрыс емес. Мен фактыларды дәлелге

келтіре алар едім, Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының өткен жылы июль айында болған пленумының стенограммасынан өздеріңізге мәлім жерлерді дәлелге келтіре алар едім, ол кезде егер Польша партиясында оңшыл уклон бар болса, ол уклонды бөтен ешкім емес, нақ Зиновьев дәріптеген болатын деп мәлімдеген Дзержинский жолдас сыяқты адамның куәлігін дәлел етіп тарта алар едім.

Мұның өзі Пилсудскийдің көтерілісі дейтінінің күндерінде болды[2], онда біздер, Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті Польша комиссиясының және партиямыздың Орталық Комитетінің мүшелері, Дзержинский, Уншлихт, мен, Зиновьев және басқалары, Польшаның коммунистік партиясы жайында қарар белгілегенбіз. Зиновьев, Коминтерннің председателі ретінде өз ұсыныстарының жобасын ұсынды, бұл жобасында ол, басқаны былай қойғанда, мынаны айтты: қазіргі кезеңде Польшада Пилсудскийді жақтаушы күштер мен Витос басқарушы Польша үкіметін жақтаушы күштердің күресі күшейіп бара жатқандықтан, бұл кезеңде коммунистік партияның битараптық саясатын жүргізуі кешіргісіз, сондықтан **әзірге Пилсудскийге қарсы асқынған бойкөрсетулер жасамай тұра тұру керек.**

Бұл директива дұрыс емес, ол Польшаның коммунистік партиясын тек ақылынан адастырады деп біз, бірнеше адам, соның ішінде Дзержинский бар, ол кезде қарсы болдық. Битараптық саясатының ғана емес, Пилсудскийді қолдау саясатының да кешіргісіз екенін айту керек. Бірсыпыра қарсылықтар жасалғаннан кейін, бұл директива біздердің түзетулерімізбен бірге қабылданды.

Мұны айтқанда мен Варскийге қарсы шығу онша үлкен ерлік емес екенін айтқым келеді; ол кезде ол қате жіберді және мұның үшін оны жақсылап тұрып ұрысты, бірақ ауру бастың сақыйнасын сау басқа телу, Польша партиясында оңшыл уклон тудырғандығы жөніндегі өз кінәсін, Зиновьевтің кінәсін, Коминтернге аудару, Коминтерннің кәзіргі басшыларына аудару деген сөз — Коминтернге қарсы қылмыс істеу деген сөз болады.

Сіздер мұны ұсақ нәрсе дерсіздер, сондықтан мені мұнымен бекер шұғылданады, дерсіздер. Жоқ, жолдастар, бұл ұсақ нәрсе емес. Польша партиясындағы оңшыл уклонға қарсы күрес жүргізіліп жатыр, әлі де жүргізіле бермекші. Оңшыл уклонды Коминтерннің кәзіргі басшылығы қолдап отыр деуге Зиновьевтің, — қайтіп жұмсартыңқырап айтуға болар екен, — батылдығы барады. Бірақ фактылар керісінше жағдайды көрсетіп отыр. Фактылар Зиновьевтің ауру бастың сақыйнасын сау басқа теліп, Коминтернге жала жауып отырғанын көрсетеді. Бұл оған, Зиновьевке, дағдылы нәрсе, бұл арада ол үшін ешбір жаңалық жоқ. Алайда біздің міндетіміз — оның осы жалақорлық әдетін әрбір жолы әшкерелеп отыру болып табылады.

Австрия жөнінде. Зиновьев осында Австрия коммунистік партиясы әлсіз, жақында Венада болған бас-көтеруге басшылық етуді ол өз қолына ала білмеді, дегенді айтты[3]. Бұл әрі шын, әрі бекер. Австрия компартиясының әлсіз екені шын. Бірақ оның дұрыс әрекет еткенін бекерге шығару — оған жала жабу деген сөз. Я, ол әлі әлсіз, бірақ әлсіздігінің себебі — басқасын былай қойғанда, мынау: капитализмнің бұқараны революцияшылдандыратын, социал-демокра-

тияның берекесін кетіретін және коммунизмнің мүмкіншіліктерін тез арттыратын терең революциялық кризисі әлі болмай отыр, әлсіздігінің себебі — ол жас, өйткені Австрияда социал-демократиялық «солшылдардың»[4] көптен бері үстемдігі орнаған, олар солшыл сөздерді бетке ұстап, оңшыл, оппортунистік істі жүргізе біледі, өйткені социал-демократияны бір соққымен талқандау мүмкін емес. Ал, затында, Зиновьев істі қалай қарай бұрып отыр? Ол егерде Австрия компартиясы әлсіз болса, бұған Коминтерн кінәлі деп ишараттады, бірақ тура айтуға батылы бармады. Сірә, оның осыны айтқысы келген болуы керек. Бірақ мұның өзі оңбаған құралдармен қастандық ету болады. Бұл — жала. Қайта, керісінше, Зиновьевтің Коминтерн председателі болудан қалғанынан кейін ғана, Австрия компартиясы тыйышын ала беруден, оның ішкі өміріне бейберекет араласудан құтылды, сөйтіп ілгері басуға, дамуға мүмкіндік алды. Оның Вена оқыйғаларына белсене қатнасып, жұмысшылар бұқарасының тілеулестік ниетін өзіне аудара білгендігінің фактысы, — мінеки осының өзі Австрия компартиясының өсіп, бұқаралық партияға айналып келе жатқандығын көрсетпей ме? Осы анық фактыларды қалайша бекерге шығаруға болады?

Англия компартиясына қарсы дұшпандық. Англия компартиясы жалпы ереуіл мен көміршілердің ереуілінен[5] ештеме ұтқан жоқ, күрестен ол тіпті әлсіреп шыққан тәрізді деп сендірмек болды Зиновьев. Бұл дұрыс емес. Дұрыс болмайтын себебі — Англияның коммунистік партиясының салмағы күннен күнге артып отыр. Мұны тек соқырлар ғана бекер дей алады. Мұны мынадан көруге де болады: егер бұрын Англия-

ның коммунистік партиясына ағылшын буржуазиясы үлкен көңіл бөлмеген болса, кәзір ол, керісінше, Англияның компартиясын жанталаса қуғындап отыр, тек ағылшын буржуазиясы ғана емес, Бас совет те[6], Англияның лейбористік партиясы да «өздерінің» коммунистеріне қарсы жанталаса жорық ұйымдастырып отыр. Олардың бұл уақытқа дейін ағылшын коммунистеріне азды-көпті шыдап келгендігінің себебі не? Мұның себебі — ағылшын коммунистері әлсіз еді, бұлардың бұқара ішіндегі ықпалы әлсіз болып еді. Не себептен оларға шыдаудан қалды, не себептен оларға жанталаса шабуыл жасай бастады? Мұның себебі — компартиядан күш ретінде қорқады, мұның себебі — ағылшын лейбористік партиясының және Бас советтің басшылары бұларға көр қазушы болып табылатын компартиядан қорқады. Зиновьев осы туралы ұмытып отыр.

Коминтерннің жалпы батыс секцияларының әлі де болса азды-көпті әлсіз екенін мен бекерге шығармаймын. Мұны бекерге шығаруға болмайды. Бірақ мұның себептері қайда? Ол себептердің бастылары мыналар:

ол, біріншіден, бұқараны революцияшылдандыратын, оларды аяғынан тік бастыратын және оларды коммунизмнің жағына қарай кенет бұратын терең революциялық кризистің жоқтығы;

ол, екіншіден, мына жағдай: Батыс Европаның барлық елдерінде жұмысшылардың арасында басым күштің әзірге социал-демократиялық партиялар болып табылатындығы, олар компартиялардан гөрі көп бұрын шықты, ал компартиялар жақында шықты және олардың социал-демократиялық партияларды бір соққымен талқандауын талап етуге болмайды.

Осы жағдайларға қарамастан, Батыстағы компартиялардың өсіп отырғаны, жұмысшылар бұқарасының арасында олардың беделі артып келе жатқаны, олардың бірқатарының осы күнде-ақ пролетариаттың шын бұқаралык партияларына айналғаны, бірқатарының енді айналып келе жатқаны факт емес пе?

Бірақ Батыста компартиялардың тез өсуіне бөгет болып отырған тағы бір себеп бар. Ол себеп — оппозицияның, осында, осы залда отырған оппозицияның өзінің жікшілдік жұмысы. Компартиялардың шапшаң қарқынмен өсуі үшін не керек? Коминтерннің темірдей берік бірлігі, оның секцияларында жіктің болмауы керек. Ал оппозиция не істеп отыр? Ол Германияда екінші партияны, Маслов пен Рут Фишердің партиясын құрды. Оппозиция нақ сондай жікшілдік топтарды Европаның басқа елдерінде құруға тырысады. Ол, біздің оппозиция, Германияда орталық комитеті, орталық органы, парламенттік фракциясы бар екінші партия құрды, ол Коминтерннің ішінде жікке бөлуді ұйымдастырды, мұны жікке бөлудің бұл ретте компартиялар өсуіне кедергі жасамай қоймайтынын жақсы біле тұрып істеді, — енді келіп, Батыста компартиялар баяу өсіп келеді деп Коминтернге сілтеп өзі айқай салып отыр! Мінеки, шегі жоқ арсыздық осы болады...

Қытай коммунистік партиясы жөнінде. Оның, қытай коммунистік партиясының, асылында — оның басшылығының, социал-демократиялық, меньшевиктік қателері бар деп оппозиционерлер шулап жүр. Ол дұрыс. Мұның үшін Коминтерннің басшылығын жазғырады. Ал енді бұл мүлдем дұрыс емес. Қайта керісінше, қытай коммунистік партиясы басшылығының қа-

телерін Коминтерн ылғый түзеп отырды. Мұны тек соқырлар ғана бекер дей алады. Сіздер мұны баспасөзден, «Правдадан», «Коммунистический Интернационалдан»[7] білесіздер, сіздер мұны коминтерннің қаулыларынан білесіздер. Коминтерннің қытай коммунистік партиясы Орталық Комитетінің ішінде меньшевиктік уклон тудыра алатын бірде-бір директивасын, бірдебір қарарын оппозиция ешуақытта атап көрсеткен жоқ және атап көрсете алмайды, өйткені ондай директивалар жаратылыста жоқ. Бір жерде компартияның немесе оның Орталық Комитетінің ішінде меньшевиктік уклон пайда болған болса, мұның үшін қалай да Коминтерн жауапты деп ойлау ақымақтық.

Каменев қытай коммунистік партиясының меньшевиктік қателері қайдан шықты, деп сұрайды да, ол қателер Коминтерннің дұрыс басшылық етпеуінің салдарынан ғана шыға алды, деп жауап береді. Ал мен мынаны сұраймын: 1923 жылғы революция кезінде Германия компартиясында меньшевиктік қателер қайдан шықты? Бландлершілдік қайдан шықты[8]? Оны кім қолдады? Германия партиясының Орталық Комитетінің меньшевиктік қателерін оппозицияның осы күнгі басшысы Троцкийдің қолдағаны факт емес пе? Бландлершілдіктің шығу себебі Коминтерннің дұрыс басшылық етпеуінен деп Каменев ол кезде неге айтпады? Каменев пен Троцкий пролетариаттың революциялық қозғалысының сабақтарын ұмытып кеткен. Революцияның өрлеуі тұсында компартиялар ішінде қалай да оңшыл және солшыл уклондар шығуға тиіс екенін, бұлардың біріншісі өткендегімен айырлысқысы келмейтінін, ал екіншісі кәзіргімен санасқысы кел-

мейтінін олар ұмытып кеткен. Революциялардың бұл уклондарсыз болмайтынын олар ұмытып кеткен.

Ал бізде 1917 жылы Октябрьде не болып еді, онда біздің партиямыздың ішінде оңшыл және солшыл уклондар болмап па еді? Каменев пен Зиновьевтің осыны шынымен ұмытып кеткендері ме? Каменев пен Зиновьевтің Октябрьдегі меньшевиктік қателерінің тарихы естеріңізде ме, жолдастар? Онда бұл қателер қайдан шығып еді? Бұған кім кінәлі еді? Бұл үшін Ленинді немесе лениндік партияның Орталық Комитетін кінәлауға болатын ба еді? Осындай және осыларға ұқсас фактыларды оппозиция қалайша «ұмыта» алды? Революцияның өрлеуі тұсында әрқашан партиялардың ішінде марксизмнен ауа жайылған оңшыл және солшыл уклондардың пайда болатынын оппозиция қалай «ұмыта» алды? Ал бұл арада марксистердің міндеті, ленишілдердің міндеті қандай? Олардың міндеті солшыл уклонистерді де, оңшыл уклонистерді де соққылап отыру.

Мен Троцкийдің мен-мендігіне таң қаламын; көресіздер ме, ол Батыстағы немесе Шығыстағы компартиялардың титтей де болса қателеріне шыдай алмайтын көрінеді. Көресіздер ме, онда екі жылға толар-толмас уақыт өмір сүріп отырған жас партиясы бар Қытайда, меньшевиктік қателер пайда бола алғанына ол таң қалады. Ал Троцкийдің өзі меньшевиктердің арасында неше жыл адасып жүрді? Ол мұны ұмытып кетті ме? Ол меньшевиктердің арасында табандатқан 14 жыл — 1903 жылдан 1917 жылға дейін адасып жүрді ғой. Неліктен ол әртүрлі антилениндік «ағымдар» ішінде адасып жүріп, кейін большевиктерге жақындау үшін өзіне 14 жылдық мерзімді қыяды да,

жас қытай коммунистеріне ең болмаса 4 жылдық мерзімді қыйғысы келмейді? Оның өз адасуларын ұмытып, басқаларға келгенде сонша мен-меншіл болуының себебі не? Себеп не? Бұл арада, былайынша айтқанда, «әділеттік» қайда?

II

ҚЫТАЙ ТУРАЛЫ

Қытай туралы мәселеге көшейік.

Оппозицияның қытай революциясының сыйпаты және перспективалары туралы мәселе жөніндегі қателері жайында мен көп айтып жатпаймын. Көп айтып жатпаймын, өйткені бұл туралы жеткілікті көп, жеткілікті түсінікті айтылды, сондықтан бұл арада қайталап жатудың қажеті жоқ. Қытай революциясы кәзіргі сатысында таможнялық автономия жолындағы революция болып табылады-мыс деген туралы (Троцкий) мен көп айтып жатпаймын. Қытайда феодалдық қалдықтар жоқ тәрізді, ал ол қалдықтар бар болған күнде де, оншама үлкен маңызының жоқтығы, сонымен, Қытайдағы аграрлық революцияның мүлдем түсініксіз болып шығатындығы туралы да көп айтып жатудың қажеті жоқ (Троцкий мен Радек). Оппозицияның қытай мәселесі жөніндегі осы және осыған ұқсас қателері туралы сіздер, біздің партия баспасөзімізден кәзірдің өзінде білетін шығарсыздар.

Ленинизмнің отар елдер мен тәуелді елдердегі революцияның мәселелерін шешердегі негізгі тірек пункттері туралы мәселеге көшейік.

Отар елдер мен тәуелді елдердегі революциялық

қозғалыстың мәселелерін қарағанда Коминтерн мен коммунистік партиялардың сүйенетін тірек пункті жалпы алғанда неде?

Ол — империалистік елдердегі, басқа халықтарды езуші елдердегі революциямен және отар елдер мен тәуелді елдердегі, басқа мемлекеттерден империалистік езушілік көріп отырған елдердегі революцияның арасын өте-мөте **айыра білуде.** Империалистік елдердегі революция бір басқа, онда буржуазия басқа халықтарды езуші болып табылады, онда ол революцияның барлық сатыларында контрреволюцияшыл, онда азаттық күресінің моменті ретіндегі ұлттық момент жоқ. Отар елдер мен тәуелді елдердегі революция — басқа бір нәрсе, онда басқа мемлекеттердің империализмінің езушілігі революция факторларының бірі болып табылады, онда бұл езушілік ұлттық буржуазияны да шарпымай қоймайды, онда ұлттық буржуазия белгілі сатыда және белгілі мерзімге өз елінің империализмге қарсы революциялық қозғалысын қолдай алады, онда ұлттық момент азаттық жолындағы күрестің моменті ретінде революцияның факторы болып табылады.

Осыны айыра білмеу, осы айырмашылықты түсінбеу, империалистік елдердегі революцияны отар елдердегі революцияға ұқсастыру, — марксизмнің жолынан, ленинизмнің жолынан тайып, II Интернационалды жақтаушылардың жолына түсу деген сөз.

Ленин Коминтерннің II конгресінде ұлт және отар мәселелері жөнінде жасаған баяндамасында бұл туралы міне былай дейді:

«Біздің тезистеріміздің ең маңызды, негізгі идеясы не? Езілуші халықтар мен езуші халықтардың арасындағы айырмашы-

лық. II Интернационал мен буржуазиялық демократияға қарама-қарсы — біз бұл айырмашылықты баса көрсетеміз»* (XXV т., 351-бет).

Оппозицияның негізгі қатесі — оның бір түрдегі революция мен екінші түрдегі революцияның арасындағы айырмашылықты оның түсінбейтінінде және танымайтынында болып отыр.

Оппозицияның негізгі қатесі — оның Россиядағы, басқа халықтарды езген, империалистік елдегі 1905 жылғы революцияны Қытайдағы, басқа мемлекеттердің империалистік езушілігіне қарсы күресуге мәжбүр болып отырған, езілген, жартылай отар елдегі революцияға ұқсастыратынында.

Бізде Россияда, 1905 жылғы революция буржуазиялық-демократиялық революция болғандығына қарамастан, ол революция буржуазияға қарсы, либералдық буржуазияға қарсы жүргізілді. Себебі не? Себебі — империалистік елдің либералдық буржуазиясының контрреволюциялық болмауы мүмкін емес. Нақ сондықтан либералдық буржуазиямен уақытша одақтар мен келісімдер жасау туралы большевиктерде ол кезде сөз болған жоқ және сөз болуы мүмкін емес те еді. Осыған сүйеніп, оппозиция айтады: нақ осының өзі Қытайда революциялық қозғалыстың барлық сатыларында жүргізілуге тиіс, дейді, Қытайда ешуақытта және ешқандай жағдайларда ұлттық буржуазиямен уақытша келісімдер және одақтар жасауға болмайды, дейді. Бірақ езілген елдердегі революция мен езуші елдердегі революцияның арасындағы айырмашылықты түсінбейтін және танымайтын адамдардың

* Курсив менікі. **И. Ст.**

ғана осылай деп айта алатынын, ленинизмнен қол үзіп, II Инетрнационалдың жақтаушыларына қарай құлдырап түсетін адамдардың ғана осылай деп айта алатынын оппозиция ұмытып жүр.

Отар елдердегі буржуазиялық-азаттық қозғалысымен уақытша келісімдер және одақтар жасауға болатындығы туралы Ленин міне былай дейді:

«Коммунистік Интернационал отарлар мен артта қалған елдердің буржуазиялық демократиясымен *уақытша одақта** болуға тиіс, бірақ онымен қосылып кетпеуге тиіс және пролетарлық қозғалыстың дербестігін оның тіпті бастапқы формасында да сөзсіз сақтап отыруға тиіс» (XXV т., 290-бет)... «біздер, коммунистер болғандықтан, отар елдердегі буржуазиялық азаттық қозғалысты қолдағанда ол қозғалыстар шын революциялық қозғалыс болған күнде ғана, ол қозғалыстардың өкілдері шаруаларды және қаналушылардың қалың бұқарасын біздің революциялық рухта тәрбиелеп, ұйымдастыруымызға кедергі жасамайтын күнде ғана қолдауға тиіспіз және *қолдаймыз*» (XXV т., 353-бет).

Россияда буржуазиямен келісім жасаушылықты жерден алып жерден салған Лениннің **Қытайда** мұндай келісімдер мен одақтар жасауға болатындығын мақұлдауы қайдан «пайда болды»? Бәлкім, Ленин қателескен шығар? Бәлкім, ол революциялық тактикадан оппортунистік тактикаға қарай ауған шығар? Әрине, жоқ! Мұның «пайда болған» себебі — Ленин езілген елдегі революция мен езуші елдегі революцияның арасындағы айырмашылықты түсінді. Мұның «пайда болған» себебі — отар елдер мен тәуелді елдерде ұлт буржуазиясы өз дамуының белгілі сатысында өз елінің империализм езушілігіне қарсы революциялық

* Курсив менікі. **И. Ст.**

қозғалысын қолдай алатынын түсінді. Мұны оппозицияның түсінгісі келмейді, оның мұны түсінгісі келмейтіндігінің себебі — ол Лениннің революциялық тактикасынан қол үзеді, ленинизмнің революциялық тактикасынан қол үзеді.

Оппозиция басшыларының өз сөздерінде Лениннің осы нұсқауларын қозғаудан қорқып, бұл нұсқауларға соқпай өткендеріне сіздер көңіл аудардыңыздар ма? Лениннің отар елдер мен тәуелді елдер жөніндегі жалпыға мәлім осы тактикалық нұсқауларына олардың соқпай өтетін себебі не? Бұл нұсқаулардан олардың қорқатын себебі не? Себебі — олар шындықтан қорқады. Себебі — Лениннің тактикалық нұсқаулары троцкизмнің қытай революциясы мәселелеріндегі бүкіл идеялық-саяси бағытының аяғын аспаннан шығарады.

Қытай революциясының кезеңдері туралы. Оппозицияның шатасқандығы соншалық — ол кәзір қытай революциясының дамуында қандай да болса кезеңдердің бар екенін бекерге шығарады. Бірақ өз дамуының белгілі кезеңдерінсіз революция бола ма екен? Біздің революциямыздың дамуының өз кезеңдері болмады ма? Лениннің Апрель тезистерін алыңыздар[9], сонда сіздер Лениннің біздің революцияда екі кезең бар екенін таныганын көресіздер: бірінші кезең — буржуазиялық-демократиялық революция, мұның негізгі өзегі болып табылатын аграрлық қозғалыс; екінші кезең — Октябрь революциясы, мұның негізгі өзегі пролетариаттың өкіметті басып алуы.

Қытай революциясының кезеңдері қандай?

Менің ойымша, оның үш кезеңі болуға тиіс:

бірінші кезең — жалпыұлттық біріккен майданның революциясы, Кантон дәуірі, ол кезде революция өзінің соққысын ең алдымен шет ел империализміне қарсы бағыттады, ал ұлт буржуазиясы революциялық қозғалысты қолдап отырды;

екінші кезең — ұлт әскерлерінің Янцзы өзенінің бойына шыққанынан кейінгі буржуазиялық-демократиялық революция, бұл кезде ұлт буржуазиясы революциядан аулақтап кетті, ал аграрлық қозғалыс он миллиондаған шаруалардың күшті революциясы болып өсті (қазір қытай революциясы өз дамуының екінші кезеңінде тұр);

үшінші кезең — советтік революция, ол әлі жоқ, бірақ ол болады.

Кімде-кім революция өз дамуының белгілі кезеңдерінсіз болмайтындығын түсінбесе, кімде-кім қытай революциясының өз дамуында үш кезеңі бар екенін түсінбесе ол марксизмнен де, қытай мәселесінен де түк түсінбеген.

Қытай революциясының бірінші кезеңінің сыйпатты өзгешелігі не?

Қытай революциясының бірінші кезеңінің сыйпатты өзгешелігі мынау: біріншіден, ол жалпыұлттық біріккен майданның революциясы болды, екіншіден, ол, ең алдымен, сыртқы империалистік езушілікке қарсы бағытталды (Гонконг ереуілі[10] және басқалары). Ол кезде Кантон Қытайдағы революциялық қозғалыстың орталығы, плацдармы болды ма? Сөз жоқ, болды. Мұны қазір тек соқырлардың ғана бекерге шығаруы мүмкін.

Отарлық революцияның бірінші кезеңі нақ осындай сыйпатта болуға тиіс екені дұрыс па? Менің

ойымша, дұрыс. Коминтерннің II конгресінің Қытайдағы және Индиядағы революция туралы баяндайтын «Қосымша тезистерінде» тура былай деп айтылады: бұл елдерде «шет ел озбырлығы әлеуметтік тұрмыстың еркін дамуына ылғый кедергі болып отыр», «сондықтан отарлардағы революцияның **бірінші қадамы*** шет ел капитализмін құлату болуға тиіс» (Коминтерннің II конгресінің стенграфиялық есебін қараңыз, 605-беті).

Қытай революциясының сыйпатты өзгешелігі мына факт болып табылады: ол осы «бірінші қадамынан», өз дамуының бірінші кезеңінен өтті, жалпыұлттық біріккен майданның революциясы дәуірінен өтті және өз дамуының екінші кезеңіне, аграрлық революция кезеңіне кірді.

Ал, мәселен, түрік революциясының (кемалистер) сыйпатты өзгешелігі, мұның керісінше, мына факт болып табылады: ол «бірінші қадамынан», өз дамуының бірінші кезеңінен, буржуазиялық-азаттық қозғалысының кезеңінен шыға алмай қалды, ол өз дамуының екінші кезеңіне, аграрлық революцияның кезеңіне өтуге тіпті тырысқан да жоқ.

Революцияның бірінші кезеңінде, Кантон дәуірінде Гоминдан[11] мен оның үкіметі немене еді? Олар ол кезде жұмысшылардың, шаруалардың, буржуазиялық интеллигенцияның және ұлт буржуазиясының одағы еді. Ол кезде Кантон революциялық қозғалыстың орталығы, революцияның плацдармы болды ма? Ол кезде империализмге қарсы азаттық күресінің үкіметі ретінде Кантон Гоминданын қолдау саясаты дұрыс бол-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

ды ма? Қытайдағы Кантон мен Түркиядағы Ангора империализмге қарсы күрес жүргізген кезінде Кантонға және, айталық, Ангораға жәрдем көрсетіп біз дұрыс істедік пе? Я, біз дұрыс істедік. Біз дұрыс істедік және де біз Лениннің жолымен жүрдік, өйткені Кантон мен Ангораның күресі империализмнің күштерін шашыратып отырды, империализмді әлсіретіп, берекесін кетіріп отырды, сөйтіп дүниежүзілік революцияның ошағын дамыту ісін, ССРО-ны дамыту ісін жеңілдетіп отырды. Біздің оппозицияның кәзіргі басшыларының ол кезде бізбен бірге Кантонды да, Ангораны да қолдап, оларға белгілі жәрдем көрсетіп отырғандығы рас емес пе? Я, рас. Кім де болса мұны бекер деп көрсін.

Отарлық революцияның бірінші кезеңінде ұлт буржуазиясымен бірыңғай майдан құру дегенді қалай түсіну керек? Бұл — жұмысшылар мен шаруалардың помещиктер мен ұлт буржуазиясына қарсы күресіне коммунистер баса көңіл аударуға тиіс емес, пролетариат, тіпті титтей дәрежеде болса да, тіпті бір минутке болса да өзінің дербестігін құрбан етуге тиіс деген сөз бола ма? Жоқ, олай деген сөз болмайды. Егерде бірыңғай майдан компартияның дербес саяси және ұйымдық жұмысын жүргізуіне, пролетариатты дербес саяси күш етіп ұйымдастыруына, шаруаларды помещиктерге қарсы көтеріліске шығаруына, жұмысшылар мен шаруалардың революциясын ашық ұйымдастыруына, сөйтіп, пролетариат гегемониясы үшін жағдайлар әзірлеуіне кедергі жасамаса, — міне осы ретте ғана және осы жағдайда ғана бірыңғай майданның революциялық маңызы болады. Менің ойымша, Коминтерннің қытай компартиясына бірыңғай майданды

нақ осылай түсінуге үйретіп келгендігін баяндамашы, барлық жұртқа мәлім документтер негізінде әбден толық дәлелдеді.

Каменев пен Зиновьев осында 1926 жылы октябрьде Шанхайға жіберілген бір ғана телеграмманы дәлелге келтірді, бұл телеграммада Шанхайды алғанға дейін аграрлық қозғалысқа баса көңіл аудару жөн емес делінген. Мен бұл телеграмманы дұрыс деп танудан аулақпын. Мен Коминтернді күнәсыз деп ешуақытта санамадым және санамаймын да. Жеке қателер болады және мына телеграмма, сөз жоқ, қате телеграмма. Бірақ, біріншіден, оппозицияның тарапынан ешқандай мәлімдеме немесе дабыл болмайынша бірнеше апта кейін (1926 ж. ноябрьде) бұл телеграмманы **Коминтерннің өзі бұзды.** Екіншіден, осы күнге дейін оппозиция бұл жайында неге үндемеді, бұл телеграмманы ол неге **тоғыз айдан кейін** ғана еске түсіреді және бұл телеграмманы Коминтерннің бұдан **тоғыз ай бұрын** бұзғандығын оппозиция партиядан неге жасырады? Сондықтан бұл телеграмма біздің басшылығымыздың бағытын белгіледі деп ойлау — қастықпен жала жапқандық болар еді. Шынына келгенде оның өзі Коминтерннің бағытын, біздің басшылығымыздың бағытын мүлдем сыйпаттамайтын, оншама мән беруге болмайтын жеке бір телеграмма. Тағыда айтамын, мұны ең болмағанда мынадан көруге болады: бағыт беретін және біздің басшылығымызды сөзсіз сыйпаттайтын бірсыпыра документтер арқылы бұл телеграмма бірнеше аптадан кейін бұзылды.

Осы документтерді дәлелге келтіруге рұхсат етіңіздер.

Мінеки, мәселен, Коминтерннің **1926 жылы ноябрь-**

де, яғни жоғарыда айтылған телеграммадан бір ай кейін болған VII пленумының қарарынан үзінді:

«Қазіргі дәуірдің өзгеше ерекшелігі оның **өткелді сыйпаты** болып табылады, мұнда пролетариат буржуазияның едәуір топтарымен одақтасу болашағы мен өзінің шаруалармен одағын нығайта беру болашағының бірін таңдап алуға тиіс. **Егерде пролетариат радикалдық аграрлық программа ұсынбаса, онда шаруаларды революциялық күреске тарта алмайды да, ұлт-азаттығы қозғалысындағы гегемониясынан айрылады»***.

Содан соң:

«**Ұлт азаттығының** ісі **аграрлық революциямен ұқсастырылмай** тұрып, Кантонның халық үкіметі революцияда өкімет басында қала алмайды, бөтен ел империализмін және жергілікті реакцияны толық жеңе алмайды»* (Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумының қарарын қараңыз).

Коминтерн басшылығының бағытын шын белгілейтін документ міне осы.

Коминтерннің жалпыға мәлім осы документіне оппозиция басшыларының соқпай өтетіні өте таңқаларлық іс.

Егерде мен **сол 1926 жылдың ноябрінде** Коминтерннің қытай комиссиясында, әрине, менің қатнасуыммен VII пленумының қытай мәселесі жөніндегі қарарын белгілеген комиссияда сөйлеген сөзімді дәлелге келтірсем, ол бәлкім, сыпайсыздық болмас. Ол сөз кейін «Қытайдағы революцияның болашақтары туралы» деген тақырыппен жеке кітапша болып басылып шықты. Ол сөздің кейбір жерлері мынау:

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

«Гоминданшылардың арасында, тіпті Қытай коммунистерінің арасында да шаруаларды революцияға тарту ісі бірыңғай антиимпериалистік майданды әлсіретеді деп қорқып, деревняда революцияны өршіту мүмкін емес деп есептейтін адамдардың бар екенін мен жақсы білемін. **Бұл барып тұрған адасқандық, жолдастар. Қытай шаруалары революцияға неғұрлым тез, дұрыстап тартылатын болса, Қытайдағы антиимпериалистік майдан соғұрлым күшті, құдіретті бола түседі».**

Содан соң:

«Қытай коммунистерінің арасында жұмысшылардың өздерінің материалдық және праволық жағдайын жақсарту жолындағы ереуілдерін кажетсіз деп тауып, жұмысшыларды ереуіл жасаудан айнытатын жолдастардың бар екенін мен жақсы білемін. (Д а у ы с: «Кантон мен Шанхайда осылай болды».) Бұл үлкен қате, жолдастар. Мұның өзі Қытай пролетариатының ролі мен салмағын мейлінше бағаламаушылық. Мұның өзі сөзсіз теріс нәрсе ретінде тезистерде атап көрсетілуге тиіс. Егер Қытай коммунистері ереуілдер арқылы болса да жұмысшылардың өз материалдық және праволық жағдайын жақсарту жөнінде оларға көмектесу үшін қазіргі қолайлы жағдайды пайдаланбаса, бұл үлкен қате болған болар еді. Онда Қытайдағы революцияның не керегі бар?» (Қараңыз: **Сталин**, «Қытайдағы революцияның болашақтары туралы»[12].).

Ал міне **1926 жылдың декабрінде** берілген үшінші документ, мұның өзі жұмысшылардың күресін өрістету дағдарысқа, жұмыссыздыққа, фабрикалар мен заводтардың жабылуына апарып соғады деп сендірмек болып, Қытайдың барлық қалаларынан Коминтернге хабарлар жауып жатқан кезде берілген документ:

«Қалаларда шегінудің және жұмысшылардың өз жағдайын **жақсарту жолындағы күресін тоқтатудың жалпы саясаты дұрыс емес. Деревняларда күресті өрістету керек, ал сонымен бірге жұмысшылардың материалдық және праволық жағдайын жақ-**

сарту үшін қолайлы кезеңді пайдалану керек, шектен шығушылыққа және шамадан тыс ілгері орағытушылыққа жол бермейтіндей етіп, жұмысшылардың күресін ұйымдасқан түрге келтіруге барынша тырысып отыру керек. Қалалардағы күрес буржуазияның ірі жіктеріне, ең алдымен империалистерге қарсы бағытталатын болуына, сөйтіп қытайдың ұсақ және орта буржуазиясын ортақ жауға қарсы бірыңғай майданның шеңберінде мүмкін болғанынша ұстап қалатын болуға өте-мөте тырысу керек. Бітістіру камераларының, аралық соттардың және т. б. системасын мақсатқа қолайлы деп санаймыз, бірақ бұл орындарда дұрыс жұмысшы саясаты қамтамасыз етілетін болуы керек. Мұнымен бірге, стачкалардың, жұмысшы жыйналыстарының бостандығына және т. б. қарсы декреттерге мүлдем жол беруге болмайтынын алдын ала ескерту керек деп санаймыз».

Чан Кай-шидің төңкерісінен бір жарым ай бұрын берілген төртінші документ мынау[13]:

«Армияда гоминдандық және коммунистік ұялардың жұмысын күшейту керек, олардың жоқ жерінде және оларды құруға болатын жерде оларды ұйымдастыру керек; коммунистік ұяларды ұйымдастыруға болмайтын жерде, жасырын коммунистердің жәрдемімен өрістете жұмыс жүргізу керек.

Жұмысшылар мен шаруаларды қаруландыруға, жергілікті орындардағы шаруа комитеттерін қарулы өзіндік қорғанысы бар іс жүзіндік өкімет органдарына айналдыруға және т. т. бағыт ұстау керек.

Барлық жерде бірдей компартия компартия болып қыймыл жасауы керек; ерікті жартылай құпыялылық саясатына жол беруге болмайды; компартия бұқаралық қозғалыстың кедергісі болып қыймыл жасай алмайды; **компартия оңшыл гоминданшылардың опасыздық және реакцияшыл саясатын жасыруға тиіс емес; оларды әшкерелеуге Гоминдан мен қытай коммунистік партиясының төңірегіне бұқараны жұмылдыру керек.**

Тап күштерінің қайта топтасуына және империалистік армиялардың шоғырлануына байланысты, кәзіргі уақытта қытай революциясының қыйын кезеңді басынан өткізіп жатқанына және оның бұдан былайғы жеңістері бұқаралық қозғалысты өрістетуге

батыл бағыт ұстағанда ғана мүмкін екеніне революцияға берілген барлық қызметкерлердің назарын аудару керек. Әйтпеген күнде революцияға үлкен қатер төнеді. Сондықтан, директиваларды жүзеге асыру бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде қажет болып отыр».

Ал бұдан да ертерек, оңшыл гоминданшылдар мен Чан Қай-шидің төңкерісінен бір жыл бұрын, әлі **1926 жылдың апрелінде,** Коминтерн қытай коммунистік партиясына «істі оңшылдардың Гоминданнан кетуіне немесе шығарылуына қарай бастау керек» деп көрсетіп, оған ескерту жасады:

Отарлық революцияның бірінші кезеңінде империализмге қарсы бірыңғай майдан тактикасын Коминтерн міне осылай түсініп келді және осылай түсініп отыр.

Бұл басшы документтер жайында оппозиция біле ме? Әрине, біледі. Ендеше бұл басшы документтер жайында оның үндемейтіндігінің себебі не? Мұның себебі — ол шындыққа жетуге тырыспайды, бақастық тудыруға тырысады.

Оппозицияның қазіргі басшыларының, әсіресе Зиновьев пен Каменевтің ленинизмнен оны-мұны нәрсе түсінген кезі және қытайдың революциялық қозғалысы жөнінде Коминтерн қандай саясат жүргізген болса, Ленин жолдас өзінің тезистерінде бізге қандай саясатты белгілеп берген болса, негізінде нақ сондай саясатты қорғаған кездері болды ғой[14]. Менің айтқалы тұрғаным Коммунистік Интернационалдың **1926 жылғы февраль—март** ішінде болған VI пленумы, ол кезде Коминтерннің председателі Зиновьев еді, ол кезде ол әлі лениншіл еді және Троцкийдің лагеріне әлі көшіп үлгірмеген еді. Менің Коммунистік Интернационалдың VI пленумы туралы айтып тұрған себе-

бім — бұл пленумның қытай революциясы туралы[15] 1926 жылы февраль — мартта бірауыздан қабылданған қарары бар, бұл қарарда қытай революциясының бірінші кезеңіне, Кантон Гоминданына және Кантон үкіметіне Коминтерн мен БК(б)П-ның беріп отырған бағасына және оппозицияның безіп отырған бағасына ұқсас баға беріледі. Менің бұл қарар туралы айтып тұрған себебім — бұл қарарды жақтап ол кезде Зиновьев дауыс берді және бұл қарарға Орталық Комитет мүшелерінен ешкім, соның ішінде Троцкий, Каменев, қазіргі оппозицияның басқа да басшылары қарсы болған жоқ.

Бұл қарардың кейбір жерлерін келтіруге рұхсат етіңіздер.

Бұл қарарда **Гоминдан туралы** міне былай делінеді:

«Қытай жұмысшыларының Шанхайда және Гонконгте (июнь — сентябрь, 1925 ж.) болған саяси ереуілдері қытай халқының шет ел империалистеріне қарсы азаттық күресінде өзгеріс кезеңін тудырды... Пролетариаттың саяси бас көтеруі елдің барлық революциялық-демократиялық ұйымдарының және ең алдымен халықтық-революциялық партия — Гоминданның, Кантондағы революциялық үкіметтің бұрынғыдан әрі дамып, нығаюына күшті түрткі болды. Өзінің ұйытқысының негізгі көпшілігі болып қытай коммунистері мен одақтасып отырған Гоминдан партиясы **жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның және қала демократиясының шет ел империалистеріне қарсы және бүкіл әскери-феодалдық тұрмыс укладына қарсы, елдің тәуелсіздігі үшін және бірыңғай революциялық-демократиялық өкімет үшін күресінде таптық мүдделерінің ортақтығы негізінде құрылған жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның және қалалық демократияның революциялық одағы*** болып табы-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

лады» (Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің VI пленумының қарарын қараңыз).

Сонымен, Кантон Гоминданы **төрт «таптың»** одағы болып табылады. Көріп отырсыздар, мұның өзі Коминтерннің сол кездегі председателі Зиновьевтің өзі қастерлеп қасиеттеген «мартыновшылдық»[16].

Кантондағы Гоминдан үкіметі туралы:

«Кантонда Гоминдан партиясы құрған **революциялық үкімет** жұмысшылардың, шаруалардың және калалық демократияның ең қалың бұқарасымен байланыс жасап үлгірді және, соларға сүйене отырып, империалистерден жәрдем алып отырған контрреволюциялық бандаларды талқандады (және Гуандун провинциясының бүкіл саяси тұрмысын негізінен демократияландыру жөнінде жұмыс жүргізіп жатыр). Сонымен, қытай халқының тәуелсіздік жолындағы күресінде авангард бола отырып, **Кантон үкіметі ел ішіндегі болашақ революциялық-демократиялық құрылыс үшін үлгі болып отыр»*** (содан қараңыз).

Сонымен, төрт «таптың» одағы болған Кантондағы Гоминдан үкіметі революциялық үкімет болған және тек революциялық үкімет қана емес, Қытайдағы болашақ революциялық-демократиялық үкімет үшін тіпті **үлгі** болған.

Жұмысшылардың, шаруалардың және буржуазияның бірыңғай майданы туралы:

«Жаңа қауіптер төніп келе жатқан жағдайда қытай компартиясы мен Гоминдан халық армияларының күресін қолдау үшін бұқаралық көтерілістер ұйымдастыра отырып, империалистердің лагеріндегі ішкі қайшылықтарды пайдалана отырып және революциялық-демократиялық ұйымдардың басшылығымен **халықтың ең қалың жіктерінің (жұмысшылардың, шаруалардың, буржуа-**

* Курсив менікі. **И. Ст.**

зияның) бірыңғай ұлттық-революциялық майданын империалистерге қарама-қарсы қоя отырып, саяси жұмысты мейлінше кеңінен өрістетулері керек»* (содан қараңыз).

Сонымен, отар елдерде отарлық революцияның белгілі кезеңінде **буржуазиямен** уақытша одақтар **және** келісімдер жасау тек кешірімді ғана **емес, қайта** тура керек те.

Мұның өзі коммунистердің отар елдер мен тәуелді елдердегі тактикасы туралы өзінің белгілі нұсқауларында Лениннің бізге айтқандарына өте ұқсас екені рас-қой. Амал қанша, Зиновьев мұны ұмытып та үлгіре қойыпты.

Гоминданнан шығу туралы мәселе:

«Қытайдың ірі буржуазиясының Гоминдан партиясы төңрегіне уақытша топталған жеке жіктері соңғы жылдың ішінде одан аулақтап кетті, мұның өзі Гоминданның оңжақ қанатында шағын бір топтың құрылуын тудырды; бұл топ Гоминданның еңбекшілер бұқарасымен тығыз одақтасуына ашық қарсы шығып отырды, коммунистерді Гоминданнан шығаруды ашық жақтап отырды, және Кантон үкіметінің революциялық саясатына ашық қарсы болып отырды. **Гоминданның II конгресінде** (январь, 1926 ж.) **бұл оңжақ қанатты теріс деп табу және Гоминданның коммунистермен жауынгерлік одағы керектігін қуаттау Гоминдан мен Кантон үкіметінің жұмысындағы революциялық бағытты баянды етеді және Гоминданға пролетариаттың революциялық жәрдем көрсетуін қамтамасыз етеді»*** (содан қараңыз).

Бақсақ, коммунистердің Қытай революциясының бірінші кезеңінде Гоминданнан шығуы үлкен қате болған болар еді. Амал қанша, осы қарарды жақтап дауыс берген Зиновьев бар болғаны бір ай өтісімен мұны ұмытып үлгіре қойыпты. Әйтпесе ең әрі дегенде

* Курсив менікі. **И. Ст.**

1926 жылдың апрелінде (бір айдан соң) Зиновьев коммунистердің Гоминданнан дереу шығуын талап етті.

Қытай компартиясындағы уклондар туралы және революцияның гоминдандық кезеңінен аттап өтуге болмайтындығы туралы:

«Қытай коммунистерінің саяси жағынан дербес өмір сүруі зияны бірдей екі уклонға қарсы күресте: қытай пролетариатының дербес таптық міндеттерін елемейтін және жалпы демократиялық-ұлттық қозғалыспен бет-бейнесіз араласып кетуге бастайтын оңшыл жойымпаздыққа қарсы және қытайдың ұлттық-азаттық қозғалысының негізгі және шешуші факторы болып табылатын **шаруаларды ұмытып, қозғалыстың революциялық-демократиялық** кезеңінен тікелей пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметінің міндеттеріне аттап өтуге тырысатын ең барып тұрған солшыл пікірлерге қарсы күресте дамыйтын болады»* (содан қараңыз).

Көріп отырсыздар, кәзір оппозицияның Қытайдағы дамудың Гоминдандық кезеңінен аттап өтуін де, шаруалар қозғалысын жете бағаламауын да, Советтер жағына қарай орағытып алға шығуын да әйгілеу үшін мұның ішінде бәрі де бар. Тура дәл тигізген.

Бұл қарар Зиновьевке, Каменевке, Троцкийге мәлім бе?

Мәлім деп ойлау керек. Қайткен күнде де, мұның Зиновьевке мәлім болмауы мүмкін емес, өйткені бұл қарар Коминтерннің VI пленумында соның председательдігімен өткізілді және оның өзі осы қарарды жақтап дауыс берді. Ал енді келіп оппозицияның басшылары дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың ең жоғарғы орнының бұл қарарын неге елемейді? Бұл қа-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

рар жайында олардың үндемейтін себебі не? Мұның себебі — қытай революциясының барлық мәселелері жөнінде бұл қарар оларға қырын келеді. Мұның себебі — бұл қарар оппозицияның кәзіргі барлық троцкистік бағытының аяғын аспаннан шығарады. Мұның себебі — олар Коминтерннің жолынан тайды, ленинизмнен тайды, сондықтан кәзір, өздерінің өткендегісінен қорқып, өздерінің көлеңкесінен қорқып, олар қоян жүректікпен Коминтерннің VI пленумының қарарына соқпай өтуге мәжбүр болып отыр.

Қытай революциясының бірінші кезеңі жөнінде істің жайы осындай.

Енді қытай революциясының екінші кезеңіне көшейік.

Егерде бірінші кезеңнің өзгешелігі — революцияның күшті салмағының ең алдымен шет ел империализміне қарсы бағытталғандығы болса, екінші кезеңнің сыйпатты өзгешелігі мына факты болып табылады: революция өзінің күшті салмағын ең алдымен ішкі жауларға қарсы және бәрінен бұрын феодалдарға қарсы, феодалдық тәртіпке қарсы бағыттап отыр.

Бірінші кезең шетел империализмін құлату жөніндегі өз міндетін орындады ма? Жоқ, орындамады. Бұл міндетті жүзеге асыруды ол қытай революциясының екінші кезеңіне мұра етіп қалдырды. Ол революцияшыл бұқараны империализмге қарсы күреске бірінші рет серпілдіріп сергітті, сөйтіп, өзінің жүрісін аяқтап, бұл істі болашаққа тапсырды.

Империалистерді қуып шығу міндетін революцияның екінші кезеңі де толық орындай алмайды деп болжау керек. Екінші кезең қытай жұмысшылары мен шаруаларының қалың бұқарасын империализмге қар-

сы күресуге бұрынғыдан да гөрі серпілдіріп сергіте түседі, бірақ ол мұны: бұл істі аяқтауды қытай революциясының келесі кезеңіне, советтік кезеңіне тапсыру үшін істейді.

Бұған таңқалатын ештеме де жоқ. Біздің революциямыз басқа жағдайда және басқа реттерде болса да, оның тарихында осыған ұқсас фактылардың болғандығы мәлім емес пе? Біздің революцияның бірінші кезеңі аграрлық революцияны аяқтау жөніндегі өзінің міндетін толық орындамай, бұл міндетті революцияның келесі кезеңіне, Октябрь революциясына тапсырғандығы, феодалдық қалдықтарды бүтіндей және толық құрту міндетін Октябрь революциясының орындағандығы мәлім ғой. Сондықтан, егерде қытай революциясының екінші кезеңінде аграрлық революцияны толық аяқтауға реті келмесе және революцияның екінші кезеңі, шаруалардың миллиондаған бұқарасын сергітіп, оларды феодалдық қалдықтарға қарсы күреске аттандырып, бұл істі аяқтауды революцияның келесі кезеңіне, советтік кезеңіне тапсырса, бұған таң қалатын ештеңе болмайды. Қытайдағы болашақ советтік революция үшін бұл тек пайдалы іс болады.

Революциялық қозғалыстың орталығы көрнеу Кантоннан Уханға ауысқан кезде, Ухандағы революциялық орталықпен қатар Нанкинде контрреволюциялық орталық құрылған кезде коммунистердің Қытайдағы революцияның екінші кезеңіндегі міндеті не еді?

Партияны, пролетариатты (кәсіпшілер одақтары), шаруаларды (шаруалар одақтары), жалпы революцияны ашық ұйымдастырудың мүмкіндігін барынша толық пайдалану еді.

Ухан гоминданшылдарын солға қарай, аграрлық революция жағына қарай итермелеу еді.

Ухан Гоминданын контрреволюцияға қарсы күрестің орталығына және пролетариат пен шаруалардың болашақ революциялық-демократиялық диктатурасының ұйытқысына айналдыру еді.

Бұл саясат дұрыс па еді?

Бұл саясат жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасын революцияны бұрынғыдан әрі дамыту рухында тәрбиелей алатын бірден-бір дұрыс саясат болғандығын фактылар көрсетті.

Оппозиция ол кезде дереу жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құруды талап етті. Бірақ бұл авантюризм еді, авантюристікпен орағытып алға шығып кетушілік еді, өйткені, Советтерді дереу құру деген сөз ол кезде дамудың солшыл-гоминдандық кезеңінен аттап өту деген сөз еді.

Мұның себебі не?

Мұның себебі — коммунистермен одақта болып келген Ухандағы Гоминдан жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасының көз алдында өзінің әлі беделін түсіріп үлгірмеді және өзін-өзі әшкерелеп үлгірмеді, буржуазиялық-революциялық ұйым ретінде өзін әлі сарқып үлгірмеді.

Мұның себебі — бұл үкіметтің жарамсыздығына, оны құлату керектігіне бұқараның өз тәжрибесі арқылы әлі көзі жетпеген кезде Советтерді құру және Ухан үкіметін құлату ұранын көтеру деген сөз — орағытып алға шығып кету, бұқарадан қол үзу, бұқараның жәрдемінен айырылу, сөйтіп басталған істі бүлдіру деген сөз.

Оппозиция: Ухандағы Гоминданның сенімсіздігін,

берік еместігін, революцияшылдығы жеткіліксіздігін өзіміз түсінген екенбіз (ал саяси жағынан мамандығы бар әрбір қызметкердің мұны түсінуі қыйын емес), осының бәрін бұқараның да түсінуі үшін осы әбден жеткілікті, Гоминданның орнына Советтерді қойып,. бұқараны соңынан ерту үшін осы әбден жеткілікті, деп ойлайды. Бірақ бұл — өзіне тән сананы, өзіне түсінікті жұмысшылар мен шаруалардың миллиондаған бұқарасының санасы мен түсінігі деп ойлайтын оппозицияның дағдылы «әсіресолшыл» қатесі.

Оппозицияның партия алға басуға тиіс деуі дұрыс. Бұл дағдылы марксистік қағыйда, бұл қағыйданы орындамайынша шын компартия болмайды және болуы мүмкін де емес. Бірақ, бұл ақыйқаттың тек бір бөлегі. Ақыйқаттың барлық мазмұны мынада: партия тек алға басып қана қоймай, миллиондаған бұқараны **өзінің соңынан ертіп отыруы** да керек. Өзінің соңынан миллиондаған бұқараны ертіп отырмайынша алға басу деген сөз, іс жүзінде қозғалыстан қол үзу деген сөз. Арьергардтан қол үзіп, арьергардты соңынан ерте білмей алға басу деген сөз, бұқараның алға басқан қозғалысын белгілі уақытқа бөгеп тастай алатындай алға орағытушылық істеу деген сөз. Лениндік басшылықтың мәнісі, асылында, авангардтың арьергардты **соңынан ерте** білуінде, авангардтың бұқарадан **қол үзбей** алға басуында. Авангард бұқарадан қол үзіп кетпейтін болуы үшін, авангард миллиондаған бұқараны соңынан шын ерте алатын болуы үшін, мұның үшін шешуші бір шарт керек, атап айтқанда — **авангардтың нұсқауларының, директиваларының, ұрандарының дұрыстығына бұқараның өзінің өз тәжрибесі арқылы көзі жетіп отыратын болуы керек.**

Оппозицияның сорлылығы сол — ол партияның бір өзі ғана, алдыңғы қатарлы топтың бір өзі ғана бұқараның қолдауынсыз революция жасай алмайтынын, революцияны ақыр-аяғында еңбекшілердің миллиондаған бұқарасы «істейтінін» түсінбей, миллиондаған бұқараға басшлық етудің осындай түсінікті лениндік ережесін танымайды.

Ең таяу арада Уақытша үкіметті құлату және Совет өкіметін орнату керектігіне кездесетінімізге көзіміз жете тұрса да, 1917 жылғы апрельде біздердің, большевиктердің, Россияда Уақытша үкіметті құлату және Совет өкіметін орнату жөнінде практикалық ұран көтермегендігіміздің себебі не?

Мұның себебі — тылда да, майданда да еңбекшілердің қалың бұқарасы, ақырында, Советтердің өздері мұндай ұранды аңғаруға әлі әзір емес еді, Уақытша үкіметтің революцияшылдығына әлі сеніп отыр еді.

Мұның себебі — Уақытша үкімет тылда және майданда контрреволюцияны қолдауымен әлі шатаққа қалып үлгірген жоқ еді, өзінің беделін түсіріп үлгірген жоқ еді.

Лениннің Уақытша үкіметті дереу құлату және Совет өкіметін орнату ұранын көтерген Багдатьевтің тобын 1917 жылғы апрельде Петроградта масқаралап тастағанының себебі не?

Мұның себебі — Багдатьевтің әрекеті орағытып алға шығып кету қатерін туғызған болар еді, мұның өзі большевиктік партияның жұмысшылар мен шаруалардың миллиондаған бұқарасынан қол үзу қаупін тудырған болар еді.

Саясаттағы авантюризм, қытай революциясының

мәселелері жөніндегі багдатьевшілдік, — мінеки кәзір біздің троцкистік оппозицияны құртып отырған нәрселер осы.

Мені багдатьевшілдік туралы айтқанда кәзіргі қытай революциясын Октябрь революциясымен ұқсастырады, дейді Зиновьев. Бұл, әрине, бос сөз. Біріншіден, «Кәзіргі тақырыптар жөніндегі заметкалар» деген мақаламда мен: «бұл арада аналогия шартты аналогия», «бұл аналогияны жасағанда біздің күндеріміздегі Қытайдағы және 1917 жылғы Россиядағы жағдайлардың әртүрлі екенін еске алғанда керек болатын барлық ескертулерді еске алып қана жасауға болады» — деп өзім ескерттім[17]. Екіншіден, бір елдің революциясындағы қайсыбір ағымдарды, қайсыбір кателерді сыйпаттағанда басқа елдердің революцияларынан жалпы аналогия алуға болмайды деп айту ақымақтық болар еді. Бұл революциялар бір түрлес болмаған күннің өзінде де, бір елдің революциясы басқа елдердің революцияларынан үйреніп отырмай ма? Онда революция туралы ғылымның мәнісі неде болмақшы?

Зиновьев, затында, революция туралы ғылымның болу мүмкіндігін бекерге шығарады. Октябрь революциясының алдындағы дәуірде Ленин Чхеидзені, Церетелиді, Стекловты және басқаларын 1848 жылғы француз революциясының «луибланшылдығына» салынды деп айыптағандығы факт емес пе? Лениннің «Луибланшылдық»[18] деген мақаласын қараңыздар, сонда сіздер мынаны ұғасыздар: 1848 жылғы француз революциясы мен біздің Октябрь революциямыз бір түрлес революция болып табылмайтынын Ленин жақсы біле тұрса да, қайсыбір қайраткерлердің Октябрь

алдындағы қателерін сыйпаттағанда Ленин 1848 жылғы француз революциясынан аналогия келтіруді кеңінен пайдаланды. Егерде, Октябрь революциясының алдындағы дәуірде Чхеидзе мен Церетелидің «луиблаңшылдығы» туралы айтуға болатын болса, қытайдағы аграрлық революцияның дәуіріндегі Зиновьев пен Троцкийдің «багдатьевшілдігі» туралы неге айтуға болмайды?

Оппозиция Уханды революциялық қозғалыстың орталығы болған жоқ деп сендірмекші болады. Олай болса Зиновьев Уханды қытай Кавеньяктарына қарсы күрестің орталығы ету үшін Ухан Гоминданына «барынша жәрдем көрсету керек» дегенді неге айтты? Басқа бір жер емес, Ухан жері аграрлық қозғалыстың барынша дамуының орталығына айналған себебі не? Быйылғы жылдың басында аграрлық қозғалыстың барынша дамуының орталығы нақ Ухан жерінің (Хунань, Хубэй) болғандығы факт емес пе? Бұқаралық аграрлық қозғалысы болмаған Кантонды «революцияның плацдармы» (Троцкий) деп атауға болатын себебі не, ал өзінің жерінде аграрлық революция басталып, дамып отырған Уханды революциялық қозғалыстың орталығы, «плацдармы» деп санауға болмайтын себебі не? Бұлай болған күнде, оппозицияның компартияны Ухан Гоминданының және Ухан үкіметінің құрамында қалдыруды талап еткендігін немен түсіндіруге болады? Сонда 1927 жылдың апрелінде оппозицияның «контрреволюциялық» Ухан Гоминданымен одақтасуды жақтағаны ма? Оппозицияның мұндай «ұмытшақтығы», сасқалақтығы қайдан пайда болды?

Оппозиция Ухан гоминданымен жасасқан одақтың өмірі қысқа болды деп табалайды, бұл арада Ухан

Гоминданының мерт болу мүмкіндігі туралы Коминтерн қытай коммунистеріне ескертпеді дегенді айтады. Оппозицияның табалаушылығы оның саяси банкроттығын ғана көрсететіндігін дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас. Оппозиция отар елдерде ұлт буржуазиясымен жасасқан одақтардың өмірі ұзақ болуға тиіс деп ойлайтын болса керек. Бірақ бұлай деп ленинизмнен таза-тақыр айрылған адамдардың ғана ойлауы мүмкін. Егерде Қытайдағы феодалдар мен империализм кәзіргі сатыда революциядан гөрі күштірек болып шыққан болса, егерде бұл жау күштердің қысымы Ухан Гоминданының оңжаққа қарай бет бұруына әкеліп соққан болса және қытай революциясының уақытша жеңілуіне әкеліп соққан болса, бұл жөнінде тек жеңілімпаздық ауруына шалдыққан адамдардың ғана табалауы мүмкін. Оппозицияның Коминтерн Ухан Гоминданының мерт болу мүмкіндігі туралы Қытайдың компартиясына алдын ала ескертпеді, деп мәлімдеуіне келетін болсақ, мұның өзі осы күні оппозицияның арсеналында толы болып отырған дағдылы өсектердің бірі.

Оппозицияның өсектерін теріске шығару үшін бірнеше документтер келтіруге рұқсат етіңіздер.

1927 жылғы майдағы бірінші документ:

«Гоминданның ішкі саясатындағы кәзір ең бастысы — барлық провинцияларда, соның ішінде әсіресе Гуандунда «Барлық өкімет деревнядағы шаруалар одақтары мен комитеттеріне берілсін» деген ұранмен аграрлық революцияны үздіксіз өрістету болып табылады. **Революцияның және Гоминданның табыстарға жетуінің негізі осы.** Қытайда империализмге және оның агенттеріне қарсы кең және күшті саяси, әскери армия құрудың негізі осы. Күшті аграрлық қозғалыс қамтып отырған Хунань, Гуандун және т. т. сияқты провинцияларда жерді конфискациялау ұраны

практика жүзінде әбден мезгілді. **Мұнсыз аграрлық революцияны өрістету мүмкін емес***...

Қазірден-ақ әбден сенімді командирлер құрамын бас етіп революцияшыл шаруалар мен жұмысшылардан сегіз немесе он дивизияны ұйымдастыра бастау керек. Мұның өзі майдандарда да, сенімсіз әскер бөлімдерін қуралсыздандыру үшін тылда да Уханның гвардиясы болады. Бұл істі кешеуілдетуге болмайды.

Чан Кай-шидің тылында және әскер бөлімдерінде іріткі салу жұмысын күшейту керек және помещиктердің өкіметі өтемөте шыдағысыз болып отырған Гуандунда көтерілісші шаруаларға жәрдем көрсету керек».

1927 жылғы майдағы екінші документ:

«Аграрлық революциясыз жеңу мүмкін емес. Онсыз Гоминданның Орталық Комитеті сенімсіз генералдардың болымсыз ойыншығына айналады. Шектен шығушылыққа қарсы күресу керек, бірақ әскер күшімен емес, шаруалардың одақтары арқылы күресу керек. Біз жерді іс жүзінде төменнен алуды батыл жақтаймыз. Тан Пин-сяннің сапар шегуі жөніндегі қауіптенушіліктің біраз негізі бар. Жұмысшы-шаруа қозғалысынан қол үзбеу керек, қайта оған барынша көмектесіп отыру керек. Әйтпесе істі бүлдіріп аласыңдар.

Гоминданның Орталық Комитетінің кейбір кексе басшылары оқиғалардан қорқады, қобалжиды, келісімпаздық істейді. Гоминданның Орталық Комитетіне шаруалар мен жұмысшылардан жаңа басшыларды көбірек төменнен тарту керек. Олардың батыл дауысы қарттарды батылдандырады, не болмаса қарттарды істен шығарып тастайды. Гоминданның қазіргі құрылысын өзгерту керек. Гоминданның жоғарғы тобын қалайда жаңартып, аграрлық революцияда көтеріліп, көзге түскен жаңа басшылармен толықтыру керек, ал жергілікті орындарды жұмысшы-шаруа одақтарындағы миллиондардың есебінен кеңейту керек. **Мұнсыз Гоминданға өмірден қол үзу және бедел атаулыдан жұрдай болу қатері туады.**

Сенімсіз генералдардан тәуелділікті жою керек. Жыйырма-

---

* Курсив менікі. И. Ст.

шақты мың коммунистерді жұмылдырыңдар, Хунань — Хубэйден елушақты мың революцияшыл жұмысшылар мен шаруаларды қосыңдар, бірнеше жаңа корпус құрыңдар, командирлер құрамын даярлауға арналған мектеп курсанттарын пайдаланыңдар және. **әзір кеш емес кезінде, өздеріңнің сенімді армияңызды ұйымдастырыңдар. Мұнсыз мерт болмау кепілдігі жоқ.** Бұл қыйын іс, бірақ басқа жол жоқ.

Коммунист емес көрнекті гоминданшыларды бас етіп Революциялық-соғыс трибуналын ұйымдастырыңдар. **Чан Кай-шимен байланыс жасап отырған немесе солдаттарды халыққа, жұмысшылар мен шаруаларға айдап салып отырған офицерлерді жазалаңдар.** Тек қана үгіттеп көндірумен шұғылдануға болмайды. Қыймыл жасай бастайтын уақыт жетті. **Жауыздарды жазалап отыру керек. Егер гоминданшылдар революцияшыл якобиншілдер бола білмесе, халық үшін де, революция үшін де пайдасыз болып жоғалады»*.**

Көріп отырсыздар, Коминтерн оқыйғаларды күн ілгері көре білді, ол қауіптер туралы дер кезінде дабыл қағып отырды және егерде гоминданшылдар революцияшыл якобиншілдер бола білмесе, Ухан Гоминданының мерт болатындығы туралы қытай коммунистеріне алдын-ала ескертіп отырды.

Қытай революциясының жеңілуіне Коминтерннің саясаты кінәлі, біз «Қытайда Кавеньяктарды өсіріп шығардық», деді Каменев. Жолдастар, біздің партиямыз туралы бұлай деп партияға қарсы қылмыс істеуге әзір отырған адам ғана айта алады. 1917 жылғы июль жеңілісінің дәуірінде, сахнаға орыс Кавеньяктары шыққан кезде, большевиктер туралы меньшевиктер осылай деген болатын. Ленин өзінің «Ұрандар жөнінде»[19] деген мақаласында июльдегі жеңіліс «Кавеньяктардың жеңісі» болып табылады деп жазды.

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Ол кезде меньшевиктер орыс Қавеньяктарының пайда болуына Лениннің саясаты кінәлі деп қастықпен шулады. Әлде Каменев 1917 жылғы июльдегі жеңілістің дәуірінде орыс Қавеньяктарының пайда болуына басқа бірдеме емес, Лениннің саясаты, біздің партиямыздың саясаты кінәлі деп ойлай ма екен? Бұл ретте Каменевтің меньшевик мырзаларға еліктеуі лайық келе ме? (Күлкі.) Мен оппозициядағы жолдастардың соншама төмен құлдырап кетуі мүмкін деп ойламап едім...

1905 жылғы революцияның жеңіліске ұшырағаны мәлім, соның өзінде бұл жеңіліс қытай революциясының кәзіргі жеңілісінен анағұрлым терең жатқан жеңіліс болды. Ол кезде меньшевиктер 1905 жылғы революцияның жеңілуіне большевиктердің шектен шыққан революциялық тактикасы кінәлі дегенді айтты. Бұл арада да Каменев біздің революциямыздың тарихын меньшевиктерше түсіндіруді үлгіге алып, большевиктерге тас лақтыруды ойлап тұрған жоқ па екен?

Ал, Бавария Советтік Республикасының жеңілуінің себебі не? Бәлкім, тап күштерінің арасалмағы емес, Лениннің саясаты шығар?

Венгрия Советтік Республикасының жеңілуінің себебі не? Бәлкім, тап күштерінің арасалмағы емес, Коминтерннің саясаты шығар?

Белгілі бір партияның тактикасы тап күштерінің арасалмағын бұза алады немесе өзгертіп жібере алады деп қалайша айтуға болады? 1905 жылы біздің саясатымыз дұрыс болды ма, жоқ па? Ол кезде біздің жеңіліске ұшырағандығымыздың себебі не? Оппозицияның саясатын қолданған күнде Қытайдағы революция іс жүзінде болып отырғанынан гөрі шапшаңырақ

қарқынмен жеңіліске ұшыраған болар еді, — мұны фактылар көрсетіп отырған жоқ па? Революция кезіндегі тап күштерінің арасалмағы туралы ұмытып, барлық нәрсені бірдей белгілі бір партияның тактикасымен ғана түсіндіруге тырысатын адамдарды не деп атауға болады? Бұл адамдар туралы тек мынаны айтуға болады: олар марксизмнен қол үзген адамдар.

Қорытындылар. Оппозицияның басты-басты қателері:

1) Оппозиция қытай революциясының сыйпаты мен болашақтарын түсінбейді.

2) Оппозиция қытайдағы революция мен Россиядағы революцияның арасындағы, отар елдердегі революция мен империалистік елдердегі революцияның арасындағы айырмашылықты көрмейді.

3) Отар елдердегі революцияның бірінші кезеңінде ұлт буржуазиясына көзқарас туралы мәселеде оппозиция лениндік тактикадан қол үзеді.

4) Оппозиция коммунистердің Гоминданға қатнасуы туралы мәселені түсінбейді.

5) Оппозиция авангардтың (партияның) және арьергардтың (миллиондаған еңбекшілер бұқарасының) арасындағы арақатнас туралы мәселеде лениндік тактиканың негіздерін бұзады.

6) Оппозиция Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитетінің VI және VII пленумдарының қарарларынан қол үзеді.

Оппозиция өзінің қытай мәселесі жөніндегі саясатын айқай салып мақтайды, ол саясат қолданылған болса, кәзір Қытайда істің жайы жақсырақ болар еді дегенді айтады. Егерде оппозицияның жіберген өте

өрескел қателері тұсында, қытай компартиясы оппозицияның антилениндік, авантюристік саясатын ұғып алған болса, ол өзін-өзі тұйыққа апарып қамаған болар еді; мұны дәлелдеп жату қажет бола қоймас.

Егерде Қытайдағы коммунистік партия қысқа мерзімнің ішінде 5 — 6 мың мүшесі бар кішкентай топтан 60 мың мүшесі бар бұқаралық партияға айналып отырған болса; егерде қытай компартиясы бұл уақыттың ішінде 3 миллиондай пролетарийді кәсіпшілер одақтарына ұйымдастыра білген болса; егерде қытай компартиясы сан миллиондаған шаруаларды ұйқыдан оятып, ондаған миллион шаруаларды революциялық шаруа одақтарына тарта білген болса; егерде қытай компартиясы бұл уақыттың ішінде ұлт әскерлерінің ішінен тұтас полктер мен дивизияларды өзінің жағына қаратып алған болса; егерде қытай компартиясы бұл уақыттың ішінде пролетариаттың гегемониясы идеясын құр тілектен фактыға айналдыра білген болса, — егерде қытай компартиясы қысқа мерзімнің ішінде осы жеңістердің бәріне жете білген болса, мұның себебі — басқасын былай қойғанда, оның Ленин белгілеген жолмен, Коминтерн көрсеткен жолмен жүргендігінен.

Оппозицияның отарлық революция мәселелеріндегі саясаты тұсында, оның қателері тұсында, оның антилениндік бағыты тұсында қытай революциясының бұл жеңістері не мүлдем болмаған болар еді, не ауызға алғысыз аз болған болар еді; мұны айтып жатудың да қажеті жоқ.

Бұған тек «әсіресолшыл» ренегаттар мен авантюристердің ғана күмәндануы мүмкін.

III

АҒЫЛШЫН-СОВЕТ БІРЛІҚ КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ[20]

Ағылшын-Совет комитеті туралы мәселе. Оппозиция бізді Ағылшын-Совет комитетіне арқа сүйейдімыс деп сендірмек болады. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Мұның өзі банкрот болған оппозицияның соншама жиі қолданатын өсектерінің бірі. Біздің Ағылшын-Совет комитетіне емес, қайта дүниежүзілік революциялық қозғалысқа және біздің социалистік құрылысымыздың табыстарына арқа сүйейтінімізді бүкіл дүние жүзі біледі, ал олай болса, оппозиция да білуге тиіс. Бізді Ағылшын-Совет комитетіне арқа сүйеді немесе арқа сүйеп отыр дегенді айтып, оппозиция партияны алдап отыр.

Бұлай болғансоң, Ағылшын-Совет комитеті деген не нәрсе? Ағылшын-Совет комитеті біздің кәсіпшілер одақтарының ағылшын кәсіпшілер одақтарымен, реформистік кәсіпшілер одақтарымен, реакцияшыл кәсіпшілер одақтарымен байланыс жасауының формаларының бір түрі болып табылады. Европадағы жұмысшы табын революцияшылдандыру жөніндегі жұмысымызды біз кәзіргі уақытта үш арнамен жүргізіп отырмыз:

а) Коминтерн арнасымен, жұмысшы қозғалысындағы реформистік саяси басшылықты жоюды өзінің ең таяудағы міндеті деп білетін коммунистік секциялар арқылы;

б) Профинтерн арнасымен, кәсіпшілер одақтарындағы реакцияшыл жұмысшы аристократиясын жеңуді өзінің ең таяудағы міндеті деп білетін революцияшыл кәсіпшілер одақтарының азшылығы арқылы;

в) Профинтерннің және оның секцияларының кәсіпшілер одақтарындағы жұмысшы аристократиясын оқшау қалдыру жолындағы күресін оңайлата алатын құралдардың бірі ретінде Ағылшын-Совет бірлігі комитеті арқылы жүргізіп отырмыз.

Бастапқы екі арна таптар және таптық қоғам бар тұрғанда негізгі және тұрақты, коммунистер үшін міндетті арналар болып табылады. Үшінші арна уақытша көмекші, өткінші, сондықтан берік емес, ылғый сенімді бола бермейтін, ал кейде мүлдем сенімсіз болатын арна. Үшінші арнаны бастапқы екі арнамен бір қатарға қою деген сөз — жұмысшы табының мүдделеріне қарсы шығу, коммунизмге қарсы шығу деген сөз болады. Осыдансоң, бізді Ағылшын-Совет комитетіне арқа сүйеді деп мылжыңдауға қалайша болады?

Ағылшын-Совет комитетін құруға бел байлағанда, біз Англияның кәсіпшілер одақтарына ұйымдасқан жұмысшы бұқарасымен ашық байланысты жолға салуға тырыстық.

Не үшін?

Біріншіден, жұмысшылардың капиталға қарсы бірыңғай майданын құруды оңайлату үшін немесе ең болмағанда, кәсіпшілер одағы қозғалысының реакцияшыл басшыларының мұндай майданды құруға қарсы күресін қыйындату үшін.

Екіншіден, жалпы империалистік соғыс атаулының қаупіне қарсы, әсіресе интервенцияның қаупіне қарсы жұмысшылардың бірыңғай майданын құруды оңайлату үшін, немесе ең болмағанда, кәсіпшілер одақтарының реакцияшыл басшыларының мұндай майданды құруға қарсы күресін қыйындату үшін.

Коммунистердің реакцияшыл кәсіпшілер одақта-

рында жұмыс істеуіне жалпы алғанда жол беруге бола ма?

Жол беруге болатыны былай тұрсын, кейде тура міндетті, өйткені, реакцияшыл кәсіпшілер одақтарында миллиондаған жұмысшылар бар, ал коммунистердің мұндай кәсіпшілер одақтарына кіруден, бұқарамен қатнасудың жолын табудан және бұқараны коммунизм жағына қаратып алудан бас тартуға праволары жоқ.

Лениннің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы»[21] деген кітапшасын қараңыздар, сонда сіздер лениндік тактиканың коммунистерді реакцияшыл кәсіпшілер одақтарында жұмыс істеуден бас тартпауға міндеттейтінін көресіздер.

Реакцияшыл кәсіпшілер одақтарымен жалпы алғанда уақытша келісімдер жасауға, кәсіпшілер одағы жөнінен келісімдер жасауға немесе саясат жөнінен келісімдер жасауға жол беруге бола ма?

Жол беруге болатыны былай тұрсын, кейде тура міндетті. Батыстағы кәсіпшілер одақтарының көп реттерде реакцияшыл екені әрбір адамға мәлім. Бірақ әңгіме мүлдем мұнда емес. Әңгіме — бұл кәсіпшілер одақтарының бұқаралық одақтар екенінде. Әңгіме — бұл кәсіпшілер одақтары арқылы бұқараға араласуға болатынында. Мәселе — мұндай келісімдердің коммунистер жүргізетін революциялық үгіт пен насихаттың бостандығына қысым жасамауында, шек қоймауында, мұндай келісімдердің реформистер арасына іріткі салуды және әзірге реакцияшыл басшылардың соынынан еріп отырған жұмысшылар бұқарасын революцияшылдандыруды оңайлатуында болып отыр. Осындай жағдайларда бұқаралық революцияшыл кәсіпшілер одақ-

тарымен уақытша келісімдер жасауға жол беруге болатыны былай тұрсын, қайта кейде тура міндетті.

Бұл жөнінде Ленин міне былай дейді:

«Егер «таза» пролетариатты — пролетардан жартылай пролетарға (тіршілік етуге керекті жартылай қаражатты жұмыс күшін сату арқылы табатындарға), жартылай пролетардан ұсақ шаруаға (және ұсақ қолөнершіге, майдагерге, жалпы қожайынсымаққа), ұсақ шаруадан орта шаруаға, т. т. айналатын өте ала-құла типтер қоршамаған болса, — пролетариаттың өз ішінде азды-көпті көзі ашық жіктерге бөлінушілік болмаған болса; — жеріне қарай, кәсібіне қарай, кейде дінге қарай, тағы сондайларға қарай бөлінушілік жоқ болған болса, онда капитализм де капитализм болмаған болар еді. **Ал мұның барлығынан келіп, пролетариаттың авангарды үшін, оның саналы бөлегі үшін, коммунистік партия үшін амал істеудің, пролетарлардың түрлі топтарымен, жұмысшылар мен ұсақ қожайынсымақтардың түрлі партияларымен ымыраға келіп, келісім жасасудың қажеттігі, — мұның сөзсіз қажет екендігі шықпай қоймайды*.** Істің тетігі — бұл тактиканы пролетариаттың саналылығының, революцияшылдығының, күреске және жеңуге қабілеттілігінің жалпы дәрежесін төмендету мақсатымен қолданбай, қайта ол дәрежені арттыру мақсатымен қолдана білуде болып отыр» (қараңыз: XXV том, 213-бет).

Содан соң:

«Гендерсондардың, Клайнстардың, Макдональдтардың, Сноудендердің түгелдей реакцияшыл екендіктері анық нәрсе. Сол сияқты, олардың өкіметті өз қолдарына алғысы келетіндігі (сонымен қатар буржуазиямен коалиция жасауды артық көреді), олардың әлдеқашанғы буржуазиялық ескі ережелер бойынша «басқарғысы» келетіндігі, олардың өкімет басына келген кезде өздерін Шейдемандар мен Носкелерше ұстайтындығы да анық нәрсе. Мұның бәрі де осылай. **Бірақ мұнан, оларға жәрдем көрсету — революцияға опасыздық жасағандық болады деген қортынды тіпті де шықпайды, қайта жұмысшы табының революцио-**

* Курсив менікі. *И. Ст.*

перлері революцияның мүдделері үшін бұл мырзаларға белгілі бір парламенттік жәрдем көрсетуге тиіс деген қортынды шығады»* (сол томның 218 — 219-беттерін қараңыз).

Оппозицияның сорлылығы сол — ол Лениннің осы нұсқауларын түсінбейді және танымайды, лениндік саясаттан гөрі кәсіпшілер одақтарының реакцияшылдығы туралы «әсіресолшыл» сылдыр сөзді артық көреді.

Ағылшын-Совет комитеті біздің үгітіміз бен насихатымызға қысым жасай ма, оған қысым жасай ала ма? Жоқ, қысым жасай алмайды. Біз ағылшын жұмысшы қозғалысының басшыларының реакцияшылдығын әрқашан сынап отырдық және сынап отырамыз, сөйтіп, бұл басшылардың опасыздығын және сатқындығын Англияның жұмысшы табының бұқарасына әйгілеп отырамыз. Бас Советтің реакцияшыл жұмысын біздердің әрқашан ашық, аяусыз сынап отырғандығымыздың фактысын оппозиция бекерге шығарып көрсін.

Бұл сын ағылшындардың Ағылшын-Совет комитетін бүлдіріп бұзуына апарып соғуы мүмкін, деседі бізге. Неменесі бар, бұза берсін. Әңгіме тіпті ажырастың болатынында немесе оның болмайтынында емес. Әңгіме қай мәселеде ажырас болатынында, бұл ажырастың қандай идеяны көрсететінінде. Қазір әңгіме жалпы соғыс қорқынышы туралы, әсіресе интервенция қорқынышы туралы болып отыр. Егерде ағылшындар ажырасса, ағылшын жұмысшы қозғалысының реакцияшыл басшыларының соғыс ұйымдастыру ісінде өздерінің империалистік үкіметіне **қарсы әрекет істегісі келмегендіктен** ажырасқандығын жұмысшы та-

* Курсив менікі. И. Ст.

бы білетін болады. Мұндай жағдайда ағылшындар тарапынан болған ажырасушылық Бас советті әшкерелеу жөніндегі коммунистердің жұмысын жеңілдететініне, өйткені, соғыс туралы мәселе осы күнде кәзіргі заманның негізгі мәселесі болып табылатындығына күмәндануға бола қоймас.

Бәлкім, олардың ажырасуға батылы бармайтын шығар. Ал мұның мәнісі не деген сөз? Мұның мәнісі — біз ағылшын жұмысшы қозғалысының реакцияшыл басшыларын сынау бостандығын, оларды сынай беру бостандығын өзімізге баянды еттік, олардың сатқындығын және социал-империализмін қалың бұқараның арасында әшкерелеп отырамыз деген сөз. Жұмысшы қозғалысы үшін бұл жақсы бола ма? Менің ойымша, жаман болмайды.

Міне, жолдастар, Ағылшын-Совет комитеті туралы мәселеге біздің көзқарасымыз осындай.

IV
СОҒЫС ҚОРҚЫНЫШЫ ЖӘНЕ ССРО-НЫ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ

Соғыс туралы мәселе. Мен, ең алдымен, мені партиямыздың VIII съезінде «соғыс оппозициясы» дейтіннің қатарында болды-мыс деген Зиновьев пен Троцкийдің мәлімдемесін мүлдем теріс, шындыққа жатпайтын мәлімдеме деп теріске шығаруға тиістімін. Ол мүлдем дұрыс емес, жолдастар. Бұл Зиновьев пен Троцкийдің ерікkеннен ойлап шығарған өсегі. Менің қолымда стенограмма бар, ол кезде менің Ленинмен бірге болып, «соғыс оппозициясы» дейтінге қарсы

шыққаным бұл стенограммадан айқын көрінеді. Ақырында, осы арада партияның VIII съезіне қатнасқан адамдар отыр, онда, VIII съезде, менің «соғыс оппозициясына» қарсы шыққанымды бұлар рас дей алады. Мен «соғыс оппозициясына», бәлкім, Троцкийге қолайлы келгендей дұшпандықпен қарсы шыға қойғаным жоқ шығар, өйткені, мен соғыс оппозиционерлерінің арасында тамаша қызметкерлер бар, майданда оларсыз күн көруге болмайды деп санадым, бірақ менің соғыс оппозиционерлеріне қарсы шығып сөйлегенім сөзсіз және күрескенім сөзсіз — бұл **факт**, бұған Зиновьев пен Троцкий сияқты күні біткен, түзелуден кеткен адамдардың ғана таласуы мүмкін.

Ол кезде VIII съезде талас не туралы болды? Ерікті әскерлер алуды және партизандықты қою керектігі туралы, темірдей берік тәртібі бар нағыз тұрақты жұмысшы-шаруа армиясын құру керектігі туралы, бұл іске соғыс мамандарын тарту керектігі туралы болды.

Тұрақты армияны және темірдей берік тәртіпті жақтаушылар ұсынған қарардың бір жобасы болды. Мұны Ленин, Сокольников, Сталин және басқалары қорғады. Тағы бір жоба, В. Смирновтың жобасы болды, мұны армия ішінде партизандық элементтерін сақтауды жақтаушылар ұсынды. Бұл жобаны В. Смирнов, Сафаров, Ворошилов, Пятаков және басқалары қорғады.

Менің сөзімнің үзіндісі мынау:

«Бұл арада көтерілген мәселелердің бәрі келіп бір мәселеге: Россияда қатты тәртібі бар тұрақты армия бола ма немесе болмай ма деген мәселеге тіреледі.

Бізде бұдан жарты жыл бұрын, ескі, патшалық армия құлағаннан кейін, жаңа армия болды, — бұл нашар ұйымдасқан,

бірлесіп басқарылатын, бұйрықтарға үнемі бағына бермейтін ерікшілер армиясы еді. Бұл, Антанта тарапынан шабуыл жасалатындығы анықтала бастаған дәуір еді. Армияның құрамы көбінесе, тегіс дерлік, жұмысшылардан болды. Бұл ерікшілер армиясында тәртіп болмағандықтан, бұйрықтар үнемі бірдей орындалып отырмағандықтан, армияның басқару ісінде берекесіздік болғандықтан, біз жеңіліп қалып отырдық, жауға Қазанды бердік, ал Краснов оңтүстіктен ойдағыдай шабуыл жасады... Ерікшілер армиясының мықты болмайтындығын, басқа бір армия, тәртібі күшті, жақсы ұйымдастырылған саяси бөлімі бар, бұйрық берілісімен-ақ түгел аттанып, жауға қарсы шаба білетін тұрақты армия құрмасақ республикамызды қорғай алмайтындығымызды фактылар көрсетіп отыр.

Мен мынаны айта кетуге тиіспін: біздің армиямыздың көпшілігі болып отырған жұмысшы емес элементтер—шаруалар өз еркімен социализм үшін күреспейді. Бірқатар фактылар осыны көрсетіп отыр. Тылдағы, майдандардағы бірсыпыра бүліктер, майдандардағы бірсыпыра тәртіпсіздіктер біздің армиямыздың көпшілігі болып отырған пролетарлық емес элементтердің өз еркімен коммунизм үшін күрескілері келмейтіндігін көрсетеді. Сондықтан біздің міндетіміз — бұл элементтерді темір тәртіп рухында қайта тәрбиелеу, оларды тылда ғана емес, сонымен қатар майдандарда да пролетариаттың соңынан ерту, біздің социалистік ортақ ісіміз үшін соғысатын ету және соғыс үстінде, елімізді қорғауға бірден-бір қабілетті, нағыз тұрақты армия құру жұмысын аяқтау.

Мәселе осылай қойылып отыр.

...Не біз нағыз жұмысшы-шаруа армиясын, қатты тәртібі бар тұрақты армияны құрып, Республиканы қорғап шығамыз, не біз мұны істемейміз, ал онда іс бүлінеді.

...Смирновтың ұсынған жобасы жарамсыз, өйткені бұл жоба тек армияда тәртіпті нашарлатады, тұрақты армия құруымызға мүмкіншілік бермейді»[22].

Фактылар, міне осындай, жолдастар.

Көріп отырсыздар, Троцкий мен Зиновьев тағыда жала жауып отыр.

Сонсын. Каменев осында соңғы дәуірдің ішінде біз,

осы соңғы екі жылдың ішінде, халықаралық дүниедегі бұрын болған моральдық капиталымызды саркып алдық дегенді айтты. Бұл рас па? Әрине, рас емес! Мүлдем рас емес!

Каменев халықтың қандай жіктерін еске алып отыр, Шығыс пен Батыс халқының қандай жіктерінің арасында біз ықпалымыздан айырылдық немесе ықпал алдық, — Каменев мұны айтқан жоқ. Ал оның бер жағында, біздер үшін, марксистер үшін, ең шешуші мәселе — нақ осы мәселе болып табылады. Мысалы, Қытайды алайық. Біздер қытай жұмысшылары мен шаруалары арасында өзіміздің моральдық капиталымыздан айрылдық деп айтуға бола ма? Әрине, болмайды. Соңғы уақытқа дейін Қытайдың жұмысшылары мен шаруаларының миллиондаған бұқарасы бізді аз білетін еді. Соңғы уақытқа дейін ССРО-ның беделі қытай қоғамының жоғарғы шағын тобының арасында ғана, Гоминданның либералдық интеллигенциясының шағын тобының арасында ғана, Фын Юй-сян сияқты қайраткерлердің, Кантон генералдарының және т. б. арасында ғана жүріп тұрды. Кәзір бұл жағдай түбірінен өзгерді. Кәзір ССР Одағы Қытайдың жұмысшылары мен шаруаларының миллиондаған бұқарасының алдында беделді болып отыр, мұндай беделге дүние жүзіндегі қандай күш болса да, қандай саяси партия болса да қызыққандай. Бірақ осының есесіне ССРО-ның беделі Қытайдың либералдық интеллигенциясының, әртүрлі генералдардың және т. т. алдында едәуір кеміді, ал олардың көбі ССРО-ға қарсы тіпті күрес жүргізе бастады. Ал, бұл арада таң қалатын не бар, бұл арада қандай жаман нәрсе бар? ССРО-дан, Совет өкіметінен, біздің партиямыздан біздің еліміз қы-

тай қоғамының барлық жіктерінің арасында моральдық жағынан беделді болсын деп талап етуге бола ма? Біздің партиямыздан, Совет өкіметінен мұны қуыс кеуде либералдардан басқа кім талап ете алады? Біз үшін жақсысы қайсы: Қытайдың либералдық интеллигенциясының және әр түрлі реакцияшыл генералдарының арасындағы бедел ме, не болмаса Қытайдың жұмысшылары мен шаруаларының миллиондаған бұқарасының арасындағы бедел ме? Халықаралық жағдайымыздың тұрғысынан, бүкіл дүние жүзінде революцияның дамуы тұрғысынан қарағанда қайсысы шешуші: қытай қоғамының либералдық-реакцияшыл топтарының арасында ССРО беделінің сөзсіз кемуі жағдайында миллиондаған еңбекшілер бұқарасының арасында ССРО беделінің артуы ма, не болмаса халықтың қалың бұқарасының арасында моральдық салмақтың кемуі жағдайында сол әлгі либералдық-реакцияшыл топтардың арасында беделдің артуы ма? Осы сұрақты қойса-ақ болғаны, Каменевтің әуеге шоқпар лақтырып отырғаны түсінікті болады...

Ал батыста ше? Біздер Батыстың пролетарлық топтарының арасында моральдық капиталымызды сарқып алдық деп айтуға бола ма? Әрине, болмайды. Мәселен, Венада пролетариаттың соңғы бас көтерулері, Англиядағы жалпы ереуіл мен көмірщілердің ереуілі, Германияда, Францияда жұмысшылардың ССРО-ны қорғауға арналған, сан мың адам қатнасқан демонстрациялары нені көрсетеді? Бұлар жұмысшы табының миллиондаған бұқарасының алдында пролетариат диктатурасының моральдық салмағы кеміп бара жатқанын көрсете ме? Әрине, мұны көрсетпейді! Қайта, бұлар ССРО-ның моральдық салмағы Батыс жұмысшы-

ларының арасында көтеріліп, нығайып келе жатқандығын көрсетеді, Батыстың жұмысшылары өз буржуазиясымен «орыстарша» күресе бастағандығын көрсетеді.

Пацифистік және либералдық-реакциялық буржуазияның белгілі жіктерінің арасында, әсіресе «аса қадірлі» 20 террорист пен соғыс өртін тұтандырушыларды атуға байланысты, ССРО-ға қарсы жаулық әрекет күшейіп отырғандығы күмәнсіз[23]. Сонда Каменевтің Батыстағы сан миллиондаған пролетарлық бұқараның пікірінен гөрі буржуазияның либералдық-реакцияшыл пацифистік топтарының пікірін артық көргендігі ме? «Аса қадірлі» 20 дұшпанды атқандықтың ССР Одағында да, Батыста да жұмысшылардың миллиондаған бұқарасының арасында аса терең тілеулестік пікір тудырғандығының фактысын бекер деуге кімнің батылы барады? «Бұл жауыздарға — сол керек!», — мінеки «аса қадірлі» 20 дұшпанды атқандықты жұмысшы кварталдары — осындай дауыстармен қарсы алды.

Өзіңді неғұрлым тыныш ұстасаң, біз үшін соғұрлым жақсы болады дейтін адамдардың белгілі сорты бізде бар екенін мен білемін. Олар, бұл адамдар, бізге былай дейді: «бізбен Англия қатнасты үзген кезде ССРО-да істің жайы жақсы еді; Войковты өлтірген кезде ССРО-да істің жайы одан да гөрі жақсы болды; бірақ біз күш көрсетіп, Войковтың өлтірілуіне жауап ретінде «аса қадірлі» 20 контрреволюционерлерді атып тастағанымызда ССРО-да істің жайы нашарлап кетті; 20-ны атқанға дейін Европада бізге тіпті тілеулестік білдіруші еді; оларды атқаннан кейін, мұның керісінше, тілеулестік болмай қалды, сөйтіп, Европаның қо-

ғамдық пікірі бізді тіл алғыш бала деп көргісі келсе, біз ондай тіл алғыш бала болмай шыққанымыз үшін бізді айыптай бастады».

Бұл реакцияшыл-либералдық философия туралы не айтуға болады? Бұл туралы тек мынаны айтуға болады: бұл философияның авторлары ССРО-ны азусыз, қарусыз, жаудың аяғына жығылатын, жаудың алдында тізе бүгетін түрде көргісі келеді. Бір кезде «қанға боялған» Бельгия болып еді, оның суреті бір кезде темекі сауытының сыртында ылғый салынып жүруші еді. Ал, «қанға боялған» ССРО неге болмасқа,— сонда жұрттың бәрі оған тілеулес болар еді, сонда жұрттың бәрі оны аяр еді. Жоқ, жолдастар, бұл болмайды! Біз бұған қосылмаймыз. ССРО-ға «тілеулестігімен» қоса әлгі барлық либералдық-пацифистік философтар басының ауған жағына кетіп, мүрдем кетсын. Бізде еңбекшілердің миллиондаған бұқарасының тілеулестігі болса болғаны, — қалғаны өзінен-өзі келіп қосылады. Ал егерде кімде болса біреуді «қанға бояу» керек болса, ССРО-ның емес, кайдағы бір буржуазиялық елдің каны ағып, «қанға боялып» талқандалатын болуы үшін біз барлық күшімізді жұмсаймыз.

Соғыстың болмай қоймайтындығы туралы мәселе. Бухариннің тезистерінде соғыстың сөзсіз болмай қоймайтындығы туралы емес, оның «кәмілдігі» және «болмай қоймайтындығы» туралы айтылады деп осы арада Зиновьев бұлқан-талқан болды. Ол мұндай тұжырымның партияны шатастыруы мүмкін деп сендірмек болды. Мен Зиновьевтің «Болашақ соғыстың жобасы» деген мақаласын алдым да, қарап шықтым. Сонда не болып шықты? Зиновьевтің мақаласында соғыстың болмай қоймайтындай болып алғаны туралы бірауыз

сөз, мүлдем бірауыз сөз болмай шықты. Зиновьевтің мақаласында жаңа соғыстың болу **мүмкіндігі** туралы айтылады. Бұл мақалада соғыстың болу **мүмкіндігін** дәлелдейтін тұтас бір тарау бар. Бұл тарау мынадай сөзбен бітеді: «Мінеки сондықтан жаңа соғыстың болу мүмкіндігі туралы ойластыру кәзір лениншіл-большевиктер үшін орынды және керекті». (Ж а л п ы к ү л к і.) Көңіл аударыңыздар, жолдастар, — жаңа соғыстың болу **мүмкіндігі** туралы **«ойластыру»** керек. Зиновьевтің мақаласының бір жерінде соғыстың болмай қоймайтындай **«болып келе жатқандығы»** айтылады, бірақ соғыстың кәзірдің өзінде-ақ болмай қоймайтындай **болып алғандығы** туралы бірауыз сөз, мүлдем бірауыз сөз айтылмайды. Мінеки осы адамның соғыс кәміл және болмай қоймайтындығы туралы айтатын Бухариннің тезистеріне, — қайткенде жұмсағырақ айтуға болар екен, — кінә тағуға батылдығы барып отыр.

Кәзір соғыстың болу «мүмкіндігі» туралы айту деген не деген сөз? Бұл — бізді, ең болмағанда, жеті жылға кері сүйреу деген сөз, өйткені, ССР Одағы мен капиталистік дүниенің арасында соғыс болуы мүмкін деп Ленин бұдан жеті жыл бұрын айтты. Өзінің кері кетіп отырғандығын жаңалық сөз деп ұсынып, Зиновьевтің өтіп кеткенді қайталауының жөні бар ма?

Кәзір соғыс болмай қоймайтындай **болып келе жатыр** деген сөздің мәнісі не? Мұның мәнісі бізді, ең болмағанда, төрт жылға кері сүйреу деген сөз, өйткені біз соғыс болмай қоймайтындай болып келе жатыр деп әлі Керзон ультиматумының[24] дәуірінде-ақ айтқанбыз.

Күні кеше соғыс туралы осындай шатасқан және

ешнәрсемен сәйкес келмейтін мақала жазған, ол мақалада соғыстың болмай қоймайтындай болып алғандығы туралы бірде-бір ауыз сөз айтпаған Зиновьевтің, мінеки осы адамның соғыс болмай қоймайтындығы туралы Бухариннің айқын және тыянақты тезистеріне шабуыл жасауға батылы барып отырғандығы қайдан шықты? Мұның шыққан себебі — Зиновьев күні кеше не жазғанын ұмытып қалды. Әңгіме мынада — Зиновьев өзінің жазғанын ертеңіне ұмытып қалу үшін жазатын бахытты адамдардың қатарына қосылады. (Күлкі.)

Зиновьев осы арада Бухаринге өзінің тезистерін соғыстың кәмілдігі және болмай қоймайтындығы рухында жазуға Чичерин жолдас «түрткі салды» дегенді айтты. Мен мынаны сұраймын: кәзір, соғыстың болмай қоймайтындығы анық болып отырған кезде соғыстың болу мүмкіндігі туралы мақала жазуға Зиновьевке кім «түрткі салды» екен? (Күлкі.)

Капитализмнің стабилизациясы туралы мәселе. Стабилизация туралы мәселеде Бухариннің тезистері Коминтерн позицияларынан аулақ кетеді дегенді айтып, Зиновьев осында оның тезистеріне шабуыл жасады. Бұл, әрине, ақымақтық. Мұнысымен Зиновьев стабилизация туралы мәселеде, дүниежүзілік капитализм туралы мәселеде өзінің надандығын ғана көрсетіп алды. Стабилизация болды екен, — революция ісінің құрығаны, — деп ойлайды Зиновьев. Капитализмнің дағдарысы және оның құрып бітуіне әзірлік стабилизациядан туып өсетіндігін ол түсінбейді. Капитализмнің соңғы уақытта өз техникасын жетілдіргені және рационалдандырғаны, сөйтіп, товарлардың орасан мол қорларын жасағаны, ол товарларды өткізуге мүмкін-

дік болмай отырғаны факт емес пе? Капиталистік үкіметтердің жұмысшы табына шабуыл жасай отырып және өз позицияларын уақытша нығайта отырып, барған сайын фашистеніп бара жатқаны факт емес пе? Бұл фактылардан стабилизация берік стабилизация болып алды деген қортынды шыға ма? Әрине, шықпайды! Қайта, керісінше, нақ осы фактылар дүниежүзілік капитализмнің ақырғы империалистік соғыс қарсаңындағы дағдарысынан өлшеусіз терең дағдарысын шиеленістіруге бастап апарады.

Капиталистік үкіметтердің нақ фашистеніп отырғандығының фактысы, мінеки нақ осы факт капиталистік елдерде ішкі жағдайдың шиеленісуіне және жұмысшылардың революциялық бас көтерулеріне (Вена, Англия) бастап алып барады.

Капитализмнің техниканы рационалдандырып отырғандығының және рынок өткізе алмай отырған товарлардың орасан мол қорын өндіріп отырғандығының фактысы, мінеки нақ осы факт империалистердің лагерінде товар өткізу рыноктері үшін, капитал шығару рыноктері үшін күрестің шиеленісуіне, жаңа соғыс үшін жағдайлар тууына, дүниені жаңадан қайта бөлу үшін жағдайлар тууына бастап алып барады.

Дүниежүзілік рыноктің белгілі дәрежеде жетімсіздігі және «ықпал жүргізу аймақтарының» тұрақтылығы жағдайында капитализмнің өндірістік мүмкіндіктерінің шамадан тыс өсуі рыноктер үшін күресті күшейтетіндігін және капитализмнің дағдарысын тереңдететіндігін түсіну қыйын ба?

Егерде капитализм жұмысшылардың жалақысын бірнеше мәртебе арттыра алған болса, егерде ол шаруалардың материалдық жағдайын мықтап жақсарта

алған болса, егерде ол, сөйтіп, миллиондаған еңбекшілердің сатып алу қабілетін мықтап арттыра алған болса және ішкі рыноктің аумағын кеңейте алған болса, капитализм бұл дағдарысты шеше алған болар еді. Бірақ онда капитализм капитализм болмаған болар еді. Капитализм мұны істей алмайтындықтан да, нақ осы себептен де, капитализм өзінің «кірістерін» еңбекшілердің көпшілігінің әл-ауқат дәрежесін көтеруге жұмсамайды, қайта оларды қанаушылығын күшейтуге және одан да гөрі ірі «кірістер» алу үшін өркендеп жетпеген елдерге капитал шығаруға жұмсайды, — нақ осы себептен товар өткізу рыноктері үшін күрес, капитал шығару рыноктері үшін күрес дүниені және ықпал жасау аймақтарын жаңадан қайта бөлу жолындағы жан таласқан күресті, кәзірдің өзінде-ақ империалистік жаңа соғысты болмай коймайтындай етіп отырған күресті тудырады.

Белгілі империалистік топтардың ССРО-ға қарсы бірыңғай майдан ұйымдастырып, оған көз тігетін себебі не? Мұның себебі — ССРО товар өткізудің және капитал шығарудың өте бай рыногі болып табылады. Ал сол империалистік топтардың Қытайды интервенциялап отырғандығының себебі не? Мұның себебі — Қытай товар өткізудің және капитал шығарудың өте бай рыногі болып табылады. Тағысын-тағылар, тағы сондайлар.

Жеке империалистік коалициялардың арасында өрши ме, немесе ССРО-ға қарсы бола ма — бәрібір, жаңа соғыстың болмай қоймайтындығының негізі және қайнар бұлағы міне осы.

Оппозицияның сорлылығы сол — ол осы түсінікті, қарапайым нәрселерді түсінбейді.

Біздің елімізді қорғау туралы мәселе. Ал енді соңғы мәселеге, ССРО-ны біздің оппозициямыздың қалай қорғамақшы болатындығы туралы мәселеге тоқтауға рұхсат етіңіздер.

Жолдастар! Белгілібір топтың, белгілібір ағымның, белгілібір партияның революцияшылдығы олардың қандай мәлімдемелер немесе декларациялар шығаратындығымен сыналмайды. Революцияшылдық белгілібір топтың, белгілібір ағымның, белгілібір партияның ісімен, практикасымен, практикалық жоспарларымен сыналады. Мәлімдемелер мен декларациялар қаншалықты әсерлі бола тұрса да, егер де олар іс жүзінде қуатталмаса, егерде олар іске асырылып отырмаса, адамдардың мәлімдемелері мен декларацияларына сенуге болмайды.

Мүмкін болған барлық топтардың, ағымдардың, партиялардың арасына шек қоятын және олардың революцияшылдығын немесе антиреволюцияшылдығын сынайтын бір мәселе бар. Ол кәзір ССРО-ны қорғау туралы мәселе, ССРО-ны империализмнің тарапынан болатын шабуылдардан сөзсіз, мүлтіксіз қорғау туралы мәселе болып табылады.

Кімде-кім ешбір ескертусіз, сөзсіз ашық және адал, астыртын соғыс кеңестерінсіз ССРО-ны сақтауға, қорғауға әзір тұрса, — сол **революционер**, өйткені дүние жүзінде ССРО социализм орнатып жатқан бірінші пролетарлық революциялық мемлекет. Кімде-кім сөзсіз, қобалжусыз, шарт қоймастан ССРО-ны қорғауға әзір тұрса, — сол **интернационалист**, өйткені ССРО дүниежүзілік революциялық қозғалыстың базасы, ал ССРО-ны қорғамайынша бұл революциялық қозғалысты қорғау, алға бастыру мүмкін емес. Өйткені, кімде-кім ду-

ниежүзілік революциялық қозғалысты ССРО-дан тыс және ССРО-ға қарсы қорғауды ойласа, ол революцияға қарсы барады, ол қалай да революция жауларының лагеріне шығып кетеді.

Қәзір соғыс қаупінің қарсаңында екі лагерь және осыған байланысты екі позиция туып отыр, ол: ССРО-ны сөзсіз қорғау позициясы мен ССРО-ға қарсы күресу позициясы. Бұл арада екінің бірін қалап алу керек, өйткені, үшінші позиция жоқ және болуы мүмкін де емес. Бұл істе битараптылық, қобалжушылық, сылтау айтушылық, үшінші позицияны іздеушілік — жауапкершіліктен құтылып кетуге, ССРО-ны қорғау үшін сөзсіз күресуден бұлтарып кетуге, ССРО-ны қорғаудың аса жауапты кезеңінде бойды аулақ салуға тырысқан әрекет болып табылады. Ал жауапкершіліктен құтылып кету — не деген сөз? Бұл — ССРО-ның дұшпандары лагеріне елеусіз сусып шығу деген сөз.

Қәзір мәселе міне осылай қойылып отыр.

ССРО-ны қорғау, сақтау тұрғысынан қарағанда оппозиция жөніндегі істің жайы қандай?

Барысатын болғансоң, Троцкийдің ССРО-ға қарсы соғыс бола қалатын күнге дейін сақтап отырған қорғаныс «теориясын», қорғаныс ұранын сіздердің алдарыңызда көрсетіп өту үшін, Троцкийдің Орталық Бақылау Комиссиясына жазған белгілі хатын дәлелге келтіруге рұхсат етіңіздер. Бұл хаттан Молотов жолдас өзінің сөзінде цитата келтіріп өтті, бірақ ол цитатаны түгел келтірген жоқ. Оны түгел келтіруге рұхсат етіңіздер.

Троцкий жеңілімпаздық пен қорғанымпаздықты міне былай түсінетін көрінеді: —

«Жеңілімпаздық деген не? Ол — жау таптың қолындағы «өз» мемлекетінің жеңілуіне қолғабыс етуге бағытталған саясат. Жеңілімпаздықты қалай да болса басқаша түсіндіру, басқаша ұғындыру оның өңін айналдырғандық болады. Айталық, мәселен, егерде біреу надан және ұятсыз қыйқым-бақайлардың саяси бағыты жұмысшы мемлекетінің нақ жеңуі мақсатымен қоқыс ретінде сыпырылып тасталуға тиіс деп айтса, ол мұнысынан әлі «жеңілімпаз» бола қоймайды. Қайта, осы нақтылы жағдайларда оның өзі революциялық қорғанымпаздықты шын білдіруші болып табылады: идеялық қоқыс жеңіске жеткізбейді!

Бұған мысалды, мысал болғанда өте ғибратты мысалды, басқа таптардың тарихынан табуға болар еді. Біреуін ғана келтірейік. Империалистік соғыстың бас кезінде француз буржуазиясының басында бағыт-бағдарсыз үкіметі болды. Клемансо тобы бұл үкіметке оппозицияда болды. Соғысқа және соғыс цензурасына қарамастан, немістердің Париждан 80 километр жерде тұрғандығына да қарамастан (Клемансо: «нақ сондықтан» деуші еді), ол ұсақбуржуазиялық болжырлыққа, батылсыздыққа қарсы — империалистік қаталдықты және мейрімсіздікті жақтап құтырына күрес жүргізді. Клемансо өзінің табына, буржуазияға опасыздық істеген жоқ, қайта ол Вивианиден, Пенлеведен және олардың серіктерінен гөрі буржуазияға сенімдірек, қаталырақ, батылырақ, ақылдырақ қызмет етті. Оқыйғалардың бұдан кейінгі барысы мұны дәлелдеді. Клемансо тобы үкімет басына келді және дәйектірек, неғұрлым тонаушылық империалистік саясатымен француз буржуазиясының жеңуін қамтамасыз етті. Клемансо тобын жеңілімпаздар деп атаған француз газетшілері болды ма? Болған шығар: ақымақтар мен жалақорлар барлық таптардың обозында сүйретіліп жүре береді. Бірақ олардың әрқашан бірдей үлкен роль ойнауына мүмкіндігі бола бермейді». (Троцкийдің Орджоникидзе жолдасқа 1927 жылы 11 июльде жазған хатынан.)

Мінеки, сіздерге, Троцкий ұсынып отырған, ССРО-ны қорғаудың, былайынша айтқандағы, «теориясы».

«Ұсақбуржуазиялық болжырлық және батылсыздық» — дегені біздің партиямыздың көпшілігі, біздің

Орталық Комитеттің көпшілігі, біздің үкіметіміздің көпшілігі көрінеді. Клемансо — өзінің тобымен бірге Троцкий көрінеді. (Күлкі.) Егерде жау Кремльдің қабырғаларына 80 километр жақын келсе, бұл жаңадан пайда болған Клемансо, бұл қуыршақ Клемансо жаудың Кремльден 80 километр жерде тұрғандығы себепті қәзіргі көпшілікті әуелі құлатуға тырысатын көрінеді, ал содан соң қорғануға кірісетін көрінеді. Егерде біздің қуыршақ Клемансо мұны істей алса, ССРО-ны нағыз және сөзсіз қорғау деген осы болып шығатын көрінеді.

Ал мұны істеу үшін ол, Троцкий, яғни Клемансо, «жұмысшы мемлекетінің жеңуі мақсатымен» бұл «қоқысты» алдын-ала «сыпырып тастауға» тырысады. Ал бұл «қоқыс» дегеніміз не? Бұл — партияның көпшілігі, Орталық Комитеттің көпшілігі, үкіметтің көпшілігі көрінеді.

Міне, сөйтіп жау Кремльге 80 километр таяу келген кезде, бұл қуыршақ Клемансо ССРО-ны қорғаумен шұғылданбай, партияның қәзіргі көпшілігін құлатумен шұғылданатын көрінеді. Осыны келіп ол қорғану деп атайды!

Төрт айдың ішінде бір мыңдай дауысты әрең жыйнап алған бұл кішкентай донкиходтық топ, бұл кішкентай топ миллиондаған мүшесі бар партияға: «мен сені сыпырып тастаймын» деп отырса, бұл, әрине, біраз ерсі. Егерде Троцкийдің тобы, төрт ай бойы бар күшін салып жұмыс істеп, бір мыңдай адам қол қойған қағазды әрең жыйнап алған болса, оның тобының халі қаншалықты мүшкіл екенін өздеріңіз байқарсыздар. Менің ойымша, егер жұмыс істей білсе, оппозиционерлердің қандай тобы болса да бірнеше

мың қол қойылған қағазды жыйнап ала алған болар еді. Қайталап айтамын, армиясынан гөрі басшылары көп болып отырған (к ү л к і), төрт ай бойы жұмыс істеп, бір мыңдай адам қол қойған қағазды әрең жыйнап алған кішкентай ғана топ, мінеки осындай топ миллиондаған мүшесі бар партияға: «мен сені сыпырып тастаймын» деп отырса, мұның өзі ерсілеу. (К ү л к і.)

Кішкентай фракциялық топтың миллиондаған мүшесі бар партияны «сыпырып тастай» алатын болуы үшін қалай істеу керек? Оппозициядағы жолдастар партияның кәзіргі көпшілігін, Орталық Комитеттің көпшілігін кездейсоқ пайда болған, — ол партия ішіне тамыр жаймаған, ол жұмысшы табының ішіне тамыр жаймаған, ол қуыршақ Клемансоларға өзін «сыпырып тастауға» өз еркімен көне қояды деп ойламайма екен? Жоқ, бұл көпшілік кездейсоқ пайда болған емес. Ол жылдан-жылға, біздің партиямыздың дамуының барысында іріктеліп алынып отырды, ол күрестің от-жалынында, Октябрьдің кезінде, Октябрьден кейін, азамат соғысының кезінде, социализм құрылысының кезінде сыналды.

Мұндай, көпшілікті «сыпырып тастау» үшін партияның ішінде азамат соғысын бастау керек. Сондықтан да, жау Кремльден 80 километр жерде тұратын кезінде Троцкий партияның ішінде азамат соғысын ашуды ойлайды. Бұдан әрі баратын жер жоқ сияқты...

Ал оппозицияның кәзіргі басшылары ше? Олар сыналмаған ба? Олардың бір кезде біздің партиямыздың ішінде өте маңызды орындарда болып, кейін азғындар болып шыққаны кездейсоқ нәрсе ме? Бұл

жағдайды кездейсоқ нәрсе деп санауға болмайтындығын тағы дәлелдеп жату керек бола ма? Сөйтіп Троцкий, оппозицияның платформасына қол қойған шағын топтың жәрдемімен жау Кремльден 80 километр жерде тұратын кезде біздің партиямыздың тарихын кері бұрмақшы болады, соның өзінде былай деседі: оппозицияның платформасына жолдастардың бір бөлегінің қол қойған себебі — егерде қол қойсаң, соғысқа алмайды деп ойлаған көрінеді олар. (Күлкі.)

Жоқ, аса құрметті Троцкий, «қоқысты сыпырып тастау» туралы сіздің айтпағаныңыз-ақ жақсы болар еді. Айтпағаныңыз-ақ жақсы болар еді, өйткені бұл сөздер жұқпалы сөздер. Егерде көпшілікке сіздердің қоқысты сыпыру әдісіңіз «жұқса», мұның өзі оппозиция үшін жақсы бола қояр ма екен, — ол арасын мен білмеймін. Орталық Комитеттің көпшілігіне осындай әдістің «жұғуы» сөйтіп кейбіреулерді «сыпырып тастауы» ғажап емес қой.

Біздің Орталық Комитетіміздің көпшілігіне «жұға» алатын және кейбіреулерді «сыпырып тастауға» оны мәжбүр ететін сыпырып тастау туралы сөздер әрқашан қолайлы бола бермейді, әрқашан қауіпсіз бола бермейді. Егер де Троцкий сыпырғышты біздің партиямызға және оның көпшілігіне қарсы сілтемек болып ойласа, партияның бұл сыпырғышты кері бұрып, оны оппозицияға сілтейтінінде таңқаларлық ештеме бола қояр ма екен?

Оппозицияның ССРО-ны қалай қорғамақшы екенін енді біз білеміз. Троцкийдің Клемансо туралы бүкіл оппозиция қолдаған, асылында, жеңілімпаздық теориясы мұны бізге жеткілікті дәрежеде айқын көрсетіп отыр.

Сонымен былай болып шығады: ССРО-ны қорғау ісін қамтамасыз ету үшін, ең алдымен, клемансолық тәжрибе жасау керек.

Бұл, былайынша айтқанда, ССРО-ны «сөзсіз» қорғау жөніндегі оппозицияның бірінші қадамы.

ССРО-ны қорғау жөніндегі екінші қадам, біздің партияны центристік партия деп жарыялауда көрінеді. Біздің партиямыздың коммунизмнен солға қарай ауа жайылған уклонға (Троцкий — Зиновьев) қарсы және коммунизмнен оңға қарай ауа жайылған уклонға (Смирнов — Сапронов) қарсы күрес жүргізу фактысын, мінеки осы фактыны біздің надан оппозиция центризм деп бағалайтын көрінеді.

Екі уклонның екеуіне де қарсы күрес жүргізе отырып, біз «солшыл доктринерлікке» де қарсы, «оңшыл оппортунизмге» де қарсы батыл күресуді сөзсіз талап еткен Лениннің өсиеттерін ғана жүзеге асырып отырғандығымызды бұл есерсоқтар ұмытқан көрінеді.

Оппозицияның басшылары Лениннің өсиеттерін ұмытып, ленинизмнен қол үзді. Өздерінің одағы, оппозициялық одағы коммунизмнен ауа жайылған оңшыл және солшыл уклонистердің одағы болып табылатынын оппозиция басшыларының мойындағысы келмейді. Өздерінің кәзіргі одағы Троцкийдің жұртқа мәлім, мүшкіл халімен есте қалған, Августік одағын жаңа негізде қайта тудырғандық болып табылатындығын олардың мойындағысы келмейді. Нақ осы одақтың бойында азғындау қаупі жатқандығын олардың түсінгісі келмейді. Алаяқ және контрреволюционер Маслов пен Рут Фишер сияқты «әсіресолшылдардың» және грузиннің ұлтшыл-уклонистерінің бір лагерьде бірлесуі жойымпаз Август одағының ең жаман кө-

шірмесі болып табылатынын олардың мойындағысы келмейді.

Сонымен, қорғану ісін жолға қою үшін біздің партиямызды центристік партия деп жариялау керек көрінеді және оны жұмысшылар арасында пайдаланып отырған сүйіспеншілігінен айыруға тырысып бағу керек көрінеді.

Бұл, былайынша айтқанда, оппозицияның ССРО-ны «сөзсіз» қорғау жөніндегі екінші қадамы.

ССРО-ны қорғау жөніндегі үшінші қадам, біздің партиямызды өмір сүріп отырған жоқ деп жариялау және оны «Сталиннің фракциясы» деп көрсету көрінеді. Оппозиционерлердің мұнымен не айтқысы келеді? Олар мұнымен партия жоқ, тек қана «Сталиннің фракциясы» бар дегісі келеді. Олар мұнымен біз үшін партияның қарарлары міндет емес және біз бұл қарарларды әрқашан, әртүрлі жағдайларда бұза аламыз деп айтқысы келеді. Олар мұнымен партиямызға қарсы өздерінің күресін оңайлатқысы келеді. Рас, олар бұл қаруды меньшевиктік «Социалистический Вестниктен»[25] және буржуазиялық «Рульден»[26] алып отыр. Рас, меньшевиктер мен буржуазиялық контрреволюционерлерден қару алу коммунистер үшін лайықты емес. Бірақ олардың мұнда не ісі бар? Партияға қарсы күрес жүргізілсе болғаны, оппозиция үшін құралдардың бәрі жақсы.

Сонымен, ССРО-ны қорғау ісін әзірлеу үшін, партияны өмір сүріп отырған жоқ деп жариялау керек көрінеді, партияны, онсыз ешқандай қорғаныс болуы мүмкін емес болып отырған партияны өмір сүріп отырған жоқ деп жариялау керек көрінеді.

Бұл, былайынша айтқанда, оппозицияның ССРО-ны «сөзсіз» қорғау жөніндегі үшінші қадамы.

ССРО-ны қорғау жөніндегі төртінші қадам Коминтернді жікке бөлу, Германияда алаяқ және контрреволюционер Рут Фишер мен Масловты бас етіп Германияда жаңа партия ұйымдастыру керек көрінеді, сөйтіп, ССРО-ны Батыс Европа пролетариатының қолдауын қиындату керек көрінеді.

Сонымен ССРО-ны қорғау ісін әзірлеу үшін, Коминтернді екі жару керек көрінеді.

Бұл, былайынша айтқанда, оппозицияның ССРО-ны «сөзсіз» қорғау жөніндегі төртінші қадамы.

ССРО-ны қорғау жөніндегі бесінші қадам біздің партиямызға термидорлық тенденцияларды тағу, оны екіге жару, сөйтіп, жаңа партия құра бастауда көрінеді. Егерде біздің партия жоқ болса, егерде тек «сталиндік фракция» ғана болса, оның қаулылары партия мүшелеріне міндет болмаса, егерде бұл фракция термидорлық фракция болса, — біздің партиямыздың термидорлығы туралы айтудың өзі ақымақтық және надандық болатынын былай қойсақ, — сонда не қалады?

Сонымен, ССРО-ны қорғауды жолға қою үшін, біздің партиямызды екіге бөліп, жаңа партия ұйымдастырумен шұғылдану керек көрінеді.

Бұл, былайынша айтқанда, оппозицияның ССРО-ны «сөзсіз» қорғау жөніндегі бесінші қадамы.

ССРО-ны қорғау үшін оппозицияның ұсынатын маңызды бес шарасының осы екенін байқап көріңіздер.

Оппозицияның бұл шараларының біздің елімізді қорғау ісімен, дүниежүзілік революцияның ошағын

қорғау ісімен ешбір қатнас-байланысы жоқ екенін тағыда дәлелдеп жату керек бола ма?

Мінеки осы адамдар келіп, өздерінің жеңілімпаздық, жартылай меньшевиктік мақалаларын біздің партиялық баспасөзімізде біздердің басуымызды тілейді! Олар бізді кім деп жүр екен? Бізде «анархистерден бастап монархистерге дейін» баспасөз «бостандығының» кәзірдің өзінде-ақ бар болғаны ма? Ол жоқ және болмайды да. Меньшевиктік мақалаларды біздердің басып шығармауымызға себеп не? Мұның себебі — «анархистерден бастап монархистерге дейінгі» антилениндік, антисоветтік ағымдар үшін бізде баспасөз «бостандығы» жоқ.

Өздерінің жартылай меньшевиктік, жеңілімпаздық мақалаларын басып шығаруды талап етіп, оппозиционерлер не тілейді? Олар буржуазиялық баспасөз «бостандығы» үшін форточканы ашуды тілейді, бірақ олар осынысымен антисоветтік элементтерді жандандыратынын, олардың пролетариат диктатурасына қысымын күшейтетінін және буржуазиялық «демократия» үшін жол ашатынын олар көрмейді. Бір есікті қағады да, екінші есікті ашады.

Ал оппозиция туралы Дан мырза былай деп жазады:

«Орыс социал-демократтары оппозицияның мұндай жарыя түрге келуін шын жүректен құттықтаған болар еді, бірақ оппозицияның жөнді программасымен олардың ешқандай қатнас байланысы жоқ. Олар саяси күрестің жарыя түрге келуін, диктатураның өзін-өзі ашық жоюын және кең жұмысшы қозғалысы үшін кеңшілік беретін жаңа саяси формаларға өтуді құттықтаған болар еді» («Соц. Вестник» № 13, июль, 1927 жыл).

«Диктатураның өзін-өзі ашық жоюы», — ССРО-

ның жаулары сіздерден міне осыны күтеді, сіздердің саясатыңыз міне осыған бастап алып барады, оппозициядағы жолдастар.

Жолдастар! Біздің алдымызда екі қауіп бар: соғыс қорқынышына айналып отырған соғыс қаупі бар да, біздің партиямыздың кейбір буындарының азғындау қаупі бар. Ел қорғау ісіне әзірлене отырып, біз партиямыздың ішінде темірдей берік тәртіп орнатуымыз керек. Мұндай тәртіп болмайынша ел қорғау мүмкін емес. Біз партия тәртібін нығайтуымыз керек, біздің партиямыздың берекесін қашыратындардың бәрін біз ауыздықтауымыз керек. Батыста және Шығыста біздің туысқан партияларымызды жікке бөліп жүргендердің бәрін біз ауыздықтауымыз керек. (Қол шапалақтау.) Суварин, Рут Фишер, Маслов, жарым ес Трэн сияқты алаяқтардың қолдауына сүйеніп, Батыста біздің туысқан партияларымызды жікке бөліп жүргендердің бәрін біз ауыздықтауымыз керек.

Тек осылай, тек осылайша ғана біз соғысты сақадай сай тұрып қарсы ала аламыз, мұнымен қабат соғысты кейінге қалдыру үшін, уақыт ұту үшін, капитализмнен ақы беріп құтылу үшін біз кейбір материалдық құрбандықтар істеуге тырысып отырамыз.

Біз мұны істеуге тиістіміз және біз мұны істейміз де.

Екінші қауіп — азғындау қаупі.

Бұл қауіп қай жақтан келе жатыр? Мінеки мына жақтан келе жатыр (қолымен опозицияны көрсетеді.) Бұл қауіпті жою керек. (Ұзақ қол шапалақтау.)

5 АВГУСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Зиновьев өзінің сөзінде халықаралық жағдай туралы шешіліп кеткен мәселеге қайтадан оралып, осы пленум жөнінде арамдық өрескелдік істеді.

Кәзір біз күн тәртібінің 4-інші пунктін — «Троцкий мен Зиновьевтің партия тәртібін бұзғандығы туралы» пунктін талқылап отырмыз. Солай бола тұрса да, Зиновьев, талқыланып отырған пунктке соқпай өтіп, халықаралық жағдай туралы мәселеге қайта оралады және шешіліп кеткен мәселені қайтадан талқыға салуға тырысады. Бұл арада өзінің сөзінде, ол Сталин туралы емес, Зиновьев пен Троцкийдің партия тәртібін бұзғандығы туралы мәселені талқылап отырғанымызды ұмытып, мәселенің ауыр салмағын Сталинге қарай аударады.

Сондықтан мен Зюновьев сөзінің дәлелсіз екенін көрсету үшін шешіліп кеткен мәселенің кейбір жақтарына қайта оралуға өз сөзімде мәжбүр боламын.

Мен ғапу өтінемін, жолдастар, бірақ Зиновьевтің Сталинге қарсы дұшпандық жасауы туралы да менің

бірнеше ауыз сөз айтуыма тура келеді. (Д а у ы с т а р: «Өтінеміз!».)

Бірінші. Неліктен екенін кім білсін, Зиновьев өзінің сөзінде Сталиннің 1917 жылғы март ішіндегі қобалжулары туралы еске түсіріп, қайдағы жоқ пәлені үйіп төкті. 1917 жылғы март айының ішінде менде кейбір қобалжушылықтың болғанын, бұл қобалжушылық бар болғаны бір-екі аптаға созылғанын, 1917 жылы апрельде Ленин келгеннен кейін бұл қобалжушылықтың арылғанын, сөйтіп, 1917 жылы Апрель конференциясында менің Ленин жолдаспен бір сапта болып, Каменевке және оның оппозициялық тобына қарсы шыққанымды мен ешуақытта бекер дегенім жоқ. Мұның бәрі туралы мен өзіміздің партия баспасөзінің бетінде бірнеше рет айттым (қараңыз: «Октябрь жолында», «Троцкизм бе әлде ленинизм бе?» және т. с.).

Мен өзімді күнәсізбін деп санағаным жоқ және санамаймын да. Мен өзімнің қателерімді ғана емес, өткінші қобалжушылықтарымды да ешуақытта жасырғаным жоқ. Бірақ мынаны да жасыруға болмайды: мен өзімнің қателерімді жақтап ешуақытта сіресіп тұрып алғаным жоқ және өзімнің өткінші қобалжушылықтарымнан ешуақытта платформа, айрықша топ және тағы басқаларын құрғаным жоқ.

Ал Зиновьев пен Троцкийдің партия тәртібін бұзғандығы туралы талқыланып отырған мәселеге бұл мәселенің қандай қатнасы бар? Зиновьев, талқыланып отырған мәселеге соқпай өтіп, 1917 жылғы мартты еске түсіруге не үшін қайта оралады? 1917 жылғы августағы, сентябрьдегі, октябрьдегі, ноябрьдегі өз басының қателерін, өзінің Ленинге қарсы күресін және Ленин партиясына қарсы ерекше платформасын ол

ұмытып кеткені ме? Не болмаса, Зиновьев, бәлкім, өткендегіні еске түсіріп, Зиновьев пен Троцкийдің партия тәртібін бұзғандығы туралы кәзір талқыланып отырған мәселені кейінге ығыстырғысы келетін шығар! Жоқ, Зиновьевтің бұл фокусынан ештеме шықпайды.

Екінші. Бұдан соң, Зиновьев менің 1923 жылғы жазда, 1923 жылғы герман революциясынан бірнеше ай бұрын оған жазған хатымнан цитата келтірді. Бұл хаттың тарихы менің есімде жоқ. Бұл хаттың көшірмесі менің қолымда жоқ, сондықтан Зиновьев ол хаттан цитатаны дұрыс келтірді дегенге көзімді жеткізе алмаймын. Бұл хатты мен 1923 жылы июльдің аяғында немесе августың басында жазған болуым керек. Бірақ бұл хаттың басынан аяғына дейін сөзсіз дұрыс екендігін мен айтуға тиіспін. Бұл хатты дәлелге келтіргенде Зиновьев мені 1923 жылғы герман революциясына жалпы алғанда скептиктерше қарады деп айтқысы келетін болуы керек. Бұл, әрине, сорақылық.

Хатта ең алдымен коммунистердің өкіметті дереу алуы туралы мәселе қозғалды. Миллиондаған бұқараны аяғынан тік бастыратын, социал-демократияның келісімпаздығын әшкерелейтін, буржуазияның біржолата берекесін кетіретін және коммунистердің өкіметті дереу алуы туралы мәселе қоятын терең революциялық кризис Германияда 1923 жылы июльде немесе августың бас кезінде әлі болған жоқ еді. Әрине, июль—август жағдайында Германияда коммунистердің өкіметті дереу алуы туралы сөз болуы мүмкін емес еді, оның үстіне коммунистер жұмысшы табының қатарында азшылық еді.

Мұндай позиция дұрыс па? Мен дұрыс деп ойлаймын. Ол кезде Саяси Бюро да осы позицияда болды.

Хатта қозғалатын екінші мәселе — қаруланған фашистер коммунистерді мезгілінен бұрын бас көтеруге арандатуға тырысқан кезінде коммунистік жұмысшылардың демонстрацияларын жасау жайында болады. Мен ол кезде коммунистердің провокацияға берілмеуін жақтадым. Жалғыз мен емес, бүкіл Саяси Бюро да осы позицияда болды.

Бірақ екі ай өткеннен кейін Германиядағы жағдай революциялық кризистің шиеленісуі жағына қарай кенет өзгереді. Пуанкарэ Германияға соғыс шабуылын жасады, Германиядағы финанс дағдарысы апатқа ұшыратарлық сыйпатта болды; Германия үкіметінің өз ішінде бүліншілік басталып, министрлер әлсін-әлі ауыса берді; революцияның толқыны социал-демократияны бұзып-жарып, жоғары көтерілді; жұмысшылар топ-тобымен социал-демократиядан кетіп, коммунистер жағына шыға бастады; коммунистердің өкіметті алуы туралы мәселе күн тәртібіне қойылды. Мен бұл жағдайда Коминтерн комиссиясының басқа мүшелері сияқты коммунистердің өкіметті дереу алуын батыл және тікелей жақтадым.

Ол кезде Коминтерннің Зиновьевтен, Бухариннен, Сталиннен, Троцкийден, Радектен және бірсыпыра неміс жолдастардан құралған герман комиссиясының өкіметті басып алу жөнінде германиялық жолдастарға тікелей жәрдем көрсету туралы бірсыпыра нақтылы қарарларының болғандығы мәлім.

Ол уақытта бұл комиссияның мүшелері барлық мәселе жөнінде өзара ауызбірлікте болды ма? Жоқ, болмады. Ол кездегі алауыздықтар Германияда Со-

веттер ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде болды. Мен және Бухарин екеуміз фабрика-завод комитеттері Советтердің орнын баса алмайды дедік, сондықтан Германияда пролетарлық Советтерді дереу ұйымдастыруды ұсындық. Троцкий мен Радек, сонымен қабат кейбір германиялық жолдастар өкіметті алу үшін фабрика-завод комитеттері жеткілікті деп шамалап, Советтер ұйымдастыруға карсы болды. Зиновьев осы екі топтың арасында қобалжумен болды.

Мынаны ескеріңіздер, жолдастар: ол кезде әңгіме бар болғаны бірнеше миллион пролетарлары бар Қытай туралы болған жоқ, ол кезде 15 миллиондай пролетарлары болған жоғары дәрежелі өнеркәсіпті ел — Германия туралы болды.

Бұл алауыздықтар онда немен тынды? Зиновьевтің Троцкий мен Радек жағына қашып шығуымен тынды, сондықтан Советтер туралы мәселе Советтер құрылмасын деп шешілді.

Рас, Зиновьев өзінің бұл кінәларына кейін өкінді. Бірақ бұл жағдай герман революциясының негізгі мәселелерінің бірінде Зиновьевтің ол кезде оңшыл-оппортунистік жақта болғандығының фактысын, ал Бухарин мен Сталиннің революциялық, коммунистік жақта болғандығының фактысын жоймайды.

Кейін Зиновьев бұл жайында міне былай деді:

«Советтер (Германияда. **И. Ст.**) туралы мәселеде біз Троцкий мен Радекке жол беріп, қате істедік. Бұл мәселелерде әрбір рет жол берген сайын, қате істегеніңе көзің жетіп отырады. Ол кезде жұмысшы Советтерін құруға болмайтын еді, бірақ мұның өзі бағыттың социал-демократиялық екенін немесе коммунистік екенін анықтау үшін керек еді. Бұл мәселеде біздің жол бермеуіміз керек еді. Жол бергендік біздің тарапымыздан қате болды. Мінеки, жолдастар, істің жайы осындай» (Коммунистік Ин-

тернационал Аткару Комитеті Президиумының Германия коммунистік партиясы өкілдерімен бас коскан 1924 жылғы 19 январьдағы 5-інші мәжілісінің стенограммасы, 70-бет).

Бұл цитатада Зиновьев «біз кателестік» дегенді айтады. «Біз» дегені кімдер? Ол кезде ешкандай «біз» болған жоқ және бола да алмады. Затында, Троцкий мен Радектің жағына кашып шыккан, сөйтіп, олардың теріс позициясын жактаған Зиновьев кателесті.

Фактылар осындай.

Зиновьевтің 1923 жылғы герман революциясын еске түсірмегені, сөйтіп, пленумның алдында өзін маскараламағаны жаксы-ак болар еді; оның үстіне, көріп отырсыздар, герман революциясы туралы оның көтерген мәселесінің пленум күн тәртібіндегі біз талкылап отырған төртінші пунктке ешкандай катысы жок.

Қытай туралы мәселе. Зиновьевтің айтуынша, Сталин партияның XIV съезінде жасаған баяндамасында Қытайды Американа ұксастырған болып шығады. Бұл, әрине, акымакшылык. Қытайды Америкаға ешбір ұксастыру туралы менің баяндамамда сөз болған жок және сөз бола да алмайды. Шынына келгенде, менің баяндамамда кытай халкының ұлт болып бірігу правосы туралы ғана және шетел езушілігінен ұлттык азаттык алу правосы туралы ғана сөз болды. Мәселенің күшті салмағын империалистік баспасөзге карсы бағыттай отырып мен былай дедім: егерде сіздер, империалист мырзалар, бірігу жолындағы және шетел езушілігінен азаттык алу жолындағы Италиядағы ұлттык соғысты, Америкадағы ұлттык соғысты, Германиядағы ұлттык соғысты ең болмағанда сөз жүзінде дұрыс деп санап отырған болсаңыздар, Қытай-

дың бұл елдерден несі кем және өзінің ұлт болып бірігуіне және азаттық алуына қытай халқының правосы болмайтын себебі не, дедім.

Коммунизмнің тұрғысынан қытай революциясының болашақтары мен міндеттері туралы мәселеге мүлдем тоқтамай, өзімнің баяндамамда мен мінеки осыны айттым.

Буржуазиялық баспасөзге қарсы күресте мәселенің осылай қойылысы заңды ма? Әрине, заңды. Зиновьев осындай түсінікті нәрсені ұқпайды, бірақ бұған басқа бір нәрсе емес, оның ұқпайтындығы кінәлі.

Ухан Гоминданы революцияшыл болған кезде, оны пролетариат пен шаруалардың болашақ революциялық-демократиялық диктатурасының ұйытқысына айналдыру саясатын Зиновьев дұрыс емес деп санайтын көрінеді. Мұның несі дұрыс емес? — деген сұрақ туады. Осы жылдың бас кезінде Ухан Гоминданының революцияшыл болғаны факт емес пе? Егерде Ухан Гоминданы революцияшыл болмаса, онда Зиновьев Ухан Гоминданына «барынша жәрдем көрсету» туралы неге айқай салды? Егер Ухан Гоминданы ол кезде революцияшыл болмаса, компартияның Ухан Гоминданы құрамында қалуын жақтаймыз деп оппозиция неліктен ант-су ішті? Ухан Гоминданына кіре отырып және оның ішінде ықпалмен пайдалана отырып, гоминданшыл жолбикелерді өз соңынан ілестіріп әкетуге тырыспаған, Ухан Гоминданын революциялық-демократиялық диктатураның ұйтқысына айналдыруға тырысып көрмеген коммунистердің бағасы не болар еді? Мен мұндай коммунистердің бағасы бір тыйынға да тұрмайды дер едім.

Рас, бұл әрекеттен ештеңе шықпады, өйткені им-

периалистер мен Қытайдың феодалдары сол кездегі сатыда революциядан гөрі күштірек болып шықты, осыған байланысты кытай революциясы уақытша жеңіліске ұшырады. Бірақ бұдан компартияның саясаты дұрыс болмады деген қортынды шыға ма?

1905 жылы орыс коммунистері де сол кезде өмір сүрген Советтерді пролетариат пен шаруалардың болашақ революциялық-демократиялық диктатурасының ұйтқысына айналдыруға тырысты. Бірақ тап күштерінің арасалмағының жағдайсыз болуы себепті, патша өкіметі мен феодалдар революциядан гөрі күштірек болып шыққандығы себепті ол кезде бұл әрекеттен де ештеңе шықпады. Бұдан большевиктердің саясаты дұрыс болмап еді деген қортынды шыға ма? Әрине, мұндай қортынды шықпайды.

Сонсын, Ленин Қытайда жұмысшы депутаттарының Советтерін дереу ұйымдастыруды жақтады деп сендірмек болады Зиновьев. Бұл арада Зиновьев Коминтерннің екінші конгресінде қабылданған Лениннің отар мәселесі жөніндегі тезистерін дәлелге келтіреді. Бірақ бұған келгенде Зиновьев партияны тура адастырып отыр.

Баспасөз бетінде бірнеше рет айтылды, осында тағы айтуға тура келеді: Лениннің тезистерінде Қытайда жұмысшы депутаттарының Советтері туралы бірде-бір ауыз сөз жоқ.

Баспасөз бетінде бірнеше рет айтылды, осында тағы айтуға тура келеді: Ленин өзінің тезистерінде жұмысшы депутаттарының Советтерін емес, «шаруа Советтерін», «халық Советтерін», «еңбекшілер Советтерін» еске алды, ол соның өзінде «өнеркәсіп пролета-

риаты жоқ немесе жоқ дерлік» елдер туралы сөз болып отыр деп әдейілеп ескертті.

Қытайды «өнеркәсіптік пролетариаты жоқ немесе жоқ дерлік» елдердің қатарына қосуға бола ма? Әрине, болмайды. Қытайда алдын-ала жұмысшы табының таптық Советтерін құрмайынша, шаруа Советтерін, еңбекшілер Советтерін, халық Советтерін құруға бола ма? Әрине, болмайды. Ендеше оппозиция Лениннің тезистерін дәлелге келтіріп партияны неге алдайды?

Тыныс алу туралы мәселе. Ленин 1921 жылы, азамат соғысы аяқталғаннан кейін, біз кәзір соғыстан біраз тыныс алып отырмыз, бұл тынысты социализм құрылысы үшін пайдалану керек, деді. Зиновьев кәзір Сталинге тиісіп отыр, Сталин бұл тынысты тыныс алу дәуіріне айналдырды, мұның өзі ССРО мен империалистер арасында соғыс болу қорқынышы туралы тезиске қайшы келеді-мыс деп отыр.

Зиновьевтің бұл арада ақымақтық және ерсі ілікшалыс жасап отырғанын айтпаса да болады. Бізде империалистер мен ССРО арасында міне жеті жылдан бері соғыс соқтығыстарының болмай отырғаны факты емес пе? Бұл жетіжылдық дәуірді тыныс алу дәуірі деп атауға бола ма? Әрине, болады және атау керек. Ленин Брест бітімінің дәуірі туралы сан рет айтқан, бірақ бұл дәуірдің ең ұзағанда бір жылдан аспағаны әрбір адамға мәлім. Брест бітімінің біржылдық дәуірін дәуір деп атауға болатын себебі не, тыныс алудың жетіжылдық дәуірін тыныс алу дәуірі деп атауға болмайтын себебі не? Осындай ерсі және ақымақтық ілікшалыспен Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының қалайша уақытын алуға болады?

Партияның диктатурасы туралы. Зиновьев пролетариаттың диктатурасын партияның диктатурасымен бірдей деп санап, партия «диктатурасы» жайындағы лениндік ұғымды бұрмалап отыр деп біздің партия баспасөзінің бетінде бірнеше рет айтылды. Ленин партия «диктатурасы» деп партияның **жұмысшы табы жөніндегі басшылығын** білгендігі, яғни партияның жұмысшы табына зорлық істемейтінін, иландыру ретімен, жұмысшы табына саяси тәрбие беру ретімен басшылық етуді, атап айтқанда басшылықты басқа партиялармен бөліспейтін және бөліскісі келмейтін бір партияның басшылығын білгендігі біздің партия баспасөзінің бетінде бірнеше рет айтылды.

Зиновьев осыны түсінбейді, лениндік ұғымды бұрмалайды. Ал партия «диктатурасы» жайындағы лениндік ұғымды бұрмалай отырып, Зиновьев, бәлкім өзінің істегенін өзі түсінбей, партия ішінде «аракчеевшілдіктің» орнауына жол ашады, Ленин «жұмысшы табына партияның диктатурасын» жүргізеді-мыс деп Каупкийдің Ленинге жапқан жаласын ақтауға жол ашады. Бұл жақсы ма? Әрине, бұл жақсы емес. Егер Зиновьев осындай түсінікті нәрселерді ұқпаса, бұл арада кім кінәлі?

Ұлт мәдениеті туралы. Зиновьевтің осында ұлт мәдениеті туралы мылжыңдағанын ССРО халықтарының Советтер негізінде ұлт мәдениеті өркендеуіне Зиновьевтің қарсы екендігін, оның іс жүзінде отаршылдықты жақтаушы екендігін партияның білуі үшін мәңгіге сақтап қалдырған жөн болар еді.

Көп ұлтты мемлекет ішінде буржуазияның үстемдігі заманындағы ұлт мәдениеті ұранын біз буржуазиялық ұран деп санадық және солай деп санаймыз

Мұның себебі не? Мұның себебі — мұндай мемлекет ішінде буржуазияның үстемдік дәуірінде ұлт мәдениетінің ұраны — барлық ұлттардың еңбекші бұқарасының буржуазия басшылығына, оның үстемдігіне, оның диктатурасына рухани жағынан бағынуы деген сөз.

Біз пролетариат өкіметті алғаннан кейін ССРО халықтарының ұлт мәдениетін **Советтер негізінде** өркендету ұранын жарияладық. Мұның мәнісі не деген сөз? Мұның мәнісі — біз ССРО халықтарының арасында ұлт мәдениетінің өркендетілуін социализмнің мүдделері мен тілектеріне, пролетарлық диктатураның мүдделері мен тілектеріне, ССРО-ның барлық ұлттарының еңбекшілерінің тілектері мен мүдделеріне бейімдейміз деген сөз.

Бұл — кәзірде біз жалпы ұлт мәдениеті атаулыға қарсымыз деген сөз болып шыға ма? Жоқ, ондай сөз болып шықпайды. Бұл тек: біз кәзір ССРО халықтарының ұлт мәдениеті, ұлт тілі, ұлт мектебі, ұлт баспасөзі және т. т. **Советтер негізінде** өркендеуін жақтаймыз деген сөз болып шығады. Ал «Советтер негізінде» деген ескертудің мәнісі не? Мұның мәнісі — Совет өкіметі өркендетіп отырған ССРО халықтарының мәдениеті **өзінің мазмұны жағынан** барлық еңбекшілер үшін ортақ мәдениет, социалистік мәдениет болуға тиіс, ал өзінің **формасы** жағынан ол ССРО-ның барлық халықтары үшін әртүрлі мәдениет, ұлт мәдениеті, ССРО халықтары үшін олардың тіліндегі өзгешелікке және ұлт ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі мәдениет болып табылады және сондай мәдениет болады деген сөз. Мен бұл туралы бұдан үш жыл бұрын Шығыс Еңбекшілерінің коммунистік университетінде сөйлеген сөзімде айттым[27]. Біздің партиямыз **ұлттық со-**

вет мектептерін, ұлттық совет баспасөзін және басқа мәдениет мекемелерін өркендетуге дем бере отырып, партия аппаратын «ұлттандыра» отырып, совет аппаратын «ұлттандыра» отырып және т. т. және т. с. ылғый осы рухта әрекет істеп отырды.

Нақ осы себепті Ленин ұлт облыстары мен республикаларында жұмыс істейтін жолдастарға жазған хаттарында бұл облыстар мен республикалардың ұлт мәдениетін Советтер негізінде өркендетуге шақырып отырды.

Нақ осы себепті — пролетариат өкіметті алғаннан кейін біз әруақыт осы жолмен жүріп отырдық, нақ осы себепті біз дүние жүзінде болып көрмеген интернационалдық зәулім үйді, Советтік Социалистік Республикалар Одағы деп аталатын үйді сала білдік.

Енді келіп Зиновьев ұлт мәдениетіне соғыс жариялап, осының бәрін аударып-төңкергісі келеді, өшіріп тастағысы келеді, жерге көмгісі келеді. Оның ұлт мәселесі жөніндегі осы отаршылдық мылжыңы ленинизм деп аталады-ау! Мұның өзі ерсі ғой, жолдастар!

Бір елде социализм құрылысы туралы. Зиновьев және жалпы оппозиция (Троцкий, Каменев), бұл мәселеде сан рет мықтап жеңілгендеріне қарамастан, бұл мәселеге қайта-қайта жармасып, пленумның уақытын алып отыр. Олар ССРО-да социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы тезис Лениннің теориясы емес, Сталиннің «теориясы» деп көрсетуге тырысады.

Оппозицияның бұлай деуі оппозицияның партияны алдауға тырысқан әрекеті болып табылатынын дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас. Бір елде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы 1915 жылдың өзінде-ақ, басқа ешкім емес, нақ Лениннің айтқандығы факт

емес пе[28]? Лениннің мәлімдемесін «ұлттық шектеулілік» деп атап сол кездің өзінде-ақ Ленинге басқа ешкім емес, нақ Троцкийдің қарсы шыққандығы факт емес пе? Бұл арада Сталин «теориясының» қандай қатысы бар?

1925 жылы сүйретіліп Троцкийдің соңынан ілесіп, бір елде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы Лениннің ғылымын «ұлттық шектеулілік» деп жариялаған, басқа ешкімдер емес, нақ Каменев пен Зиновьев екендігі факт емес пе? Біздің партияның, оның атынан XIV конференцияның, Троцкийдің жартылай меньшевиктік теориясына қарамастан ССРО-да социализмнің жеңімпаз құрылысын жүргізу мүмкіндігі туралы арнаулы қарар қабылдағандығы факт емес пе[29]?

Троцкий, Зиновьев, Каменев XIV конференцияның бұл қарарына неге соқпай өтеді?

Біздің партияның, оның атынан XIV съездің XIV конференция қабылдаған қарарды бекіткені, сонда өзінің бекітуін Каменев пен Зиновьевке қарсы баса бағыттағаны факт емес пе[30]?

Біздің партиямыздың XV конференциясының ССРО-да социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы толық дәлелденген қарар қабылдап[31], оны оппозициялық одаққа және бұл одақтың басшысы — Троцкийге қарсы баса бағыттағаны факт емес пе?

Коммунистік Интернационалдың атқару комитетінің кеңейтілген VII пленумының БК(б)П XV конференциясының бұл қарарын бекіткені, сөйтіп, Троцкийді, Зиновьевті, Каменевті социал-демократиялық уклонға салынды деп айыптағаны факт емес пе[32]?

Бұл арада Сталиннің «теориясының» қандай қатысы бар? — деген сұрақ туады.

Оппозициядан партиямыз бен Коминтерннің жоғарғы орындарының бұл қарарларының дұрыстығын мойындаудан басқа нәрсені Сталин қай уақытта болса да талап етіп көрді ме екен?

Оппозицияның басшыларының ар-ұяты таза болса бұл фактылардың бәріне олардың соқпай өтетін себебі не? Олар неменеге сүйенеді? Партияны алдауға сүйене ме? Біздің большевиктік партияны ешкімнің алдай алмайтындығын түсіну қиын емес шығар.

Мінеки, жолдастар, асылында, Троцкий мен Зиновьетің партия тәртібін бұзғандығы туралы талқыланып отырған пунктке ешқандай қатнасы жоқ, сонда да болса көзге құм шашып, талқыланып отырған мәселені көмескілеу үшін Зиновьевтің жалғанның жарығына сүйреп шығарған мәселелері осылар.

Сіздердің уақыттарыңызды алып, бұл мәселелерді талдаумен шұғылданғаным үшін мен тағыда ғапу өтінемін. Бірақ мен бұған басқаша ештеме істей алмадым, өйткені біздің оппозиционерлеріміздің партияны алдауға әуестенуін қойдыру үшін басқа жол жоқ.

Ал енді, жолдастар, «қорғанудан» шабуылға көшуге рұқсат етіңіздер!

Оппозицияның негізгі сорлылығы сол — ол «осындай өмірге» не себептен «жеткендігін» осы уақытқа дейін әлі түсіне алмай жүр.

Шынында да, оның басшыларының, күні кеше партия басшыларының қатарында болып, «кенеттен» азғындарға айналып кеткендігінің себебі не? Мұны немен түсіндіруге болады? Оппозицияның өзі бұл фактыны «Сталин көмектеспеді», «Бухарин отырғызып кетті», «Рыков қолдамады», «Троцкий ашықауыздық іс-

теді», Зиновьев «байқамай қалды» және басқасы деген сияқты жеке адамдар жөніндегі себептермен түсіндіруге бейім. Бірақ бұл арзан «түсіндіру» түсіндірудің тіпті көлеңкесіне де жуымайды. Оппозицияның қазіргі басшыларының партиядан оқшау қалу фактысы маңызы кіші-кірім ғана факт емес. Одан бетер, мұны кездейсоқ нәрсе деп атауға болмайды. Оппозицияның қазіргі басшыларының партиядан қол үзіп қалып қою фактысының терең жатқан себептері бар. Анығында, Зиновьев, Троцкий, Каменев, бір нәрседен шатасқан болулары керек, бір нәрседен мықтап күнәланған болулары керек, — әйтпесе оларды азғындар деп партия олардан сырт айналмаған болар еді. Енді мынадай сұрақ туады: оппозицияның қазіргі басшылары не нәрседен шатасты, өздерінің «осындай өмірге жетуіне» қандай қызметі арқылы лайықты болды?

Олардың шатасқан **бірінші негізгі мәселесі** — ленинизм туралы мәселе, біздің партиямыздың лениндік идеологиясы туралы мәселе. Олар ленинизмді троцкизммен **толықтыруға**, істің асылында, ленинизмді троцкизммен **ауыстыруға** тырысып келгендігімен және тырысып отырғандығымен шатасты. Ал мұның өзі оппозиция басшыларының тарапынан аса ауыр күнә, жолдастар, оларға бұл күнәні партия кешіре алмады және кешіре алмайды. Әрине, партия оларды ленинизмнен троцкизмге қарай бет бұруға тырысқан әрекетінің соңынан ере алмады, сонымен оппозиция басшылары, осы себептен, партиядан оқшау қалып қойған болып шықты.

Троцкистердің оппозициядағы бұрынғы лениншілдермен қазіргі одағы дегеніміз не нәрсе? Олардың қазіргі одағы ленинизмді троцкизммен толықтыруға ты-

рысқан әрекеттің іс жүзіндегі белгісі болып табылады. «Троцкизм» деген сөзді мен ойлап шығарғаным жоқ. Бұл сөзді ленинизмге қарама-қарсы бір нәрсе деп ең бірінші рет қолданған Ленин жолдас болды.

Троцкизмнің негізгі күнәсі қандай? Троцкизмнің негізгі күнәсі мынау: ол пролетариаттың өкіметін нығайту жолындағы күресте де, одан бетер, елімізде социалистік құрылыстың жеңуі жолындағы күресте де шаруаларды, шаруалардың негізгі бұқарасын СССР пролетариатының өз соңынан ерте алатын күшіне, қабілетіне сенбейді.

Троцкизмнің негізгі күнәсі мынау: ол пролетариат диктатурасын орнату және нығайту ісінде, жеке елдерде социалистік қоғам орнату ісінде пролетариат гегемониясының (шаруалар жөніндегі гегемониясының) лениндік идеясын түсінбейді және, істің асылында, танымайды.

Троцкизмнің бойына біткен осы кемшіліктерін бұрынғы ленишілдер — Зиновьев пен Каменев білді ме? Я, білді. Ленинизм бір нәрсе де, троцкизм одан басқа нәрсе деп олар күні кеше түс-түстан шу көтерген-ді. Троцкизмді ленинизммен сыйыстыруға болмайды деп олар күні кеше шу көтерген болатын. Олардың партиямен жанжалдасып қалуы, азшылық болып қалуы мұң екен, олар мұның бәрін ұмытып кетті, лениндік партияға қарсы, оның идеологиясына қарсы, ленинизмге қарсы бірігіп күресу үшін троцкизмге қарай бет бұрды.

XIV съездегі таластарымыз Сіздердің естеріңізде бар шығар. «Жаңа оппозиция» дейтінменен біз ол кезде не жайында таластық? Орта шаруаның ролі мен маңызы туралы, шаруалардың негізгі бұқарасының

ролі мен маңызы туралы, біздің еліміздің техникалық жағынан артта қалғандығына қарамастан, социалистік құрылысты жүргізу ісінде шаруалардың негізгі бұқарасын пролетариаттың өз соңынан ерту мүмкіндігі туралы таластық.

Басқаша айтқанда: біздің партиямыз троцкизммен көптен бері не жайында таласып келе жатса, олармен сол жайында таластық. Өздеріңіз білесіздер, XIV съездегі таластардың нәтижесі «жаңа оппозиция» үшін өте жайсыз болып тынды. Өздеріңіз білесіздер, осы таластардың нәтижесінде «жаңа оппозиция» пролетарлық революция заманындағы пролетариат гегемониясының лениндік идеясы туралы негізгі мәселе жөнінде троцкизм лагеріне шығып кетті. Троцкистердің оппозициядағы бұрынғы ленинпілдермен оппозициялық одағы дейтін нәрсе осы негізде шықты да.

Коминтерннің бесінші конгресінің троцкизмді ұсақбуржуазиялық уклон деп тапқанын «жаңа оппозиция» біліп пе еді[33]? Әрине, білді. Ол былай тұрсын, Коминтерннің бесінші конгресінде тиісті қарарды оның өзі өткізді. Ленинизм мен ұсақбуржуазиялық уклонның сыйыспайтындығын «жаңа оппозиция» біліп пе еді? Әрине, білді. Ол былай тұрсын, ол туралы бүкіл партияның көз алдында ол тұс-тұстан шу көтерді.

Енді төрелігін өздеріңіз беріңіздер: күні кеше бас иген нәрселерін бүгін отқа жағатын, күні кеше партияға ұран етіп ұсынған нәрселерін бүгін бекерге шығаратын, ленинизмді троцкизммен толықтыру әрекетін күні кеше олардың ленинизмге опасыздық істеу деп атағанына қарамастан, ленинизмді троцкизммен толықтыруға тырысатын басшылардан партия сырт ай-

налмай кала алатын ба еді? Әрине, партия мұндай басшылардан сырт айналуға тиісті болды.

Бәрін бірдей астан-кестен етуге тырысуында, оппозиция Октябрь революциясына дейінгі дәуірде Троцкийдің меньшевиктер қатарында болғандығының фактысын бекерге шығаруға дейін барды. Таң калмаңыздар, жолдастар, — 1904 жылдан бастап Троцкий ешуакытта меньшевик болған емес деп оппозиция ашық айтып отыр. Ал шынына келгенде осылай ма? Ленинге жүгінейік.

Октябрь революциясынан үш жарым жыл бұрын, 1914 жылы, Ленин Троцкий туралы міне былай деген болатын:

«Россиядағы марксистер козғалысына көптен катнасып келе жаткандар Троцкийдің бейнесін жаксы білетін болғандыктан, ол туралы олар үшін сөз кылудың да қажеті жок. Бірақ жаңа өспірім жас жұмысшылар оның бейнесін білмейді, сондыктан ол туралы сөз кылуға тура келеді, өйткені Троцкийдің бейнесі шет елдегі, іс жүзінде осы Троцкийше жойымпаздар мен партияның арасында ауыткып жүрген, бес топтың бесеуінің де кейіптерін көрсеткен бейне.

Бұрынғы «Искраның» кезінде (1901 — 1903) осы ауыткып, «экономистерден» «искрашылдарға» кашып барып, онан тағы кайтадан «экономистерге» кашып жүргендер: «Тушин кашкындары» (Россияда Аласапраң заманда бір жағынан екінші жакка қашып шыккан әскерлерді осылай атаған) деп аталатын...

«Тушин кашкындарының» өздерін фракциядан жоғары деп жарыялағандағы сүйеніп отырған жалғыз-ақ дәлелі, олардың бүгін бір фракцияның, ертең екінші фракцияның идеясын «колданып» жүргендігі. Троцкий 1901 — 3 жылдары барып тұрған «искрашыл» еді, сондыктан Рязанов оның 1903 жылғы съездегі ролін «Ленин кол шокпарының» ролі деп атаған. **1903 жылдың аяғында Троцкий барып тұрған меньшевик болды*** яғни искра-

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

шылдардан кашып «экономистерге» барды; ол «бұрынғы «Искра» мен жаңа «Исканың» арасында түпсіз шыңырау жатыр» деп жарыялайды. 1904—5 жылдарда ол меньшевиктерден кетіп, біресе Мартыновпен («экономиспен») бірге істесіп, біресе өрескел-солшыл «перманент революциясын» жарыялап, толқып жүрді. 1906—7 жылдары ол большевиктерге жақындайды және 1907 жылы көктемде Роза Люксембургпен ынтымақтаспын деп шығады.

Ыдырау заманында, көп уақыт «фракциядан тыс» толқығаннан кейін, ол тағыда оңға бет алып, 1912 жылдың августында жойымпаздармен одақ жасайды. Кәзір олардан тағыда алыстап барады, сөйтсе де **і с т і ң а с ы л ы н а л ғ а н д а** бұл жерде де солардың идеясымақтарын қайталап отыр*.

Мұндай кейіптер, Россияда бұқаралық жұмысшы қозғалысы әлі оянбағандықтан неше түрлі топсымақтардың бәріне де өзін ағым етіп, топ етіп, фракция етіп, — бір сөзбен айтқанда, басқалармен бірлесу туралы әңгіме көтеріп отырған «держава» етіп көрсетуіне «кеңшілік» болып тұрған кездегі, кешегі өтіп кеткен тарихи құрылыстар мен формациялардың қалдықтары ретінде айырықша көзге түсетін кейіптер.

1908 жылдан бері жойымпаздыққа көзқарасымызды анықтап, белгілеп берген партия қарарларымен де, Россиядағы кәзіргі кездегі жұмысшы қозғалысының осы көрсетілген қарарларды толық мойындау негізінде көпшіліктің бірлігін іс жүзінде жасап отырған тәжрибесімен де санасқысы келмейтін адамдар таудай наразылықтармен шығып сөз көтеріп отырғанда, олардың қандай адам екендігін, өзінің кіммен істес болып отырғандығын жаңа өспірім жас жұмысшылар жақсы біліп отыратын болуы керек» (қараңыз: XVII том, 393 — 394-беттер).

Сонымен, 1903 жылдан кейінгі уақыттың ішінде Троцкий: біресе меньшевиктер лагеріне ауып түсті, біресе одан аулақтап кетті, бірақ ешуақытта большевиктерге қосылмай, әрдайым большевиктерден сырт лагерьлерде қаңғып жүрді, ал 1912 жылдан бастап, меньшевиктермен бір лагерьде бола отырып, меньше-

* Курсив менікі. И. Ст.

виктік жойымпаздармен бірлесіп Ленинге және оның партиясына қарсы одақ ұйымдастырды.

Егерде мұндай «бейне» біздің большевиктік партияға сенімді бола алмайтын болса, онда бұған таң қалатын не бар?

Әлгі «бейне» бастап отырған оппозициялық одақ партиядан оқшау қалдырылып, аулақ тасталған болса, онда бұған таң қалатын не бар?

Оппозиция басшыларының шатасқан **екінші бір негізгі мәселесі** — империализм дәуірінде бір елде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы мәселе. Оппозицияның қатесі мынау — ол Лениннің бір елде социализм орнату мүмкіндігі туралы ғылымын елеусіз жойып жіберуге әрекет жасады.

Лениннің империализм жағдайларында экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі туралы заңға сүйене отырып «социализмнің әуелі бірнеше капиталистік елде, тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін» (**Ленин**, XVIII том, 232-бет) деп 1915 жылдың өзінде-ақ, Октябрь революциясынан екі жыл бұрын, айтқан фактысы кәзірде ешкімге жасырын сыр емес.

Басқа ешкім емес, нақ Троцкийдің жеке елдерде социализмнің жеңуі мүмкіндігін тану деген сөз «социал-патриотизмнің мазмұны болып табылатын **ұлттық шектеуліліктің*** өзінің құрбандығына айналу деген сөз болар еді» (Троцкий, «1917», III том, 1-бөлім, 89 — 90-беттер) дегенді айтып, сол 1915 жылдың өзінде Лениннің әлгі тезисіне баспасөз бетінде қарсы

* Курсив менікі. И. Ст.

шыққандығының фактысы кәзірде ешкімге жасырын сыр емес.

Кейін Ленин мен Троцкийдің арасындағы бұл айтыстың затында Лениннің «Кооперация туралы»[34] соңғы кітапшасының 1923 жылы жарыққа шыққанына дейін тоқтамағандығының жалпыға мәлім фактысы да жасырын сыр емес; бұл кітапшасында Ленин біздің елімізде «толық социалистік қоғам» орнату мүмкіндігін тағыда қайта-қайта жариялайды.

Ленин қайтыс болғаннан кейінгі уақыттың ішінде біздің партияның тарихында осы мәселеге байланысты қандай өзгерістер болды? 1925 жылы біздің партияның XIV конференциясында Каменев пен Зиновьев, бірнеше рет ауытқығандарынан кейін, бір елде социализм орнату мүмкіндігі туралы Лениннің ғылымын мойындады және дәл осы мәселе жайында, партияның жағына шығып, троцкизмнен іргесін аулақ салды. Ал бұдан бірнеше ай кейін, XIV съездің болар алдында, партияға қарсы жүргізген күрестерінде азшылық болып қалып қойғандарынан кейін, сөйтіп Троцкиймен одақ жасасуға мәжбүр болып шыққандарынан кейін, — олар біздің партияның XIV конференциясының қарарынан қол үзіп және бір елде социализм орнату мүмкіндігі туралы лениндік ғылымнан аулақ кетіп, «кенеттен» троцкизм жағына қарай бет бұрды. Мұның нәтижесінде, Ленин теориясының ұлттық шектеулілігі туралы Троцкийдің жартылайменьшевиктік былшылы оппозицияның шап етіп ұстай алған бетпердесі болды, оппозиция социалистік құрылыс туралы мәселеде ленинизмді жойып жіберу жөніндегі өздерінің жүргізген жұмыстарын осы бетпердемен бүркемелеуге әрекеттенеді.

Егерде: ленинизм рухында тәрбиеленіп, шыңдалған партия осындай жағдайлардан кейін бұл сыяқты жойымпаздардан сырт беруді қажет деп тапса, ал оппозицияның басшылары партиядан оқшау қалған болып шықса, онда бұған таң қалатын несі бар? деген сұрақ туады.

Оппозиция басшыларының шатасқан **үшінші бір негізгі** мәселесі — біздің партия туралы мәселе, оның мызғымас беріктігі туралы мәселе, оның құрыштай берік бірлігі туралы мәселе.

Ленинизм былай деп үйретеді: пролетариат партиясы бірыңғай және мызғымас берік болуы керек, фракциясыз, фракциялық орталықсыз болуы керек, бір ғана партия орталығы, бірыңғай ерік бірлігі болуы керек. Ленинизм былай деп үйретеді: пролетариат партиясының мүдделері партия саясатындағы мәселелердің саналы түрде талқылануын, партия бұқарасының партия басшылығына саналы түрде қарауын, партияның кемшіліктерін сынап отыруды, оның қателерін сынап отыруды талап етеді. Бірақ ленинизм мұнымен бірге мынаны талап етеді: партияның қарарларын партияның басшы органдары қабылдап, бекіткен соң, ол қарарларды партияның барлық мүшелері мүлтіксіз жүзеге асыруы керек.

Троцкизм бұл іске тіпті басқаша қарайды. Партия дегеніміз троцкизм үшін — фракцияшыл топтардың жеке бір фракциялық орталығы бар федерациясы тәрізді бірдеме. Партияның пролетарлық тәртібі троцкизм үшін төзгісіз көрінеді. Троцкизм партия ішіндегі пролетарлық тәртіпке шыдамайды. Партияның темірдей берік тәртібі болмайынша пролетариат дикта-

турасын жүзеге асырып отыруға болмайтындығын троцкизм түсінбейді.

Троцкизмнің бойына біткен мұндай жетімсіздіктерін оппозициядағы бұрынғы лениншілдер біліп пе еді? Әрине, білді. Ол ол ма, тіпті оппозиция троцкизмнің «ұйымдық схемаларының» ленинизмнің ұйымдық принциптерімен сыйыспайтындығы туралы тұс-тұстан шу көтерген де болатын. Оппозицияның 1926 жылғы 16 октябрьдегі мәлімдемесінде партияны топтардың федерациясы деп түсінуден безгендігінің фактысы, — міне бұл факт оппозицияның бұл жөнінде екі аяғынан бірдей ақсап келгенін және ақсап келе жатқанын тағыда дәлелдей түседі. Бірақ бұл тек сөз жүзіндегі, жалған безушілік болды. Іс жүзінде троцкистер біздің партиямызға троцкистік ұйымдастыру бағытын тануға тырысқан әрекетінен ешуақытта бастартып көрген жоқ, ал Зиновьев пен Каменев олардың абырой әпермейтін бұл ісіне көмектесіп отыр. Зиновьев пен Каменевтің партияға қарсы күрестерінде азшылық болып қалуы-ақ мұң екен, олар троцкистік, жартылай меньшевиктік ұйымдастыру жоспарына бет бұрып, партия ішіндегі пролетарлық тәртіпке қарсы күресті троцкистермен бірге бүгінгі күннің ұраны деп жариялады.

Егерде біздің партиямыз ленинизмнің ұйымдастыру принциптерін жерге көмуді мүмкін емес деп тауып, оппозицияның кәзіргі басшыларын өзінен аулақ тастаған болса, — бұған таң қалатын ештеме жоқ.

Міне, жолдастар, оппозицияның кәзіргі басшыларының ленинизмнен қол үзіп, шатасқан негізгі үш мәселесі осы.

Лениндік партияның өз кезегін жібермей, бұл бас-

шылардан кетіскендігіне осыдан кейін таңқалуға бола ма?

Бірақ, амал не, оппозицияның кері кетіп құлдырауы бұдан да әрі барып, оны партиядан тыс қалып қою қаупіне ұшырамайынша енді одан әрі баруға болмайтын шекке дейін жеткізді.

Төрелігін өздеріңіз беріңіздер.

Бұл уақытқа дейін оппозиция қаншама құлдыраса да біздің елімізді сөзсіз қорғау туралы мәселеде қобалжыр деп болжау қиын еді. Ал кәзір оппозицияның кәзіргі басшыларының позициясы жеңілімпаздық позиция болып табылады деп тек болжауға ғана емес, кесіп айтуға да болады. Әйтпесе ССРО-ға қарсы жаңа соғыс бола қалған күнде клемансолық эксперимент жасау туралы Троцкийдің ақымақтық және сорақы тезисін қалай ұғыну керек? Мұның өзі оппозицияның бұрынғыдан әрі құлдырауының белгісі болып табылатындығына күмәндануға бола ма?

Осы уақытқа дейін оппозиция біздің партиямызды термидорлыққа салынды деп қашан да болса ақымақтық және сорақы айып тағады деп болжау қиын еді. 1925 жылы, Залуцкий біздің партиямыздың ішінде термидорлық беталыстар бар деп бірінші рет сөз қозғағанында, оппозицияның кәзіргі басшылары одан үзілді-кесілді іргесін аулақ салып еді. Ал кәзір оппозицияның құлдырағаны соншалық — ол партияны термидорлыққа салынды деп айыптап, Залуцкийден де әрі барып отыр. Мен бір ғана нәрсені түсінбеймін: партия термидорлық партияға айналды деуші адамдардың біздің партиямыз ішінде қалайша қалуы мүмкін.

Осы уақытқа дейін оппозиция Коминтерннің сек-

цияларында жеке фракциялық топтар ұйымдастыруға «ғана» тырысып келді. Ал кәзір ол мынаған дейін жетті: Германияда өмір сүріп отырған Германия коммунистік партиясына қарама-қарсы, жұрттың бәрінің көз алдында Германияда жаңа партия ұйымдастырды, Маслов пен Рут Фишер деген контрреволюцияшыл алаяқтардың партиясын ұйымдастырды. Ал мұның өзі Коминтернді тура жікке бөлу позициясы болып табылады. Оппозицияның басшылары Коминтерннің секциялары ішінде фракциялық топтар құрудан Коминтернді жікке бөлуге дейін жетіп отыр, — мінеки оппозиция басшыларының құлдырау жолы осындай.

Көзге түсетін бір нәрсе — Зиновьев өзінің сөзінде Германияда жікке бөлінушіліктің бар екендігі фактысын бекерге шығарған жоқ. Ал оны, ол антикоммунистік партияның өзін, біздің оппозиция ұйымдастырғанын ең болмағанда мынадан да көруге болады: біздің оппозиция басшыларының партияға қарсы мақалалары мен сөздерін Маслов пен Рут Фишер жеке кітапша түрінде басып шығарып, жұртқа таратып жүр. (Д а у ы с т а р: «Масқара!».)

Ал оппозициялық одақтың Германиядағы әлгі масловтық-рутфишерлік екінші партияны саяси жағынан қорғау үшін біздің баспасөзіміздің бетіне Вуйовичті шығарып отырғандығының фактысы нені көрсетеді? Мұның мәнісі — біздің оппозиция Маслов пен Рут Фишерді ашық қолдап отыр, Коминтернге қарсы, оның пролетарлық секцияларына қарсы қолдап отыр деген сөз. Ал мұның өзі жәй ғана фракцияшылдық болып табылмайды, жолдастар. Мұның өзі Коминтернді ашықтан ашық жікке бөлу саясаты болып табылады. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!».)

Бұрын оппозиция біздің партиямыздың ішінде фракциялық топтардың бостандығы болсын деп тырысты. Кәзір мұның өзі оппозиция үшін аз көрінеді. Кәзір ол ССР Одағында өзінің Орталық Комитеті бар, өзінің жергілікті ұйымдары бар жаңа партия құра отырып, ашықтан ашық жікке бөлу жолына түсіп отыр. Фракцияшылдық саясатынан тура жікке бөлу саясатына, жаңа партия құру саясатына «оссовскийшілдік»[35] саясатына дейін жету, — мінеки біздің оппозиция басшыларының құлдырап барған жері осы.

Оппозицияның партиядан және Коминтерннен кету жолымен, Коминтерн ішінде және БК(б)П ішінде жікке бөлінушілік саясатының жолымен бұрынғыдан әрі құлдырап кетуінің негізгі кезеңдері осы.

Мұндай жағдайға бұдан әрі төзуге бола ма? Әрине, болмайды. Коминтерн ішінде де, БК(б)П ішінде де жікке бөлу саясатына жол беруге болмайды. Егерде біз партия мен Коминтерннің мүдделерін, олардың бірлігінің мүдделерін қымбат көретін болсақ, әлгі айтылған қырсықты дереу құрту керек.

Троцкий мен Зиновьевті Орталық Комитеттің құрамынан шығару туралы мәселе қоюға Орталық Комитетті мәжбүр еткен жағдайлар осы.

Бұдан шығатын жол қайсы? — деп сұрарсыздар сіздер.

Оппозиция өзін өзі тұйыққа апарып тіреді. Біздің міндетіміз — ақырғы рет әрекет жасап, оппозицияның бұл тұйықтан жол тауып шығуына жәрдемдесу болып отыр. Осында Орталық Бақылау Комиссиясының атынан Орджоникидзе жолдастың ұсынғаны партия ішінде тыныштық орнату ісін оңайлату үшін партияның

бел байлап, жасай алатын тәсілі, істей алатын жеңілдіктерінің максимумы болып табылады.

Біріншіден, оппозиция «термидорлық» мылжыңнан және клемансолық эксперимент жөніндегі соракы ұранынан үзілді-кесілді, біржолата бас тартуы керек. Соғыс қатері төніп тұрған жағдайда мұндай көзқарастармен және мұндай ниеттермен біздің елімізді қорғауға болмайтынын оппозицияның түсінуі керек. Мұндай көзқарастармен және мұндай ниеттермен біздің партиямыздың Орталық Комитетінде бұдан әрі отыруға болмайтынын оппозицияның түсінуі керек. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!».)

Екіншіден, оппозиция Германиядағы Маслов — Рут Фишердің жік шығарушы антилениндік тобымен қандай да болса байланыстарын үзіп, ол топты ашық және тура кінәлауы керек. Коминтерн ішінде жікке бөлу саясатын қолдауға бұдан әрі төзуге болмайды. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!».)

Коминтерн ішінде жікке бөлушілікті қолдай отырып және Коминтерн секцияларының берекесін қашыра отырып, ССРО-ны қорғауға болмайды.

Үшіншіден, оппозиция фракцияшылдық атаулыдан және БК(б)П ішінде жаңа партия құруға бастап апаратын жолдардың бәрінен үзілді-кесілді, біржолата бастартуы керек. Біздің партиямыздың съезінен екі ай бұрын да, екі сағат бұрын да партиямыздың ішінде жікке бөлушілік саясатына жол беруге болмайды. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!».)

Міне, жолдастар, негізгі үш шарт осы, бұл шарттарды кабылдамайынша Троцкий мен Зиновьевтің біздің партиямыздың Орталық Комитетінде бұдан әрі қалуына біз жол бере алмаймыз.

Мұның өзі жазалаушылық деп айтушылар болар. Я, мұның өзі жазалаушылық болып табылады. Біздің партиямыздың арсеналында жазалаушылық ешуақытта мүмкін емес нәрсе деп саналған жоқ. Бұл арада біз партиямыздың X съезінің белгілі қарарына сүйеніп, X съезде Ленин жолдас жазып, өткізген қарарға[36] сүйеніп әрекет етіп отырмыз. Бұл қарардың 6-және 7-пункттері мынау:

6-пункт: «Қандай да болса платформа негізінде құрылған топтардың бәрін түгелімен дереу таратып жіберуді съезд қатты талап етеді және қандай да болса фракциялық бой көрсетулерге жол бермеу жағын қатаң қадағалауды барлық ұйымдарға тапсырады. Съездің бұл қаулысын орындамаушылық үшін сөзсіз және дереу партиядан шығару керек».

7-пункт: «Партияның ішінде және бүкіл совет жұмысында қатаң тәртіпті жүзеге асырып отыру үшін және фракцияшылдық атаулыны жою жағдайында нағұрлым берік бірлік болуына қол жеткізу үшін съезд тәртіпті бұзушылық немесе фракцияшылдықты қайта тудырушылық я болмаса бұған жол берушілік болған ретте (реттерде) партиядан шығаруға дейін, ал, Орталық Комитеттің мүшелері жөнінде — оларды кандидаттыққа көшіруге дейін және тіпті, ең шектен тыс шара ретінде, тура партиядан шығаруға дейін партиялық жазалардың барлық шараларын қолдануға Орталық Комитетке өкілдік береді. Мұндай шектен тыс шараны қолданудың (Орталық Комитеттің мүшелеріне, Орталық Комитеттің кандидаттарына және Бақылау Комиссиясының мүшелеріне) шарты — Орталық Комитеттің пленумын шақыру, оған Орталық Комитеттің барлық кандидаттарын және Бақылау Комиссиясының барлық мүшелерін қатнастыру болуға тиіс. Егерде партияның өте-мөте жауапты басшыларының мұндай жалпы жиналысы дауыстың үштен екі көпшілігімен Орталық Комитеттің мүшесін кандидаттыққа көшіру немесе партиядан шығару керек деп таныса, онда мұндай шара дереу жүзеге асырылатын болуға тиіс».

Дауыстар. Мұны кәзір-ақ жүзеге асыру керек.

Сталин. Сабыр етіңіздер, жолдастар, асықпаңыздар. Мұны бізге Ленин жазып беріп, өсиет етіп калдырды, өйткені ол партияның темірдей берік тәртібі дегеннің не екенін, пролетариат диктатурасы дегеннің не екенін білді. Өйткені ол пролетариат диктатурасының партия арқылы жүзеге асырылып отыратындығын, біртұтас және құрыштай берік партиясыз пролетариат диктатурасының мүмкін емес екендігін білді.

Қойылатын шарттар осы, бұл шарттарды кабылдамайынша Троцкий мен Зиновьевтің біздің партиямыздың Орталық Комитетінде бұдан әрі калуы мүмкін емес. Бұл шарттарды оппозиция қабылдайды екен — жақсы. Қабылдамайды екен — оның үшін бұрынғыдан бетер жаман. (Қол шапалақтау.)

ОППОЗИЦИЯНЫҢ 1927 ж. 8 АВГУСТАҒЫ «МӘЛІМДЕМЕСІ» ЖӨНІНДЕ

9 августа сөйленген сөз

Жолдастар! Бізге оппозицияның ұсынып отырған нәрсесін партия ішінде тыныштық орнату деп санауға болмайды. Жалған үмітке беріліп кетуге болмайды. Бізге оппозицияның ұсынып отырғаны — уақытша бітім жасау болып табылады. (Д а у ы с: «Тіпті уақытша да емес!».) Мұның өзі уақытша бітім жасау болып табылады, ол белгілі жағдайларда кейбір ілгері басқан қадам бола алады, бірақ бола алмауы да мүмкін. Мұны әманда есте сақтау керек. Егерде оппозиция бұдан әрі жол беруге бел байласа, және егер оппозиция бұдан әрі жол беруге бел байламаса да, мұны есте сақтау керек.

Партия үшін ілгері басқан қадам болып табылатын нәрсе мынау: біз қойған үш мәселенің бәрі жөнінде оппозиция белгілі дәрежеде шегіншектеді. Тек белгілі дәрежеде ғана. Бірақ шегіншектегенде болашақта бұрынғыдан бетер асқынған күрес болуы үшін негіз жасайтындай ескертулер айтып шегіншектеді. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!». «Дұрыс, міне шыны осы!».)

Соғыс қатері туып отырған себепті, ССРО-ны қорғау туралы мәселе — біз үшін негізгі мәселе. Оппозиция ССРО-ны ешбір шарт қоймастан және сөзсіз қор-

ғауды жақтайды деп оппозиция өзінің мәлімдемесінде дұрыс түрде айтып отыр, бірақ ол Троцкийдің Клемансо жөніндегі белгілі тұжырымынан, белгілі ұранынан бастартпай отыр. Бар нәрсені Троцкийдің батыл мойындауы керек.

Менің ойымша, біздің елімізді сөзсіз қорғауды сөз жүзінде ғана емес, шын жүрегімен, іс жүзінде жақтайтын адам Орталық Бақылау Комиссиясына Орджоникидзе жолдастың атына жазған өзінің хатында Троцкийдің жазғанын жазбайды дегенге келгенде Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының бүкіл пленумы бірауызды болып отыр.

Менің ойымша, Троцкийдің Клемансо туралы көтерген бұл ұраны, бұл тұжырымы ССРО-ны қорғау жөніндегі Троцкийдің пейілі шындығына тек күмән туғыза алатындығына Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының бүкіл пленумының көзі жетті. Бұл былай тұрсын, Троцкийдің әлгі тұжырымы біздің елімізді сөзсіз қорғау мәселелеріне Троцкий теріс көзқараста деген әсер туғызады. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс, әбден дұрыс!».)

Менің ойымша, Клемансо жөніндегі осы ұранды, осы тұжырымды көтере отырып Троцкийдің ССРО-ны қорғау ісі жөнінде біздің партиямыз ішіндегі басшылықты және Совет өкіметінің басшылығын ауыстыру туралы белгілі пунктті шарт ретінде қойғандығына Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының бүкіл пленумының өте-мөте көзі жетті. Мұны тек соқырлардың ғана ұқпауы мүмкін. Егерде өз қатесін мойындауға Троцкийдің батылдығы, болмашы ғана батылдығы жетпей отырса, бұған оның өзі кінәлі болады.

Егерде оппозиция өзінің документінде Троцкийдің бұл қатесін теріс деп таппай отырса — ол ел қорғау жөнінен, партия жүргізіп отырған қазіргі бағыт жөнінен партияға болашақ шабуылдар жасау үшін өз қолында кейінге құрал сақтап қалғысы келеді деген сөз. Оппозиция іске жұмсау үшін белгілі мөлшерде қаруды өз қолында кейінге сақтап қалдырып отыр деген сөз.

Міне осы себептен бұл негізгі пункт жөнінде оппозиция тыныштық орнатуға бел байлап отырған жоқ, қайта болашақ уақытта күресті бұрынғыдан бетер шиеленістіретін ескерту айтып, уақытша бітім жасауға бел байлап отыр. (Д а у ы с: «Бізге уақытша бітімнің керегі жоқ, бізге тыныштық керек».)

Жоқ, жолдастар, бізге бітімнің керегі бар, сіздер бұл арада қателесіп отырсыздар. Егерде мысал келтіретін болсақ, Гогольдің Осипін мысалға келтірген бәрінен де гөрі жақсырақ болар. Осип былай деген: «жіп дейсіз бе? — бері әкеліңіз, жіп те пайдаға асады». Бәрінен де гөрі Гогольдің Осипінің істегенін істеу артық. Біз қорға оншалықты бай емеспіз және жіпті елемей өтетіндей күшті емеспіз. Біздің тіпті жіпті де елемеуімізге болмайды. Жақсылап ойластырып көріңіздерші, біздің арсеналымызда жіптің де болуы керек.

Екінші мәселе жөнінде, термидор туралы мәселе жөнінде, сөз жоқ, оппозиция шегіншектеді, бұрын орын тепкен жағдаймен салыстырғанда, бұл жөнінде біраз шегіншектеушіліктері бар, өйткені мұндай шегіншектеуден кейін (әрине, логикалы болған күнде) партияның «термидорлық жолмен азғындауы» жөнінде оппозицияның кейбір мүшелері және әсіресе оның жарты-

лай меньшевик мүшелері жүргізіп келген ақымақтық үгітке енді орын болуы мүмкін емес.

Бірақ өзінің бұл шегіншектеуімен қабат оппозиция мынадай ескерту жасайды: бұл ескерту болашақта бітім атаулыны жасауды және тыныштық атаулыны орнатуды мүмкін етпей қоя алады. Олар былай дейді: ел ішінде кейбір элементтердің басында реставрацияға қарай бағыт ұстаушылық, термидорға қарай бағыт ұстаушылық бар, дейді. Бірақ мұны ешкім ешуақытта бекер демеген. Антагонистік таптар бар болған соң, таптар жойылып болмаған соң, ескі тәртіптерді қайта орнату әрекеттері, әрине, әрқашан болады. Бірақ бізде талас бұл туралы болған жоқ. Талас мынау туралы болып отыр: оппозиция өзінің документтерінде термидорлық жөнінде Орталық Комитетке қарсы, ал олай болса, партияға да қарсы дұшпандық әрекеттер істеп отыр. Орталық Комитетті партиядан бөле қарауға болмайды. Бұл болмайды. Бұл ақымақтық. Орталық Комитетті, оның үстіне, біздің Орталық Комитетті партиядан бөле қарауға болады деп Лениннің ұйымдастыру құрылысының негізгі элементарлы алғышарттарын ұқпаған антипартиялық адамдар ғана, тек осындай адамдар ғана, ойлай алады.

Бірақ оппозиция өзінің шегінуімен қабат жоғарыда мен айтқан ескертулерді қойып отыр. Ал мұндай ескертулер оппозицияның қолында кейінге кейбір қару сақтап қалдыруына жол береді, бұл қаруды оппозиция реті келгенде партияға жаңа шабуылдар жасау үшін пайдаланады.

Әрине, Орталық Комитеттің термидорлығы туралы айтудың өзі ерсі. Бұдан да асырып айтайын: мұның өзі ақымақтық. Менің ойымша бұл ақымақшылыққа

оппозицияның өзі де сенбейді. Бірақ бұл оған құбыжық ретінде керек болып отыр. Өйткені, егерде оппозиция бұл іске сенген болса, онда, әрине, ол біздің партиямыз бен біздің Орталық Комитетке тура соғыс жариялауға тиіс болған болар еді, ал оның бер жағында оппозиция партия ішінде тыныштықты тілейміз деп сендірмек болып отыр.

Сонымен, екінші пункт жөнінде де кейін Орталық Комитетке жаңа шабуыл жасау үшін оппозицияның қолында тағы бір сақтаулы қару осы болып отыр. Әртүрлі жағдайларда, мұның өзін де есте ұстау керек, жолдастар. Оппозицияның басшыларын біз Орталық Комитеттен шығарамыз ба, немесе шығармаймыз ба, — бәрі бір, термидорлық туралы негізгі мәселеде кейінге сақталатын бұл қару олардың қолында қалып қойып отыр, сондықтан егер оппозиция партияға қарсы бұл қаруға қайтадан жармасатын болса, оппозицияны жою үшін партия кәзірден бастап-ақ барлық шараларды қолдануы керек.

Үшінші мәселе — Германияның компартиясындағы жікке бөлушілік туралы, Рут Фишер мен Масловтың антилениндік және жік шығарушы тобы туралы.

Кеше біздің комиссияда өте таңғаларлық әңгіме болып өтті. Коминтерннің қарарына бағына отырып, — иланғандықтан емес, Коминтерннің қарарына бағынғандықтан, — біздер бұл антипартиялық топпен ұйымдастыру жағынан байланысудың жолсыздығын мойындауға рыйзамыз деп айтуға оппозиционерлердің әрең дегенде, тіпті әрең дегенде, бірнеше рет сөйлегеннен кейін барып, батылдықтары жетті. Мен: «ұйымдастыру байланысынан және ол топты қолдаудан» деп ұсындым. Троцкий: «міне мұның керегі жоқ, біз мұны қа-

былдай алмаймыз; оларды шығарып тастағанда Коминтерннің карары дұрыс болмады; оларды, — әлгі Рут Фишер мен Масловтың өзін, партияға қайтадан алатын болу үшін мен тырысып бағамын» дегенді айтты.

Мұның мәнісі не деген сөз? Төрелігін өздеріңіз беріңіздер. Партияшылдық туралы ең түсінікті ұғымның кейбір адамдардың басынан шығып кеткендігі осындай!

Бүгін, айталық, антипартияшылдық әрекетімен сіздердің бәріңізге белгілі болған Мясниковты БК(б)П партиядан шығарады. Ертең Троцкий келеді де: «мен Мясниковты қолдаудан бастарта алмаймын, өйткені Орталық Комитеттің карары дұрыс емес, бірақ мен өздеріңіздің бұйыруларыңыз бойынша онымен ұйымдастыру байланыстарын үзуге әзірмін» дейді.

Ертеңіне өздерінің антипартияшылдығымен мәлім болған «жұмысшы правдасының»[37] тобын шығарады. Троцкий келеді де: «мен бұл антипартиялық топты қолдаудан бастарта алмаймын, өйткені сіздердің оны шығаруларыңыз дұрыс емес» дейді.

Бүрсігүні Орталық Комитет Оссовскийді партиядан шығарады, өйткені ол партияның жауы, — мұны сіздер жақсы білесіздер. Троцкий бізге оны шығаруларыңыз дұрыс емес, сондықтан мен Оссовскийді қолдаудан бастарта алмаймын деп мәлімдейді.

Егерде партия, егерде Коминтерн әлгіндей адамдар туралы, соның ішінде Рут Фишер туралы және Маслов туралы мәселені толық талқыласа, егерде пролетариаттың бұл жоғарғы мекемелері ондай адамдарды шығару керек деп шешсе, ал Троцкий, бұған карамастан, шығарылғандарды бұдан былай да қолдауын қоймаса,

онда не болып шығады? Бізде партия, Коминтерн қайда? Олар бізде бар ма? Сонда, Троцкий үшін партия да жоқ, Коминтерн де жоқ болып шығады, — Троцкийдің тек өз басының ғана пікірі бар болады.

Ал егерде, тек Троцкий ғана емес, партияның басқа мүшелері де Троцкийдің істегенін істемекші болса, не болады? Әрине, бұл партизандық, бұл атамандық партияшылдықтың құруына ғана апарып соғады. Онда бұдан әрі партия болмайды. Бірақ жеке атамандардың тек өз бастарының пікірі болады. Міне Троцкийдің осыны түсінгісі келмейді.

Оппозицияның Маслов — Рут Фишер бастаған антикоммунистік топты қолдаудан бастартуға көнбейтіндігінің себебі не? Оппозиция басшыларының бұл жөнінде біздің түзетуімізді қабылдауға қосылмағандығының себебі не? Мұның себебі — олар Коминтернге шабуыл жасау үшін өздерінің қолында үшінші қаруды кейінге сақтап қалдырғысы келеді. Мұны да есте ұстау керек.

Бізде олармен екі арада келісім бола ма, немесе болмай ма, олар Орталық Комитеттен шығарыла ма немесе шығарылмай ма, — бәрі бір, бұл сақтаулы қару Коминтернге болашақта шабуыл жасау үшін олардың қолында қалып қояды.

Төртінші мәселе — фракцияларды тарату туралы. Біз «фракция сөзсіз таратылады» деп адал және тура айтуды ұсынамыз. Оппозицияның басшылары мұны айтудан бастартып отыр. Мұны айтудың орнына олар: «фракцияшылдықтың элементтері жойылсын» дейді, бірақ «партияның ішкі тәртібі негізінде қалыптасып құралған фракцияшылдықтың элементтері» деген сөздерді қосады.

Мінеки сіздерге олардың төртінші ескертуі. Мұның өзі де біздің партиямызға және оның бірлігіне қарсы сақтаулы қару болып табылады.

Өздерінде бар болып отырған, жақын арада осында, Москвада өздерінің құпия конференциясын шақырмақшы болып отырған фракциясын дереу таратуды ұсынған тұжырымды қабылдауға көнбей, оппозиционерлердің не айтқысы келеді? Мұның мәнісі — олар бұдан былайғы жерде де вокзалда демонстрация жасау правосын өздерінде сақтап қалдырғысы келеді деген сөз, тәртіп кінәлі, біз тағы бір демонстрация жасауға мәжбүр болдық деп айтқысы келеді, деген сөз. Мұның мәнісі — олардың бұдан былайғы жерде де партияға шабуыл жасауға правосын сақтап қалғысы келеді, — тәртіптің өзі шабуыл жасауға мәжбүр етіп отыр деп айтқысы келеді деген сөз. Мінеки олардың өздерінде қалдырып отырған тағы бір сақтаулы қаруы осы.

Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы осының бәрін біліп, есте ұстауға тиіс.

АМЕРИКА ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ДЕЛЕГАЦИЯСЫМЕН ӘҢГІМЕ

9 сентябрь, 1927 ж.

I

ДЕЛЕГАТТАРДЫҢ СҰРАҚТАРЫ ЖӘНЕ СТАЛИН ЖОЛДАСТЫҢ ЖАУАПТАРЫ

1. СҰРАҚ. Ленин мен компартия марксизмге практика жүзінде қандай жаңа принциптер қосты? Ленин «творчестволық революцияға» сенді, ал Маркс экономикалық күштердің кемеліне жете өркендеуін күткендей еді, деу дұрыс болар ма еді?

ЖАУАП. Менің ойымша, Ленин марксизмге ешқандай «жаңа принциптер» «қосқан» жоқ; сондай-ақ Ленин марксизмнің «ескі» принциптерінің бірін де бұзған жоқ. Ленин Маркс пен Энгельстің сенімді, табанды, марксизм принциптеріне түгелімен, толық сүйенген шәкірті болған, әлі де солай.

Бірақ, Ленин Маркс — Энгельс ғылымын тек орындаушы ғана болған жоқ. Осымен қабат, ол Маркс пен Энгельстің ғылымын дамытушы болды.

Бұл не деген сөз?

Бұл — Ленин Маркс пен Энгельстің ғылымын дамудың жаңа жағдайларына сәйкестіріп, капитализмнің жаңа кезеңіне сәйкестіріп, империализмге сәйкестіріп бұрынғысынан әрі дамытты, деген сөз. Бұл — тап күресінің жаңа жағдайларында Маркс ғылымын бұрынғысынан әрі дамыта отырып, Маркс пен Энгельстің

айтқандарымен салыстырғанда, империализмнен бұрынғы капитализм дәуірінде не айтуға болатын болса, сонымен салыстырғанда Ленин марксизмнің жалпы қазнасына кейбір жаңалық қосты деген сөз; оның бер жағында, Лениннің марксизм қазнасына қосқан жаңалықтары Маркс пен Энгельстің принциптеріне түгелімен, толық сүйенеді, деген сөз.

Империализм мен пролетарлық революциялар заманының марксизмі болып табылатын ленинизм туралы бізде міне осы мағнада айтылады.

Лениннің Маркс ғылымын бұрынғысынан әрі дамыта отырып, кейбір жаңалық енгізген бірнеше мәселелері мыналар.

Біріншіден, монополистік капитализм туралы, капитализмнің жаңа кезеңі болып табылатын империализм туралы мәселе.

Маркс пен Энгельс «Қапиталда» капитализмнің негіздерін талдап көрсетті. Бірақ, Маркс пен Энгельс монополистік капитализмнен бұрынғы капитализмнің үстемдігі дәуірінде, капитализмнің бір қалыппен эволюциялануы және оның бүкіл жер жүзіне «бейбіт» түрде тарай бастауы дәуірінде өмір сүрген.

Бұл ескі кезең XIX ғасырдың аяғында, XX ғасырдың басына таман, Маркс пен Энгельс қайтыс болғаннан кейін аяқталды. Әрине, Маркс пен Энгельс капитализм дамуының жаңа жағдайлары туралы, — капитализмнің ескі кезеңінің орнын басқан жаңа кезеңі тұсында туған, дамудың империалистік, монополистік кезеңі тұсында туған, капитализмнің бір қалыпты эволюциялануы капитализмнің секірмелі, апатты дамуымен ауысқан кездегі, капитализм дамуының әркелкілігі мен қайшылықтары ерекше күш алған кездегі, даму-

дың шектен тыс әркелкілігі жағдайларында рынокке товар өткізу рыноктері үшін, капитал шығару үшін күрес дүниені, ықпал жүргізу аймақтарын дүркін-дүркін қайта бөлісуге бола дүркін-дүркін империалистік соғыстардың болуын сөзсіз еткен кездегі кезеңінің тұсында туған жаңа жағдайлар туралы, — тек долбармен ғана шамалай алды.

Лениннің сіңірген еңбегі және, солай болғаннан кейін, оның жаңалығы: ол «Капиталдың» негізгі ережелеріне сүйене отырып, капитализмнің соңғы кезеңі болған империализмге дәлелді марксистік анализ жасады, оның мерездерін және құрымай қоймайтын жағдайларын ашып берді. Осы анализдің негізінде Лениннің империализм жағдайларында жеке, жеке алынған; кейбір капиталистік елдерде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы атақты қағыйдасы шықты.

Екіншіден, пролетариат диктатурасы туралы мәселе.

Пролетариаттың саяси үстемдігі болып табылатын, капитал өкіметін құлатудың әдісі болып табылатын пролетариат диктатурасының негізгі идеясын Маркс пен Энгельс көрсетті.

Лениннің бұл жөндегі жаңалығы мынау:

а) ол пролетариат диктатурасының ең жақсы мемлекеттік формасы Совет өкіметі болып табылады деп тапты, ол мұның үшін Париж Коммунасы мен орыс революциясының тәжрибесін пайдаланды;

б) ол пролетариат диктатурасы жөніндегі тұжырымды пролетариаттың одақтастары туралы проблеманың тұрғысынан қарап айқындап ашып берді, пролетариат диктатурасы — басшы болып табылатын пролетариаттың басшыға еруші болып табылатын проле-

тарлық емес таптардың (шаруалар және басқалары) қаналушы бұқараларымен жасасатын таптық одағының ерекше формасы екендігін анықтап берді;

в) ол пролетариат диктатурасының таптық қоғам тұсындағы демократияның жоғарғы түрі екенін, пролетарлық демократияның формасы екенін, бұл демократия көпшіліктің (қаналушылардың) мүддесін көздейтінін, ал бұған қарама-қарсы, капиталистік демократияның азшылықтың (қанаушылардың) мүддесін көздейтінін айрықша күшті дәлелмен баса көрсетті.

Үшіншіден, пролетариат диктатурасы дәуірінде, капитализмнен социализмге көшетін өткелді дәуірде, капиталистік мемлекеттер қоршаған елде социализмді ойдағыдай құрудың формалары мен әдістері туралы мәселе.

Маркс пен Энгельс: пролетариат диктатурасының дәуірі азды-көпті ұзақ дәуір, революциялық шайқасулар мен азамат соғыстары қаптаған дәуір, бұл дәуірдің ішінде пролетариат, өкімет басына отырып алып, бұрынғы капиталистік қоғамның орнына жаңа, социалистік қоғамды, таптары жоқ қоғамды, мемлекетсіз қоғамды орнатуға қажетті экономикалық, саяси, мәдениеттік және ұйымдастырушылық шараларын колданады, деген. Ленин барлық жан-тәнін салып Маркс пен Энгельстің осы негізгі қағидаларына табан тіреді.

Лениннің бұл жөндегі жаңалығы мынау:

а) ол империалистік мемлекеттер қоршап отырған пролетариат диктатурасы елінде, егер ол елді төңіректегі капиталистік мемлекеттері соғыс интервенциясы арқылы тұншықтырып тастамаса, толық социалистік қоғамды орнатуға болатындығын дәлелдеді;

б) ол экономикалық саясатының («жаңа экономи-

халық саясаты») нақты жолдарын белгілеп берді; осы жолдардың арқасында, экономикалық басшы тұтқаларды (өнеркәсіп, жер, транспорт, банкі және т. с.) қолына алып отырған пролетариат социалистенген индустрияны ауыл шаруашылығымен ұштастырады («индустрияның шаруа шаруашылығымен ұштасуы»), сөйтіп, бүкіл халық шаруашылығын социализмге бастайды;

в) ол шаруаның негізгі бұқарасын кооперация арқылы социализм құрылысының арнасына бірте-бірте әкеп түсірудің және қатнастырудың нақты жолдарын белгілеп берді; ал пролетариат диктатурасы қолындағы кооперация ұсақ шаруа шаруашылығын қайта құрудың, шаруаның негізгі бұқарасын социализм рухында тәрбиелеудің ұлы құралы болып табылады.

Төртіншіден, пролетариаттың революциядағы, патша өкіметіне қарсы революция болсын, капитализмге қарсы революция болсын, халық революциясының қандайында болса да пролетариаттың гегемон болатындығы туралы мәселе.

Маркс пен Энгельс пролетариат гегемониясы жөніндегі идеяның негізгі жобасын жасап берген. Лениннің бұл жөндегі жаңалығы мынау: ол сол жобаны ілгері дамытып, өрістетіп, пролетариат гегемониясының сындарлы системасына салды, патша өкіметі мен капитализмді құлату ісінде ғана емес, пролетариат диктатурасы тұсындағы социализм құрылысы ісінде де қала менен деревняның еңбекшілер бұқарасына пролетариат тарапынан болатын басшылықтың сындарлы системасына салды.

Ленин мен оның партиясының арқасында пролетариат гегемониясының идеясы Россияда шебер қолда-

нылғаны мәлім. Россиядағы революцияның пролетариат өкіметі орнауына жеткізгендігінің себебі, басқасын айтпағанда, міне осы.

Бұрын әдетте былай болатын: революция кезінде жұмысшылар баррикадаларда күресетін, олар қанын төгетін, олар ескіні құлататын, ал, өкімет буржуаның қолына тиетін, ал бұлар кейін жұмысшыларды езіп, қанайтын. Англия мен Францияда іс солай болған. Германияда іс солай болған. Бізде, Россияда іс басқаша болып шықты. Бізде жұмысшылар революцияның екпінді күші болып ғана қойған жоқ. Революцияның екпінді күші бола отырып, орыс пролетариаты, сонымен қатар, қала мен деревнядағы барлық езілген бұқараның гегемоны, саяси басшысы болуға тырысты, оларды өз маңына ұйымдастырып, оларды буржуазиядан айырып алып, буржуазияны саясат жағынан оқшау қалдырып отырды. Қаналған бұқараның гегемоны бола отырып, орыс пролетариаты өкіметті өз қолына алу үшін, өкіметті өз мүдделеріне, буржуазияға қарсы, капитализмге қарсы пайдалану үшін күресті. Сондықтан да Россиядағы революцияның әрбір күшті бой көрсетуі 1905 жылы октябрьде де, 1917 жылы февральда да, буржуазияны езіп-жаншуды міндетіне алған жаңа өкімет аппаратының ұрығы болып табылатын Жұмысшы депутаттарының советін алға ұсынды, — мұның өзі пролетариатты езіп-жаншуды міндетіне алған ескі өкімет аппараты болып табылатын буржуазиялық парламентке қарама-қарсы еді.

Біздегі буржуазия, буржуазия парламентін қайта орнатуға, сөйтіп Советтерді құртуға екі рет: 1917 жылғы сентябрьде, Предпарламент кезінде, большевиктер өкіметті қолына алмай тұрғанда бір рет, 1918 жылы

январьда Құрылтай жыйналысы кезінде, большевиктер өкіметті қолына алғаннан кейін бір рет ұмтылды, — және әрдайым жеңіліп отырды. Неге? Неге десеңіз, буржуазия саясат жағынан оқшау қалдырылған еді, миллиондаған еңбекшілер бұқарасы пролетариатты революцияның бірден-бір көсемі деп санады, ал Советтер бұқара алдында сыналып, өзінің жұмысшы өкіметі ретінде сыннан өтіп шықты, бұл өкіметті буржуазиялық парламентке айырбастау пролетариаттың өзін өзі өлтіруі болар еді. Сондықтан, буржуазиялық парламентаризмнің бізден қоныс таба алмағаны таңданарлық нәрсе емес. Міне сондықтан революция Россияда пролетариаттың өкіметі орнауына жеткізді.

Пролетариаттың революциядағы гегемониясының лениндік системасын жүзеге асырудың нәтижесі осындай.

Бесіншіден, ұлт-отар мәселесі.

Маркс пен Энгельс Ирландиядағы, Индиядағы, Қытайдағы, Орталық Европа елдеріндегі, Польшадағы, Венгриядағы оқыйғаларға өз заманында анализ жасай отырып, — ұлт-отар мәселесі жөніндегі негізгі, түпкі идеяны берген. Ленин өзінің еңбектерінде осы идеяларға сүйенді.

Лениннің бұл жөніндегі жаңалығы мынау:

а) ол осы идеялардың бәрін жыйыстырып империализм заманындағы ұлт-отар революциялары туралы көзқарастардың сындарлы системасы етіп шығарды;

б) ұлт-отар мәселесін империализмді құлату туралы мәселемен байланыстырды;

в) ұлт-отар мәселесін халықаралық пролетариат революциясы туралы жалпы мәселенің құрамды бір бөлімі деп жарыялады.

Акырында, пролетариат партиясы туралы мәселе.

Маркс пен Энгельс пролетариаттың алдыңғы катарлы отряді болып табылатын партия туралы негізгі жобаларды берген, онсыз (партиясыз) пролетариат өкіметті алу мағнасында да, капиталистік қоғамды кайта кұру мағнасында да, өзін азат ете алмайды.

Лениннің бұл жөніндегі жаңалығы мынау: ол бұл жобаларды империализм дәуіріндегі пролетариат күресінің жаңа жағдайларына сәйкестеп бұрынғысынан ілгері дамытып, мынаны көрсетіп берді:

а) партия, пролетариат ұйымының баска формаларымен (кәсіпшілер одактары, кооперация, мемлекеттік ұйым) салыстырғанда, — пролетариаттың таптық ұйымының жоғарғы формасы, ол солардың жұмыстарын корытып, оларға бағыт сілтеп отыруды міндетіне алған ұйым;

б) пролетариат диктатурасының оған бағыт сілтеп отыратын күш болып табылатын партия аркылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін;

в) пролетариат диктатурасының оған басшылыкты баска партиялармен бөліспейтін, бөлісуге тиіс емес бір партия, коммунистер партиясы басшылык еткен күнде ғана толык болуы мүмкін;

г) партияда темірдей берік тәртіп болмаса пролетариат диктатурасының қанаушыларды езіп-жаншу және таптық қоғамды социалистік қоғам етіп қайта кұру жөніндегі міндеттерінің орындалуы мүмкін емес.

Маркс ғылымын империализм дәуіріндегі пролетариат күресінің жаңа жағдайларына сәйкес нактылап, ілгері дамыта отырып Лениннің өз еңбектерінде енгізген жаңалыктары негізінен міне осылар.

Сондыктан да бізде ленинизм дегеніміз империа-

лизм мен пролетариат революцияларының заманындағы марксизм дейді.

Бұдан ленинизмді марксизмнен бөліп тастауға болмайтыны, марксизмге қарсы қоюға одан бетер болмайтыны көрінеді.

Сонсын делегаттардың сұрауында:

«Ленин «творчестволық революцияға» сенді, ал Маркс экономикалық күштердің кемеліне жете өркендеуін күткендей еді, деу дұрыс болар ма еді?» делінген.

Менің ойымша, бұлай деу мүлде теріс болар еді. Менің ойымша, халық революциясының бәрі де, халық революциясы екені шын болса, творчестволық революция болады, өйткені ол ескі укладты қыйратып, жаңа укладты туғызады, жасап шығарады.

Әрине, кейде, мәселен, кейбір артта қалған елдерде бір тайпаның екінші тайпаға қарсы ойыншық «көтерілісі» түрінде болатын «революция» сымақтардың творчестволық ешнәрсесі де болуы мүмкін емес. Бірақ, марксистер мұндай ойыншық «көтерілістерді» ешуақытта революция деп санаған емес. Әңгіме, тегінде мұндай «көтерілістер» туралы емес, езілген таптарды езуші таптарға қарсы көтерілдіретін бұқаралық халық революциясы туралы болып отырса керек. Ал мұндай революция творчестволық революция болмай тұра алмайды. Маркс пен Ленин нақ осындай революцияны жақтады, — осындай революцияны ғана жақтады. Жәнеде, әрине, мұндай революция қандай жағдайда болса да бола бермейді, ол экономикалық, саясаттық қолайлы жағдайлар тұсында ғана қыза алады.

2-СУРАҚ. Компартия үкіметті бақылап отырады деуге бола ма?

ЖАУАП. Бақылау дегенді қалай түсіну керек, — барлық мәселе соған байланысты. Капиталистік елдерде бақылауды бірсыпыра өзгеше түсінеді. Мен толып жатқан капиталистік үкіметтерді «демократиялық» парламенттердің барлығына қарамастан ірі-ірі банкілер бақылап отыратынын білемін. Парламенттер үкіметтерді өзіміз ғана бақылап отырмыз, деп сендірмек болады. Ал іс жүзінде, үкіметтердің құрамын күнібұрын шешетін, олардың ісін бақылап отыратын ірі-ірі финансы консорциумдары. Жұрттың бәріне мәлім, капиталистік «державалардың» ешбірінде ірі финансы шонжарларының мүддесіне қарсы кабинет құрылуы мүмкін емес: финансы жағынан қысым жасаса болғаны, — министрлер, жынды адамша, орнын тастай қашады. Парламенттердің жалған бақылауына қарсы, банкирлердің үкіметтерді нағыз шын бақылауы деген осы.

Егер әңгіме осындай бақылау жөнінде болып отырса, онда мен мынаны айтуға тиіспін: ақшалы қапшықтардың үкіметті бақылауы бізде болуға мүмкін емес және тіпті бола алмайды да, өйткені банкілер бізде әлдеқашан национализацияланған, ал ақшалы қапшықтар ССРО-дан қуылып шығарылған.

Бәлкім, делегацияның сұрайын дегені бақылау туралы емес, партияның үкімет жөніндегі басшылығы туралы болар? Егер делегацияның сұрайын дегені осы туралы болса, онда мен былай жауап берем: я, партия үкіметке басшылық етеді. Ал ол басшылық ете алады, өйткені бізде партияға жұмысшылардың және жалпы

еңбекшілердің көпшілігі сенеді және ол үкімет орындарына осы көпшіліктің атынан басшылық етуге праволы.

ССРО-ның жұмысшы партиясы, ССРО-ның коммунистік партиясы үкіметке басшылық еткенде қалай басшылық етеді?

Бәрінен бұрын, былай басшылық етеді: компартия еліміздегі мемлекет жұмысының негізгі орындарына Советтер арқылы, Советтердің съездері арқылы өз кандидаттарын, пролетариат ісіне берілген, пролетариатқа жан-тәнімен, аянбай қызмет етуге дайын жақсы қызметкерлерін өткізуге тырысады. Ол мұнысын көбінесе-ақ істей алады, өйткені жұмысшылар мен шаруалар партияға сеніммен қарайды. Бізде өкімет орындарының коммунистер басшылары болып, табылатыны, олардың, сол басшылардың, елімізде орасан беделді болулары кездейсоқ нәрсе емес.

Екіншіден, партия басқару орындарының жұмысын, өкімет орындарының жұмысын тексеріп отырады, тексергенде кездесіп отыратын қателер мен кемшіліктерді түзей отырып, үкімет қаулысын жүзеге асыру жөнінде оларға жәрдемдесе отырып, оларды бұқараның қолдауын қамтамасыз етуге тыраса отырып тексереді, жәнеде олардың маңызды қаулыларының ешбіреуі партияның тиісті нұсқауынсыз шығарылмайды.

Үшіншіден, өкімет орындарының қайсы біреулерінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жөніндегі болсын, немесе сауда мен мәдениет құрылысы жөніндегі болсын жұмысының жоспарын жасағанда партия сол орындардың сол жоспар қолданылып тұрғандағы жұмыстарының сыйпаты мен бағытын белгілейтін жалпы жетекші нұсқаулар береді.

Буржуазиялық баспасөз әдетте партияның мемлекет ісіне мұндай «араласуына» «таңданады». Бірақ бұл — барып тұрған өтірік «таңдану». Жұрттың бәріне мәлім, капиталистік елдерде де буржуазиялық партиялар мемлекет ісіне нақ осылай «араласады», үкіметтерге басшылық етеді, оның бержағында ол елдердегі басшылық қайткенде де ірі банкілермен байланысты болғандықтан халықтан өз ролін жасыруға тырысатын бір топ адамдардың қолында болады.

Англиядағы немесе басқа капиталистік елдердегі әрбір буржуазиялық партияның басшылықты өз қолында ұстайтын бір топ адамдардан құралған өзінің жасырын кабинеті бар екені кімге мәлім емес? Ең болмаса, либералдық партияның «жасырын» кабинеті туралы Ллойд-Джорджның әйгілі сөзін естеріңізге түсіріңіздер. Бұл жөнде Советтер Елі мен капиталистік елдердің арасындағы айырма мынау:

а) капитализм елдерінде буржуазиялық партиялар мемлекетті пролетариатқа қарсы, буржуазияның мүддесі үшін басқарады, ал ССРО-да компартия мемлекетті буржуазияға қарсы, пролетариаттың мүддесі үшін басқарады.

б) буржуазиялық партиялар өзінің басшылық ролін халықтан жасырады, күмәнді жасырын кабинеттердің жәрдеміне сүйенеді, ал ССРО-да компартия ешбір жасырын кабинетті керек қылмайды, ол жасырын кабинеттердің саясаты мен практикасына қарғыс таңба басады және мемлекетті басқару ісіне өзінің жауапты екендігін ол бүкіл ел алдында ашық айтады.

Делегаттардың бірі. Партия кәсіпшілер одақтарына да осы негіздерге сүйеніп басшылық ете ме?

Сталин. Негізінде — солай. Формалдық жағынан кәсіпшілер одақтарына партия ешқандай директивалар бере алмайды. Бірақ, партия кәсіпшілер одақтарында істейтін коммунистерге директивалар беріп отырады. Советтердегі, кооперациядағы және басқалардағы сықты кәсіпшілер одақтарында коммунистердің фракциялары барлығы мәлім. Бұл коммунистік фракциялардың міндеті: кәсіпшілер одақтарының, Советтердің, кооперацияның және басқа органдарда олардың көздерін жеткізіп сендіру арқылы партияның директиваларына сәйкес қаулылар алдыру. Олар мұнысын көбінесе-ақ жүзеге асыра алады, өйткені партияның бұқара арасында ықпалы зор, және партияға олардың сенімі күшті. Пролетариаттың сан түрлі ұйымдарының қыймыл бірлігі осы жолмен қамтамасыз етіледі. Бұлай болмағанда жұмысшы табының бұл ұйымдарының жұмыстары бет-бетімен кетіп, бір жерден шыға алмас еді.

3-СУРАҚ. Россияда бір-ақ партия жарыя жағдайда болғаннан кейін, Сіздер бұқараның коммунизмге тілектес екенін қайдан білесіз?

ЖАУАП. Ол рас, ССРО-да буржуазиялық жарыя партиялар жоқ, мұнда бір-ақ партия, жұмысшылар партиясы, коммунистер партиясы ғана жарыялылықпен пайдаланады. Бірақ жұмысшылар көпшілігі, еңбекшілер бұқарасының көпшілігі коммунистерге тілектес екеніне көз жеткізудің жолы, құралы бізде бар ма? Әңгіме, әрине, жаңа буржуазия туралы емес, пролетариаттың тас-талқан етіп тастаған ескі қанаушы таптардың қалдықтары туралы емес, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы туралы болып отыр. Жұмысшылар

мен шаруалар бұқарасы коммунистерге тілектес пе, әлде тілектес емес пе — мұны білуге бізде мүмкіндік бар, бізде оны білудің жолы, құралы бар.

Еліміздің тұрмысындағы өте маңызды кезеңдерді алып, бұқара коммунистерге шынымен тілектес деуге негіз бар ма, — соны қарайық.

Бәрінен бұрын, 1917 жылғы, коммунистер партиясы, нақ партия ретінде, жұмысшылар мен шаруаларды буржуазия өкіметін құлатуға ашықтан-ашық шақырған кездегі, сол партияның соңынан жұмысшы, солдат, шаруалардың орасан көпшілігінің ерген кезіндегі, Октябрь төңкерісі сияқты өте маңызды кезеңді алалық.

Ол кездегі жағдай қандай еді? Өкімет басында буржуазия мен блок жасаған социал-революционерлер (эсерлер) мен социал-демократтар (меньшевиктер) отырды. Орталықтағы, жергілікті орындардағы өкімет аппараты, сол сияқты он екі миллион армияны басқару аппараты да, осы партиялардың қолында, үкімет қолында болды. Коммунистер партиясы жартылай жария жағдайда болды. Барлық елдердің буржуасы большевиктер партиясы сөзсіз құлайды деп сәуегейлік жасады. Антанта бүтіндей және толық Керенскийдің үкіметі жағында болды. Солай бола тұрса да, коммунистер партиясы, большевиктер партиясы, бұл үкіметті құлатып, пролетариат диктатурасын орнатуға пролетариатты тынбай шақырып отырды. Сонымен не болды? Еңбекшілер бұқарасының орасан көпшілігі тылда болсын, майданда болсын, большевиктер партиясын мейлінше батыл қолдады, сондықтан — Керенскийдің үкіметі құлатылды, пролетариаттың өкіметі орнатылды.

Барлық елдердің буржуалары большевиктер партиясының құрыйтыны туралы қастықпен сәуегейлік еткеніне қарамастан, большевиктер сол кезде қалайша женіп шықты? Бұл жағдай еңбекшілердің қалың бұқарасының большевиктер партиясына тілектес екенін дәлелдемей ме? Менің ойымша дәлелдейді.

Коммунистер партиясының қалың бұқара халықтың арасындағы беделі мен ықпалының бірінші сыналған жері міне осы.

Одан кейінгі дәуірді, ағылшын капиталистері Россияның солтүстігіне, Архангелскі, Мурман ауданын оккупациялаған кездегі, американ, ағылшын, жапон, француз капиталистері; Колчакты алға салып, Сибирьді оккупациялаған кездегі, француз, ағылшын капиталистері Деникин мен Врангельді көкке көтеріп «Россияның оңтүстігін» оккупациялау жөнінде шара қолданған кездегі интервенция дәуірін, азамат соғысы дәуірін алайық.

Бұл — Антантаның және Россия контрреволюцияшыл генералдарының Москвадағы коммунистік үкіметке қарсы, біздің революциямыздың октябрьдегі жеңістеріне қарсы соғыс ашу дәуірі еді. Бұл — жұмысшы, шаруалардың қалың бұқарасы арасында коммунистер партиясының күші қандай екендігін, табандылығы қандай екендігін мықтап сынайтын дәуір еді.

Сонымен не болды? Азамат соғысының нәтижесінде оккупанттардың Россиядан қуылып шығарылғаны, ал контрреволюцияшыл генералдарды Қызыл Армия быт-шыт қылғаны мәлім емес пе?

Міне осы арада мынадай болып шықты: ақыр-аяғында, соғыстың тағдырын шешетін нәрсе — техника емес, — оны СССР-ның жаулары Колчак пен

Деникинге мол жетістіріп тұрды, — қайта дұрыс саясат пен халықтың миллиондаған бұқарасының тілеулестігі мен қолдауы.

Большевиктер партиясының сол кезде жеңіп шыққаны кездейсоқтық па? Әрине, кездейсоқтық емес. Бұл жағдай бізде еңбекшілердің қалың бұқарасының коммунистер партиясына тілектес екенін көрсетпей ме? Мен көрсетеді деп ойлаймын.

ССРО-дағы коммунистік партияның күші мен табандылығының екінші сыналған жері осы.

Қазіргі дәуірге, бейбіт құрылыс мәселелері кезекке қойылған кездегі, күйзелген шаруашылық кезеңінің орнын индустрияны қалпына келтіру кезеңі, ақырында, бүкіл халық шаруашылығымызды жаңа техника негізінде қайта құру кезеңі басқан кездегі, соғыстан соңғы дәуірге келейік. Коммунистер партиясының күші мен табандылығын байқаудың, қалың еңбекшілер бұқарасының бұл партияға қаншалық тілектес екенін анықтаудың қазір бізде жолы, құралы бар ма? Мен бар деп ойлаймын.

Бәрінен бұрын, 10 миллиондай пролетариатты біріктіріп отырған Советтер Одағының кәсіпшілер одақтарын алайық, біздің кәсіпшілер одақтарының басшы органдарының құрамын алып қарайық. Бұл органдардың басында коммунистер отырғаны кездейсоқтық нәрсе ме? Әрине, кездейсоқ нәрсе емес. ССРО жұмысшылары кәсіпшілер одақтарының басшы органдарының құрамына немқұрайды қарайды деп ойлау есалаңдық болар еді. ССРО жұмысшылары үш революцияның дауылын басынан кешіріп өсті, тәрбиеленді. Олар өздерінің басшыларын байқап отыруды, егер ол басшылар пролетариаттың мүддесін қанағаттандырмаса,

оларды айдап шығуды жұрттың бәрінен артық үйренді. Бір кезде біздің партиядағы ең атақты адам Плеханов еді. Алай да, жұмысшылар Плехановтың пролетариат жолынан тайғанына көздері жеткен кезде, оны манайына жуытпай оқшау қалдырудан тайынған жоқ. Ал енді, сол жұмысшылар коммунистерді кәсіпшілер одақтарындағы жауапты орынға қойып, коммунистерге толық сенетінін білдіріп отырса, мұның өзі ССРО жұмысшыларының арасында коммунистік партияның күшінің зор екендігін, және табанды екендігін тура көрсететін дәлел болмай тұра алмайды.

Жұмысшылардың қалың бұқарасы коммунистер партиясына сөзсіз тілектес екенінің байқалған жері осы.

Советтердің соңғы сайлауын алайық. Бізде бөтеннің еңбегінен пайдаланатын, сайлау правосынан айрылған буржуазия элементтерін қоспағанда, 18 жастан бастап, ССО-ның барлық ер жеткен халқының, жынысы мен ұлты қандай болса да Советтерді сайлауға праволы. Бұл сайлаушылардың да саны 60 миллиондай болады. Олардың орасан көпшілігі, әрине, шаруалар. Сол 60 миллионның ішінен 51 проценттейі яғни 30 миллионнан артығы сайлау правосын пайдаланды. Енді орталықтағы және жергілікті орындардағы Советтеріміздің басшы органдарының құрамын алып қараныз. Сайланып қойылатын басшы элементтердің орасан көпшілігі коммунистер болып отыр, бұл фактыны кездейсоқ нәрсе деп атауға бола ма? Әрине, мұны кездейсоқ нәрсе деп атауға болмайды. Бұл факты шаруалардың миллиондаған бұқарасының арасында коммунист партиясының сенімі бар екенін көрсетпей ме? Мен көрсетеді деп ойлаймын.

Коммунистік партияның күші мен табандылығының тағы бір байқалған жері осы.

2 миллиондай жұмысшы және шаруа жастарын біріктіріп отырған комсомолды (Коммунистік жастар одағын) алалық. Комсомолдың сайланып қойылатын басшы элементтерінің орасан көпшілігі коммунистер болып отыр, бұл фактыны кездейсоқ нәрсе деп атауға бола ма? Менің ойымша, мұны кездейсоқ нәрсе деп атауға болмайды.

Коммунистік партияның күші мен беделінің тағы бір байқалған жері осы.

Ақыр аяғында, ССРО құрамына кіріп отырған барлық және әртүрлі ұлттардың еркектері мен әйелдерінің, жұмысшылары мен жұмысшы әйелдерінің, шаруалары мен шаруа әйелдерінің миллиондаған бұқарасын қамтып отырған сансыз көп конференцияларымызды, кеңестерімізді, делегат жыйналыстарымызды және басқаларды алайық. Орыстар тегінде сөйлеуді тәуір көреді деп, бұл кеңестер мен конференциялар жөнінде Батыста кейде кекесіндейді. Ал шынында, біз үшін бұл кеңестер мен конференциялардың бұқараның ниетін байқау жөнінде де, қателерімізді ашып, ол қателерді жою тәсілдерін белгілеу жөнінде де зор маңызы бар, өйткені бізде қателер аз емес және біз ол қателерді жасырмаймыз, қателерді ашу, оларды адал ниетпен түзеу елге басшылық ету ісін жақсартудың ең оңды тәсілі болып табылады деп ойлаймыз. Бұл конференциялар мен кеңестерде сөйлеген шешендердің сөздерін қарап көріңіздерші, жұмысшылар мен шаруалардан шыққан сол «қарапайым адамдардың» іске пайдалы, шын ықласпен айтылған сындарын қарап көріңіздерші — және олардың шығарған қаулыларын

қарап көріңіздерші, — сонда сіздер коммунистік партияның ықпалы мен беделі қаншалық зор екенін көресіздер, жер жүзіндегі қандай партия болса да бұл ықпалға, бұл беделге қызыға алатынын көресіздер.

Коммунистік партияның табандылығының тағы бір байқалған жері осы.

Коммунистік партияның бұқара халық арасындағы күші мен ықпалын байқауға мүмкіндік беретін жолдар, әдістер осылар.

ССРО жұмысшылары мен шаруаларының қалың бұқарасының коммунистік партияға тілектес екені маған осыдан мәлім.

4-СҰРАҚ. Егер партияда жоқтар тобы фракция ұйымдастырса, сайлауда совет үкіметін қолдау платформасын жақтайтын өз кандидаттарын ұсынса, сонымен қатар сыртқы сауда монополиясын жоюды талап етсе, — олар өздеріне қаражат құрастырып алып, белсенді түрде саяси науқан жүргізе алар ма еді?

ЖАУАП. Менің ойымша, бұл мәселе жөнінде бітіспес қайшылық бар. Совет үкіметін қолдау платформасында тұратын, сонымен қатар сыртқы сауда монополиясын жоюды талап ететін топ бола қояды-ау деп ойлаудың өзі мүмкін емес. Неге? Неге десеңіз, сыртқы сауда монополиясы — Совет үкіметі «платформасының» мызғымас берік негіздерінің бірі. Неге десеңіз, сыртқы сауда монополиясын жоюды талап ететін топ Совет үкіметін жақтау жағында бола алмайды. Неге десеңіз, мұндай топ бүкіл совет құрылысына өте дұшпан топ қана бола алады.

ССРО-да сыртқы сауда монополиясын жоюды талап ететін элементтер, әрине, бар. Олар — нэпмандар,

кулактар, әлдеқашан талқандалған қанаушы таптардың қалдықтары және басқалар. Бірақ, бұл элементтер — халықтың болмашы азшылығы. Менің ойымша, делегация өзінің сұрақтарында бұл элементтер туралы сөз қылып отырған жоқ. Ал, егер жұмысшылар мен шаруалардың еңбекші бұқарасы туралы сөз болып отырса, онда мынаны айтуға тиіспін: сыртқы сауда монополиясын жоюды талап етушілікке олар ду күлер еді, және оған дұшпандық көзбен қарар еді.

Шынында да, жұмысшылар үшін, сыртқы сауда монополиясын жоюдың мәнісі не болар еді? Олар үшін мұның мәнісі — елімізді индустриаландырудан, жаңа завод, фабрикалар салудан, ескі завод, фабриктерді ұлғайтудан бас тарту болар еді. Олар үшін мұның мәнісі — ССРО-ны капиталистік елдерден әкелінген товарларға белшесінен батыру относительдік нашарлығы себепті индустриамызды жыйнап қою, жұмыссыздардың санын көбейту, жұмысшы табының тұрмыс күйін нашарлату, оның экономикалық, саясаттық позицияларын әлсірету болар еді. Мұның мәнісі, сайып келгенде, нэпманды жаңа буржуазия атаулыны күшейту болар еді. ССРО пролетариаты мұндай өзін-өзі өлтірушілікке қарай аяқ баса ала ма? Әрине, баса алмайды.

Ал, еңбекші шаруа бұқарасы үшін, сыртқы сауда монополиясын жоюдың мәнісі не болар еді? Оның мәнісі — біздің елімізді өз еркі өзіндегі елден жартылай отар елге айналдыру және шаруа бұқарасын қайыршылыққа түсіру болар еді. Оның мәнісі — Колчак пен Деникиннің тұсында контрреволюцияшыл генералдар мен «одақтастардың» біріккен күштері талай миллион шаруаларды еркінше талан-таражға салған кезде дәу-

рен сүрген «еркін сауда» тәртібіне қайта оралу болар еді. Оның мәнісі, сайып келгенде, кулактарды, деревнядағы тағы басқа қанаушы элементтерді күшейту болар еді. Шаруалар Украина мен Солтүстік Кавказда, Еділ мен Сибирьде бұл тәртіптің «рақатын» тәуір-ақ көрген. Олар сол тұзаққа қайтадан түскісі келеді деп шамаларлық қандай дәлел бар? Еңбекші шаруа бұқарасы сыртқы сауда монополиясын жою жағында бола алмайтыны түсінікті емес пе?

Делегаттардың бірі. Делегация сыртқы сауда монополиясы жөніндегі, оны жою жөніндегі пунктті айтқанда, ССРО-да бір партияның монополиясы, жарыялылық монополиясы болмаған күнде тұтас бір топ халықтың ұйымдасуына негіз болатын пункт ретінде айтты.

Сталин. Делегация, сөйтіп, ССРО-дағы бірден-бір жария партия болып табылатын коммунистік партияның монополиясы туралы мәселеге қайта оралып отыр. Мен, миллиондаған жұмысшы, шаруа бұқарасының коммунистік партияға тілектестігін байқаудың жолдары, әдістері туралы сөз қылғанда, бұл сұрауға қысқаша жауап бергенмін.

Ал, халықтың басқа жіктеріне, кулактарға, нэпмандарға, талқандалған ескі қанаушы таптардың қалдықтарына келсек, олар бізде, сайлау праволарынан айрылғаны сияқты, өздеріне саяси ұйым құрастырып алу правосынан да айрылған. Пролетариаттың буржуазиядан тартып алғаны тек фабриктер мен заводтар, банкілер мен темір жолдар, жер мен шахталар ғана емес. Ол буржуазияның өздеріне саяси ұйым құрастырып алу правосын да тартып алды, өйткені пролетариат буржуазия өкіметінің қайтадан орнауын ті-

лемейді. Делегация, шамасы, ССРО пролетариатының буржуазия мен помещиктерден фабриктер мен заводтарды, жер мен темір жолдарды, банкілер мен шахталарды тартып алуына қарсы емес сияқты. (Күлкі.)

Бірақ, делегация, менің шамалауымша, пролетариаттың мұнымен қанағаттанбай, онан да әрі барып, буржуазиядан саяси правоны да тартып алғаны жөнінде бірсыпыра дал болады. Бұл, меніңше, логикаға пәлендей келмейді, яки, дұрысырағы мүлдем логикаға келмейді. Жұрт пролетариаттан буржуазияға кеңпейілдік жасауды қандай дәлелмен талап етеді? Батыстағы буржуазия, өкімет басында отырып, жұмысшы табына ең болмаса зәредей кеңпейілдік жасап отыр ма? Ол жұмысшы табының нағыз революцияшыл партиясын подпольеге тығып отырған жоқ па? Жұрт ССРО пролетариатынан өзінің тап дұшпанына кеңпейілдік көрсетуді қандай дәлелмен талап етеді? Меніңше, логиканың өзі міндет артады. Буржуазияға оның саяси праволарын қайтып беру мүмкіншілігі туралы ойлаған адам, егер ол логикашыл болғысы келсе, онан да әрі барып, буржуазияға фабриктер мен заводтарды, темір жолдар мен банкілерді қайтып беру туралы да мәселе көтеруі тиіс.

Делегаттардың бірі. Делегацияның міндеті — жұмысшы табы мен шаруалардың ішіндегі компартияның пікірлерінен басқаша пікірлер қалайша жарыя түрде жарыққа шыға алатынын ашу еді. Делегация буржуазияға саяси праволар беру туралы, буржуазияның өзінің пікірлерін жарыққа шығаруға жарыя түрде қалайша мүмкіндік алатыны туралы мәселеге құштар, деп түсіну теріс болар еді. Әңгіме жұмысшы

табы мен шаруалардың ішінде компартияның пікірлерінен басқаша пікірлер қалайша жарыя түрде жарыққа шыға алатыны туралы болып отыр.

Екінші делегат. Бұл басқаша пікірлер жұмысшы табының бұқаралық ұйымдарында, кәсіпшілер одақтарында және сондайларда жарыққа шыға алар еді.

Сталин. Өте жақсы. Олай болса, әңгіме буржуазияның саясаттық праволарын бұрынғы қалпына түсіру туралы емес, жұмысшы табы мен шаруалар ішіндегі пікірлер күресі туралы болып отыр екен.

Кәзіргі уақытта жұмысшылар мен еңбекші шаруа бұқарасының ішінде пікірлер күресі бар ма? Сөзсіз, бар. Миллиондаған жұмысшылар мен шаруалардың барлық практикалық мәселелер жөнінде, оның барлық егжей-тегжейі жөнінде бірдей ойлауы мүмкін емес. Тұрмыста бұл болмайды. Біріншіден, жұмысшылар мен шаруалардың арасында олардың экономикалық күйі жөнінде де, олардың түрлі мәселелерге көзқарастары жөнінде де үлкен айырма бар. Екіншіден, жұмысшы табының өз ішінде де бірсыпыра пікір айырмалары бар, тәрбие айырмасы, жас, темперамент айырмасы, негізгі жұмысшылар мен деревнядан келген жұмысшылардың арасындағы айырма және т. б. бар. Осының бәрі жұмысшылар мен еңбекші шаруа бұқарасының ішіндегі пікірлер күресіне әкеп соқтырады, бұл күрес жыйналыстарда, кәсіпшілер одақтарында, кооперацияда, Совет сайлаулары кезінде және басқа уақыттарда жарыя түрде жарыққа шығады.

Бірақ, кәзіргі, пролетариат диктатурасы жағдайындағы, пікірлер күресі мен бұрынғы, Октябрь революциясына дейінгі, пікірлер күресінің арасында негізді айырма бар. Ол кезде, бұрын, жұмысшылар мен

еңбекші шаруалар ішіндегі пікірлер күресі, көбінесе, помещиктерді, патша өкіметін, буржуазияны құлату мәселелерінің, буржуазиялық тәртіптерді қыйратудың маңында болатын. Енді, пролетариат диктатурасы жағдайында, пікірлер күресі Совет өкіметін құлату туралы, совет тәртіптерін қыйрату туралы мәселелердің маңында емес, совет өкіметінің органдарын жақсарту туралы олардың жұмыстарын жақсарту туралы мәселелердің маңында болып отыр. Бұл арада негізді айырма бар.

Таң қалатын ешнәрсесі жоқ: бұрын, жүріп тұрған тәртіпті революция жолымен қыйрату туралы мәселенің маңындағы пікірлер күресі жұмысшы табы мен еңбекші шаруа бұқарасы ішінде бірімен бірі бәсекелесіп отыратын бірнеше партиялардың шығуына негіз болды. Ол партиялар: большевиктер партиясы, меньшевиктер партиясы, эсерлер партиясы еді. Екінші жағынан, кәзіргі, пролетариат диктатурасы тұсындағы, пікірлер күресі өмір сүріп отырған совет тәртіптерін қыйратуды емес, оларды оңдауды, нығайтуды максат ететін пікірлер күресі жұмысшылар мен деревнядағы еңбекші бұқараның арасында бірнеше партиялардың өмір сүруіне қорек болмайтынын да түсіну өте оңай.

Міне сондыктан бір партияның ғана, коммунистер партиясының ғана жарыя болуының, бұл партияның монополиясы болуының жұмысшылар мен еңбекші шаруалар арасында қарсылық тудырмайтыны былай тұрсын, кайта, ол қажетті, керекті нәрсе ретінде қабыл алынады.

Еліміздегі бірден-бір жарыя партия (компартияның монополиясы) болған біздің партияның жағдайы әлде қалай жасанды, әдейі ойдан шығарылған нәр-

се емес. Мұндай жағдайдың жасанды түрде, әкімшілік амал-айла жолымен және сондай жолдармен жасалуы мүмкін емес. Біздің партияның монополиясы, эсерлер мен меньшевиктердің партиясының түпкілікті банкрот болғандығының, өмір шындығымыздың жағдайларында сахынадан шығып кеткендігінің нәтижесі ретінде, тұрмыстан өсіп-өнді, тарихи қалыптасты.

Эсерлер мен меньшевиктер партиясы бұрын не болып еді? Пролетариатқа буржуазияның ықпалын жүргізуші болып еді. Бұл партиялардың 1917 жылғы октябрьге дейін өмір сүруіне дем берген, көмек болған не еді? Буржуа табының болғандығы, ақыр аяғында, буржуазия өкіметінің болғандығы еді. Буржуазияның құлатылуымен бірге бұл партиялардың өмір сүру негіздері жойылуға тиіс болғаны түсінікті емес пе?

Ал, ол партиялар 1917 жылғы октябрьден соң не болды? Олар капитализмді қайта орнату, пролетариат өкіметін құлату партиялары болды. Ол партиялардың жұмысшылар мен еңбекші шаруалар арасында барлық негізін жоғалтып, барлық ықпалынан айрылуға тиіс болғаны түсінікті емес пе?

Жұмысшы табына ықпал жасау үшін коммунистер партиясы мен эсерлер, меньшевиктер партияларының арасында болған күрестің басталуы кеше ғана емес. Оның басы Россиядағы бұқараның революциялық қозғалысының алғашқы белгілері біліне бастаған кезде, сонау 1905 жылдан бұрын басталады. 1903 жылдан 1917 жылғы октябрьге дейінгі дәуір — еліміздің жұмысшы табы ішіндегі пікірлердің қатты күресінің дәуірі, жұмысшы табы ішіне ықпал жүргізу үшін большевиктердің, меньшевиктердің, эсерлердің арасында болған күрестің дәуірі. Бұл дәуірде СССР жұмысшы

табы үш революциядан өтті. Ол осы революциялардың от-жалынында бұл партияларды, олардың пролетариат революциясы ісіне жарамдылығын, олардың пролетарлық революцияшылдығын сынап, тексерді. Сөйтіп, 1917 жылғы октябрь күндері қарсанында, тарих бұрын болып өткен революциялық күрестің бәріне қортынды жасаған кезде, тарих өзінің таразысына салып жұмысшы табы ішіндегі күресуші партиялардың салмағын өлшеген кезде, — ССРО жұмысшы табы, ақыр аяғында, бірден-бір пролетарлық партия болған коммунистік партияға тоқтап, түпкілікті соны қалады.

Жұмысшы табының қалауы коммунистік партияға тоқтаған себебі не? Петроград Советіндегі большевиктердің, мәселен, 1917 жылғы апрельде болмашы азшылық болғаны факт емес пе? Ол кезде Советтерде эсерлер мен меньшевиктер анағұрлым көпшілік болғаны факт емес пе? Октябрь күндері қарсаңында өкіметтің барлық аппараты және барлық зорлау құралдары буржуазиямен одақтасқан эсерлер мен меньшевиктер партияларының қолында болғаны факт емес пе?

Мұның себебі, ол кезде компартия соғысты жою, дереу демократиялық бітім жасау жағында болды, ал эсерлер мен меньшевиктер партиялары «жеңіп шыққанша соғысуды», империалистік соғысты соза беруді жақтады.

Мұның себебі, ол кезде компартия Керенскийдің үкіметін құлату, буржуазиялық өкіметті құлату, фабриктер мен заводтарды, банкілер мен темір жолдарды национализациялау жағында болды, ал меньшевиктер мен эсерлердің партиялары Керенскийдің үкіметі үшін

күресті, буржуазияның фабриктер мен заводтарға, банкілер мен темір жолдарға праволы болуын жақтады.

Мұның себебі, ол кезде коммунистер партиясы помещиктердің жерлерін шаруалардың пайдасына дереу конфискациялау жағында болды, ал эсерлер мен меньшевиктердің партиялары бұл мәселені Құрылтай жыйналысына қалдырды, ал мұның шақырылуын, тағыда, белгісіз уақытқа кешіктірді.

Егер жұмысшылар мен кедей шаруалар, ақыр, аяғында, коммунистік партияны қаласа, оған таңданатын не бар?

Эсерлер мен меньшевиктердің партиялары тым-ақ тез су түбіне кетсе, оған таңданатын не бар?

Компартия монополиясының қайнар бұлағы міне осы және коммунистік партияның өкімет басына келуінің себебі міне осы.

Одан кейінгі дәуір, 1917 жылғы октябрьден соңғы дәуір, азамат соғысы дәуірі меньшевиктер мен эсерлер партияларының түпкілікті мерт болған дәуір болды, большевиктер партиясының түпкілікті мерейі үстем болған дәуір болды. Бұл дәуірде компартияның мерейі үстем болуын меньшевиктер мен эсерлердің өздері жеңілдетті. Октябрь төңкерісі кезінде талқандалып, су түбіне кеткен меньшевиктер мен эсерлер партияларының қалдықтары кулактардың революцияға қарсы көтерілістерімен байланыс жасай бастады, колчакшылдармен, деникиншілдермен одақ жасады, Антантаға қызмет етуге кетті, сөйтіп жұмысшылар мен шаруалардың көз алдында өздерін біржолата көмді. Жай мынадай болды: буржуазиялық революционерлерден буржуазиялық контрреволюционерлерге ай-

налған эсерлер мен меньшевиктер, жаңа, Советтік Россияны Антантаның тұншықтыруына жәрдемдесті; ал большевиктер партиясы, еті тірі, революцияшылдардың бәрін өз маңына біріктіре отырып, жұмысшылар мен шаруалардың жаңа-жаңа отрядтерінің бәрін социалистік отан үшін күреске, Антантаға қарсы күреске аттандырды.

Бұл дәуірде коммунистердің жеңуі эсерлер мен меньшевиктердің толық жеңілуіне жеткізуге тиіс еді, шынында да соған жеткізді; бұл әбден табиғи нәрсе. Егер осының бәрінің нәтижесінде компартия жұмысшы табы мен кедей шаруалардың бірден бір партиясы болса, оған таңданатын не бар?

Еліміздегі бірден-бір жария партия болып табылатын компартияның монополиясы бізде осылай құрылды.

Сіздер кәзіргі, пролетариат диктатурасы жағдайындағы, жұмысшылар мен шаруалардың арасындағы пікірлер күресі туралы сөз қыласыздар. Мен айттым ғой, пікірлер күресі бар, болады да, мұнсыз алға басу мүмкін емес. Бірақ, жұмысшылар арасындағы пікірлер күресі кәзіргі жағдайлар тұсында совет тәртіптерін құлату туралы принциптік мәселенің маңында емес, советтерді жақсарту туралы, совет органдарының қателерін түзету туралы, олай болса, — Совет өкіметін нығайту туралы практикалық мәселелердің маңында болып отыр. Мұндай пікірлер күресі коммунистік партияны тек нығайтып, жетілдіретіні әбден түсінікті. Мұндай пікірлер күресі компартияның монополиясын тек нығайтатыны әбден түсінікті. Мұндай пікірлер күресі жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар-

дың қалың ортасында бөтен партияларды құруға қорек бола алмайтыны әбден түсінікті.

5-СҰРАҚ. Сіз бен Троцкийдің екі араларыңыздағы негізгі айрылысушылықтарды біздерге Сіз қысқаша айтып бере аласыз ба?

ЖАУАП. Мен, бәрінен бұрын Троцкиймен айрылысудың біреудің қара басына байланысты айрылысу емес екендігін айтып өтуге тиістімін. Егер айрылысушылықтар адамның қара басына байланысты болса, партия бұл жұмыспен бір сағат та айналыспас еді, өйткені партия жеке адамдардың көлденеңдегенін жаратпайды.

Әңгіме, шамасы, партиядағы таластар туралы болса керек. Бұл сұрауды мен осылай түсіндім. Я, партияда бұл таластар бар. Жақында Рыков — Москвада, Бухарин — Ленинградта жасаған баяндамаларында бұл таластардың сыйпаты туралы едәуір толық айтты. Бұл баяндамалар жарияланған. Айтыстар туралы бұл баяндамаларда айтылғандарға менің қосатын ештемем жоқ. Егерде сіздерде ол документтер жоқ болса, мен ол документтерді сіздерге тауып бере аламын. (Делегация ол докуметтер өздерінде барын білдіреді.)

Делегаттардың бірі. Қайтып барысымен жұрт бізден бұл таластар туралы сұрайды, ал бізде документтер түгел емес. Мәселен, бізде «83-тің» платформасы жоқ.

Сталин. Мен бұл платформаға қол қойған жоқпын. Біреудің документтерін билеуге правом жоқ. (Күлкі.)

6-СҰРАҚ. Капиталистік елдерде өндірістің дамуы үшін керекті негізгі қозғаушы пайда табу үмітіне негізделген. Бұл қозғаушы әрине, относительдік жағынан, ССРО-да жоқ. Оның орнында не бар және оның орнындағының, сіздің пікіріңізше, эффектілігі қаншалық? Оның орнындағы тұрақты бола ала ма?

ЖАУАП. Капиталистік шаруашылықтың негізгі қозғаушысы пайда өндіру болып табылады, бұл рас. Пайда өндіру біздің социалистік өнеркәсіптің мақсаты да, қозғаушысы да болып табылмайды, бұл да рас. Олай болған күнде, біздің индустриямыздың қозғаушысы болып табылатын не?

Бәрінен бұрын мына жағдай: бізде фабриктер мен заводтар капиталистердің емес, бүкіл халықтың билігінде, фабриктер мен заводтарды басқарып отырған капиталистердің қойған адамдары емес, жұмысшы табының адамдары. Жұмысшылар жұмысты капиталистер үшін емес, өзіне меншікті мемлкет үшін, өзіне меншікті тап үшін істейтінін сезу санасы, — бұл сана өнеркәсібімізді дамытып, жетілдіруге орасан қозғаушы күш болып табылады.

Мынаны атап өту керек: бізде фабрик, заводтардың директорларының қалың көпішлігі — кәсіпшілер одақтарымен келісіп, Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советі белгілеген жұмысшылар және де жұмысшылардың немесе тиісті кәсіпшілер одақтарының тілегіне қарсы келсе директорлардың біреуі де орнында қала алмайды.

Сонсын мынаны атап өту керек: әрбір заводтың немесе фабриктің өзінде, кәсіпорындағы администра-

цияның жұмысын бақылап отыратын, жұмысшылар сайлаған завод немесе фабрик комитеттері бар.

Ақыр аяғында, мынаны атап өту керек, әрбір өнеркәсіп орнында жұмысшылардың өндірістік кеңестері бар; бұған сол кәсіпорындағы барлық жұмысшылар кіреді; мұнда жұмысшылар кәсіпорыны директорының барлық жұмысын тексеріп отырады, завод администрациясының жұмыс жоспарын талқыға салып отырады, кателер мен кемшіліктерді атап көрсетіп отырады, және ол кемшіліктерді кәсіпшілер одактары арқылы, партия арқылы, Совет өкіметінің органдары арқылы түзетуге мүмкіншілігі бар.

Бұл жағдайдың бәрі жұмысшылардың жағдайын да, кәсіпорындардағы тәртіпті де негізінен өзгертетінін түсіну қыйын емес. Егер капитализм тұсында жұмысшылар фабрикті өзіне бөтен және жат меншік, немесе тіпті түрме деп білсе, совет тәртіптері тұсында жұмысшылар фабрикті түрме деп білмейді, өзінің ең жақын көретін, бір тума ісі деп біледі, бұл істі дамытып, жақсартуға жан-тәнімен құштар.

Жұмысшылардың заводқа, кәсіпорынға мұндай жаңа көзқарасы, жұмысшылардың кәсіпорынға мұндай жақындық сезімі — бүкіл өнеркәсібіміздің ұлы қозғаушысы екенін дәлелдеп жату керек бола қоймас.

Өндірістің техникасы жөнінде жұмысшылардан шыққан өнер тапқыштар және жұмысшылардан шыққан өнеркәсіп ұйымдастырушыларының саны күн сайын өсіп келеді, бұл фактыны да осы жағдайдан деп білу керек.

Екіншіден, мына жағдай: бізде өнеркәсіптен түскен табыс жеке адамдарды байытуға жұмсалмайды, өнеркәсіпті бұрынғыдан да гөрі ұлғайтуға, жұмысшы та-

бының материалдық және мәдениет жағдайын жақсартуға, жұмысшыларға да, шаруаларға да қажетті өнеркәсіп товарларын арзандатуға, яғни тағыда сол еңбекші бұқараның материалдық жағдайын жақсартуға жұмсалады.

Капиталист өзінің табысын жұмысшы табының тұрмыс халін оңдауға жұмсай алмайды. Ол пайда үшін өмір сүреді. Әйтпесе ол капиталист болмас еді. Ол пайда өндіреді, ондағы мақсаты — ол пайданы үстеме капитал етіп жыйнастыру және, неғұрлым артта қалған елдерге жаңадан, бұрынғыдан да гөрі көбірек пайда өндіру үшін шығару. Осы ретпен Солтүстік Америкадан Қытайға, Индонезияға, Оңтүстік Америкаға, Европаға, Франциядан — француз отарларына, Англиядан — ағылшын отарларына капитал ағытылып жатады.

Бізде істің жайы басқаша, өйткені біз отар саясатын жүргізбейміз және оны керек қылмаймыз. Бізде өнеркәсіптен түскен табыс индустрияны бұрынғыдан да гөрі ұлғайту үшін, жұмысшылардың жағдайын жақсарту үшін, өнеркәсіп товарларын арзандату арқылы ішкі рыноктің, оның ішінде шаруа рыногінің де көлемін кеңейту үшін еліміздің өзінде қалады. Бізде өнеркәсіптен түскен пайданың шамамен алғанда 10 проценті жұмысшы табының тұрмысын жақсартуға жұмсалады. Бізде жұмысшылардың ақшалай жалақысының 13 проценті жұмысшы табын мемлекет есебінен қауіпсіздендіруге жұмсалады. Табыстардың бірсыпыра бөлімі (дәлдеп айтқанда қанша бөлімі екенін мен кәзір айта алмаймын) жұмысшылардың мәдени қажеттеріне, фабрик-завод оқуына, дем алысына жұмсалады. Бұл табыстардың едәуір-ақ бөлімі (дәлдеп

айтқанда қанша екенін мен кәзір тағыда айта алмаймын) жұмысшылардың ақшалай жалақысын көбейтіп отыруға жұмсалады. Өнеркәсіптен түскен табыстардың басқа бөлімі өнеркәсіпті бұрынғыдан да гөрі ұлғайтуға, ескі заводтарды жөндеуге, жаңа заводтарды салуға, ақыр аяғында, өнеркәсіп товарларын арзандатуға жұмсалады.

Бүкіл өнеркәсібіміз үшін бұл жағдайлардың зор маңызы мынау:

а) бұл жағдайлар ауыл шаруашылығын индустриямен жақындастыру, қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықтарды жою ісін оңайлатады;

б) бұл жағдайлар қалалық және деревнялық ішкі рыноктің көлемін ұлғайтуға дем береді, сөйтіп индустрияның бұрынғыдан да гөрі дамуы үшін үнемі өсіп отыратын база жасайды.

Үшіншіден, мына жағдай: өнеркәсіпті национализациялау фактысы бүкіл өнеркәсіп шаруашылығын тұтасымен жоспарлы түрде жүргізуді оңайлатады.

Өнеркәсібіміздің бұл стимулдары мен қозғаушылары түпкілікті фактор бола ма? Олар әрдайым қыймыл көрсететін фактор бола ала ма? Я, олар дайым қыймыл көрсететін стимул, қозғаушы болатыны сөзсіз. Жәнеде индустриямыз неғұрлым көбірек дамыса, бұл факторлардың күші мен маңызы соғұрлым көбірек болады.

7-СҰРАҚ. ССРО басқа елдердің капиталистік өнеркәсібімен қаншалық дәрежеде істес бола алады?

Бұл істестіктің белгілі шегі бар ма, әлде бұл — әншейін, қай жерде қандай істестік болуы мүмкін, қай жерде мүмкін емес екенін ашу үшін қажетті тәжрибе ме?

ЖАУАП. Әңгіме, анығында, өнеркәсіп жөнінде, сауда жөнінде және, мүмкін дипломатия қатнастары жөнінде капиталистік мемлекеттермен уақытша келісім жасау туралы болып отырса керек.

Менің ойымша қарама-қарсы екі системаның — капиталистік система мен социалистік системаның — барлығы мұндай келісім жасаудың мүмкіншілігін жоққа шығармайды. Менің ойымша, бейбіт даму жағдайында мұндай келісімдер мүмкін және қолайлы.

Экспорт пен импорт осындай келісімдер жасауға керекті ең қолайлы негіз болып табылады. Бізге керегі: құрал-сайман, шикізат (мәселен, мақта), шала фабрикаттар (металл және сондайлар жөнінен), ал капиталистер бұл товарларды өткізуге ділгер болып отыр. Келісім жасауға керекті негіз дегеніңіз осы. Капиталистерге керегі: мұнай, ағаш, астық өнімдері, ал бізге осы товарларды өткізу керек болып отыр. Келісім жасауға керекті негіз дегеніңіз осы. Бізге кредит керек, капиталистерге бұл кредиттен түсетін онды процент керек. Енді кредит жөнінен келісім жасауға керекті негіз дегеніңіздің тағы бірі осы, оның бержағында совет органдары кредитті нақ мезгілінде төлеп отыратын ең ұқыпты төлеуші болып табылатыны мәлім.

Дипломатия жөнінде де осыны айтуға болады. Біз бейбітшілік саясатын жүргіземіз және бір-бірімізге шабуыл жасамау туралы буржуазиялық мемлекеттермен пакт жасап қол қоюға дайынбыз. Біз бейбітшілік саясатын жүргіземіз және қарусыздану жөнінде, тұрақты армияларды толық құртуға дейін, келісім жасауға дайынбыз, бұл туралы Генуя конференциясында-ақ бүкіл дүние жүзінің алдында мәлімдегенбіз[38],

Дипломатия жөнінен келісім жасауға керекті негіз дегеніңіз осы.

Бұл келісімдердің шегі бар ма? Мұның шегі бірімен бірі жарысып, күресіп жатқан екі системаның қарама-қарсылығы. Осы екі система жол берген көлемде, тек осы көлемде ғана, келісім жасалуы әбден мүмкін. Мұны Германиямен, Италиямен, Жапониямен және басқалармен жасалған келісімдердің тәжрибесі көрсетіп отыр.

Бұл келісімдер әншейін эксперимент пе, әлде олар азды-көпті ұзақ мерзімді бола ала ма? Ол бізге ғана байланысты емес, ол контр-агенттерімізге де байланысты. Ол жалпы жағдайға байланысты. Соғыс қандай келісімді болса да астан-кестен қыла алады. Ол, ақыр аяғында, келісімнің шарттарына байланысты. Біз ауыр шарттарды қабыл ете алмаймыз. Грузиядағы марганс кенін пайдаланып отырған Гарриманмен жасасқан келісіміміз бар. Келісім 20 жылға жасалған. Көріп отырсыздар, мерзімі мүлдем қысқа емес. Сибирьде алтын өндіретін Лена-Гольдфильдс қоғамымен де жасасқан келісіміміз бар. Келісім 30 жылға жасалған,— мұның мерзімі анадан да гөрі ұзақ. Ақырында, Сахалиндегі мұнай кендері мен көмір кендерін пайдалану жөнінде Жапониямен жасасқан келісіміміз бар.

Біз бұл келісімдердің азды-көпті берік сыйпатты болуын тәуір көрер едік. Бірақ бұл, әрине, бізге ғана байланысты емес, контрагенттерімізге де байланысты.

8-СҰРАҚ. Россияның аз ұлттар жөніндегі өзінің саясаты жағынан капиталистік мемлекеттерден негізгі өзгешелігі не?

ЖАУАП. Әңгіме, шамасы, ССРО-ның бұрын патша өкіметі мен орыстың қанаушы таптары езген, өздерінің мемлекеті болмаған ұлттары туралы болып отырса керек.

Негізгі өзгешелік мынау: капиталистік мемлекеттерде ұлтты езу мен ұлтты құл ету бар, ал біздің ССРО-да анаусы да, мынаусы да түбінен жойылған.

Онда, капиталистік мемлекеттерде бірінші дәрежелі ұлттармен, артықша жағдайдағы ұлттармен, «мемлекеттік» ұлттармен қатар, екінші дәрежелі ұлттар, «мемлекеттік емес» ұлттар, толық правосы жоқ, не ондай, не мұндай правосынан, бәрінен бұрын мемлекеттік праволарынан айрылған ұлттар бар. Бізде ССРО-да, керісінше, ұлт теңсіздігінің, ұлтты езудің бұл белгілерінің бәрі құрыған. Бізде ұлттардың бәрі тең және суверенді, өйткені ертеректе үстемдік еткен великорус ұлтының ұлттық, мемлекеттік артықша жағдайлары құрыған.

Әңгіме, әрине, ұлттардың теңдігі жөніндегі декларациялар туралы болып отырған жоқ. Ұлт теңдігі туралы декларациялар буржуазиялық, социал-демократиялық партиялардың қайсысында болса да аз емес. Егерде тұрмыста жүзеге асырылмайтын болса, ондай декларациялардың не құны бар? Әңгіме ұлтты езушілікті жүргізетін, туғызатын, жүзеге асырып отыратын таптарды құрту туралы болып отыр. Біздегі мұндай таптар помещиктер, капиталистер еді. Біз бұл таптарды құлаттық, сөйтіп, ұлтты езу мүмкіншілігін құрттық. Бұл таптарды құлатқандықтан ғана бізде нағыз ұлт теңдігі мүмкін болды.

Бізде ұлттардың, бөлініп шығуға дейін, өздерін өздері билеуі жөніндегі идеяны жүзеге асыру деп осы-

ны айтады. Ұлттардың өздері-өздерін билеуін жүзеге асырғандығымыздан ғана, сондықтан ғана біз ССРО-дағы түрлі ұлттардың еңбекші бұқараларының біріне-бірінің сенбеушілігін жойып, ұлттарды өз еріктері бойынша бір одақтық мемлекет етіп біріктіре алдық. Кәзіргі өмір сүріп отырған Советтік Социалистік Республикалар Одағы біздің ұлт саясатымыздың нәтижесі болып табылады және ССРО-дағы ұлттардың өз еріктері бойынша бір одақтық мемлекет болып біріккенін көрсетеді.

Ұлт мәселесі жөнінде капиталистік елдерде мұндай саясаттың болуы мүмкін емес екендігін дәлелдеп жату керек бола қояр ма екен, өйткені, онда әлі күнге өкімет басында ұлтты езу саясатын туғызушы және жүргізуші капиталистер отыр.

Мына фактыны, мәселен, атап өтпеуге болмайды: ССРО-ның жоғарғы органының, Советтердің Орталық Атқару Комитетінің басында орыс председателінің отыруы міндет емес, ССРО-ға біріккен алты одақтық республиканың санына қарай, алты председатель отыр, оның бірі — орыс (Калинин), екіншісі — украиналық (Петровский), үшіншісі белорус (Червяков), төртіншісі — азербайжан (Мусабеков), бесіншісі — түрікпен (Айтаков), алтыншысы өзбек — (Файзулла Ходжаев). Бұл факт ұлт саясатымыздың айқын белгілерінің бірі болып табылады. Буржуазиялық республикалардың ешбірі, нағыз барып тұрған демократияшыл республика болса да, бұлай қадам баса алмайтынын айтпасақ та болады. Ал, біз үшін бұл қадам өзінен-өзі түсінікті, ұлт теңдігі жөніндегі бүкіл саясатымыздан туған факт болып табылады.

9-СҰРАҚ. Американ жұмысшы көсемдері өздерінің коммунистерге қарсы күресін екі жағдаймен дәлелдейді:

1) коммунистер өздерінің одақтар ішіндегі фракциялық күресі арқылы және кәсіпшілер одақтарындағы қызмет адамдарының радикал еместерін қуғындауы арқылы жұмысшылар қозғалысын бүлдіреді дейді;

2) американ коммунистері бұйрықты Москвадан алады, сондықтан кәсіпшілер одақтарының жақсы қайраткерлері бола алмайды, өйткені олардың шетел ұйымдары жөніндегі берілгендігі өз одағы жөніндегі берілгендігінен басым жатыр.

Американ коммунистері американ жұмысшы қозғалысының басқа ұяларымен бірге жұмыс жүргізе алатындай етіп бұл қыйыншылықты қалай жоюға болады?

ЖАУАП. Менің ойымша, американ жұмысшы басшыларының өздерінің коммунистерге қарсы күресін ақтамақ болған әрекеті ешбір айтуға да тұрмайды. Коммунистер жұмысшылар қозғалысын бүлдіреді деп әзір ешкім дәлелдеген жоқ, дәлелдей алмайды да. Бірақ, оның есесіне, коммунистердің бүкіл дүние жүзіндегі, соның ішінде Америкадағы, жұмысшылар қозғалысының нағыз берілген, нағыз батыл күрескерлері екенінің әбден дәлелденгенін есептеу керек.

Жұмысшылардың ереуілдері мен демонстрациялары кезінде коммунистер жұмысшы табының бірінші сапында жүреді, капиталистердің бірінші соққыларына кеудесін төсейді, ал реформистік жұмысшы басшылары ол кезде капиталистердің артына тығылады, бұл,

факт емес пе? Коммунистер реформистік жұмысшы басшыларының қорқақтығын, реакцияшылдығын қалай сынамай тұра алады? Мұндай сын жұмысшы қозғалысын тек жандандырып, нығайтатыны түсінікті емес пе?

Рас, мұндай сын реакцияшыл жұмысшы басшыларының беделін кетіреді. Ал оның не ерсілігі бар? Реакцияшыл жұмысшы басшылары коммунистерді кәсіпшілер одақтарынан қуумен емес, сынға сынмен жауап берсін.

Менің ойымша, егерде Американың жұмысшы қозғалысы өмір сүріп, өркендей бергісі келсе, кәсіпшілер одақтарының ішіндегі пікірлер мен ағымдардың күресінен тыс ешнәрсе бітіре алмайды. Менің ойымша, кәсіпшілер одақтарының ішіндегі пікірлер мен ағымдардың күресі, реакцияшыл басшыларды сынау және басқалар, реформистік жұмысшы басшылары бұған қанша қарсыласса да, ұлғайған үстіне ұлғая береді. Түрлі ағымдардың ішінен бірін таңдап, ақыр аяғында, американ қоғамының ішіндегі өз алдына дербес ұйымдасқан күш ретінде өзін өзі билеу үшін, Америка жұмысшы табына осындай пікірлер күресі, осындай сын өте керек.

Американың реформист басшыларының коммунистердің үстінен арыз-даулары олардың өздерінікі жөн екеніне сенбейтінін, өз күйінің берік емес екендігін сезетінін ғана дәлелдейді. Міне сондықтан ғана олар сыннан чумадан қорыққандай қорқады. Американың жұмысшы басшылары элементарлық демократияның сол Америкадағы буржуаның көбінен де батыл дұшпаны болып табылатыны көңіл қоярлық нәрсе.

Америка коммунистері жұмысты «Москваның бұй-

рығы бойынша» істейді, деу мүлдем дұрыс емес. Сырттан берілген «бұйрық бойынша», өз сеніміне карсы, өз тілектеріне карсы, жағдайдың нұскауына карсы іс кылуға көнетін коммунистерді дүние жүзінен таба алмайсыз. Ондай коммунистер бір жерлерде бола койған күнде де, олардың бір тыйындык кұны болмас еді.

Коммунистер — нағыз батыл, нағыз ержүрек адамдар, олар ұшы-кыйыры жок көп дұшпандарға карсы күреседі. Олар өздерінің пікірлерін корғай алады, — коммунистердің бағалылығының бірі осы. Сондыктан америка коммунистерін өздерінің пікірлері жок, сырттан берілген «бұйрык бойынша» ғана іс істей алатын адамдар деп сөз кылу акылға сыймайтын нәрсе.

Жұмысшы басшыларының айткандарының бір ғана дұрыс жері, атап айтканда мынау: американ коммунистері коммунистердің халыкаралык ұйымының кұрамына кіреді, бұл ұйымның орталығымен түрлі мәселелер жөнінде дүркін-дүркін кеңесіп отырады. Ал, мұның несі жаман? Сондай-ак американ жұмысшы басшылары халыкаралык жұмысшы орталығын ұйымдастыруға карсы ма? Рас, олар Амстердамның кұрамына кірмейді[39]. Бірак, олардың оған кірмейтіні олардың халыкаралык жұмысшы орталығына карсылығынан емес, олардың Амстердамды тым солшыл ұйым деп санайтындығынан. (К ү л к і.)

Капиталистер интернационалдык көлемде ұйымдаса алғанда, жұмысшы табының немесе жұмысшы табының бір бөлегінің халыкаралык ұйымы болуға неліктен тиіс емес?

Грин мен оның Америка Еңбек Федерациясындағы[40] достары капиталистердің «Москвадан алынған бұйрык» туралы ертегілерін кұлдарша костап, американ

коммунистеріне жала жауып отырғаны айқын емес пе?

Москвадағы Коммунистік Интернационалдың мүшелері отыра қалып, барлық елдерге директивалар жазудан басқа түк бітірмейді, деп ойлайтын адамдар бар. Коминтерннің құрамына кіретін елдердің саны 60-тан артығырақ, ұйқы көрмей, ішпей-жемей, отыра қалып, күні-түні сол елдерге директивалар жазудан басқа түк бітірмейтін Коминтерн мүшелерінің халін осыдан-ақ байқауыңызға болады. (Күлкі.) Американың жұмысшы басшылары өздерінің коммунистерден зәресі ұшатынын осындай ертегімен көлегейлеп жасырғысы келеді, коммунистердің Америка жұмысшы табының нағыз ер, нағыз берілген қайраткерлері болып табылатынын бүркегісі келеді!

Делегация мұндай халден шығу жолын сұрайды. Менің ойымша, бұл халден шығу жолы біреу-ақ: Американың кәсіпшілер одақтарының ішінде пікірлер мен ағымдардың күресіне жол беру керек, коммунистерді кәсіпшілер одақтарынан қуу жөніндегі реакцияшыл саясатты аулақ тастау керек және Америка жұмысшы табының осы ағымдардың бірін еркінше таңдап алуына мүмкіндік беру керек, өйткені Америкада өз Октябрь революциясы әлі болған жоқ және онда кәсіпшілер одақтары ішіндегі түрлі ағымдардың бірін түпкілікті таңдап алуына жұмысшылардың осы күнге дейін мүмкіндігі болмады.

10-СҰРАҚ. Америка компартиясын немесе коммунистік газет «Дейли Уоркерді» сүйеу үшін кәзіргі уақытта Америкаға ақша жіберіліп тұра ма?

Егер жіберіліп тұрмаса, Америка коммунистері

жылдық мүшелік жарна ретінде III Интернационалға қанша төлейді?

ЖАУАП. Егер әңгіме Америка компартиясы мен III Интернационалдың арақатнастары туралы болып отырса, онда мен мынаны айтуға тиіспін: Коммунистік Интернационалдың бір бөлегі болып табылатын Америка компартиясы Коминтернге мүшелік жарна төлеп отыратын болуы керек, сол сияқты, халықаралық коммунистік қозғалыстың орталығы болып табылатын Коминтерн де, қажет деп тапқан уақыттарда, Америка компартиясына әлінше көмектесіп тұрады деп білу керек. Менің ойымша мұнда таңқаларлық, оғаш шығып тұрған дәнеңе жоқ.

Ал, егер әңгіме Америка компартиясы мен ССРО компартиясының арақатнастары туралы болып отырса, онда мен мынаны мәлімдеуге тиіспін: Америка компартиясының өкілдері ССРО компартиясынан жәрдем сұраған бір кезін де білмеймін. Сіздер мұны ерсі көрерсіздер, бірақ бұл — Америка коммунистерінің тым сыпайы екенін көрсететін факт.

Ал, Америка компартиясы ССРО компартиясынан жәрдем сұрай қалса, не болар еді? Менің ойымша, ССРО компартиясы оған әлінше жәрдем көрсетер еді. Шынында да, капитализмнің бұғауындағы басқа елдің компартиясына әлінше жәрдем көрсетуден бастартса, компартияның, оның үстіне өкімет басында отырған компартияның, не құны болмақ? Мен айтсам, мұндай компартияның бір тыйындық құны болмас еді.

Америка жұмысшы табы, өзінің буржуазиясын құлатып, өкімет басына келді делік; капитализмге қарсы ұлы күресте жеңіп шыққан американ жұмысшы табы-

нан басқа бір елдің жұмысшы табы әлінше заттық жәрдем көрсетуді сұрады делік, — американ жұмысшы табы мұндай жәрдем көрсетуден бастарта алар ма еді? Менің ойымша, егер ол жәрдем көрсетуде бұлтақтаса, оның өзі масқара болар еді.

11-СҰРАҚ. Қәзіргі уақытта реакцияшыл дін иелері жанышталғандықтан жаңа мүшелердің бәрі атейст болсын деген компартия талабына кейбір жақсы коммунистер пәлендей қосылмайтынын білеміз. Келешекте компартия бүкіл ғылымның бәріне көмектесетін, коммунизмге қарсы шықпайтын дін жөнінде бейтарап бола алар ма еді?

Келешекте сіздер партия мүшелеріне, егер діншіл пікірлер партияға адалдықтан қашық кетпесе, діншіл пікірде болуға рұхсат етер ме едіңіз?

ЖАУАП. Бұл сұрақтың бірсыпыра дәл емес жерлері бар.

Біріншіден, делегацияның бұл жерде айтып отырғандарындай «жақсы коммунистерді» мен білмеймін. Тегінде ондай коммунистер жаратылыста жоқ шығар.

Екіншіден, мен мынаны айтуға тиіспін: формалдық жағынан айтқанда, бізде партия мүшелігіне алу шарттарында партия мүшелерінің кандидаттарынан міндетті түрде атейст болуды талап ететін шарт жоқ. Партияға алу шартымыз: партияның программасы мен уставын мойындау, партияның және оның органдарының қаулыларына сөзсіз бағыну, мүшелік жарналар, партия ұйымдарының біріне кіру болып табылады.

Делегаттардың бірі. Құдайға нанғаны үшін партиядан шығарылғандар жайында мен өте көп оқыдым.

Сталин. Мен партияға алу шарттары туралы айтылғандарды ғана қайта айта аламын. Бізде бөтен шарттар жоқ.

Бұдан, партия дін жөнінде бейтарап, деген сөз шыға ма? Жоқ, шықпайды. Біз діншіл соқыр сенімдерге қарсы насихат жүргізіп отырмыз және насихат жүргіземіз. Еліміздің заңы мынадай: әрбір азамат қалаған дінін ұстауға ерікті. Бұл әркімнің ұжданына байланысты іс. Міне сондықтан да біз шеркеуді мемлекеттен бөліп шығардық. Бірақ шеркеуді мемлекеттен бөліп шығарып, дін ұстауға еріктілікті жарыялаумен қатар, біз иландыру жолымен, насихаттау, үгіттеу жолымен қай дінге болса да қарсы, дін атаулының бәріне қарсы әрбір азаматтың күресуіне право бердік. Партия дін жөнінде бейтарап бола алмайды, сондықтан ол — дінге қарсы, діншіл соқыр сенімдер атаулының бәріне қарсы насихат жүргізеді, мұның себебі — ол ғылымды жақтайды, ал діншіл соқыр сенімдер ғылымға қарсы шығады, өйткені дін атаулының бәрі ғылымға қарама-қарсы нәрсе. Жақын арада Америкада дарвиншілдерді[41] жазғырды; мұндай оқиғалардың бізде болуы мүмкін емес, өйткені партия барынша ғылымды жақтау саясатын жүргізеді.

Партия діншіл соқыр сенімдер жөнінде бейтарап бола алмайды, сондықтан ол бұл соқыр сенімдерге қарсы насихат жүргізеді, өйткені бұл — қанаушы таптарды қолдайтын, осы таптарға бас июді уағыздайтын реакцияшыл дін иелерінің ықпалын жоюдың сенімді бір жолы.

Партия діншіл соқыр сенімдерді жаятындар жөнінде, еңбекшілер бұқарасының санасын улайтын реакцияшыл дін иелері жөнінде бейтарап бола алмайды.

Біз реакцияшыл дін иелерін басып-жанша алдық па? Я, басып-жаныштық. Бірақ, ең жаман жері — дін иелері әлі тегіс жойылып біткен жоқ. Дінге қарсы насихат — реакцияшыл дін иелерін жою ісін аяқтауға тиісті құрал болып табылады. Кейде партия мүшелерінің ішінен кейбіреулердің дінге қарсы насихатты барынша өршітуге кедергі жасайтын реттері болады. Егер партияның мұндай мүшелері партиядан шығарылса, бұл тіпті жақсы, өйткені мұндай «коммунистерге» біздің партияның ішінде орын жоқ.

12-СҰРАҚ. Бізге коммунизм орнатпақ болып отырған болашақ қоғамды қысқаша сыйпаттап беруіңізге бола ма?

ЖАУАП. Коммунистік қоғамның жалпы сыйпаттамасы Маркстің, Энгельстің, Лениннің еңбектерінде берілген.

Егер коммунистік қоғамның қысқаша анатомиясын берсек, ол мынадай қоғам болмақ: а) онда өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарын жеке меншіктену болмайды, қоғамдық, коллективтік меншік болады; б) онда таптар мен мемлекеттік өкімет болмайды, еңбекшілердің еркін ассоциясы ретінде экономика жағынан басқарылып отыратын индустрияның және ауыл шаруашылығының еңбекшілері болады; в) онда жоспармен ұйымдастырылған халық шаруашылығы индустрия жөнінде де, ауыл шаруашылығы жөнінде де жоғарғы дәрежелі техникаға сүйенеді; г) онда қала мен деревня арасында, индустрия мен ауыл шаруашылығы арасында қарама-қарсылық болмайды; д) онда азық-түлік бұрынғы француз коммунистері-

нің: «әркімнен қолынан келгеніне қарай, әркімге керегіне қарай» деген принципі бойынша бөлінеді; е) онда ғылым мен искусство өздерінің толық гүлденуіне өте қолайлы жағдайлармен пайдаланады; ж) онда адам бір үзім нанның уайымынан «дүниедегі күштілерге» жарамсақтану қажеттігінен босанып, шын азат адам болады.

Және т. т. және т. т.

Әрине, мұндай қоғамға жетуімізге әлі көп уақыт бар.

Коммунистік қоғамның толық орнауы үшін қажетті халықаралық жағдайларға келсек, ол жағдайлар капиталистік елдердегі революциялық кризистер мен жұмысшы табының революциялық баскөтерулері күшейген сайын туып, күшейе береді.

Бір елдің немесе бірнеше елдің жұмысшы табы социализмге қарай, одан бетер коммунизмге қарай жол тартады, ал басқа елдердің капиталистері бұған немқұрайды қарап, қолдарын қусырып қарап отырады деп ойлауға болмайды. Капиталистік елдердегі жұмысшы табы белгілі бір елде жеңімпаздықпен дамып бара жатқан социализмге жәй қарап қана отыруға көнеді деп ойлауға тіптен болмайды. Шынында мұндай елдерді тұншықтыру үшін капиталистер қолынан келгенінің бәрін істеп бағады. Шынында белгілібір елде социализмге қарай, одан бетер коммунизмге қарай әрбір жолы шындап қадам басқан сайын капиталистік елдердің жұмысшы табы өз елдерінде өзінің өкіметін орнатуға, социализм орнатуға бар ынтасымен ұмтылатыны сөзсіз.

Сонымен халықаралық революцияның және халықаралық реакцияның бұдан әрі дамуының барысын-

да дүниежүзілік көлемде екі орталық құралады: бірі — социализмге бейім елдерді өзіне тартатын социалистік орталық, екіншісі — капитализмге бейім елдерді өзіне тартатын капиталистік орталық. Осы екі лагерьдің күресі бүкіл дүние жүзінде капитализм мен социализмнің тағдырын шешеді.

II

СТАЛИН ЖОЛДАСТЫҢ СҰРАҚТАРЫ ЖӘНЕ ДЕЛЕГАТТАРДЫҢ ЖАУАПТАРЫ

Сталин. Егер делегация қатты шаршамаған болса, мен делегацияға өз тарапымнан бірнеше сұрақ беруге рұхсат сұрар едім. (Делегация өзінің рыйзалығын білдіреді.)

1-СҰРАҚ. Америкада жұмысшылардың кәсіпшілер одақтарына азғана процентінің ұйымдасып отырғандығын немен түсіндіруге болады?

Онда 17 миллиондай индустрия жұмысшылары болса керек. (Делегаттар: онда 18 миллионнан 19 миллионға дейін жететін индустрия жұмысшылары бар, деп мағлұмат береді.) Олардың ұйымдасқаны 3 миллиондай ғой деймін. (Делегаттар: Американың Еңбек Федерациясына ұйымдасқан жұмысшылар 3 миллион шамасында, ал, басқа кәсіпшілер одақтарына ұйымдасқан жарты миллиондай жұмысшылар бар, сөйтіп, небәрі 3½ мил-

лион ұйымдасқан жұмысшы деп мағлұмат береді.) Жұмысшылардың кәсіпшілер одақтарына осындай аз процентінің ұйымдасуын мен өте аз деп білемін. Бізде ССРО-да, еліміздегі барлық пролетарлардың 90 проценті кәсіпшілер одақтарына ұйымдасқан. Делегациядан сұрайын дегенім: жұмысшылардың кәсіпшілер одақтарына ұйымдасуының басқалармен салыстырғанда аздығын делегация жақсы деп түсіне ме екен. Делегация бұл фактының өзін американ пролетариатының әлсіздігін көрсетеді, олардың капиталистерге қарсы экономика жөніндегі күрес құралдарының әлсіздігін көрсетеді деп ойламай ма?

Брофи. Кәсіпшілер одақтары санының аздығын кәсіпшілер одағы ұйымдарындағы тактиканың нашарлығынан деп емес, елдегі жалпы экономикалық жағдайдан деп түсіну керек, ал елдегі экономикалық жағдайлар жұмысшылардың күллі бұқарасын ұйымдасуға итермелемейді және, осы экономикалық жағдайлардың қолайлылығы арқасында жұмысшы табының капиталистерге қарсы күресу қажеттілігі азайып отыр. Бұл жағдайлар, әрине, өзгеріп отырмақ, және бұл жағдайлардың өзгеруімен жарыса кәсіпшілер одақтары да өсіп отырмақ, онда бүкіл кәсіпшілік қозғалысы басқа жолмен жүрмек.

Дуглас. Менің алдымда сөйлеген шешеннің берген түсінігіне қосыламын. Менің оған қосатыным мынау: біріншіден, — Құрама Штаттардағы жалақыны соңғы кездерде капиталистердің өздерінің өте жоғары көтеріп отырғандығын еске алу керек. Жалақыны бұлайша жоғары көтеру процесі 1917 жылда да, 1919 жылда да және онан кейін де байқалып отырды. Егер осы күнгі реалды жалақыны 1911 жылғы жалақымен са-

лыстырса, осы күнгі жалақы анағұрлым артық болып шығады.

Кәсіпшілік қозғалыс өзінің даму процесінде әуелде де цехқа қарай, кәсіпке қарай құрылған болатын, осы күнде де солай құрылып отыр, сондықтан кәсіпшілер одақтары көбінесе, маман жұмысшылар үшін құрылған. Ол одақтардың басында белгілі көсемдер отырып келді, олар тұйық ұйымдардың өкілдері еді және өздерінің мүшелерінің хал-жайларын жақсы етуге тырысып отырды. Оларда кәсіпшілер одақтарының көлемін кеңейтуге және мамандығы жоқ жұмысшыларды кәсіпшілер одақтарына ұйымдастыруды керек ететін себептер болған жоқ.

Оның үстіне, Американың кәсіпшілік қозғалысына, өте жақсы ұйымдасқан капитализммен санасуға тура келеді, американ капитализмінің қолында барлық жұмысшыларды кәсіпшілер одақтарына ұйымдастыруға қарсы жұмсайтын құралдардың бәрі де бар. Айталық, егер трестке кірген өндіріс өзінің кәсіпорындарының бірінде кәсіпшілер одақтарының өте күшті қарсылығына кездессе, ол өндіріс кәсіпорынды тіпті жауып тастап, жұмысты өзінің басқа бір кәсіп орнына көшіру сияқты шараларды қолдануға дейін барады. Сонымен, кәсіпшілер одағының қарсылығының быт-шыты шығарылады.

Америка капитализмі өздігінен жұмысшылардың жалақысын көбейтеді, бірақ онымен ешқандай экономикалық билік бермейді, жұмысшылардың өз тұрмысын экономикалық жағынан жақсарту үшін күресуге мүмкіндік бермейді.

Америкадағы тағыбір өте маңызды жағдай мынау: капиталистер түрлі ұлттардан шыққан жұмысшылар-

дың арасында алакөздік тудырып отырады. Мамандығы жоқ жұмысшылар көбінесе Европадан келген жұмысшылар, немесе, соңғы кездерде, негір жұмысшылары. Капиталистер түрлі ұлттардан шыққан жұмысшылардың арасында алакөздік тудыруға тырысады. Бұлайша ұлтқа бөлушілік мамандықты керек ететін және мамандықты керек етпейтін еңбекке қарай да болады. Капиталистер түрлі ұлттардан шыққан жұмысшылардың еңбектері мамандық еңбек бола тұрса да, ол жұмысшылардың арасында ұдайы антагонизм туғызып отырады.

Соңғы 10 жыл бойында америкаи капитализмі өте шебер саясат қолданып келе жатыр: олар өздерінің компаниялық одақтар деп аталатын кәсіпшілік одақтарын құрып жатыр. Америка капитализмі өздерінің кәсіпорындарында жұмыс істеуге жұмысшыларды тартады, сол кәсіпорындардың пайдасынан үлес алатын етіп қызықтырады және т. т. Америка капитализмінде жатық бөлуді тік бөлумен айырбас жасау беталысы бар, яғни жұмысшы табын капитализмнің қамы үшін қызықтырып жұмысқа тартып, жұмысшы табын бөлшектеу беталысы бар.

Койль. Мен мәселеге теория тұрғысынан емес, практика тұрғысынан қараймын. Рас, бәрінен жақсысы жұмысшыларды жақсы уақыттарда ұйымдастыру, бірақ, әңгіме мынада: Американың Еңбек Федерациясы мүшелерінің қозғалысының санақ ақпарына қарағанда, Американың Еңбек Федерациясы мамандығы жоқ жұмысшыларды бірте-бірте жоғалтып, өзінің құрамында мамандығы бар жұмысшылардың санын арттырып келе жатқан көрінеді. Сонымен, Американың Еңбек Федерациясы өзінің құрамына көбінесе маман-

дығы бар жұмысшыларды алған ұйым болғысы келеді және бірте-бірте солай бола бастады да.

Американдағы кәсіпшілік қозғалыс мамандығы жоқ жұмысшыларды қамтымайды десе болғандай. Кәсіпшілер одақтары өнеркәсіптің ірі тарауларын қамтымайды. Өнеркәсіптің осы ірі тарауларының ішінде тек көмір өнеркәсібі мен теміржол өнеркәсібіндегі жұмысшылар ғана белгілібір дәрежеде ұйымдасқан, соның өзінде де көмір өнеркәсібінде істейтін жұмысшылардың 65 проценті ұйымдаспаған жұмысшылар. Өнеркәсіптің болат құятын, каучук шығаратын, автомобиль жасайтын тараулары сыяқты тарауларындағы жұмысшылар кәсіпшілер одақтарына мүлдем ұйымдаспаған десе болғандай. Кәсіпшілер одақтары мамандығы жоқ жұмысшыларды қамтымайды деп айтуға болады.

Американың Еңбек Федерациясынан тыс тұратын, мамандығы жоқ және мамандығы аз жұмысшыларды ұйымдастыруға тырысатын толып жатқан кәсіпшілік ұйымдары бар. Ал, Американың Еңбек Федерациясы көсемдерінің позициясына келсек, сол көсемдердің біреуі — мәселен металлистердің кәсіпшілер одағының председателі өзінің одағына мамандығы жоқ жұмысшыларды алғысы келмейтіндігін көрнеу ашық айтты. Кәсіпшілер одақтарының көсемдері жайындағы жағдай мынадай: көсемдер кастасы жасалған, олар жылына 10, онан да көп мың доллар жалақы алатын бірнеше он адамнан құралған, ол қастаға кіру орасан қыйын.

Дунн. Сталин жолдастың көтерген мәселесі орынды көтерілген мәселе емес, өйткені оның еліндегі жұмысшылардың 90 проценті кәсіпшілер одақтарына

ұйымдасып отырған болса, ол бұл елде өкіметтің жұмысшы табы қолында болғандығынан, ал капиталистік елдерде жұмысшылар езілген тап, сондықтан буржуазия жұмысшылардың кәсіпшілер одақтарына ұйымдасуына мүмкіндік бермеу үшін барлық шараларды істейді.

Оның үстіне, онда реакцияшыл кәсіпшілер одақтары бар, олардың басында отырғандар реакцияшыл көсемдер. Америкадағы жағдайларда кәсіпшілер одақтары идеясының өзін жұмысшыларға ұғындыру өте қыйын. Америкада кәсіпшілер одақтарының соншалық аз орын тепкендігінің себебі осы.

Сталин. Американың жұмысшы қозғалысының кейбір басшыларының өздері кәсіпшілік қозғалысты етек алдырмауға тырысады деген алдыңғы шешенге соңғы шешен қосыла ма екен?

Дунн. Қосыламын.

Сталин. Мен кімнің де болса көңілін қалдырайын дегенім жоқ. Мен тек Америка мен ССРО-дағы істердің жайындағы айырманы ашып алуды ғана тіледім. Егер мен біреудің көңілін қалдырған болсам, кешірім сұраймын. (Делегаттар күліседі.)

Дунн. Менің зәредей де көңілім қалған жоқ.

Сталин. Америкада жұмысшыларды мемлекеттік қамсыздандыру системасы бар ма?

Делегаттардың біреуі. Америкада жұмысшыларды мемлекеттік қамсыздандыру системасы жоқ.

Койль. Штаттардың көпшілігінде өндірісте жарымжан болғандарға төленетін компенсация болады, ал компенсация төлегенде еңбекке жарамдылығынан айрылуы максимум 30 процент болса төленеді.

Штаттардың көбінде бұл бар. Мұны еңбекке жарамдылығы кімнің кәсіпорнында жоғалтылған болса, сол кәсіпорынның жеке меншікті фирмасы төлейді, заң осылайша төлеуді талап етеді.

Сталин. Америкада жұмыссыз қалғандарды мемлекеттік қамсыздандыру бар ма?

Делегаттардың біреуі. Жоқ. Жұмыссыз қалғандарды қамсыздандыру үшін жасалатын қор барлық штаттардағы жұмыссыз қалғандардың 80 мыңынан 100 мыңына дейінін қанағаттандыра алады.

Койль. Индустрияда жарымжан болғандарды ягни, өндірісте жарымжан болғандарды қамсыздандыру (мемлекеттік қамсыздандыру емес) бар. Бірақ, ауру себепті немесе карттық себепті мүгедек болып қалғандар қайтсе де қамсыздандырылмайды. Қамсыздандыру қоры жұмысшылардың жарнасынан жыйылады. Шынына қалғанда қамсыздандыру қорының барлық сомасын төлейтін жұмысшылардың өздері болады, өйткені егер жұмысшылар бұл қорды жасамаса, онда жұмысшылар жоғарғы үстеме ақы алған болар еді, ал бұл қор жұмысшылар мен кәсіпиелерінің келісуімен жасалатын болғандықтан, жұмысшылар аз үстеме ақы алады. Қордың барлық сомасы дерлігі осыдан құралады. Бұл қорға кәсіпиелерінің төлейтіні іс жүзінде жарытымсыз, 10 процент шамасындай.

Сталин. Біздің ССРО-да жұмысшыларды мемлекет есебінен қамсыздандыру үшін жыл сайын 800 миллион сомнан артығырақ ақша жұмсалып отыратындығын айтсам, жолдастарға бұл ескерерлік нәрсе болар еді.

Біздегі жұмысшылар өнеркәсіптің барлық салаларында да, дағдылы ақшалай алатын жалақыларынан

баска, қамсыздандыру үшін, тұрмыстарын жақсарту үшін, мәдени керектері және т. с. үшін жалақыларының үш бөлігінің бір бөлігіндей қосымша да алады, сіздерге мұны айтуым да орынсыз болмас.

2-СҰРАҚ. Солтүстік Америка Құрама Штаттарында арнаулы бұқаралық жұмысшы партияның жоқтығын немен түсіндіруге болады?

Америка буржуазиясының табандатқан екі саяси партиясы бар: республикашыл партиясы және демократияшыл партиясы бар, ал Америка жұмысшыларының өздеріне тән бұқаралық саяси партиясы жоқ. Англиядағы (Лейбор парти) сияқты болса да, өздерінің бұқаралық жұмысшы партиясының болмаушылығы жұмысшы табының капиталистерге қарсы саяси күресінде күшін әлсіретеді деп білмей ме екен жолдастар?

Онан соң, тағы бір сұрақ:. **Америкадғы жұмысшы қозғалысының басшылары, Грин және басқалары, Америкада дербес жұмысшы партиясын құруға неліктен батыл түрде қарсы шығады?**

Брофи. Я, басшылардың ондай партияны құрудың керектігі жоқ, деген қаулысы болған. Бірақ, ондай партияны құрмай болмайды деп санайтын азшылық бар. Осы күні Америкадағы объективтік жағдайлар, жоғарыда да айтылды ғой, мынадай: Құрама Штаттардағы кәсіпшілік қозғалыс өте нашар, ал кәсіпшілік қозғалыстың нашар болатын себебі жұмысшы табы ұйымдасуды және капиталистерге қарсы күресуді әзірге керек қылмай отыр, өйткені жұмысшының жалақысын капиталистердің өздері өсіреді, жұмысшылардың көңілін қанағаттандырарлықтай материалдық жағдаймен қамтамасыз етеді.

Сталин. Жалпы қамтамасыз етілетін болса, мамандығы бар жұмысшылар қамтамасыз етіледі ғой. Бұл арада бір қайшылық бар. Бір жағынан, ұйымдасудың керектігі жоқ болып шығады, өйткені жұмысшылар қамтамасыз етілген; екінші жағынан, кәсіпшілер одақтарына ұйымдасқандар нақ сол өте-мөте қамтамасыз етілгендері, яғни мамандығы бар жұмысшылар деседі; үшінші жағынан, кәсіпшілер одақтарына ұйымдаспағандары нақ сол өте-мөте қамтамасыз етілмегендері, яғни мамандығы жоқтары болып шығады, бұлар ұйымдасушылыққа бәрінен де гөрі ділгер. Мұны мен еш түсіне алмай отырмын.

Брофи. Я, мұнда қайшылық бар, бірақ Американың саяси және экономикалық тұрмысының өзі де сондай қайшылықты.

Бребнер. Мамандығы жоқ жұмысшылар кәсіпшілер одақтарына ұйымдаспаған бола тұрса да, олардың саяси дауыс правосы бар. Сонымен, егер наразы болатын реттер бар болса, мамандығы жоқ жұмысшылар, саяси дауыс праволарының болғандығымен пайдаланып, наразылық реттерін білдіреді. Екінші жағынан, кәсіпшілер одақтарындағы жұмысшылар, егер олардың өте қыйын халге ұшырап қалатын уақыттары болса, олар өздерінің кәсіпшілер одақтарында тұрғандықтарымен емес, саяси дауыс праволарының болғандығымен пайдаланады. Сонымен, кәсіпшілер одақтарына ұйымдасқандықтың жоқтығын саяси дауыс правосының болғандығы жабады.

Израэльс. Негізгі қыйыншылықтардың біреуі — системаның өзі, Құрама Штаттардағы сайлау системасы. Онда президентті сайлаған уақытта, бүкіл елдегі дауыстың көпшілігін алған, немесе, тіпті, қандай

тап болса да бір таптың дауысының көпшілігін алған адам сайланбайды. Онда әрбір штатта сайланып қойылатын коллегия болады, әрбір штаттың мөлшерлі дауысы болады, президент сайлауына солар қатысады. Президент болып сайлану үшін ол дауыстардың 51 процентін алуы керек. Егер 3—4 партия болса, ол күнде ешкім де сайланбай қалып, сайлау конгреске көшірілуге тиіс болады. Үшінші партияны құруға қарсы дәлел, мінеки, осы. Үшінші партияны құруға қарсылар былай деп дәлелдейді: үшінші кандидатты ұсынбаңыздар, өйткені, ол күнде сіздер либералдар партиясының дауысын бөліп жібересіздер де, либералдар партиясының кандидатын сайлауға мүмкіндік бермейсіздер.

Сталин. Алайда, сенатор Лафолетт бір кезде үшінші буржуазиялық партия құрды ғой. Сонымен, егер үшінші партия буржуазиялық партия болса, ол дауысты бөле алмайды да, ал, егер үшінші партия жұмысшы партиясы болса, онда ол дауысты бөле алатын болып шығады.

Дэвис. Менің алдымда сөйлеген шешеннің көрсеткен фактысын негізді факт деп таппаймын. Меніңше, негізгі факт мынау. Мысал етіп мен өзімнің тұрған қаламды аламын. Сайлау науқаны кезінде бір партияның өкілі келіп кәсіпшілер одағы ұйымының бастығына қандай да болса бір жауапты қызмет орнын береді, кәсіпшілер одағы ұйымының бастығына сайлау науқанына байланысты белгілі қаражат береді, ол қаражат әлгі бастықтың пайдасына жұмсалады, осыдан кейін барып ол алатын қызмет орнына байланысты белгілі бедел алады. Сөйтіп, кәсіпшілер одағы қозғалысының басшыларының өздері не ондай, не

мұндай буржуазиялық партияның жағында болады. Сондықтан, үшінші партияны, жұмысшы партиясын, құру туралы әңгіме көтерілген күнде, кәсіпшілер одағы қозғалысының бұл басшыларының ондай партияны құру үшін ешқандай шаралар қолданғылары келмейтіні табиғи нәрсе. Сондағы олардың дәлелі: егер үшінші партия құрылса, ол уақытта кәсіпшілер одақтары бөлініп кетеді, деседі.

Дуглас. Кәсіпшілер одақтарына тек мамандығы бар жұмысшылардың ұйымдасуының себебі көбінесе мынадан: кәсіпшілер одақтарына кіру үшін белгілі қоры және белгілі аукаты болуы керек, өйткені мүшелік жарна өте ауыр, ал мамандығы жоқ жұмысшылардың ондай ауыр жарнаны — кіру жарнасын төлеуге мүмкіндігі болмайды.

Оның үстіне, егер мамандығы жоқ жұмысшылар ұйымдасуға әрекет жасаса, кәсіп иесі оларды жұмыстан шығарып тастайды, осындай қауіп оларға дайым төнеді де тұрады. Мамандығы жоқ жұмысшылар мамандығы бар жұмысшылардың мықтап қолдауымен ғана ұйымдаса алады. Мұндай қолдаушылықты олар көбінесе ала алмайды. Мамандығы жоқ жұмысшыларды кәсіпшілер одақтарына ұйымдастыруға бөгет болатын негізгі кедергілердің бірі міне осы жағдай.

Жұмысшы бұқара өзінің праволарын жақтағанда негізінде саяси жағынан жақтайды. Мамандығы жоқ жұмысшылардың ұйымы жоқтығының бас себебі де осыдан деп білемін.

Америка сайлау системасының бір ерекшелігін, төте сайлаулардың жүргізілетінін, айтып өтуім керек: Америкада кез келген адам сайлау болып жатқан жыйылысқа келіп кіре алады және өзін демократпын

деп немесе республикашылмын деп жарыялап, дауыс бере алады. Төте дауыс беру дәлелі болмаса Гомперс жұмысшыларды саяси емес программамен ұстап тұра алмас еді, деп сенемін. Ол жұмысшыларға әрдайым былай дейді: егер жұмысшылар саяси қыймыл жасағылары келсе, олар осы күнгі өмір сүріп отырған екі саяси партияның біреуіне кіре алады және сол партиядан қандай да болса бір қызмет орнын алып, партияның ішінде өзіне бедел туғыза алады. Осыны дәлел етіп, Гомперс жұмысшы табын ұйымдасу идеясынан және жұмысшы партиясын құру идеясынан талай тоқтата алды.

3-СУРАҚ. ССРО-ны тану туралы мәселеде Американың Еңбек Федерациясы басшыларының буржуалардың көбінен реакцияшыл болып табылатындарын немен түсіндіруге болады?

Бор мырза және басқалары сыяқты буржуалар ССРО-ны тану жағында болғанда, Гомперстен бастап Гринге дейін Америкадағы жұмысшы қозғалысы басшыларының ССРО-ны тануға, бірінші жұмысшы республикасын тануға, қарсы нағыз реакцияшыл насихат жүргізіп келгендігін және осы күнде де жүргізіп отырғандығын немен түсіндіруге болады?

Американың бұрынғы президенті реакцияшыл Вудро Вильсонға дейін Советтік Россияны «құттықтай» алғанда, Американың Еңбек Федерациясының Грин және басқа басшыларының капиталистерден де реакцияшыл болғылары келетінін немен түсіндіруге болады?

Вудро Вильсон бұл «құттықтауын» 1918 жылдың мартында герман кайзерінің әскерлері советтік Петро-

градқа шабуыл жасап жатқан кезде Россияның Советтер съезі атына жіберген болатын; оның тексті мынау:

«Советтер съезі болып жатқандығын пайдаланып, Құрама Штаттар халқының атынан орыс халқына шын тілектестігімді білдіргім келеді, әсіресе кәзір, Германия бостандық жолындағы күреске көлденең тұрып, бостандықтың барлық табыстарын жоқ қылу үшін және Германияның ойлағанын іске асырып, орыс халқын еркінен айыру үшін өзінің құралды күштерін ел ортасына енгізіп жатқан кезде орыс халқына шын тілектестік білдіргім келеді. Құрама Штаттар үкіметі өзінің көңіліне алған тікелей жәрдемін Россияға, амал не, осы кезде көрсете алмайтын халде бола тұрса да, осы съезд арқылы орыс халқын сендіргім келетіні мынау: Құрама Штаттар үкіметі Россияның баяғы толық суверенитетін қайтадан орнатуды, өзінің ішкі істерінде ешқандай тәуелді болмаушылықты және Европаның өміріндегі, осы күнгі бүкіл адам баласының өміріндегі Россияның атқарып отырған ұлы ролін қайтадан орнатуды қамтамасыз ету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланбақ. Орыс халқының самодержавиеден мәңгі құтылғысы келген және өз тағдірін шешуші өзі болғысы келген талабына Құрама Штаттар халқы шын жүрегімен тілектес» («Правда» № 50, 16 март, 1918 ж.).

Американың Еңбек Федерациясы басшыларының реакцияшыл Вильсоннан да реакцияшыл болғылары келетінін дұрыс іс деп санауға бола ма?

Брофи. Мұның себептерін дәлдеп айта алмаймын, бірақ, Американың Еңбек Федерациясы Амстердам Интернационалына қандай себептермен кірмей отырған болса, Американың Еңбек Федерациясы басшыларының Советтік Россияны танымау жағында болулары да сол себептерден деп білемін. Айырмашылық — Америка жұмысшыларының өзгеше философиясы болуында және Америка жұмысшылары мен Европа жұ-

мысшыларының арасында экономикалық өзгешелік болуында.

Сталин. Бірақ, менің білуімше, Американың Еңбек Федерациясының басшылары фашистер үстем болып отырған Италияны немесе Польшаны тануға қарсы емес қой.

Брофи. Фашистік үкімет құрып отырған Польша мен Италияны мысалға алып көрсетуіңізбен сіз Американың ССРО-ны танымаушылығының себебін де анықтайсыз. ССРО-ға жат көзқарас Америкадағы кәсіпшілер қозғалысы басшыларының өз коммунистерімен екі арадағы жайсыздықтарынан болып отыр.

Дунн. Менің алдымда сөйлеген шешеннің: олар өздерінің коммунистерімен үйлесе алмай отырғанда ССРО-ны қалай танысын, — деп көрсеткен себебі жұртты сендірерлік себеп емес, өйткені, ССРО-ны танымау керек деп уағыздаушылық Америка коммунист партиясы ұйымдасудан бұрын-ақ шыққан болатын.

Американың Еңбек Федерациясының басшылары социализмге ұқсас нәрсенің бәріне қарсы, негізгі себеп осында жатыр. «Ұлттық азаматтық ассоциация» деп аталатын ұйымы бар капиталистер де оларды бұл жөнде баулып, қайрап отырады, бұл ұйым бүкіл Америка қоғамын қандай түрдегі социализмге де болса қарсы шығаруға барлық шаралармен тырысады. Америка мен ССРО-ның арасында сауда қатнасын күшейту керек деп шыққан Айви Лидің позициясына бұл ұйым қарсы шықты. Бұл ұйымның көсемдері былай десті: либералдардың ауызынан осындай сөздер шығатын болса, біз өзіміздің жұмысшы табының ішіндегі тәртіпті қалай бақылап отыра аламыз. «Ұлттық азаматтық ассоциация» бір топ капиталистердің ұйымы,

олар бұл ұйымға көп сома жұмсаған және бұл ұйымға солар басшылық етеді. Айтып өту керек: Американың Еңбек Федерациясы председателінің орынбасары Матью Волл осы реакцияшыл ассоциацияда вице-президент болып істейді.

Брофи. Кәсіпшілер одақтары көсемдерінің реакцияшылдығы жөнінде келтірілген себептер — негізгі себептер емес. Бұл мәселеге тереңірек карау керек. Америка делегациясының ССРО-ға келуі Амрика жұмысшыларының бір бөлегінің Совет Одағына тілектес екендігін көрсетеді және солай екендігіне жақсы жауап болып табылады. Американың Еңбек Федерациясы көсемдерінің ССРО жөніндегі пікірлерінің Америка жұмысшы табының көпшілігінің пікірінен өзгешелігі жоқ, деп санаймын. Жұмысшы табының көпшілігінің ССРО жөніндегі позициясы ССРО-ның қашықтығынан туған. Американың жұмысшы табы әртүрлі интернационалдық істерге құштар емес, ал оның ССРО-ға қалай қарайтындығы жөніндегі мәселеге келгенде Америка жұмысшы табына буржуазияның ықпалы күшті болып отыр.

„Правда" № 210,
15 сентябрь, 1927 ж.

М. И. УЛЬЯНОВА ЖОЛДАСҚА

Л. МИХЕЛЬСОН ЖОЛДАСҚА ЖАУАП

Таяуда Сізден Михельсон жолдастың ұлт мәселесі жөніндегі хатының көшірмесін алдым. Бір-екі сөзбен жауап берейін.

1) Бурят жолдастар менен былай деп сұраған болатын: «Біздің автономиялы жеке республикаларымыздың шеңберінде дамып отырған ұлттық мәдениеттер арқылы жалпы адам баласының біртұтас мәдениетіне **көшу** қалай болмақ?» (қараңыз: Сталин, «Ленинизм мәселелері», 259-бет[42]). Мен оларға: мұндай көшу «социализм дәуірінде басқа тілдердің бәрі құрып бітумен бірге жалпы адам баласының бір тілінің жасалуы»[43] арқылы болмайды, ұлттардың **өзінің маңызы жағынан** пролетарлық, осы ұлттардың тілі мен тұрмысына сай келетін **формалардағы** жалпы адам баласының біртұтас мәдениетіне қосылу арқылы болады деп жауап берген болатынмын («Ленинизм мәселелерін» қараңыз). Мұны түсіндіру үшін біздің, бұрын шеттетіліп қалған ұлттарды және олардың мәдениетін оятып, күшейтуге жеткізген революцияның даму саласынан бірнеше фактылар келтірген болатынмын. Талас осы туралы болды.

Михельсон жолдас таластың мәнісін түсінбеді.

2) Михельсон жолдас, менің: «социализм дәуірінде» (жоғарғыны қараңыз) деген сөздеріме және менің — кейбір ұлттардың ассимиляциалану процесі жалпы ұлт атаулының жойылуымен бірдей емес деген пікіріме орынсыз байланып, Сталиннің кейбір тұжырымдары оларды ұлт мәселесінде «ленинизмді ревизиялау» мағнасында талқылауға себеп туғызады деп сендірмек болады. Сонымен бірге ол Лениннің: «социализмнің мақсаты адам баласының ұсақ мемлекеттерге бөлшектелуін жою және ұлттардың жекеленуінің қандайын болса да жою ғана емес, ұлттарды жақындастыру ғана емес, сонымен қатар оларды бірге қосу болып табылады»[44] деген сөздерін келтіреді.

Біріншіден, мен мәселенің бурят жолдастардың хатында қойылысынан, Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде өзінің сөйлеген сөзінде Сталин ауытқый алмаған қойылысынан, Михельсон жолдас ауып кетіп отыр ғой деп ойлаймын. Буряттардың хатында әңгіме нақ ұлттық мәдениеттер арқылы жалпы адам баласының мәдениетіне **көшу** туралы болды, оның бержағында бурят жолдастар, анығында, **алдымен** ұлттық мәдениеттер болады, **сонан соң** жалпы адам баласының мәдениеті болады деп ойлады. Сталин бұған қарсы былай деп жауап берді: бұл **көшу** буряттардың ойлаған тәртібі бойынша болмайды, ССРО ұлттарында ұлт мәдениеті **де** (формасы жағынан), жалпы адам баласының мәдениеті **де** (мазмұны жағынан) **қатар** даму тәртібі бойынша болады, бұл **көшудің** тәртібі осындай болғанда ғана ұлттардың жалпы адам баласының мәдениетіне жетуі мүмкін («Ленинизм мәселелерін» қараңыз).

Сонсоң мен, Михельсон жолдас менің жауабымның мағынасын түсінбеді ғой деп ойлаймын. Мен біздегі «социализм дәуірі» туралы айтқанда, социализмнің «түпкі» жеңісі туралы, тек халықаралық көлемде ғана, социализм барлық елде немесе бірнеше ең маңызды елдерде жеңген жағдайда ғана болатын жеңіс туралы айтқаным жоқ, біздің елдегі социалистік құрылыс дәуірі туралы айттым. Мұның өзі мәселенің Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінде менің сөйлеген сөзімдегі бүкіл қойылысынан анық көрінеді. Біздің елімізде социалистік құрылыс дәуірінде («социализм дәуірі»), яғни басқа елдерде социализм жеңгенге дейін, біздегі ұлттар жалпы бір тілде сөйлейтін тұтас бір ұлтқа бірігіп, жойылады деуге бола ма? Менің ойымша, бұлай деуге болмайды. Ол ол ма, тіпті пролетариат диктатурасы бүкіл дүниежүзі көлемінде жеңіп шыққаннан кейін де, тіпті сонан кейін де ұзақ уақыт бойы ұлттық және мемлекеттік айырма жойылмайды.

Лениннің былай деуі өте дұрыс: «халықтар мен елдердің арасындағы ұлттық және мемлекеттік өзгешеліктер... тіпті пролетариат диктатурасы бүкіл дүниежүзі көлемінде жүзеге асқаннан кейін де көптен-көп ұзақ уақыт бойы сақталады» (қараңыз: XXV том, 227-бет).

Бұлай болғанда Михельсон жолдастың, сайып келгенде социализмнің мақсаты ұлттардың қосылуы болып табылатындығы туралы Лениннен келтіріп отырған цитатын қалай түсіну керек. Менің ойымша, оны Михельсон жолдастың түсінгеніндей түсінбеу керек. Өйткені жоғарыда айтылған сөзден бұл цитатта Лениннің ұлттардың қосылуын социализмнің түпкі

мақсаты деп айтып отырғандығы, бұл мақсаттың социализм барлық елдерде жеңу нәтижесінде, «пролетариат диктатурасы бүкіл дүниежүзі көлемінде жүзеге асқаннан кейін» «көптен-көп ұзақ» уақыт өткеннен соң жүзеге асатындығы көрініп отыр.

Михельсон жолдас Ленинді түсінбеген болып шығып отыр.

3) Менің ойымша, Сталиннің «тұжырымдары» бұдан артық «дәлдеп» айтуды керек етпейтін сияқты. Партия съезінің кезінде ашық айтыста ұлт мәселесінің принциптік жағы туралы оппозиция бірдеме деп сөйлеуге тәуекел етуін мен өте қатты күтудемін. Ол мұндай тәуекелге бармайды ғой деп қорқамын, өйткені Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының пленумында Зиновьевтің қыйсынсыз сөз сөйлегенінен кейін оппозиция өзінің таяуда болған «платформасында» ұлт мәдениеті туралы мәселені мүлде қозғамауды артық көрді. Ал егер күндердің күнінде оппозиционерлер тәуекел ететін болса, — онда онысы партияға жақсы, өйткені партия бұдан тек ұтады.

И. Сталин

16 сентябрь, 1927 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ОРЫС ОППОЗИЦИЯСЫНЫҢ САЯСИ БЕТ-БЕЙНЕСІ

Коминтерн Атқару Комитетінің Президиумы мен Интернационалдық Бақылау Комиссиясының біріккен мәжілісінде сөйленген сөзден

27 сентябрь, 1927 ж.

Жолдастар! Шешендер бұл жерде өте жақсы және өте дәлелді етіп сөйледі, сондыктан менің сөйлеуіме аз калып отыр.

Мен Вуйовичтің сөзін естігенім жок, өйткені ол кезде залда болмадым, оның сөзінің аяқ жағында ғана келдім. Сөзінің аяғын тыңдап, мен оның БК(б)П-ны оппортунистік жасады деп кінәлайтындығын, ал өзін большевик деп санап, БК(б)П-ны ленинизмге үйретпекші болатындығын түсіндім.

Бұған не айтуға болады? Амал не, біздің партияда біраз адамдар бар, олар өздерін большевикпіз деп атайды, бірақ олар іс жүзінде ленинизмге ешбір жанаспайды. Менінше, Вуйович та осындай адамдардың катарына жатады. Осындай адамдар БК(б)П-ға ленинизмді үйретпекші болып отырғанда, онан не нәрсе шығатындығын түсіну қыйын емес. Менінше, Вуйовичтің сынына жауап беруге тұрмайды.

Немістің Гейне дейтін ақыны жөнінде болған бір кішкене оқыйға менің ойыма түсті. Бұл оқыйғаны сіздерге айтып беруге рұхсат етіңіздер. Баспасөз жүзінде Гейнеге карсы шыққан түрлі сыншылардың ішінде Ауфенберг дейтін өте сорлы және мейлінше надан бір

әдебиет сыншысы болды. Бұл жазушының негізгі бір өзгешелігі — Гейнені талмай «сынап», оны баспасөз жүзінде өзінің сынымен ешбір шіміріктпестен мазалай берді. Анығында Гейне, бұл «сынға» көңіл бөлуді керексіз деп санап, тіпті үндемей қойды. Бұған Гейненің достары аң-таң болып, олар Гейнеге: Ауфенберг жазушы Гейнеге қарсы толып жатқан сын мақалалар жазғанда, Гейненің жауап беруді керексіз деп санайтын себебін қалай түсінуге болады, деп хат жазыпты. Гейне жауап беруге мәжбүр болыпты. Сонда ол достарының хатына не деп жауап берді десеңізші? Гейне баспасөз жүзінде бір-екі сөзбен: «жазушы Ауфенбергті мен білмеймін; ол мен білмейтін Дарленкур сияқты біреу шығар деп ойлаймын».

Орыс большевиктері Вуйовичтің сын жөніндегі жаттығулары туралы Гейненің бұл айтқанын басқа сөзбен айта келіп: «большевик Вуйловичті біз білмейміз, ол біз білмейтін Али-баба сияқты біреу шығар деп ойлаймыз» деп жауап бере алар еді.

Троцкий мен оппозиция туралы. Оппозицияның негізгі бақытсыздығы сол, ол өзінің осы арада көкіп сөйлеп отырған нәрселерін түсінбейді. Троцкий өзінің сөзінде Қытайдағы саясат туралы айтты. Бірақ ол Қытай туралы мәселе жөнінде оппозицияның ұстаған ешқандай жолы, ешқандай саясаты болмағандығын мойындағысы келмейді. Шайқалып-теңселу, бір орында жылжымай тұрып алу, бір жақтан екінші жаққа ауытқый беру болды, бірақ оппозицияның ұстаған ешқандай жолы болған жоқ. Бізде Қытай туралы үш мәселе жөнінде: коммунистердің Гоминданға қатысу мәселесі жөнінде, Советтер туралы мәселе жөнінде және Қытай революциясының сыйпаты жөнінде талас

болды. Осы мәселелердің барлығы жөнінде оппозиция банкрот болып шықты, өйткені оның ұстаған ешқандай жолы болмады.

Гоминданға қатысу жөніндегі мәселе. 1926 жылы апрельде, яғни Коминтерн Атқару Комитетінің коммунистер Гоминданға **қатыссын** деген қарар алған VI пленумынан бір ай өйткеннен кейін, оппозиция коммунистердің дереу Гоминданнан **кетуін** талап етті. Неге? Неге десеңіз оппозиция Чан Қай-шидің бірінші тегеуірінінен (1926 жылғы март) зәресі ұшып, істің шын мәнісіне келгенде, Чан Қай-шиге сәйкесуді талап етті, коммунистерді Қытайдағы революциялық күштердің ойынынан шығарып аламын деп ойлады.

Алайда оппозиция Гоминданнан кету жөніндегі өзінің талабын формальдық түрде — коммунистер **буржуазиялық**-революциялық ұйымдарға қатыса алмайды, ал Гоминдан мұндай ұйым болып саналмай тұра алмайды деп дәлелдеді. Ал бұдан соң бір жылдан кейін, 1927 жылғы апрельде, оппозиция коммунистердің Ухан Гоминданына **қатысуын** талап етті. Неге? Қандай негізге сүйенді? Гоминдан 1927 жылы **буржуазиялық** ұйым болудан қалды ма? Бұл арада ұстаған жол, тым болмаса ұстаған жолдың көлеңкесі бар ма?

Советтер жөніндегі мәселе. Оппозицияның бұл арада да нақтылы ұстаған жолы болған жоқ. Оппозицияның бір бөлегі 1927 жылы апрельде Ухандағы Гоминданды **құлату** үшін Қытайда дереу Советтер ұйымдастыруды талап етті (Троцкий). Тап сол мезгілде оппозицияның екінші бөлегі де дереу Советтер ұйымдастыруды талап етті, бірақ Гоминданды құлату үшін емес, Ухандағы Гоминданды **қолдау** үшін талап етті

(Зиновьев). Бұл оларда ұстаған жол деп аталады! Сонымен қатар оппозицияның екі бөлегі де, Троцкий де, Зиновьев те, Советтерді ұйымдастыруды талап ете отырып, сонымен бірге коммунистердің Гоминданға қатысуын, коммунистердің билеуші партияға қатысуын талап етті. Қолынан келген адам түсініп көрсін! Советтерді құру және сонымен бірге коммунистердің билеуші партияға, яғни Гоминданға қатысуын талап ету, — мұның өзі барып тұрған ақымақтық, бұл кім көрінгеннің қолынан келе бермейтін ақымақтық. Міне осыны ұстаған жол деп атамақ!

Қытай революциясының сыйпаты жөніндегі мәселе. Коминтерн Қытайдағы революцияның кәзіргі дәуірдегі негізі аграрлық-шаруа революциясы болып табылады деп санап келді және кәзірде солай деп санайды. Ал бұл жөнінде оппозицияның пікірі қандай? Бұл жөнінде оның жалпы ешуақытта да нақтылы пікірі болған жоқ. Ол біресе — Қытайда аграрлық революцияның болуы мүмкін емес, өйткені онда жалпы феодализм жоқ деп келді; біресе ол — Қытайдағы феодалдық қалдықтардың күрделі маңызы бар деп танымаса да, Қытайда аграрлық революцияның болуы мүмкін және болуы қажет деді, оның бержағында бұлай болғанда аграрлық революцияның қайдан шығатындығы түсініксіз болды; біресе ол — Қытай революциясындағы басты нәрсе аграрлық революция емес, таможнялық автономия жолындағы революция дегенді айтты. Қолынан келген адам түсініп көрсін!

Оппозицияның Қытай революциясының таласты мәселелері жөніндегі ұстаған «жол» деп аталатыны міне осындай.

Бұл — ұстаған жол емес, бір жерден қозғалмау,

шатасу, ұстаған жолдың мүлде жоқтығы болып табылады.

Міне осындай адамдар Коминтерннің лениндік позициясын сынамақ болады! Мұның өзі адам күлерлік нәрсе емес пе, жолдастар?

Троцкий бұл жерде Гуандундағы революциялық қозғалыс туралы, Хо Лун мен Е Тиннің әскерлері туралы айтты, ол бізді осы қозғалысқа басшылық ету үшін жаңа Гоминдан құрып жатырсыңдар-мыс деп кіналайды. Мен Троцкийдің ойынан шығарған бұл өсекті бекерге шығарып жатпаймын. Мен тек мынаны айтқым келеді: оңтүстік революциялық қозғалысының бұл істерінің бәрі, Е Тин мен Хо Лун әскерлерінің Уханнан шығуы, олардың Гуандунға қарай жылжуы, олардың революциялық шаруалар қозғалысымен бірігуі, т. т. — міне осы істердің бәрі Қытай компартиясының бастамасы бойынша болып отыр дегенді айтқым келеді. Троцкий бұл туралы біле ме? Егерде жалпы бірдеме білетін болса, ол бұл туралы білуге тиіс.

Егерде бұл қозғалыс табысты болып, егерде Қытайда революцияның жаңадан өрлеуі факт болып шықса, бұл қозғалысты кім басқарады? Әрине, Советтер басқарады. Егерде бұрын, Гоминдан гүлденіп тұрған дәуірде, дереу Советтер құру үшін қолайлы жағдайлар болмаған болса, енді, гоминданшылар контрреволюциямен байланыс жасаймын деп масқара болып, өз кадірін кетіріп отырған кезде, — міне енді қозғалыс табысты бола қалса Советтер өз төңірегіне Қытайдың жұмысшылары мен шаруаларын топтастыратын негізгі күш бола алады және болады да. Ал Советтерді кім басқарады? Әрине, коммунистер

басқарады. Бірақ егерде революцияшыл Гоминдан тағыда келіп майданға шыға калса, коммунистер енді Гоминданға қатыспайды. Советтер тұрғанда коммунистердің Гоминдан партиясына қатысуы мүмкін деп тек надандар ғана айта алады. Бұл сыяқты сыйыспайтын екі нәрсені сыйыстырамын деп ойлау — Советтердің жаратылысы мен мақсаттарын түсінбеу болып табылады.

Ағылшын-Орыс комитеті туралы мәселе жөнінде де нақ осыны айтуға болады. Бұл жөнінде де оппозицияның ежелгі ауытқуын көріп отырмыз, оның ұстаған жолы жоқ болып отыр. Оппозиция әуелі Ағылшын-Орыс комитетіне сүйсінген болатын. Ол тіпті — Ағылшын-Орыс комитеті «Европадағы реформизмді зыянсыз ететін» құрал болып табылады (Зиновьев) деді, ол, сірә, Ағылшын-Орыс комитетінің ағылшындық жартысы нақ реформистерден құралғандығын ұмытқан болар.

Сонан соң, ақыр аяғында, оппозиция Персельдің және оның достарының реформистер екендігін көргеннен кейін, ол сүйсінуден жек көруге кешті, ол ол ма, — түңілуге көшті, сөйтіп Бассоветті құлатудың құралы ретінде дереу ажырасуды талап етті, Москвада отырып Бассоветті құлатуға болмайтындығын түсінбейді. Оппозицияның Ағылшын-Орыс комитеті жөніндегі мәселеде ұстаған «жолы» дейтін нәрсе — бір ақымақтықтан екінші ақымақтыққа көшу болып шығып отыр.

Ажырасу үшін мәселенің толғағы жеткен кезде негізгі мәселе тек қана ажырасу мәселесі болмай, негізгі мәселе — ажырасуды туғызған мәселе, ажырасу арқылы көрсетілетін идея болып табылатындығын

Троцкий түсіне алмай отыр. Кәзірде болып отырған ажырасу арқылы қандай идея көрсетіліп отыр? Соғыс қаупі жөніндегі идея, соғыс қаупіне қарсы күресу қажет екені жөніндегі идея көрсетіліп отыр. Кәзірде бүкіл Европаның күн тәртібіндегі негізгі мәселе нақ осы идея екендігін кім бекер дей алады? Сондықтан нақ осы ең маңызды мәселе жөнінде жұмысшыларды Бассоветтің сатқындығымен бетпе-бет келтіру керек болды, мұны біз істедік те. Жаңа соғыс қаупі туған кезде ажырасудың бастамасы мен ұятын өз мойнына алуға Бассоветтің мәжбүр болған фактысы, — міне бұл факт жұмысшы бұқарасының көз алдында Бассоветтің соғыс туралы негізгі мәселедегі сатқындық және социал-империалистік «сыйпатын» керемет әшкерелейді. Ал оппозиция ажырасудың бастамасы мен ұятын біз өз мойнымызға алсақ жақсы болған болар еді деп сендірмек болады!

Міне бұл оларда ұстаған жол деп аталады! Осындай шатасқан адамдар Коминтерннің лениндік позициясын сынамақ болады! Мұның өзі адам күлерлік нәрсе емес пе, жолдастар?

Біздің партия туралы мәселе де, БК(б)П туралы мәселе жөнінде оппозицияның жағдайы онан да нашар. Троцкий біздің партияны түсінбейді. Біздің партия жөнінде оның дұрыс түсінігі жоқ. Дворянин қара бұқараға қалай қараса немесе бюрократ бағыныштыадамдарға қалай қараса ол біздің партияға нақ солай қарайды. Әйтпесе ол миллиондаған мүшесі бар партияда, БК(б)П-да жеке адамдардың, жеке басшылардың билікті «басып алуына», «күшпен алуына» болады деп айтпаған болар еді. Миллиондаған мүшесі бар партияда, үш революцияны бірдей жасаған пар-

тияда және кәзірде дүниежүзілік империализмнің негіздерін сілкінтіп отырған партияда билікті «басып алып» дегенді айтады — міне Троцкий осындайлық ақымақтыққа дейін барып отыр.

Революциялық дәстүрлерге бай, миллиондаған мүшесі бар партияда билікті «басып алу» жалпы мүмкін бе? Олай болған күнде, партиядағы билікті Троцкий «басып алып», партия басшылығын неге алмады? Мұны немен түсіндіруге болады? Әлде, басшы болуға Троцкийдің жігері, талабы жоқ па? Троцкийдің партия да басшылық ету жолында жыйырма жылдан аса уақыт бойы большевиктерге қарсы күресіп келе жатқандығы факты емес пе? Ол партиядағы билікті неліктен «басып ала» алмады? Әлде партиямыздың кәзіргі басшыларынан оның шешендігі кем бе? Шешендік жағынан алғанда партиямыздың кәзіргі басшыларының көбінен Троцкийді жоғары деп айтқан дұрысырақ болмай ма? Олай болса, өзінің шешендік өнеріне қарамастан, өзінің басшылыққа қарай ұмтылуына қарамастан, өзінің қабілеттілігіне қарамастан, Троцкийдің БК(б)П деп аталатын ұлы партияның басшылығынан айдалаға қуылып отырғандығын немен түсіндіруге болады? Троцкий мұны былай деп түсіндіргісі келеді: біздің партия, оның ойынша, партияның Орталық Комитетінің сонынан көзін жұмып ере беретін, дауыс беруші тобыр болып табылатын көрінеді. Ал біздің партия туралы бұлай деп оны жек көретін және оны қара тобыр деп санайтын адам ғана айта алады. Бұл — партияға дауыс беруші тобыр деп қарау — партиялық оңбаған ақсүйектің көзқарасы болып табылады. Бұл — Троцкийдің партиялық сезімнен айрылғандығының, партияның оппозицияға сенбеуінің

шын себептерін көру кабілетінен айрылғандығының белгісі болып табылады.

Шынында да БК(б)П-ның оппозицияға ешбір сенбейтіндігін немен түсіндіруге болады? Оның себебі оппозиция ленинизмді троцкизммен алмастырғысы келді, ленинизмді троцкизммен толықтырғысы келді, ленинизмді троцкизм аркылы «жақсартқысы» келді. Ал, партия ішіндегі оңбаған ақсүйектердің барлық түрлі-түсті залымдықтарына қарамастан, партия ленинизмге берілген партия болып калғысы келеді. Үш революцияны өз қолымен жасаған партияның Троцкийден және жалпы оппозициядан безу керек деп тапкан себебі осы.

Жәнеде партия, ленинизмді троцкизммен немесе оппортунизмнің баскадай түрінің кандайымен болса да бояғысы келетін «қайраткерлер» мен «басшылардың» кайсысына болса да осыны жасайды.

Біздің партияны дауыс беруші тобыр деп көрсетіп, Троцкий БК(б)П-ның партия бұкарасын жек көретіндігін білдіреді. Партия бұған, өз кезегінде, Троцкийді жек көру және оған мүлде сенбеу аркылы жауап беретін болса, мұның таңқаларлық несі бар?

Біздің партиядағы тәртіп туралы мәселе жөнінде де оппозицияның жағдайы нашар. Троцкий істі былай етіп көрсетеді: партиядағы кәзіргі, бүкіл оппозицияға жек көрінішті болған, тәртіп — Лениннің кезінде партияда орнаған тәртіппен салыстырғанда мүлде басқаша тәртіп болып табылады деп көрсетеді. Ол істі былай етіп көрсеткісі келеді: X съезден соң Ленин орнатқан тәртіпке карсы емеспін, шынына келгенде, мен партиядағы кәзіргі тәртіпке қарсы күресіп отырмын,

бұл тәртіп, менің ойымша, Ленин белгілеген тәртіпке ешбір жанаспайды деп көрсеткісі келеді.

Мен былай деймін: Троцкийдің бұл арада айтып отырғанының бәрі өтірік.

Мен былай деймін: партиядағы кәзіргі тәртіп партияда Лениннің кезінде, партиямыздың X және XI съезі кезінде орнаған тәртіптің нақ өзі болып табылады.

Мен былай деймін: Лениннің кезінде және Лениннің басшылығымен партияда орнаған лениндік тәртіпке Троцкий қарсы күресіп отыр.

Мен былай деймін: троцкистердің партиядағы лениндік тәртіпке қарсы күресі Лениннің кезінде-ақ басталған болатын, троцкистердің кәзіргі күресі Лениннің кезінде олардың партиядағы тәртіпке қарсы жүргізген күресінің жалғасы болып табылады.

Бұл тәртіптің негізі қандай? Мұның негізі — партия ішіндегі демократияны жүзеге асыра отырып және партия ішіндегі кемшіліктер мен қателерді іс жүзінде сынауға жол бере отырып, сонымен қатар ешқандай фракцияшылдықты болғызбау, партиядан шығаруға дейін шара қолданып, фракцияшылдық атаулының қандайын болса да жою болып табылады.

Мұндай тәртіп партияда қашан орнады? Мұндай тәртіп партиямыздың X және XI съездерінде, яғни Лениннің кезінде орнады.

Мен былай деймін: Троцкий мен оппозиция партиядағы нақ осы тәртіпке қарсы күресіп отыр.

Біздің қолымызда Пятаков, Преображенский, Серебряков, Альский сияқты және басқадай троцкистер қол қойған «46-ның арызы» сияқты документ бар, бұл документте партияда X съезден кейін орнатылған

тәртіп өзін өзі жокка шығарды және партияны шыдатпайтын нәрсеге айналды деп тіке айтылған.

Бұл адамдар не талап етті? Олар партия ішінде фракциялық топтарға бөлінуге рұхсат етуді және X съездің тиісті каулысын бұзуды талап етті. Бұл 1923 жылы болған болатын. Мен былай деймін: Троцкий партияда X съезден кейін орнатылған тәртіпке карсы күресіп, «46-ның» оппозициясымен толык ынтымактасып отыр. Троцкистердің партиядағы лениндік тәртіпке карсы күресінің түпкі негізі міне осыдан шығады. (Троцкий: «Мен X съез туралы айтканым жок, Сіз ойыңыздан шығарып тұрсыз».) Мұны менің документ аркылы дәлелдей алатынымды Троцкийдің білмеуі мүмкін емес. Бұл документтер бүтін күйінде тұр, мен оларды жолдастарға таратып беремін, міне сонда біздің кайсымыздың өтірік айтып отырғанымыз аныкталады*.

---

* «К. И.» редакциясының ескертуі. Сталин жолдас Коминтерн Аткару Комитетінің Президиумы мен Интернационалдык Бакылау Комиссиясының біріккен мәжілісінің протоколына косымша ретінде 3 октябрьде Коминтерн Аткару Комитетінің Саяси секретариатына өзінің сөзінде айткан документтік дәлелдерін тапсырды, атап айтканда:

1) Пятаковтың, Преображенскийдің, Серебряковтың, Альскийдің және баскалардың колы койылған «46-ның арызынан» (15 октябрь, 1923 ж.) келтірген үзінді, онда былай делінген:

«Партияда орнаған тәртіпке ешбір төзіп болмайды. Ол партиянын жігерін кұм кылады, партияның орнына іріктеліп алынған чиновниктер аппаратын кояды, ал бұл аппарат жайшылык уакытта дұрыс кызмет аткарады да, дағдарыстардың кезінде сөзсіз кателесіп отырады және болғалы келе жаткан күрделі окиғалардың алдында оның мүлде жарамсыз болып шығуы кәдік. **Жағдайдың бұлай болып отырған себебі — партияда іс жүзінде**

Мен былай деймін: «46-ның арызына» кол қойған троцкистер партиядағы лениндік тәртіпке қарсы Лениннің кезінде де күрескен болатын.

Мен былай деймін: лениндік тәртіпке қарсы бұл күресті Троцкий барлық уақытта да қолдап, оппозицияға дем беріп, оны алға итермелеп отырды.

Мен былай деймін: біздің партиядағы тәртіпке қарсы Троцкийдің қазіргі күресі — мен жаңа ғана айтып өткен антилениндік күрестің жалғасы болып табылады.

Троцкистердің антипартиялық құпия баспаханасы туралы мәселеге келейік. Троцкий өзінің жазылған сөзін құрғанда ол керек десе құпия баспаханаға дұрыстап тоқталған да жоқ, ол, сірә, троцкистердің антипартиялық құпия баспаханасы сыяқты «ұсақ-түйектерге» тоқталып жатуға міндетті емеспін деп санаған

Х съезден кейін орнаған фракциялық диктатура тәртібі өзін өзі жоққа шығарды».

2) Троцкийдің Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясына берген арызының (8 октябрь, 1923 ж.) үзіндісі, онда былай делінген:

«Негізінде XII съезге дейін орнатылып, онан соң біржола нығайып, қалыптасқан тәртіп соғыс коммунизмінің ең қатал дәуірлерінің тәртібінен де гөрі жұмысшы демократиясынан анағұрлым алыс жатыр».

Бұл үзінділерді түсіндіру үшін мынаны айта кету қажет: бізде XII съезге дейін XI съезд (1922 жылы жазғытұрым) және X съезд (1921 жылғы жазғытұрым) болды, бұл съездердің жұмысын Ленин басқарған болатын және нақ осы «46-ның арызы» да (троцкистердің), Троцкийдің жоғарыда аталған арызы да қарсы шығып отырған партиядағы тәртіп осы съездердің қарарларында белгіленген болатын.

болу керек. Бұл айыпкердің сөзі болған жоқ, Коминтерн мен БК(б)П-ны айыптап шыққан оппозицияның декларациясы болды. Ал оның бержағында, троцкистердің антипартиялық құпия баспаханасы жөніндегі мәселе Троцкийді де, оның оппозициядағы жақтаушыларын да партиялықтың жауы ретінде, пролетариаттың ісін бұзып, іртқі салушылар ретінде мейлінше толық әшкерелейтіндігі анық.

Шынында, Троцкий оппозициянікі дұрыс, — сондықтан оның өз баспаханаларын құруға правосы бар деп есептейді.

Бірақ БК(б)П ішінде Троцкийдің тобынан өзге: «жұмысшы оппозициясы», сапроновшылар, тағы basқадай оппозициялық топтар бар ғой. Осы кішкене топтардың қай қайсысы болса да өздерінікін дұрыс деп есептейді. Егерде Троцкийдің соңынан еретін болсақ, онда осы топтардың әрқайсысы өздерінің құпия баспаханаларын ұйымдастыруға праволы деп есептеу керек қой. Айталық, олар өздерінің құпия баспаханаларын шынымен ұйымдастыра бастасын, ал партия бұл зиянды нәрсеге қарсы күреспейтін болсын, — сонда партияның несі қалмақ?

Партиядағы топ атаулының бәрінің құпия баспаханасының болуына жол беру деген не? Мұның өзі партияда өздерінің «программалары», өздерінің «платформалары», өздерінің ұстаған «жолдары» бар бірнеше орталықтың болуына жол беру болып табылады. Сонда біздің партиямыздың, Ленин пролетариат диктатурасының негізі деп санаған, темірдей тәртібінен не қалмақ? Біртұтас және бірден-бір басшы орталық болмайынша мұндай тәртіптің болуы мүмкін бе? Оппозициялық топтардың антипартиялық құпия баспаха-

налар ұйымдастыруға правосы бар деп қорғауы арқылы өзінің қандай батпаққа түсетіндігін Троцкий түсіне ме екен?

Бонапартизм жөніндегі мәселеге келейік. Бұл мәселеде оппозиция өзінің мүлде надан екендігін көрсетеді. Троцкий партиямыздың басым көпшілігін бонапартизмға қарай тырысады деп кінәлауы арқылы өзінің мүлде надан екендігін және бонапартизмнің тамырының қайда екенін түсінбейтіндігін көрсетеді.

Бонапартизм дегеніміз не? Бонапартизм дегеніміз зорлықпен көпшілікті азшылықтың еркіне көндіруге тырысу болып табылады. Бонапартизм дегеніміз азшылықтың көпшілікке қарсы зорлық жасап, партиядағы немесе елдегі билікті басып алуы болып табылады. Бірақ БК(б)П Орталық Комитетінің жолын жақтаушылар партияда да, Советтерде де басым көпшілік болып отырғанда мынадай ақымақтықты — көпшілік өз еркіне өзін зорлап көндіруге тырысады деп қалай айтуға болады? Көпшілік өз еркіне өзін зорлап көндірген жағдай тарихта қашан болып еді? Мұндай болмайтын нәрсеге есуас адам болмаса, кім сенеді?

БК(б)П Орталық Комитетінің жолын жақтаушылардың партияда да, елде де орасан көпшілік екендігі факт емес пе? Оппозицияның болмашы ғана аз топ екендігі факт емес пе? Біздің партияның көпшілігі азшылықты, яғни оппозицияны өз еркіне еріксіз көндіреді деп ойлауға болады. Ал мұның өзі осы сөздің партиялық мағнасында айтқанда толығынан заңды нәрсе. Бірақ көпшілік өз еркіне өзін еріксіз көндіреді, онда да зорлап көндіреді деп қалай ойлауға болады? Бұл арада қандай бонапартизм туралы сөз болмақ? Азшылықтың арасында, яғни оппозицияның арасында,

өз еркіне көпшілікті еріксіз көндіруге карай беталыс болуы мүмкін десе дұрысырақ болмас па екен? Егерде мұндай беталыс бола калса, онда бұған ешбір таңқалуға болмас еді, өйткені азшылыктың, яғни троцкистік оппозициянын басшылыкты өз қолына алу үшін енді көпшілікке зорлық жасаудан баска мүмкіншілігі жоқ. Сондыктан, егер бонапартизм туралы сөз кылатын болсақ, онда Троцкий Бонапарттың кандидаттарын өз тобынан іздесін.

Азғындау және термидориандық туралы бір-екі сөз айта кетейін. Мен бұл арада кейде оппозиционерлердің азғындау және термидориандық жайында партияға карсы койып жүрген ақымақ және нададндық айыптауларын талдап жатпаймын. Талдап жатпайтын себебім — олар талдауға тұрмайды. Мен мәселені таза ғана практикалық жағынан койғым келеді.

Бір минутке болса да троцкистік оппозицияны социал-демократиялық уклон емес, нағыз революциялық саясат деп көрейік, — олай болғанда партия мен Коминтерннен куылған, азғындаған оппортунистік элементтердің бәрі троцкистік оппозицияның төңірегіне топтасып, сонан өздеріне жәйлі орын мен корғаныс тауып отырғандығын немен түсіндіруге болады?

Азғындаған, ренегат элементтер ретінде Коминтерннен және герман компартиясынан қуылған Рут Фишер мен Масловты, Шолем мен Урбансты нақ троцкистік оппозицияның қорғап, құрметтеп қабылдайтын себебі не?

Францидағы Суварин мен Росмен, ССР Одағындағы Оссовский мен Дашковский сыяқты оппортунист және нағыз азғындаған адамдардың нақ троцкистік оппозицияны паналайтын себебі не?

Коминтерн мен БК(б)П осындай азғындаған және нағыз термидориандық пыйғылдағы адамдарды өз қатарынан шығарып отырғанда, Троцкий мен Зиновьевтің оларды құшағына тартып, оларды паналатып, қорғап отырғандығын кездейсоқ нәрсе деп санауға бола ма?

Бұл фактылар троцкистік оппозицияның «революциялық» сөздері құр сөз күйінде қалатындығын, ал іс жүзінде оппозицияның азғындаған элементтердің жыйналатын жері болып табылатындығын көрсетпей ме?

Осылардың бәрі троцкистік оппозицияның азғындаушылық пен термидориандықтың ұясы мен ордасы болып табылатындығын көрсетпей ме?

Не дегенменде, бізде, БК(б)П-да Маслов пен Рут Фишер сыяқты, Суварин мен Оссовский сыяқты түрлі-түсті оңбағандарды өз төңірегіне жыйнап отырған жалғыз бірден-бір ғана топ бар. Бұл топ — Троцкийдің тобы.

Жалпы алғанда, оппозицияның саяси бет-бейнесі осындай, жолдастар.

Сіздер, мұнан қандай қортынды шығады деп сұрарсыздар?

Қортынды біреу-ақ. Оппозицияның шатасқандығы сонша, өзін өзі шығатын жері жоқ тұйыққа тірегендігі сонша, ол екі нәрсенің бірін таңдауға: не Коминтерн мен БК(б)П-ның жағына шығуды, не Маслов, Рут Фишер және антипартиялық құпыя баспаханадағы ренегаттардың жағына шығуды таңдауға мәжбүр болып отыр.

Өмірбойы осы екі лагерьдің арасында сандалып жүре беруге болмайды. Екінің бірін қалайтын уақыт

жетті. Не Коминтерн мен БК(б)П-ның жағына шығу керек, ал онда — Маслов пен Рут Фишерге қарсы, түрлі-түсті ренегаттардың бәріне қарсы соғысу керек. Не БК(б)П мен Коминтернге қарсы шығу керек, ал онда — Маслов пен Рут Фишердің тобына, түрлі-түсті ренегаттар мен азғындарға, Щербаковтер сыяқты және басқадай оңбағандарға барып қосылуға жол ашық. (Қол шапалақтау.)

„Коммунистический Интернационал" журналы, № 41, 14 октябрь, 1927 ж.

„ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙПАТЫ" ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ КОНСПЕКТІСІ

Октябрь революциясы тек «ұлттық шеңбердегі» революция ғана емес, ол, ең алдымен, интернационалдық, дүниежүзілік сыйпатты революция, өйткені ол адам баласының бүкіл дүниежүзілік тарихында ескі дүниеден жаңа дүниеге негізінен бет бұрғандықты көрсетеді.

Бұрынғы уақыттарда революциялар әдетте билік басына қанаушылардың бір тобының орнына қанаушылардың екінші тобын отырғызумен тынушы еді. Қанаушылар алмасып отырушы еді, қанаушылық қала беруші еді. Құлдардың революциялары кезінде, крепостнойлардың революциясы кезінде, сауда-өнеркәсіптік буржуазияның революциялары кезінде де істің жайы осындай болды. Октябрь революциясының бұл революциялардан принциптік айырмасы бар. Ол қанаушылықтың бір формасының орнына қанаушылықтың екінші формасын қолдануды, қанаушылардың бір тобының орнына қанаушылардың екінші тобын отырғызуды мақсат етіп қоймайды, адамды адамның қанауының қандайын болса да, қанаушы топтар атаулының барлығын да жоюды мақсат етіп қояды.

Қаналушылардың ішіндегі ең революцияшыл, ең

ұйымдасқан тап ретінде пролетариат диктатурасын орнатуды мақсат етіп қояды.

Нақ сондықтан да Октябрь революциясының женуі бүкіл дүние жүзіндегі қаналушы бұқараның экономикасы мен саясатында, өмірі мен тұрмысында, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінде, мәдениеті мен бүкіл рухани сыйпатына түбірінен өзгеріс жасау болып табылады.

Октябрь революциясының өздерінің азат болуына кепіл бола алатындығын біліп, барлық елдердің езілген таптарының Октябрь революциясын барынша сүйейтіндігінің түп негізі де осында.

Негізгі төрт сыйпат.

1) **Империализмнің орталықтары** («метрополия»). Октябрь — алдыңғы қатардағы елдерде капитализмнің үстемдік етуінен коммунизмге қарай бетбұрыс болып табылады. Октябрь революциясы — дүниежүзілік империалистік майданның бұзылуы болып табылады деп бізде жиі айтады. Ал мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — Октябрь революциясы пролетариат революциясы мен пролетариат диктатурасының заманын бастап берді.

Бұрын XVIII ғасырдағы француз революциясының дәстүрлерін пайдаланып, оның тәртіптерін орнатып, осы революцияға сүйенетін еді.

Қазірде Октябрь революциясына сүйенеді.

Бұрын Франция.

Қазірде ССР Одағы.

Бұрын бүкіл буржуазияның қорқатын құбыжығы «якобинші» болатын.

Қазірде буржуазияның қорқатын құбыжығы большевик болып отыр.

Пролетариат тек соққышы күш болып, ал революцияның жемістерін қанаушылар пайдаланатын «жәй ғана» буржуазиялық революциялардың заманы **өтті.**

Капиталистік елдерде пролетариат революцияларының заманы **туды.**

2) **Империализмнің шеткері аймақтары.** Октябрь отарлар мен тәуелді елдерде азаттық революциялардың заманын бастап берді.

Империализмнің езгісіндегі халықтарды азат етпейінше, пролетариат өзін азат ете алмайды. Метрополиялардағы пролетарлық революциялар мен тәуелді елдердегі отарлық революциялардың біртұтас майданы болуға тиіс.

Отарлар мен тәуелді елдерді емін-еркін қанау заманы **өтті.**

Отарларда азаттық жолындағы революциялардың заманы, бұл елдердегі пролетариаттың ояну заманы, оның гегемония болу заманы **туды.**

3) **Орталықтар мен шеткері аймақтар — бірге алғанда.** Сонымен Октябрь дүниежүзілік империализмге өлтіре соққы берді, енді империализм бұл соққыдан ешуақытта да түзеле алмайды.

Империализм Октябрьге дейінгі өзінің «тепе-теңдігі» мен «тұрақтылығын» енді ешқашан да қайтарып ала алмайды.

Капитализмнің «тұрақты» болған заманы **өтті.**

Капитализмнің құлдыйлау заманы **туды.**

4) Октябрь коммунизмнің социал-демократизмді, марксизмнің реформизмді идеологиялық жеңісі болып табылады.

Бұрын, ССР Одағында пролетариат диктатурасы жеңбей тұрғанда, социал-демократтар мен реформис-

тер марксизм туын жамылғыш ете алатын еді, Маркс пен Энгельстің алдында кылымсый алатын еді, өйткені бұл буржуазия үшін қауіпті емес еді және марксизмнің жеңуі не нәрсеге әкеп соға алатындығын жұрт әлі білмейтін еді.

Енді, ССР Одағында пролетариат диктатурасы жеңіп шыққаннан кейін, жұрттың бәрі марксизмнің қайда апаратынын және оның жеңуінің ақыры не болатынын түсінген кезде, социал-демократтар мен реформистер марксизмнің туын жамылып, оның алдында кылымсудың буржуазия үшін қауіпті екенін сезіп, марксизммен ажырасуды артық көрді.

Бұдан былай марксизмнің бірден-бір панасы мен тірегі коммунизм болып отыр.

Бұдан былай марксизмнің рухы социал-демократиядан қол үзеді, өйткені социал-демократия марксизммен бұдан да бұрын қол үзген болатын.

Октябрь революциясы жеңгеннен бергі жерде дүние жүзіндегі ең бірінші пролетарлык диктатураны үзілді-кесілді және жан аямай қолдаған адам ғана марксист бола алады.

Дүние жүзіндегі ең бірінші пролетариат диктатурасын қолдау деген не? Бұл — өз буржуазиясына карсы тікелей күрес позициясына шығу деген сөз. Ал социал-демократтар өз буржуазиясына карсы күрескісі келмей, кайта өз буржуазиясына үйлесе кетуді артық көретін болғандыктан, онда олар табиғи түрде дүние жүзіндегі ең бірінші пролетариат диктатурасына қарсы күрес позициясына, ССР Одағында капитализмді қайта орнату позициясына шығады. Мұның өзі социал-демократияның өшуі болып табылады.

Октябрь дүниежүзілік коммунизмнің жеңу зама-

нын ашты, мұның өзі социал-демократияның өшу заманы және оның буржуазия лагеріне тікелей көшу заманы болып табылады.

Октябрь марксизмнің идеологиядағы жеңісі болып табылады.

Октябрь, 1927 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ТРОЦКИСТІК ОППОЗИЦИЯ БҰРЫН ҚАНДАЙ ЕДІ, ҚӘЗІР ҚАНДАЙ

БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы мәжілісінде сөйленген сөз[45]
23 октябрь, 1927 ж.

I

КЕЙБІР ҰСАҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Жолдастар! Менің уақытым аз, сондықтан мен жеке мәселелер жөнінде ғана сөйлеймін.

Ең алдымен адамның өз басы жөніндегі жағдайға тоқталайық. Бұл жерде оппозиционерлердің күштерін аямастан Сталинді барынша балағаттап отырғанын сіздер естідіңіздер. Мен бұған таңқалмаймын, жолдастар. Негізгі шабуылдардың Сталинге қарсы бағытталып отырған себебі, міне бұл фактының себебі — оппозицияның қулық-сұмдықтарын Сталин біздің кейбір жолдастардан гөрі бәлкім жақсы білетін болу керек, оны алдау, бәлкім, онша оңай болмас, сондықтан олар соққыны ең алдымен Сталинге қарсы жұмсайды. Қайтеміз, өздеріне лайық болса бәлағаттай берсін.

Сталин бір сәрі, Сталин кішкентай адам. Ленинді алып көріңіз. Август одағының кезінде Троцкий бастаған оппозицияның Ленинге қарсы бұдан да бетер бұзақы өтірік-өсек жүргізгендігін кім білмейді. Мәселен, Троцкийді тыңдап көріңіз:

«Бақастық нәрселердің шебері, орыс жұмысшы қозғалысындағы артта қалғандық атаулының бәрін пайдалануға барынша дағдыланған Ленин өршітіп отырған түкке тұрғысыз бақастық

қайдағы бір мағнасыз жалған нәрсе сияқты» (1913 жылы апрельде «Троцкийдің Чхейдзеге жазған хатын» қараңыз).

Тіл-сымағы, тіл-сымағы қандай десеңізші, оның тіл-сымағына көңіл бөліңіздерші жолдастар. Мұны жазып отырған Троцкий. Мұны ол Ленин туралы жазып отыр.

Ұлы Лениннің етігіне татымайтын Троцкий оны, шімірікпей осынша мысқылдап отырғанда, сол Троцкийдің енді Лениннің көп шәкірттерінің бірі — Сталин жолдасты бостан-босқа бәлағаттап отырғандығына таңқалуға бола ма?

Ол ол ма, оппозиция өзінің бүкіл өшпенділігін Сталинге қарсы бағыттап отырғандығын мен өзім үшін мақтан ететін нәрсе деп есептеймін. Мұның солай болуы да керек. Менің ше, егерде, партияны қиратуға тырысқан оппозиция лениндік партиялық негіздерді қорғап отырған Сталинді мақтаған болса, онда таңқаларлық және irеніштi болар еді.

Енді Лениннің «өсиеті» туралы мәселеге келейік. Сіздер естіп отырсыздар, оппозиционерлер бұл жерде партияның Орталық Комитеті Лениннің «өсиетін» жасырып қалды деп айғайлады. Бұл мәселе бізде Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының пленумында бірнеше рет талқыланды, мұны сіздер білесіздер. (Д а у ы с: «Ондаған рет».) Ешкімнің ешнәрсені жасырмағаны, Ленин «өсиетінің» партияның XIII съезі атына арналғандығы, бұл «өсиеттің» өзі съезде хабарланғандығы (д а у ы с т а р: «Дұрыс!»), съездің оны жарияламау керек деп бірауыздан қарар алғандығы дәлелденген, талай рет дәлелденген болатын, оның бержағында мұның бұлай болу себебі — Ленин-

нің өзі де мұның жариялануын тілеген жоқ және жариялансын деп талап етпеген де болатын. Мұның бәрін оппозиция біздің бәрімізден де кем білмейді. Солай бола тұрса да, Орталық Комитет «өсиетті» «жасырып отыр» деуге оппозицияның батылы барып отыр.

Лениннің «өсиеті» туралы мәселе бізде — егер мен қателеспейтін болсам — 1924 жылы-ақ қойылған болатын. Истмен дейтін біреу бар, ол кейіннен партиядан қуылған, бұрынғы американ коммунисі. Бұл мырза Москвада троцкистердің арасында біраз араласып жүріп, Лениннің «өсиеті» жөнінде біраз лақаптар мен өсектерді жыйнап алып, шетелге барады, сөйтіп «Ленин өлгеннен кейін» деген атпен кітап шығарады, бұл кітапта ол партияны, Орталық Комитетті және Совет өкіметін қаралаудан ешнәрсе аямайды, кітаптың барлық қортындыларын біздің партия Орталық Комитеті Лениннің «өсиетін» «жасырып отыр»-мыс деген негізге сүйейді. Бұл Истмен бір кезде Троцкиймен байланысты болғандықтан, біз, Саяси Бюро мүшелері, Истменнен ажырасу керек деп Троцкийге ұсыныс жасадық, өйткені Истмен Троцкийге жармасып, оппозицияға иек сүйеп, «өсиет» жөнінде біздің партияға жабылған жала үшін Троцкийді жауапты етеді. Мәселе анық болғандықтан, Троцкий баспасөзде тиісті мәлімдеме жасап, Истменнен шын ажырасты. Бұл мәлімдеме «Большевиктің» 16-номерінде 1925 жылы сентябрьде жарияланды.

Троцкийдің мақаласының Лениннің «өсиетін» партия және оның Орталық Комитеті жасырған-жасырмағанын көрсететін жерін оқуға рұхсат етіңіздер. Троцкийдің мақаласынан цитата келтіремін.

«Истмен кітабының бірнеше жерінде Орталық Комитет Лениннің өмір сүруінің ақырғы дәуірінде жазылған бірнеше өте маңызды документтерді (ұлт мәселесі жөнінде жазылған хаттар туралы, «өсиет» дейтін және басқалар туралы сөз болып отыр) партиядан «жасырды» дейді; **мұны партиямыздың Орталық Комитетіне жала жапқандық деп атамауға болмайды***. Истменнің сөзінен — Владимир Ильич бұл, ішкі-ұйымдастыру мәселесі жөнінде кеңес беретін, хаттарды баспасөзге арнап жазыпты-мыс деген қортынды жасауға болады. Шынына келгенде бұл мүлде теріс. Владимир Ильич өзі сырқаттанғаннан бері партияның басшы мекемелері мен партия съезіне талай рет ұсыныстар мен хаттар, т. с. жазып тұрды. Өзінен өзі түсінікті, бұл хаттар мен ұсыныстардың бәрі қашан да өзінің арналған жеріне жеткізіліп тұрды, партияның XII және XIII съездерінің делегаттарына хабарланды, сөйтіп олар, әрине, партия қарарларына қашан да тиісті әсер етіп отырды, ал егер баспаға бұл хаттардың бәрі бірдей шықпаған болса, оның себебі хаттардың авторы оларды баспасөзге арнамаған болатын: Владимир Ильич ешқандай «өсиет» қалдырған жоқ, өйткені оның партияға көзқарас сыйпаты бойынша, сондай-ақ партияның өз сыйпаты бойынша да, мұндай «өсиеттің» болуы мүмкін емес. Эмиграниттық, шетел буржуазиялық және меньшевиктік баспасөзде «өсиет» деп әдетте (адам айтқысыз бұрмаланып) Владимир Ильичтің хаттарының ішінде ұйымдастыру мәселесі жөнінде кеңес беретін бір хат айтылады. Партияның XIII съезі басқа хаттардың барлығы сыяқты бұл хатқа да өте зер сала қарады, сөйтіп онан сол кезеңдегі шарт, жағдайларға сәйкес қортындылар жасады. **Жасырып қалған немесе біреулер бұзған «өсиет» туралы сөздердің қандайы болса да қасақана айтылған өтірік болып табылады және олар бүтіндей Владимир Ильичтің шын еркіне және ол орнатқан партияның мүдделеріне қарсы бағытталған сөздер болып табылады*** (Троцкийдің «Истменнің «Ленин өлгеннен кейін» деген кітабы жайында» деген мақаласын қараңыз, «Большевик» № 16, 1 сентябрь, 1925 ж., 68-бет).

Түсінікті ғой деймін? Мұны басқа ешкім де емес,

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Троцкий жазып отыр. Қәзірде Троцкий, Зиновьев және Қаменев партия және оның Орталық Комитеті Лениннің «өсиетін» «жасырып отыр» деп қандай негізге сүйеніп былшылдайды? Былшылдай беруге «болады», бірақ шаманы білу керек қой.

Бұл «өсиетте» Ленин жолдас съезге ұсыныс жасапты — Сталин «қатаң» болғандықтан бас секретарь етіп Сталиннің орнына басқа бір жолдасты қою туралы мәселені ойластыруды ұсыныпты деседі. Бұл өте дұрыс. Партияны опасыздықпен өрескел түрде бүлдіріп, жікке бөлетін адамдар жөнінде менің қатаң екенім рас, жолдастар. Мен мұны жасырғаным жоқ және жасырмаймын. Мүмкін, бұл арада жікке бөлушілер жөнінде белгілі жұмсақтық жасау керек те шығар. Бірақ мен оны істей алмаймын. Орталық Комитеттің XIII съезден кейінгі пленумының бірінші мәжілісінде-ақ Орталық Комитеттің пленумынан мені бас секретарьдың міндетінен босатыңыз деп сұраған болатынмын. Бұл мәселені съездің өзі талқылады. Бұл мәселені әрбір делегация жеке талқылады, сөйтіп барлық делегациялар, мұның ішінде Троцкий, Қаменев, Зиновьев те бар, бірауыздан Сталинді өз орнында қалуға міндеттеді.

Мұнан соң мен не істей алатын едім? Отырған орнымнан қашып кетуім керек пе еді? Бұлай ету менің мінезіме жатпайды, мен ешуақытта да ешқандай орыннан қашқан емеспін және қашуға правом жоқ, өйткені бұл дезертирлік болған болар еді. Бұдан да бұрын айтқан болатынмын, мен еріксіз адаммын, сондықтан партия міндеттеген кезде мен бағынуға тиіспін.

Бұдан кейін бір жылдан соң мен босату туралы пленумға қайтадан арыз бердім, бірақ мені орнымда қалуға қайтадан міндеттеді.

Мұнан соң мен не істей алатын едім?

«Өсиетті» жариялау жөніндегі мәселеге келетін болсақ, онда съезд оны жарияламау керек деп шешті, өйткені ол съезге арнап жазылып, баспасөзге арналмаған болатын.

Бізде Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының 1926 жылғы пленумының бұл документті басып шығаруға XV съезден рұхсат сұралсын деген қарары бар. Бізде Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының жаңағы айтылған пленумының Лениннің басқадай хаттарын, Каменев пен Зиновьевтің Октябрь көтерілісі алдындағы қателерін көрсетіп, оларды партиядан шығаруды талап еткен Лениннің хаттарын басып шығару туралы қарары бар[46].

Партия бұл документтерді тығып тастап отыр деген сөздердің оңбаған жала екендігі анық. Лениннің Зиновьев пен Каменевті партиядан шығару қажет екендігі туралы жазған хаттары сияқты документтер де осыған жатады. Большевиктік партияның, большевиктік партия Орталық Комитетінің шындықтан қорыққан уақыты болған емес. Большевиктік партияның күшінің өзі оның шындықтан қорықпай, оған тура-дан-тура қарайтындығында.

Оппозиция Лениннің «өсиетін» пайдалануға тырысады. Бірақ олар пайдаланарлықтай ешнәрсе жоқ екенін түсіну үшін бұл «өсиетті» оқыса болғаны. Қайта Лениннің «өсиеті» оппозицияның қазіргі басшыларын жермен жексен етеді.

Шынында да, Лениннің өз «өсиетінде» Троцкийді «большевизмге жатпайды» деп кінәлайды, ал Каменев пен Зиновьевтің Октябрь кезіндегі қателерін алатын болсақ, бұл қате «кездейсоқтан» болған нәрсе емес дегендігі факт. Бұл не деген сөз? Бұл — «большевизмге жатпайтын» Троцкийге де, қателері «кездейсоқ» нәрсе болмай, алдағы уақытта қайталануы мүмкін және қайталануға тиіс қате болып отырған Каменев пен Зиновьевке де саяси жағынан сенуге болмайды деген сөз.

Мұндағы бір ерекше нәрсе сол, «өсиетте» Сталиннің қателері жөнінде бірде-бір сөз, бірде-бір ишарат жоқ. Онда тек Сталиннің қатыгездігі туралы ғана айтылған. Бірақ қатыгездік Сталиннің ұстаған саяси жолының немесе позициясының кемшілігі емес және кемшілігі бола алмайды.

«Өсиеттің» тиісті жері мынау:

> «Орталық Комитеттің басқа мүшелеріне олардың өз басының қасиеті жөнінде бұдан әрі сыйпаттама беріп жатпаймын. Тек мынаны ғана ескертемін: Зиновьев пен Каменевтің октябрьдегі оқыйғасы, әрине, кездейсоқтан болған нәрсе емес, бірақ большевизмге жатпағандығы үшін Троцкийді онша кінәлауға болмайтын болса, бұл оқыйға үшін Зиновьев пен Каменевті де соншалықты кіналауға болмайды».

Түсінікті ғой деймін.

II

ОППОЗИЦИЯНЫҢ «ПЛАТФОРМАСЫ» ТУРАЛЫ

Бұдан соңғы мәселеге келейік. Оппозицияның белгілі «платформасын» Орталық Комитет не себепті басып шығармады? Зиновьев пен Троцкий Орталық Ко-

митет пен партия шындықтан «қорққандықтан» бастырмады дейді. Бұл дұрыс па? Әрине, дұрыс емес. Ол олма, партияны немесе Орталық Комитетті шындықтан қорқады деу ақымақтық болады. Бізде Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының пленумдарының стенограммалары бар. Бұл стенограммалар бірнеше мың дана болып басылып, партия мүшелеріне таратылып беріледі. Олардың ішінде оппозиционерлердің де сөздері, партия жолын ұстаған өкілдердің де сөздері бар. Оларды партияның ондаған, жүздеген мың мүшелері оқыйды. (Дауыстар: «Дұрыс!».) Егерде біз шындықтан қорыққан болсақ, онда біз бұл документтерді таратпаған болар едік. Шынына келгенде, бұл документтің бір жақсы жері партиядағылардың Орталық Комитеттің позициясын оппозицияның көзқарастарымен салыстыруына және өздерінің қаулысын шығаруына мүмкіншілік береді. Шындықтан қорқушылық мұның қай жерінде?

Оппозиция басшылары, дәл кәзіргі айтып отырғаны сияқты, 1926 жылы октябрьде Орталық Комитет шындықтан қорқып, олардың «платформасын» жасырады, оны партиядан жасырады, т. т. деп қорازданған болатын. Нақ сондықтан да олар сол кезде Москвадағы («Авиоприборды» еске түсіріңіз), Ленинградтағы («Путиловты» еске түсіріңіз) ұяларға, т. т. жүгірген болатын. Одан не шықты? Жұмысшы-коммунарлар біздің оппозиционерлердің сазайын берді, сазайын бергенде де оппозиция басшылары күрес майданынан қаша жөнелуге мәжбүр болды. Олардың сол кезде онан да әрі барлық ұяларға барып, біздің қайсымыздың — оппозиционерлердің бе әлде Орталық Комитеттің — шындықтан қорқатынымызды тексермеген себе-

бі не? Себебі олар нағыз (ойдан шығарылмаған) шындықтан қорқып, зәресі ұшты.

Ал кәзірде ше? Шынын айтқанда, кәзір бізде ұяларда айтыстар жоқ па? Жалғыз да болса, оппозиционері бар ұяның соңғы 3—4 айдың ішінде оппозицияның шығып сөйлемеген, айтыссыз өткен бірде бір мәжілісі болған біреуін көрсетіп беріңізші. Соңғы 3—4 айдың ішінде қолынан келген жерлердің бәрінде де оппозицияның ұяларда өзінің қарсы қарарларымен шыққандығы факт емес пе. (Дауыстар: «Өте дұрыс!».) Троцкий мен Зиновьев ұяларға барып, өз көзқарастарын неге айтпайды?

Ерекше бір факт мынау. Осы жылғы августа, Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының пленумынан кейін, Троцкий мен Зиновьев — егер Орталық Комитеттің тарапынан қарсылық болмайтын болса Москва активінде сөз сөйлегіміз келеді деп арыз жазып жіберіпті. Орталық Комитет бұған былай деп жауап берді (ал бұл жауап жергілікті ұйымдарға жіберілген болатын): Троцкий мен Зиновьевтің сөз сөйлеуіне Орталық Комитет қарсы емес, тек олар, Орталық Комитеттің мүшесі болғандықтан, Орталық Комитеттің қарарларына қарсы шықпаса болғаны деді. Сонан соң не болды? Сонан соң олар сөз сөйлеуден бас тартты. (Жалпы күлкі.)

Рас, жолдастар, біздердің біреулеріміз шындықтан анық қорқатын болар, бірақ қорқатын Орталық Комитет емес, ал партия тіпті де қорқпайды, қорқатын біздің оппозицияның басшылары.

Бұлай болғанда, Орталық Комитет оппозицияның «платформасын» не себепті бастырып шығармады?

Мұның ең бірінші себебі — Орталық Комитет

Троцкийдің фракциясын жарыя еткісі келмеді, жалпы фракциялық топтарды жарыя еткісі келмеді және жарыя етуге правосы да жоқ еді. Ленин X съездің «Бірлік туралы» деген қарарында «платформаның» болуы — фракцияшылдықтың негізгі белгілерінің бірі болып табылады дейді. Бұған қарамастан оппозиция «платформа» жазып, оны бастырып шығаруды талап етті, сөйтіп X съездің қаулысын бұзды. Егерде Орталық Комитет оппозицияның «платформасын» бастырып шығарған болса, не болған болар еді? Онда бұл — оппозицияның X съездің қарарын бұзу жөніндегі фракциялық жұмысына қатысуға Орталық Комитеттің разы болғандығы болар еді. Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясы бұған бара алатын ба еді? Өзін қадірлейтін бірде-бір Орталық Комитет мұндай фракциялық қадам жасауға бара алмайды. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!».)

Сонсоң. X съездің «Бірлік туралы» Лениннің өз қолымен жазған сол қарарында былай делінген: «белгілібір платформа негізінде құрылған топтардың бірін қалдырмай таратуды бұйырады», «съездің бұл қаулысын орындамаған адам партиядан сөзсіз және дереу шығарылуға тиіс». Директива түсінікті және нақтылы директива. Егерде Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясы оппозицияның «платформасын» бастырып шығарған болса, не болған болар еді? Онда мұны белгілібір «платформа» негізінде құрылған топтардың бірін қалдырмай тарату деп атауға болатын ба еді? Әрине, болмайтын еді. Қайта, бұл — Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының өздерінің топтар мен фракцияларды таратуға кіріспей, оппозиция «платформасының» негізінде топтар мен

фракцияларды ұйымдастыруға көмектескендігі болар еді. Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясы мұндай жікшілдік қадам жасауға бара алатын ба еді? Әрине, бара алмайтын еді.

Ақырында, оппозицияның «платформасында» партияға қатты жала жабылған, ал егер олар жарияланған болса, онда олар партияға да, біздің мемлекетке де өте қатты зиян келтірген болар еді.

Шынында да оппозицияның «платформасында» біздің партия сыртқы сауда монополиясын жоюға және барлық борыштарды, демек, соғыс борыштарын да төлеуге дайын көрінеді-мыс делінген. Мұның өзі біздің партияға, біздің жұмысшы табына, біздің мемлекетке жапқан оңбаған жала екендігі жұрттың бәріне де белгілі. Айталық, партия мен мемлекетке осындай жала жабатын «платформаны» біз бастырып шығарған болайық. Сонда не болып шығар еді? Бұдан шығатын нәрсе тек мынау ғана болар еді: халықаралық буржуазия біздің ешбір көне алмайтын кеңшіліктер жасауымызды (мәселен, сыртқы сауда монополиясын жоюды, соғыс борыштарын төлеуді, т. т.) талап етіп, бізді соғыс арқылы қорқытып, бізге бұрынғыдан да гөрі қатты қысым көрсеткен болар еді.

Егерде Орталық Комитеттің Троцкий мен Зиновьев сияқты мүшелері біздің партияның үстінен барлық елдердің империалистеріне донос жасап, біздерді сыртқы сауда монополиясын жоюға дейін барынша көп кеңшілік жасауға дайын деп, оларды сендіретін болса, онда мұның мынадай ғана мағнасы болуы мүмкін: буржуа мырзалар большевиктер партиясын бұдан да әрі қыса түсіңдер, оларды соғыс арқылы қорқытыңдар, ал олар, большевиктер, егер сіздер қысатын бол-

саңыздар, кеңшіліктердің қандайын болса да жасауға дайын деген сөз болуы мүмкін.

Оппозицияның «платформасы» — сыртқы саясат жөнінде біздің қыйыншылықтарымызды тереңдете түсу үшін Зиновьев пен Троцкийдің біздің партияның үстінен империалист мырзаларға жалған донос жасауы болып шығып отыр.

Бұл кімге зыян? Мұның ССР Одағы пролетариатына, ССР Одағы компартиясына, біздің бүкіл мемлекетке зыян екені анық.

Бұл кімге пайдалы? Бұл барлық елдердің империалистеріне пайдалы.

Енді мен сіздерден — бұл сыяқты оңбаған нәрсені біздің баспасөзде шығаруға Орталық Комитет бара алатын ба еді? — деп сұраймын. Әрине, бара алмайтын еді.

Оппозицияның «платформасын» бастырып шығарудан Орталық Комитеттің бас тартуына осындай пікірлер себеп болды.

III

ЛЕНИН АЙТЫС ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОППОЗИЦИЯ ТУРАЛЫ

Бұдан соңғы мәселе. Зиновьев бұл арада — Ленин барлық уақытта да айтысты жақтады деп дәлелдемек болып байбалам салды, мұнда ол X съездің алдында және съездің өзінде платформалар бойынша айтыс болған фактысын көрсетеді. Бірақ ол X съездің алдындағы айтысты Лениннің қате деп санағандығы туралы айтуды ұмытып отыр. X съездің «Партияның бірлігі туралы», Лениннің қолымен жазылып, партиямыздың

дамуы үшін директива болып табылатын қарарында «платформалар» бойынша айтыс жүргізілсін делінбей, белгілібір «платформа» негізінде құрылған топ атаулының бәрі де таратылсын делінгендігін айтуды ол «ұмытып» отыр. Ол X съезде Лениннің бұдан былайғы жерде партияда ешқандай оппозицияны «болғызбау» керек екендігін жақтап шыққандығын «ұмытып» отыр. Лениннің біздің партияны «айтыс клубына» айналдыруға тіпті де болмайды деп санағандығын айтуды ол «ұмытып» отыр.

Мәселен, X съездің алдында Ленин айтысты былайша бағалаған болатын:

«Бүгін мен бұл туралы айттым да, әрине, мен сіздердің көбіңіз бұл айтысты шектен шыққан асып-тасқандық деп бағаламай тұра алмассыз деп ептеп қана айттым. Ал мен бұған өз жанымнан мынаны қосып айтпай тұра алмаймын: менің ойымша, бұл асып-тасқандық барынша орынсыз болды, сондықтан мұндай айтысқа жол беріп, біз, сөз жоқ, қате жасадық» (X съездің протоколдарын қараңыз, 16-беті[47]).

Ал X съезден кейін болуы мүмкін түрлі-түсті оппозиция туралы X съезде Ленин былай деген болатын:

«Қәзіргі кезден шығатын саяси қортынды — партияны топтастыру, партия ішінде оппозицияны болғызбау...» «Енді оппозицияның керегі жоқ, жолдастар! Сондықтан мен партия съезінің бұл қортындыны жасауына тура келеді ғой деп ойлаймын, енді оппозиция аяқталды, бітті, енді бізге оппозицияның керегі жоқ деген қортынды жасауына тура келеді ғой деп ойлаймын!» (бұл да сонда, 61 және 63-беттерін қараңыз[48]).

Айтыс туралы және жалпы оппозиция туралы мәселеге Ленин осылайша қараған болатын.

IV

ОППОЗИЦИЯ ЖӘНЕ «ҮШІНШІ КҮШ»

Бұдан соңғы мәселе. Менжинский жолдастың ақгвардияшылар туралы, троцкистердің антипартиялық құпия баспаханасы «қызметкерлерінің» бір бөлегі байланысты болған ақгвардияшылар туралы мәлімдемесі не үшін керек болды?

Біріншіден, оппозицияның осы мәселе жөнінде өздерінің антипартиялық листоктарында таратып жүрген өтірік, жаласын бекерге шығару үшін керек болды. Оппозиция жұрттың бәрін: оппозицияның Щербаков, Тверский және басқалар сыяқты одақтастарымен белгілібір дәрежеде байланысты болған ақгвардияшылар жөніндегі іс — оппозицияны масқаралау үшін шығарылған жалған, өтірік нәрсе деп сендіреді. Тұтқынға алынғандардың берген жауабын келтіріп, Менжинский жолдастың жасаған мәлімдемесі — троцкистердің антипартиялық құпия баспаханасы «қызметкерлерінің» бір бөлегі ақгвардияшылардың контрреволюциялық элементтерімен байланысты екендігінде, сөзсіз байланысты екендігінде ешқандай күмән қалдырмайды. Оппозиция бұл фактылар мен документтерді бекерге шығарып көрсін.

Екіншіден, қазірде Берлиндегі Масловтың органы («Фане дес Коммунизмус», яғни «Коммунизм туы») таратып жүрген өтірікті әшкерелеу үшін керек болды. ССР Одағына қарсы өсек таратып, ССР Одағының құпия істерін буржуазияға берумен болып жүрген ренегат Масловтың осы былғаныш листогінің соңғы номерін біз жаңа да ғана алып отырмыз. Бұл баспасөз органында, әрине, барынша өңін айналдырған түрде

тұтқынға алынған ақгвардияшылардың және олардың антипартиялық құпия баспаханадағы одақтастарының берген жауаптары барлық жұртқа жарияланған. (Д а у ы с т а р: «Мәссаған!».) Бұл мәліметтерді Масловтың қайдан алуы мүмкін? Бұл документтер құпия документтер, өйткені ақгвардияшылардың Пилсудскийдің астыртын әрекеті сияқты астыртын әрекет ұйымдастыру ісіне қатысы бар үйірмесінің адамдары әлі тегіс табылып, тұтқынға алынған жоқ. Троцкий, Зиновьев, Смилга және басқа оппозиционерлер бұл жауаптармен Орталық Бақылау Комиссиясында танысқан болатын. Әзірге бұл жауаптардың көшірмесін алу оларға рұқсат етілмеді. Бірақ олар, сірә, сонда да оның көшірмесін алып, оны Масловқа жіберуге асыққан болу керек. Бірақ бұл мәліметтерді жариялау үшін Масловқа жіберу деген не деген сөз? Бұл әлі табылмаған және әлі тұтқынға алынбаған ақгвардияшыларды сақтандыру деген сөз, оларды большевиктер сендерді тұтқынға алғалы жүр деп сақтандыру деген сөз.

Бұлай істеу жақсы ма, коммунистердің осылай істеуіне бола ма? Әрине, болмайды.

Масловтың органындағы мақаланың аты қызықтыра қойылған ат: «Сталин БК(б)П-ны жікке бөліп отыр. Ақгвардиялық астыртын әрекет. ССР Одағынан келген хат». (Д а у ы с т а р: «Оңбағандар!».) Тұтқынға алынғандардың өңі айналдырылған жауаптарын Маслов Троцкий мен Зиновьевтің көмегімен бүкіл жұртқа жариялап, бастырып шығарып отырғанда, — міне осының барлығынан кейін біз өтірік-өсектерге шын фактылар мен шын жауаптарды қарсы қойып, Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясы-

ның пленумының алдында есеп бермей тұра алатын ба едік?

Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының Менжинский жолдасқа фактылар туралы мәлімдеме жасау жөнінде ұсыныс жасау керек деп тапқан себебі осы.

Бұл жауаптардан, Менжинский жолдастың мәлімдемесінен қандай қортынды шығады? Біз оппозицияны соғыстық астыртын әрекет жасадың деп кінәлаған кезіміз болды ма немесе қазірде біз оны солай деп кінәлап отырмыз ба? Әрине, кінәламаймыз. Біз оппозицияны бұл астыртын әрекетке қатыстың деп кінәлаған күніміз болды ма немесе қазірде біз оны солай деп кінәлап отырмыз ба? Әрине, кінәламаймыз. (Муралов: «Өткен пленумда кінәладыңыз».) Дұрыс емес, Муралов, бізде антипартиялық құпия баспахана туралы және бұл баспаханамен байланысты партияда жоқ интеллигенттер туралы Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының екі мәлімдемесі бар. Сіз бұл документтерден біздің оппозицияны соғыстық астыртын әрекетке қатысы бар деп кінәлағандығымызды көрсететін бірде-бір сөйлем, бірде-бір сөз таба алмайсыз. Бұл документтерде Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясы тек: оппозиция құпия баспахана ұйымдастырып, буржуазиялық интеллигенттермен байланыс жасады, ал бұл интеллигенттердің бір бөлегі, өз кезегінде, соғыстық астыртын әрекет жасамақ болып жүрген ақгвардияшылармен байланысты болып шықты дегенді ғана дәлелдеген болатын. Мен Орталық Комитеттің Саяси бюросы мен Орталық Бақылау Комиссиясының Президиумы осы мәселеге байланысты бастырып шығарған документтердің іші-

нен тиісті жерлерін Мураловтың көрсетуін сұраған болар едім. Муралов мұны көрсете алмайды, өйткені онда мұндай жерлер тіпті де жоқ.

Бұлай болғанда біз оппозицияны не үшін кінәладық және кәзірде не үшін кінәлап отырмыз?

Біріншіден, оппозицияның жікке бөліну саясатын жүргізе отырып, антипартиялық құпия баспахана ұйымдастырғаны үшін кінәлап отырмыз.

Екіншіден, оппозицияның бұл баспахананы ұйымдастыру үшін буржуазиялық интеллигенттермен, бір бөлегі контрреволюциялық астыртын әрекетшілермен тікелей байланысты болып отырған интеллигенттермен, одақ жасағаны үшін кінәлап отырмыз.

Үшіншіден, буржуазиялық интеллигенттерді өзіне тарта отырып, олармен бірігіп партияға қарсы жасырын істер істеп, оппозицияның еріксіз, тілесін, тілемесін «үшінші күш» деп аталатын нәрсенің қоршауында қалғандығы үшін кінәлап отырмыз.

Оппозиция өзінің партиясынан гөрі осы айтылған буржуазиялық интеллигенттерге анағұрлым көп сенетін болып шығып отыр. Әйтпесе ол құпия баспаханамен байланысты «тұтқынға алынғандардың бәрін», контрреволюциялық элементтермен байланысты болып шыққан Щербаковке, Тверскийге, Большаковка және басқаларға дейін босатуды талап етпеген болар еді.

Оппозиция антипартиялық, құпия баспахана ұйымдастырғысы келді; ол бұл үшін буржуазиялық интеллигенттерден көмек сұрады; ал бұл соңғылардың бір бөлегі тікелей контрреволюционерлермен байланысты болып шықты, — міне осылай тізбектеліп отыр, жолдастар. Оппозицияны еріксіз, ол тілесін, тілемесін ан-

тисоветтік элементтер, оппозицияның жікшілдік жұмысын өз мақсаттарына пайдалануға тырысатын элементтер қаптап кетіп отыр.

Сонымен партиямыздың X съезінде-ақ Лениннің болжап айтқаны (X съездің «Партияның бірлігі туралы» қарарын қараңыз) ақталып отыр, Ленин ол сөзінде біздің партия ішіндегі күреске оппозицияның жұмысын өзінің тап мақсаттарына пайдалану үшін міндетті түрде «үшінші күш», яғни буржуазия келіп қыстырылуға тырысады деген болатын.

Контрреволициялық элементтер, мысалы, майдандарда, оппозициямен ешбір байланыссыз-ақ кейде совет органдарына да кіріп кетеді деседі. Бұл дұрыс. Бірақ бұлай болғанда совет органдары оларды тұтқынға алып, атады. Ал оппозиция қалай істеді? Ол құпия баспаханадағы тұтқынға алынған, контрреволюциялық элементтермен байланысы бар буржуазиялық интеллигенттерді босатуды талап етті. Гәп осында болып отыр, жолдастар. Оппозицияның жікшілдік жұмысы міне осындай нәтижеге әкеп соғып отыр. Осы қауіптердің бәрі туралы ойлаудың орнына, біздің оппозиционерлер өздерінің қандай жарға жығылғалы отырғанын ойлаудың орнына, — міне осылай етудің орнына олар партияға жала жабумен әуестеніп, барлық күшін жұмсап біздің партияға ірткі салып, жікке бөлуге тырысып жүр.

Контрреволюциялық ұйымдарды ашу жөнінде Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқармаға қызмет етіп жүрген бұрынғы Врангельдің офицері туралы сөз қылып жүр. Оппозицияның одақтастары, бүкіл сол Щербаковтер мен Тверскойлар сөз салған бұрынғы Вран-

гельдің офицері БМСБ-ның агенті болып шыққандығы жөнінде айғай-шу көтеріп, оппозиция ұшып-қонып жүр. Егерде сол бұрынғы Врангельдің офицері контрреволюциялық астыртын әрекетті ашуға Совет өкіметіне көмектесетін болса, мұның несі жаман. Контрреволюциялық ұйымдарды ашу ісіне пайдалану үшін бұрынғы офицерлерді өз жағына тартуға Совет өкіметінің правосы бар екендігін кім бекер дей алады?

Щербаков пен Тверской бұл бұрынғы Врангель офицеріне БМСБ-ның агенті деп сөз салған жоқ, қайта оны партияға қарсы және Совет өкіметіне қарсы пайдалану үшін бұрынғы Врангель офицері деп сөз салды. Мәселе міне осында және біздің оппозициянын сорлылығы да осында болып отыр. Сөйтіп БМСБ осы ізбен жүріп отырып, өзі күтпеген жерде троцкистердің антипартиялық құпия баспаханасының үстінен шыққан кезде, Щербаков, Тверской және Большаков мырзалар, оппозициямен одақ жасауды жөнге қоя отырып, бұдан бұрын контрреволюционерлермен, Костров пен Новиков сияқты бұрынғы Колчак офицерлерімен одақтас болған болып шықты, бұл туралы бүгін Менжинский жолдас баяндады.

Мәселе міне осында болып отыр, жолдастар, және біздің оппозициның сорлылығы да осында болып отыр.

Оппозицияның жікшілдік жұмысы оны буржуазиялық интеллигенттермен ұштасуға әкеп соғып отыр, ал буржуазиялық интеллигенттермен ұштасу түрлі-түсті контрреволюциялық элементтердің оппозицияға қаптап кетуін жеңілдетеді, — жәйсіз болғанымен, ақыйқат осылай болып отыр.

V

ОППОЗИЦИЯ СЪЕЗГЕ ҚАЛАЙ «ДАЙЫНДАЛУДА»

Келесі мәселе: съезді дайындау жөніндегі мәселе. Бұл арада Зиновьев пен Троцкий съезді жазалау жолымен дайындап жатырсыңдар деп бізге байбалам салды. Олардың «жазалаудан» басқа түк көрмейтіні ғажап нәрсе. Ал Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының съезге дейін бір айдан астам уақыт бұрын айтыс жүргізу туралы шығарған қарары ше, — сіздіңше, бұл не, съезге дайындық па немесе дайындық емес пе? Ұяларда және партияның басқадай ұйымдарында тоқтаусыз жүріп жатқан, үш — төрт айдан бері созылып келе жатқан айтыс ше? Ішкі, сыртқы саясаттың барлық мәселелері жөнінде пленумдардың соңғы жарты жыл ішіндегі, әсіресе соңғы үш — төрт айдың ішіндегі стенограммалары мен қарарларының талқылануы ше? Осының бәрін партия бұқарасының белсенділігінің өсуі демегенде, оларды саясатымыздың күрделі-күрделі мәселелерін талқылауға тарту демегенде, партия бұқарасын съезге дайындау демегенде не деп атауға болады?

Бұл жөнінде партия ұйымдары оппозицияны қолдамайтын болса, оған кім кінәлі? Анығында, бұған оппозиция кінәлі, өйткені оның ұстаған жолы — толық банкроттық жол, оның саясаты партия мен Коминтернге қарсы ренегат Маслов пен Суваринге дейін бүкіл антипартиялық элементтермен одақ жасау саясаты болып табылады.

Анығында, Зиновьев пен Троцкий съезді антипартиялық құпия баспаханалар ұйымдастыру жолымен, антипартиялық құпия жыйналыстар ұйымдастыру жо-

лымен, біздің партияның үстінен барлық елдердің империалистеріне доностар жасау жолымен, партиямызға іріткі салып, жікке бөлу жолымен дайындау керек деп ойлайды. Мұның өзі партия съезін дайындау жұмысын барынша бір ғажап түсіну екендігін бекер демессіз. Партия іріткі салушылар мен жікшілдерге қарсы партиядан шығаруға дейін батыл шаралар қолданатын болса, оппозиция жазалау туралы айғайлайды.

Рас, партия іріткі салушылар мен жікшілдерге қарсы жаза қолданып отыр және алдағы уақытта да қолданады, өйткені қандай жағдайда болса да, съездің алдынан да, съездің кезінде де партияны жікке бөлуге болмайды. Өйткені партия бетімен кеткен жікшілдерге, қайдағыбір Щербаковтердің одақтастарына бізде съезге дейін бар болғаны бір-ақ ай қалғаны үшін партияны бүлдіртіп қоя берсе, онда партия өзін өзі өлтірген болар еді.

Ленин жолдас іске бұлай қарамаған болатын. Сіздер білесіздер, Ленин 1921 жылы Шляпниковті антипартиялық баспахана ұйымдастырғаны үшін емес және буржуазиялық интеллигенттермен одақ жасағандығы үшін де емес, тек Шляпниковтің Халық Шаруашылығы Жоғарғы Советінің қарарларын сынап партия ұясында сөз сөйлегені үшін Орталық Комитеттен және партиядан шығаруды ұсынған болатын-ды. Енді Лениннің осы пиғылын кәзірде оппозиция жөнінде партияның істеп отырған ісімен салыстырып көріңіз — сонда сіз іріткі салушылар мен жікшілдерді біздің қаншалықты тыюсыз жіберіп алғанымызды түсінесіздер.

1917 жылы, Октябрь көтерілісінің алдында, Лениннің Каменев пен Зиновьевті партияның жарияланба-

ған қарарын жартылай социалистік, жартылай буржуазиялық — «Новая Жизнь»[49] дейтін газетте сынағаны үшін ғана оларды партиядан шығару жөнінде бірнеше рет ұсыныс жасағандығын сіздердің білмеулеріңіз мүмкін емес. Ал біздің оппозиция қазірде Масловтың Берлиндегі газетінде, — буржуазиялық, антисоветтік, контрреволюциялық газетте Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының қаншама құпия қарарларын жариялап отыр десеңізші! Ал біз мұның бәріне шыдап отырмыз, шыдағанда да шексіз шыдап отырмыз, сөйтіп оппозициядағы жікшілдердің партиямызды бүлдіруіне мүмкіншілік беріп отырмыз. Оппозиция бізді міне осындай масқарашылыққа дейін жеткізіп отыр! Бірақ біз бұған шексіз шыдай бере алмаймыз, жолдастар. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!». Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Партиядан шығарылған, антисоветтік жұмыс жүргізіп отырған, іріткі салушылардың тұтқынға алынғандығы туралы сөз қылып жүр. Рас, біз оларды тұтқынға алып отырмыз, егер олар партия мен Совет өкіметінің астынан ор қазуын қоймайтын болса, бұдан былай да тұтқынға аламыз. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс! Дұрыс!».)

Біздің партия тарихында мұндай мысалдар болған емес деседі. Бұл дұрыс емес. Мясниковтың тобы ше?[50] «жұмысшы правдасының» тобы ше? Бұл топтардың мүшелерінің Зиновьевтің, Троцкийдің және Каменевтің тікелей қолдауы арқылы тұтқынға алынғандығын кім білмейді? Партиядан шығарылған іріткі салушыларды бұдан үш — төрт жыл бұрын тұтқынға алуға болғанда, қазірде, троцкистік оппозицияның кейбір бұрынғы мүшелері контрреволюционерлермен тікелей байланыс

жасауға дейін барып отырған кезде, тұтқынға алуға болмайтын себебі не?

Сіздер Менжинский жолдастың мәлімдемесін тыңдаңыздар. Бұл мәлімдемеде: партия мүшесі, оппозицияның жақтаушысы Степанов дейтін біреудің (әскер адамы) контрреволюционерлермен, Новиковпен, Костровпен және басқалармен тікелей байланысы бар делінген, мұны берген жауаптарында Степановтың өзі де бекер демейді. Осы уақытқа дейін оппозиционер болып келген бұл адам-сымақты не қыл дейсіз? Оның бетінен сүю керек пе, әлде тұтқынға алу керек пе? Егерде БМСБ мұндай адам-сымақтарды тұтқынға алатын болса, оның таңқаларлық несі бар? (Орыннан дауыстар: «Дұрыс, өте дұрыс!». Қол шапалақтау.)

Ленин — егерде іріткі салушылар мен жікшілдерге кеңшілік беретін болсақ, онда істі партияны барынша бүлдіруге дейін жеткізуге болады деген еді. Бұл өте дұрыс. Нақ сондықтан да, менің ойымша, оппозиция басшыларына біздің кеңшілік беруді қоятын және Троцкий мен Зиновьевті партиямыздың Орталық Комитетінен шығару туралы қортынды жасайтын уақыт жетті. (Дауыстар: «Дұрыс!».) Бұл, партияны іріткі салушылардың жікшілдік жұмысынан аман сақтау үшін жасалуға тиісті қалыпты қортынды және ең кішкене қалыпты шара болып табылады.

Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының бұдан бұрынғы пленумында осы жылғы августа маған пленумның кейбір мүшелері Троцкий мен Зиновьев жөнінде жұмсақтық жасағаным үшін, Троцкий мен Зиновьевті Орталық Комитеттен дереу шығармай қоя тұру керек деп пленумда айтқаным үшін

ұрысқан болатын. (Орыннан дауыстар: «Дұрыс, кәзірде де ұрсамыз!».) Мүмкін, мен ол кезде, Троцкий мен Зиновьев жөнінде неғұрлым баяу жолды ұстауды ұсынып, тым жұмсақтық жасап, қате жібергенболармын. (Дауыстар: «Дұрыс!». Петровский жолдас: «Дұрыс, «шірік жіп» үшін қашанда да ұрсамыз!».) Бірақ кәзірде, жолдастар, осы үш айдың ішінде біздің басымыздан кешіргендеріміздің бәрінен соң, оппозиция, партияны тағыда алдап, өз фракциясын жою туралы 8 августағы арнаулы «арызда» өзінің берген уәдесін бұзғаннан соң, — міне осының бәрінен соң жұмсақтыққа ешқандай орын қалмай отыр. Енді біз Троцкий мен Зиновьевтің Орталық Комитеттен шығарылуын талап ететін жолдастардың бірінші қатарында болуға тиіспіз. (Ду қол шапалақтау. Дауыстар: «Дұрыс! Дұрыс!». Орыннан дауыстар: «Троцкийді партиядан шығару керек».) Мұны съезд шешсін, жолдастар.

Троцкий мен Зиновьевті Орталық Комитеттен шығара отырып, біз оппозицияның жікшілдік жұмысы жөнінде қолымызда жыйналған материалдардың барлығын XV съездің қарамағына беруге тиіспіз, сонда бұл материалдардың негізінде съездің тиісті қарар алуына мүмкіндігі болады.

VI

ЛЕНИНИЗМНЕН ТРОЦКИЗМГЕ

Келесі мәселе. Зиновьев өзінің сөзінде партия жолының соңғы екі жылдың ішіндегі «қателері» туралы және оппозиция жолының «дұрыстығы» туралы қызық мәселе қозғады. Мен бұған оппозиция жолының бан-

крот болғандығы туралы және соңғы екі жылдың ішінде біздің партия саясатының дұрыстығы туралы мәселені анықтау арқылы бір — екі сөзбен жауап бергім келеді. Бірақ мен сіздердің уақыттарыңызды тым көп алып отырмын, жолдастар. (Дауыстар: «Сұраймыз, айта беруіңізді сұраймыз!». Председатель: «Қарсылық жоқ па?». Дауыстар: «Сұраймыз, сұраймыз!».)

Оппозицияның негізгі күнәсі, оппозициялық саясаттың банкрот болуын анықтаған күнәсі неде? Оппозицияның негізгі күнәсі — ол ленинизмді троцкизммен бояп өңдеуге және алмастыруға тырысты, кәзірде тырысып отыр және алдағы уақытта да тырысатын болады. Каменев пен Зиновьевтің ленинизмді Троцкийдің оқталуынан қорғаған кезі болды. Онда Троцкий де мұндайлық батыл емес еді. Бұл бір түрлі бағдар еді. Бірақ онан кейін Зиновьев пен Каменев, жаңа қыйыншылықтардан қорқып, Троцкийдің жағына ауып шығып, Троцкиймен бірге нашарлаған Август одағы сыяқты бірдеме құрды, сонымен троцкизмге пленге түсті. Лениннің Зиновьев пен Каменевтің октябрьдегі қатесі «кездейсоқ» нәрсе емес деген болжауы бұл арада да ақталды. Зиновьев пен Каменев ленинизм үшін күресуден троцкизм үшін күресу жолына көшті. Бұл жаңағыдан мүлде басқаша бағдар. Шынында да Троцкийдің кәзірде батылырақ болып отырған себебінің өзі осы.

Троцкий басқарып отырған кәзіргі біріккен одақтың негізгі міндеті қандай? Оның міндеті — партияны аз-маздап, ептеп-септеп лениндік жолдан троцкизм жолына түсіру. Оппозицияның негізгі күнәсі осындай. Ал партияның лениндік партия күйінде қалғысы ке-

леді. Партияның ленинизм туын барған сайын жоғары көтеріп, оппозицияға сырт беріп кеткендігі табиғи нәрсе. Партияның кешегі басшыларының енді азғын адамға айналған себебі осыдан.

Оппозиция өзінің жеңіліп қалғандығын адамның жеке басына тән нәрсе арқылы, Сталиннің қатандығы, Бухарин мен Рыковтың жеңілдік бермейтіндігі, т. т. арқылы «түсіндіргісі» келеді. Өте арзан түсінік екен! Бұл түсінік емес, бақсылық. Троцкий ленинизмге қарсы 1904 жылдан бастап күресіп келеді. 1904 жылдан бастап 1917 жылғы февраль революциясына дейінгі дәуірдің ішінде Троцкий Ленин партиясына қарсы жанталаса күресіп, ылғый меньшевиктердің төңірегінде айналсоқтап жүрумен болды. Осы уақыттың ішінде Троцкий Ленин партиясынан талай рет жеңілді. Неге? Мүмкін бұл арада Сталиннің қатандығы кінәлі шығар? Бірақ ол кезде Сталин Орталық Комитеттің секретары емес болатын, ол астыртын жұмыста патша өкіметіне қарсы күрес жүргізіп, шет елден алыс жерде болған болатын, ал Троцкий мен Лениннің арасындағы күрес шет елде болған болатын, — бұл арада Сталиннің қатандығының қандай қатысы бар?

Октябрь революциясынан бастап, 1922 жылға дейінгі дәуірдің ішінде Троцкий, большевиктер партиясында бола отырып, Ленинге және оның партиясына қарсы «орасан үлкен» екі жорық жасап үлгірді: 1918 жылы — Брест бітімі туралы мәселе жөнінде және 1921 жылы — кәсіпшілер одақтары туралы мәселе жөнінде. Бұл екі жорықтың екеуі де Троцкийдің жеңілуімен аяқталды. Неге? Мүмкін бұл арада Сталиннің қатандығы кінәлі шығар? Бірақ ол кезде Сталин Орталық Комитеттің секретары емес болатын, ол кезде

секретарьлық қызметте жұрттың бәріне белгілі троцкистер отырған болатын, — бұл арада Сталиннің қатандығының қандай қатысы бар?

Бұдан соңғы жерде Троцкийдің тарапынан партияға қарсы талай рет тағыда (1923 ж., 1924 ж., 1926 ж., 1927 ж.) жорық жасалды, сонымен қатар әрбір жорық Троцкийдің тағыда жеңілуімен аяқталып отырды.

Осының барлығынан — Троцкийдің Ленин партиясына қарсы күресінің тарихи терең тамырлы күрес екендігі түсінікті емес пе? Партияның троцкизмге қарсы кәзіргі күресі — 1904 жылдан бастап партия Лениннің басшылығымен жүргізіп келген күрестің жалғасы екендігі осыдан түсінікті емес пе?

Осының барлығынан — троцкистердің ленинизмді троцкизммен алмастыруға тырысуы оппозицияның бүкіл ұстаған жолының мерт болып, апатқа ұшырауының негізгі себебі болып табылатындығы түсінікті емес пе?

Біздің партия революциялық ұрыстардың қайнауында туып, өсті. Біздің партия бейбітшілік даму дәуірінде өсіп жетілген партиядай емес. Нақ сондықтан оның толып жатқан революциялық дәстүрлері бар және ол өзінің басшыларына фетиштік көзқараста бола алмайды. Бір кезде Плеханов партиядағы ең даңқты адам болатын. Ол ол ма, ол партияның негізін салған адам болатын, оның бержағында Троцкийдің немесе Зиновьевтің даңқы оның даңқының астарына да келмейді. Сонда да, осыған қарамастан, Плеханов марксизмнен оппортунизмге қарай кете бастасымен-ақ партия Плехановтан сырт айналып кетті. Егерде Троцкий мен Зиновьев сияқты онша «ұлы» емес адамдар ленинизмнен кете бастағаннан кейін, партияның

ең артына шығып қалған болса, мұның таңқаларлық несі бар?

Алайда оппозицияның оппортунистік азғындауының ең айқын көрсеткіші, оппозицияның банкорт болып, төмендеуінің ең айқын белгісі — ССР Одағы Орталық Атқару Комитетінің Манифестіне қарсы дауыс беруі болып табылады. Оппозиция жеті сағаттық жұмыс күніне көшуге қарсы! Оппозиция ССР Одағы Орталық Атқару Комитетінің Манифестіне қарсы! ССР Одағының бүкіл жұмысшы табы, барлық елдердің пролетарларының бүкіл алдыңғы қатардағы бөлегі Манифесті шаттықпен қарсы алып, жеті сағаттық жұмыс күніне көшу идеясын бүтіндей қол шапалақтап құттықтап отыр, — ал оппозиция Манифестіге қарсы дауыс беріп, буржуазиялық және меньшевиктік «сыншылардың» жаппай әніне үн қосып отыр, «Форвертстегі»[51] жалақорларға үн қосып отыр.

Мен оппозиция мұндай масқаралыққа дейін барады деп ойлағаным жоқ.

VII

СОҢҒЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАРТИЯ САЯСАТЫНЫҢ КЕЙБІР ӨТЕ МАҢЫЗДЫ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

Енді партиямыздың соңғы екі жыл ішіндегі ұстаған жолы туралы мәселеге, бұл жолды тексеруге, бұл жолға баға беруге көшейік.

Зиновьев пен Троцкий біздің партияның ұстаған жолы дұрыс болмай шықты дегенді айтты. Фактыларға келейік. Саясатымыздың негізгі төрт мәселесін алып,

осы мәселелердің тұрғысынан партиямыздың соңғы екі жыл ішінде ұстаған жолын тексеріп шығайық. Мен мына сияқты — шаруалар туралы мәселе, өнеркәсіп туралы және оны қайтадан жабдықтау туралы мәселе, бейбітшілік туралы мәселе және, ақырында, бүкіл дүние жүзінде коммунистік элементтердің өсуі туралы мәселе сияқты шешуші мәселелерді айтып отырмын.

Шаруалар туралы мәселе. Бұдан екі — үш жыл бұрын бізде жағдай қандай еді? Сіздер білесіздер, ол кезде бізде деревняның халі ауыр еді. Біздің болыстық атқару комитеттерінің председательдерін және жалпы село қызметкерлерін барлық уақытта бірдей таный қоймады және жиі-жиі террорға салып отырды. Селолық тілшілерді шолақ мылтық ұстап қарсы алып жүрді. Кейбір жерлерде, әсіресе шеткері аймақтарда, бандиттық бой көрсетулер де болды. Ал Грузия сияқты елде керек десе көтеріліс те болды[52]. Мұндай жағдайда кулактардың күшті езіне тартқаны, орташаның кулактардың маңына топтасқаны, ал кедейлердің тозғынданғаны табиғи нәрсе. Еліміздің хал-жайына аса ауыр тиген факты мынау болды: деревняның өндіргіш күштері аса тым баяу өсті, егістік жердің бір бөлегі мүлде ұқсатылмады, егіс көлемі соғысқа дейінгі егістің не бары 70—75 процентіндей ғана болды. Мұндай жағдай партиямыздың XIV конференциясына дейінгі дәуірде болды.

XIV конференцияда партия шаруа шаруашылығын неғұрлым тез қарқынмен дамыту үшін, ауыл шаруашылығының азық-түлік және шикізат өнімдерін көп шығарту үшін, орта шаруамен берік одақ жасап, кулактарды шеттету ісін алға бастыру үшін орта шаруа-

ның пайдасына кейбір кеңшілік жасау сияқты бірсыпыра шаралар қолданды. Партиямыздың XIV съезінде Зиновьев пен Каменев бастаған оппозиция партияның бұл саясатын іске асырмауға тырысты, бұл саясатты, шындығына келгенде кулактарды жою саясатымен кедейлер комитеттерін қайтадан орнату саясатымен алмастыруды ұсынды. Мұның өзі шындығына келгенде, деревняда азамат соғысын қайтадан орнату саясаты болды. Партия оппозицияның бұл шабуылына тойтарыс берді, XIV конференцияның қарарын бекітті, деревняда Советтерді жандандыру саясатын мақұлдады және социалистік құрылыстың негізгі ұраны ретінде индустриалау ұранын алға қойды. Партия орта шаруамен берік одақ жасау жолын және кулактарды шеттету жолын мықтап ұстады.

Партия бұл арқылы не нәрсеге жетті?

Ол бұл арқылы деревняны тыныштандырды, шаруалардың негізгі бұқарасымен қарым-қатнасты жақсартты, кедейлердің өз алдына саяси күш болып ұйымдасуына, кулактарды бұдан да былай шеттете беруге, мемлекеттік және кооперативтік органдардың миллиондаған шаруалардың жеке шаруашылықтарын біртелеп қамтый беруіне жағдай жасады.

Ал деревняны тыныштандыру дегеніміз не? Бұл социализм орнатудың негізгі шарттарының бірі. Бандиттық бой көрсетулер болып отырғанда және шаруалар арасында көтеріліс болып отырғанда социализм орнатуға болмайды. Кәзіргі уақытта егіс көлемі бізде соғысқа дейінгі мөлшерге дейін жетті (95%), деревня тыныштанды, орта шаруамен одақ жасалды, кедейлер азды-көпті ұйымдасты, деревняда Советтер нығайды,

пролетариаттың және оның партиясының деревняда беделі өсті.

Сонымен, біз деревнядағы капиталистік элементтерге қарсы шабуылды бұдан былай да жүргізе беруге және елімізде социализмді бұдан былай да ойдағыдай орната беруге мүмкіншілік беретін жағдайлар жасадық.

Партиямыздың соңғы екі жыл ішінде деревняда ұстаған саясатының нәтижесі міне осындай.

Сонымен, партиямыздың пролетариат пен шаруалардың арасындағы қарым-қатнастар туралы негізгі мәселедегі саясаты дұрыс болып шықты.

Өнеркәсіп туралы мәселе. Тарихта дүние жүзінде бірде-бір жас мемлекет сырттан көмек алмайынша, сырттан қарыз алмайынша немесе баска елдерді, отарларды, тағы сондайларды тонамайынша өз өнеркәсібін, әсіресе ауыр өнеркәсібін әлі күнге дейін көтеріп көрген емес. Бұл — капиталистік индустриаландырудың әдеттегі жолы. Англия ертеде өзінің инудстриясын жүздеген жылдар бойы барлық елдерден, барлық отарлардан қорек жыйнап, тонаудан алынғандарды өз өнеркәсібіне салу арқылы көтерген болатын. Соңғы уақыттың ішінде Германияның көтеріле бастаған себебі ол Америкадан бірнеше миллиард сом қарыз алып отыр.

Бірақ біз бұл жолдардың бірде-біреуімен жүре алмаймыз. Біздің бүкіл саясатымыз бойынша отарлық тонаудың болуы мүмкін емес. Ал қарызды бізге бермейді. Біздің қарамағымызда, Ленин көрсеткен жалғыз ғана бір-ақ жол қалды, атап айтқанда: ішкі қор жыйнау негізінде өз өнеркәсібімізді көтеру, өз өнеркәсібімізді қайтадан жабдықтау жағы ғана қалды.

Оппозиция біздің өнеркәсіпті қайтадан жабдықтау үшін ішкі қор жыйнау жетпейді деп барлық уақытта бақырып-шақырып келді. 1926 жылғы апрельде-ақ Орталық Комитеттің пленумында оппозиция — бізде өнеркәсіпті қайтадан жабдықтау ісін алға бастыру үшін өзіміздің іштен жыйналатын қорымыз жетпейді деген болатын. Оппозиция ол кезде сәтсіздіктің үстіне сәтсіздік болады деп сәуегейлік жасаған болатын. Ал оның бержағында тексере келгенде біз осы екі жылдың ішінде өнеркәсібімізді қайта жабдықтау ісін алға бастырған болып шығып отырмыз. Біздің екі жыл ішінде өнеркәсібімізге екі миллиард сомнан аса қаржы жұмсағанымыз факт. Өнеркәсібіміздің қайта жабдықталуын және елімізді индустрияландыру ісін бұдан былай да алға бастыру үшін бұл қаржылардың жеткілікті болып шыққандығы факт. Біз дүние жүзінде бірде-бір мемлекеттің қолы жетпеген табысқа жеттік: біз өзіміздің өнеркәсібімізді көтердік, біз оны қайта жабдықтай бастадық, біз бұл істі өзіміздің жыйнаған қорымыз арқылы алға бастырдық.

Өз өнеркәсібімізді қайта жабдықтау мәселесі жөніндегі біздің ұстаған саясатымыздың нәтижелері міне осындай.

Бұл жерде де біздің партия саясатының дұрыс болып шыққан фактысын тек соқыр адамдар ғана бекер дей алады.

Сыртқы саясат туралы мәселе. Егерде буржуазиялық мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатнастарды алатын болсақ, онда біздің сыртқы саясатымыздың мақсаты бейбітшілікті сақтау болып табылады. Бұл салада біз қандай табысқа жеттік? Біздің жеткен табысымыз, — жақсы, жаман болсын, — әй-

теуір бейбітшілікті сақтап қалдық. Біздің жеткен табысымыз — капиталистік қоршауға қарамастан, капиталистік үкіметтердің дұшпандық жұмысына қарамастан, Пекиндегі[53], Лондондағы[54], Париждағы[55] провокациялық әрекеттерге қарамастан, — міне осының бәріне қарамастан біз провокацияға берілмедік және бейбітшілік ісін қорғап қала білдік.

Зиновьевтің және басқалардың талай рет сәуегейлік жасағандығына қарамастан біз **соғыспай отырмыз,** — біздің оппозицияның қыйқу-сыйқуы ешнәрсе істей алмай отырған негізгі факт осындай. Біз үшін бұл күрделі нәрсе, өйткені тек бейбітшілік жағдайында ғана біздің елдегі социализм құрылысын өзімізге керекті жылдамдықпен алға бастыруға болады. Соғыс жөнінде бізде қаншама сәуегейліктер болды! Зиновьев бізде осы жылдың көктемінде соғыс болады деп сәуегейлік жасады. Сонан кейін ол соғыс, барлық жағынан қарағанда, осы жылдың күзінде басталады деп сәуегейлік жасады. Онын бержағында біз қыстың қарсаңына жеттік, ал әлі соғыс жоқ.

Біздің бейбітшілік саясатымыздың нәтижелері міне осындай.

Бұл нәтижелерді тек соқыр адамдар ғана көрмейді.

Ақырында, төртінші мәселе, — бүкіл дүние жүзіндегі коммунистік күштердің жайы туралы мәселе. Бүкіл дүние жүзінде, Қытайдан Америкаға дейінгі, Англиядан Германияға дейінгі жердің бәрінде коммунистік партиялардың өсіп келе жатқандығын тек соқыр адамдар ғана бекер дей алады. Капитализмнің дағдарыс элементтері төмендемей, өсіп келе жатқандығын тек соқыр адамдар ғана бекер дей алады. Бү-

кіл дүние жүзінде коммунистік қозғалыстың өсуінің негізгі себептерінің бірі — біздің елдегі социалистік құрылыстың өсуі, біздің ел ішіндегі саясатымыздың табыстары болып табылатындығын тек соқыр адамдар ғана бекер дей алады. Коммунистік Интернационалдың ықпалы мен беделінің жер жүзіндегі барлық елдерде тоқтаусыз өсіп келе жатқандығын тек соқыр адамдар ғана бекер дей алады.

Ішкі, сыртқы саясаттың негізгі төрт мәселесі жөнінде партиямыздың соңғы екі жыл ішінде ұстаған жолының нәтижелері осындай.

Біздің партия саясатының дұрыс болуы не деген сөз? Басқаның бәрін айтпағанда, бұл: біздің оппозиция саясатының толық банкрот болуы деген сөз ғана бола алады.

VIII

АКСЕЛЬРОДҚА ҚАРАЙ КЕЙІН ШЕГІНУ

Мұның бәрі жақсы-ақ, — деуі мүмкін бізге. Оппозицияның ұстаған жолы теріс және антипартиялық жол. Оның мінез-құлқын жікшілдік демей, басқаша атауға болмайды. Демек, Зиновьев пен Троцкийді шығару кәзіргі жағдайдан шығудың табиғи жолы болып табылады. Мұның бәрі осылай.

Бірақ біздің бәріміздің де — оппозицияның басшыларын Орталық Комитетте сақтау керек, оларды бірден шауып тастамау керек деген кезіміз болған жоқ па? Кәзірде мұндай өзгеріс қайдан шығып отыр? Бұл бетбұрысты немен түсіндіруге болады? Бұл арада жалпы бетбұрыс бар ма?

Я, бар. Оны немен түсіндіруге болады? Оны оппозиция басшыларының принциптік жолы мен ұйымдастыру «схемасының» мүлде өзгеруімен түсіндіруге болады. Оппозицияның басшылары өзгерді, ең алдымен Троцкий өзгерді, олар жамандық жағына қарай өзгерді. Бұл оппозиционерлер жөнінде партия саясаты да өзгеруге тиіс болғандығы табиғи нәрсе.

Мысал үшін біздің партияның азғындауы туралы мәселе сияқты **принциптік** маңызды мәселені алайық. Біздің партияның азғындауы дегеніміз не? Бұл — ССР Одағында пролетариат диктатурасының бар екендігін бекер деу болып табылады. Бұл жөнінде, айталық, бұдан үш жыл бұрын Троцкий қандай позицияда болды? Сіздер білесіздер, ол кезде либералдар мен меньшевиктер, сменовеховшылдар[56] және басқа ренегаттар біздің партияны сөзсіз азғындайды деп айтқан болатын. Сіздер білесіздер, ол кезде олар француз революциясының саласынан мысалдар алып, өз кезінде Францияда якобиншілер қандай апатқа ұшыраған болса, большевиктер де сондай апатқа ұшырауға тиіс деген болатын. Сіздер білесіздер, француз революциясымен тарихи салыстырушылық (якобиншілердің апатқа ұшырауы) ол кезде меньшевиктер мен сменовеховшылдар атаулының барлығының пролетариат диктатурасының сақталуына қарсы және біздің елде социализм орнату мүмкіншілігіне қарсы ұстаған дәлелі болды және кәзірде сондай дәлелі болып отыр.

Осыдан үш жыл бұрын бұл іске Троцкий қалай қарады? Бұл кезде ол мұндай салыстырушылықты сөз жоқ мақұлдамады. Ол кезде өзінің «Жаңа бағыт» (1924 ж.) деген кітапшасында ол былай деп жазған болатын:

«Либерализм мен меньшевизм көректеніп, жұбанып отырған ұлы француз революциясымен тарихи салыстырушылық (якобиншілердің апатқа ұшырауы) **үстірт және дәлелсіз нәрсе»*** (қараңыз: «Жаңа бағыт», 33-беті).

Анық және нақтылы айтылған! Бұдан батыл және нақтылы етіп айту қыйын болар деймін. Түрлі-түсті сменовеховшылдар мен меньшевиктер қатты көтеріп жүрген француз революциясымен тарихи салыстырушылық жөнінде Троцкийдің бұл айтқаны дұрыс па? Сөз жоқ, дұрыс.

Ал қазірде ше? Троцкий қазірде де осы позицияда ма? Амал не, бұл позицияда емес. Тіпті мұның керісінше. Бұл үш жылдың ішінде Троцкий «меньшевизм» мен «либерализмнің» жағына қарай біртелеп шығып үлгірді. Қазірде: француз революциясымен тарихи салыстырушылық меньшевизмнің белгісі емес, қайта «нағыз», «шын» «ленинизмнің» белгісі болып табылады деп оның өзі айтып отыр. Сіздер Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының осы жылғы июльде болған мәжілісінің стенограммасын оқыдыңыздар ма? Егер оқыған болсаңыздар, онда қазірде Троцкийдің біздің партияға қарсы өз күресінде француз революциясы дәуіріндегі якобиншілердің апатқа ұшырағаны тәрізді біздің партияның азғындауы жөніндегі меньшевиктік теорияға сүйеніп отырғандығын түсіну қыйын емес. Қазірде «термидор» туралы былшылдау Троцкий үшін тамаша жақсы нәрсе болып отыр.

Соңғы үш жылдың ішінде троцкистердің басынан кешірген жолы — азғындау туралы негізгі мәселеде

* Курсив менікі. **И. Ст.**

троцкизмнен «меньшевизмге» және «либерализмге» көшу болды.

Троцкистер өзгерді. Партияның троцкистер жөніндегі саясаты да өзгеруге тиіс болды.

Енді маңызы бұдан кем емес, ұйымдастыру мәселесі сияқты мәселені, партия тәртібі туралы мәселені, азшылықтың көпшілікке бағынуы туралы мәселені, пролетариат диктатурасын нығайту ісінде партиядағы темірдей тәртіптің ролі туралы мәселені алайық. Жұрттың бәріне мәлім, біздің партияда темірдей тәртіп болуы пролетариат диктатурасын сақтаудың және елімізде социализмді ойдағыдай орнатудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Жұрттың бәріне мәлім, барлық елдердің меньшевиктері, ең алдымен, партиямыздың темірдей тәртібінің астынан ор қазуға тырысады. Троцкийдің біздің партияда темірдей тәртіптің бар екенін түсініп, бағалаған кезі болды. Шындығына келгенде, біздің партияның Троцкиймен алауыз болуы ешуақытта да тоқтаған емес. Алайда Троцкий мен троцкистер біздің партия қарарларына бағына білген болатынды. Троцкийдің — біздің партиямыз қандай болса да, егер партия міндеттейтін болса «қол қусырып көнуге» дайынмын деп талай рет айтқаны жұрттың бәріне мәлім. Троцкистердің партия жөнінде және оның басшы органдары жөнінде өзінің адалдығын сақтап қалу талай рет қолынан келгендігін айта кету керек.

Ал қазірде ше? Троцкистер, қазіргі оппозиция, партияның қарарларына бағынуға, қол қусырып көнуге, тағы сондайларға дайын деп айтуға бола ма? Жоқ, қазірде дайын деп айта алмайсың. Олар өздерінің партия қарарларына бағыну туралы берген уәдесін екі

рет бұзғаннан кейін, партияны екі рет алдағаннан кейін, буржуазиялық интеллигенттермен бірігіп құпыя баспаханалар ұйымдастырғаннан кейін, Зиновьев пен Троцкийдің осы мінбеде тұрып, олар біздің партия тәртібін бұзып отырмыз және алдағы уақытта да бұзамыз деп бірнеше рет айтқан сөзінен кейін, — осының барлығынан кейін оппозицияның басшылары партияның алдында қол қусыруға дайын деп сенуге батылы баратын бірде-бір адам біздің партия ішінен табыла қояр ма екен. Қәзірде оппозиция жаңа жолға, партияны жікке бөлу жолына, жаңа партия құру жолына көшті. Қәзірде оппозиционерлердің арасында ең көп тараған кітапша Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін»[57] деген большевиктік кітапшасы болмай, Троцкийдің, ленинизмнің ұйымдастыру принциптеріне қарсы, Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітапшасына қарсы бағытталған «Біздің саяси міндеттеріміз» (1904 жылы басылып шыққан) деген меньшевиктік ескі кітапшасы болып отыр.

Сіздер білесіздер, Троцкийдің бұл ескі кітапшасының негізгі мәні партия мен партия тәртібін ленидік түсінуді бекер деу болып табылады. Бұл кітапшада Троцкий Ленинді «Максимилиан Ленин» деген аттан басқаша атамайды, ол Ленинді — өзінің қара басының диктатурасын орнатуға тырысқан Максимилиан Робеспьердің қайталануы болып табылады демек болады. Бұл кітапшада Троцкий тікеден-тіке: партияның қарарлары партияға бағынатын адамдардың тілегі мен көзқарастарына қаншалықты қайшы келмесе, партияның тәртібіне тек соншалықты ғана бағыну керек дегенді айтады. Мұның өзі таза меньшевиктік ұйымдас-

тыру принципі болып табылады. Айта кетейік, бұл кітапшаның қызықтығы сол, Троцкий оны меньшевик П. Аксельродқа арнайды. Онда: «Қымбатты ұстазым Павел Борисович Аксельродқа» деп тіке айтылған. (Күлкі. Дауыстар: «Нағыз меньшевик!».)

Біздің оппозицияның ұйымдық жолы — партия жөнінде адал болудан партия ішінде жікке бөліну саясатына көшу, Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітапшасынан Троцкийдің «Біздің саяси міндеттеріміз» деген кітапшасына көшу, Лениннен Аксельродқа көшу болып табылады.

Троцкистер өзгерді. Партияның троцкистік оппозиция жөніндегі ұйымдық саясаты да өзгеруге тиіс.

Тіпті солай-ақ болсын, — «қымбатты ұстазыңыз Павел Борисович Аксельродқа» баруыңызға жол ашық! Жолыңыз ашық! Құрметті Троцкий, тек асығыңыз, өйткені «Павел Борисович», қартайып бітіп отырғандықтан, таяу уақытта өліп қалуы кәдік, ал сіздің «ұстазыңызға» баруға үлгіре алмауыңыз кәдік». (Ұзақ қол шапалақтау.)

„Правда" № 251,
2 ноябрь, 1927 ж

ШЕТЕЛ ЖҰМЫСШЫ ДЕЛЕГАЦИЯЛАРЫМЕН ӘҢГІМЕ

5 ноябрь, 1927 ж.

Германиядан, Франциядан, Австриядан, Чехословакиядан, Оңтүстік Америкадан, Кытайдан, Бельгиядан. Финляндиядан, Даниядан және Эстониядан 80 делегат қатысты. — Әңгіме 6 сағатқа созылды.

Сталин. Жолдастар, кеше маған неміс тілінде жазылған сұраулардың қол қойылмаған тізімін әкеп берді. Бүгін таңертең жаңадан екі тізім алдым: біреуі — француз делегациясынан, екіншісі — дат делегациясынан. Қай делегацияның жібергені белгісіз болғанымен, сұраулардың бірінші тізімінен бастайық. Сонсоң келесі екі тізімге көшуге болады. Егер қарсы болмасаңыздар, кірісейік. (Делегаттар рыйзалық білдіреді.)

1-ші СҰРАҚ. ССР Одағы ұлттар Лигасына неге қатыспайды?

ЖАУАП. Совет Одағының ұлттар Лигасына қатыспау себептері туралы біздің баспасөзде талай рет айтылған болатын. Мен бұл себептердің кейбіреулерін көрсете кеткім келеді.

Совет Одағының ұлттар Лигасының мүшесі болмай және ұлттар Лигасына қатыспай отырған себебі, ең алдымен, ол ұлттар Лигасының империалистік сая-

саты үшін, ұлттар Лигасының отар елдерді қанау және езу үшін беретін «мандаттары» үшін жауапшылықты өз мойнына алғысы келмейді. Совет Одағы ұлттар Лигасына қатыспайды, өйткені ол империализмге қарсы, отарлар мен тәуелді елдерді езуге қарсы.

Совет Одағының ұлттар Лигасына қатыспайтын себебі, екіншіден, ұлттар Лигасы бүркемелеп, дәріптеп отырған және империалистік жаңа соғыстарға әкеп соқпай қоймайтын соғыс дайындықтары үшін, қару-жарақтардың өсуі үшін, әскери жаңа одақтар, т. т. үшін жауапшылықты өз мойнына алғысы келмейді. Совет Одағы ұлттар Лигасына қатыспайды, өйткені ол империалистік соғыстарға толығынан, бүтіндей, қарсы.

Ақырында, Совет Одағының ұлттар Лигасына қатыспайтын себебі — ол империалистік айла-шаралардың ұлттар Лигасы сияқты және өз мүшелерінің тәтті сөздері арқылы ұлттар Лигасы жасырып отырған бүркеніштің тұлғалы бір бөлегі болғысы келмейді.

Қәзіргі жағдайларда ұлттар Лигасы — өз істерін жасырын істейтін, империалистік шонжарлардың «жолығысатын үйі» болып табылады. Ұлттар Лигасында ресми түрде айтылатындардың бәрі, халықты алдауға арналған құр мылжың болып табылады. Ал ұлттар Лигасының сахынасының артында империалистік шонжарлардың жасырын істейтіндері нағыз империалистік іс болып табылады, мұны ұлттар Лигасының сылдыр сөзді шешендері фарисейлік жасап жасырып отырады.

Совет Одағының халыққа қарсы мұндай комедияның мүшесі және қатысушысы болғысы келмеуінде таңғаларлық не бар?

2-ші СҰРАҚ. Совет Одағында социал-демократиялық партияны болғызбайтын себебі не?

ЖАУАП. Совет Одағында контрреволюционерлерді не себепті болғызбайтын болса, социал-демократиялық партияны да (яғни меньшевиктерді) сол себепті болғызбайды. Мүмкін бұл сіздерді таңқалдырар, бірақ мұның таңқалатын түгі жоқ.

Біздің еліміздің даму жағдайлары, оның даму тарихы мынадай болды: патшалық тәртіптің кезінде азды-көпті болса да революцияшыл партия болған социал-демократия патша өкіметі құлатылғаннан кейін, Керенскийдің кезінде, үкіметтік партияға, буржуазиялық партияға, империалистік соғыстың партиясына айналды, ал Октябрь революциясынан кейін ашық контрреволюциялық партияға, капитализмді қайта орнату партиясына айналды.

Бізде социал-демократияның Советтер өкіметіне қарсы Колчак пен Деникиннің жағында азамат соғысына қатысқандығын сіздердің білмеулеріңіз мүмкін емес. Қазіргі уақытта бұл партия капитализмді қайта орнату партиясы, совет қоғамын жою партиясы болып табылады.

Менің ойымша, социал-демократияның бұлайша эволюциялануы тек ССР Одағында ғана болып қоймай, сонымен қатар басқа елдерде де болды. Патшалық тәртіп өмір сүріп тұрған кезде, социал-демократия бізде азды-көпті болсын революцияшыл партия болды. Біз, большевиктер, ол кезде меньшевиктермен, яғни социал-демократтармен бірге бір партия болғанымызды нақ осы арқылы түсіндіруге болады. Демократиялық буржуазия деп аталатындар өкімет ба-

сына келген кезде, социал-демократия оппозициялық немесе үкіметтік, буржуазиялық партияға айналады. Өкімет басына революцияшыл пролетариат келген кезде, социал-демократия ашық контрреволюциялық партияға айналады.

Делегаттардың біреуі. Бұдан, тек мұнда, ССР Одағында ғана социал-демократия контрреволюциялық күш болып табылады немесе басқа елдерде де оны контрреволюциялық күш деп сыйпаттауға болады деген қортынды шыға ма?

Сталин. Бұл арада біраз айырмашылық бар деп мен айтып өттім.

Пролетариат диктатурасының елінде социал-демократия, капитализмді қайта орнатуды және буржуазиялық «демократияны» орнату үшін пролетариат диктатурасын жоюды көздейтін, контрреволюциялық күш болып табылады.

Пролетариат өкіметі әлі орнамаған капиталистік елдерде социал-демократия не капитал өкіметі жөнінде оппозициядағы партия болып табылады, не капитализмнің ең реакцияшыл күштеріне қарсы және революциялық жұмысшы қозғалысына қарсы либералдық буржуазиямен одақтасып отырған жартылай үкіметтік партия болып табылады, не пролетариаттың революциялық қозғалысына қарсы капитализм мен буржуазиялық «демократияны» ашықтан-ашық, тікелей жақтайтын мейлінше үкіметтік партия болып табылады.

Пролетариаттың өкіметі шындыққа айналғаннан кейін ғана социал-демократия мейлінше контрреволюциялық күшке айналып, оның контрреволюциялығы пролетариат өкіметіне қарсы бағытталады.

3-ші. СҰРАҚ. ССР Одағында баспасөз бостандығы неге жоқ?

ЖАУАП. Сіздер қандай баспасөз бостандығын айтасыздар? Баспасөз бостандығы қай тап үшін — буржуазия үшін бе әлде пролетариат үшін бе? Егер буржуазия үшін болатын баспасөз бостандығы туралы сөз болып отырса, онда бізде ондай бостандық жоқ және пролетариат диктатурасы өмір сүріп отырғанда ондай бостандық болмайды да. Ал егер пролетариат үшін болатын баспасөз бостандығы сөз болып отырса, онда мен мынаны айтуға тиіспін: сіз дүние жүзінен ССР Одағындағыдай пролетариат үшін барлық жағын қамтыйтын, кең баспасөз бостандығы бар басқа мемлекетті таба алмайсыз.

Пролетариат үшін болатын баспасөз бостандығы бос сөз емес. Жақсы баспаханаларсыз, жақсы баспасөз үйлерінсіз, жұмысшы табының миллиондаған адамдарын қамтыйтын, ең кішкенесінен бастап ең үлкендеріне дейін қабат алғанда, жұмысшы табының ашық ұйымдарынсыз, ең кең түрде берілетін жыйналыстар бостандығынсыз — баспасөз бостандығы болмайды.

ССР Одағындағы өмір жағдайларына зер салып қараңыз, жұмысшы аудандарына барып көріңіз, сонда сіздер ең жақсы баспаханалардың, ең жақсы баспасөз үйлерінің, қағаз шығаратын толып жатқан фабрикалардың, баспасөзге қажетті бояу жасайтын толып жатқан заводтардың, жыйналыстар өткізетін ірі-ірі сарайлардың, — осының бәрінің де және, жұмысшы табы үшін болатын баспасөз бостандығы үшін қажеті бар, басқадай да көп нәрселердің басы бүтін жұмыс-

шы табы мен еңбекші бұқараның қолында отырғандығын түсінесіздер. Бізде бұл жұмысшы табы үшін болатын баспасөз бостандығы деп аталады. Бізде буржуазия үшін болатын баспасөз бостандығы жоқ.

Бізде, талқаны шығарылып, құлатылған буржуазияның мүдделерін қорғайтын меньшевиктер мен эсерлер үшін болатын баспасөз бостандығы жоқ. Бірақ мұның таңқаларлық несі бар? Барлық таптарға баспасөз бостандығын береміз деп, барлық таптарды бақытты етеміз деп біз ешуақытта да мойнымызға міндет алғанымыз жоқ. Большевиктер 1917 жылы октябрьде өкіметті алғанда — бұл өкімет бір ғана таптың өкіметі, пролетариаттың өкіметі, бұл өкімет ССРО халқының басым көпшілігі болып отырған қала мен деревня еңбекші бұқарасының мүддесі үшін буржуазияны жаншытайтын болады деп ашық айтқан болатын.

Осыдан кейін пролетариат диктатурасынан буржуазия үшін баспасөз бостандығын қалайша талап етуге болады?

4-ші. СҰРАҚ. Тұтқынға алынған меньшевиктерді түрмеден неге босатпайды?

ЖАУАП. Сірә, әңгіме белсенді меньшевиктер туралы болып отырған болу керек. Я, бұл рас, бізде белсенді меньшевиктерді тұтқын мерзімі аяқталғанға дейін түрмеден босатпайды. Бірақ мұның таңқаларлық несі бар?

Ал өкімет басында меньшевиктер мен эсерлер тұрған кезде 1917 жылы июльде, августа, сентябрьде,

октябрьде, мәселен, большевиктерді түрмеден неге босатпады?

Өкімет басында меньшевиктер мен эсерлер тұрған кезде, 1917 жылғы июльден октябрьге дейін, Ленин не себепті астыртын жұмыста тығылып жүруге мәжбүр болды? Барлық елдердің пролетарларының туы болған ұлы Лениннің 1917 жылы июль — октябрь айларында Финляндияда, Керенский мен Церетелидің, Чернов пен Данның «демократиялық республикасынан» алыс жерде тығылып жүруге мәжбүр болып, ол кезде үкімет басында белгілі меньшевиктердің, II Интернационалдың белсенді қайраткерлерінің тұрғандығына қарамастан Ленин партиясының баспасөз органы — «Правданы» — буржуазия өкімет орындарының талқандағандығын немен түсіндіруге болады?

Анығында, осының бәрін, — буржуазиялық контрреволюция мен пролетарлық революция арасындағы күрестің белгілі репрессияларға әкеп соқпай қоймайтындығы арқылы түсіндіруге болады. Социал-демократия бізде контрреволюциялық партия болып табылады деп мен айтып өттім. Ал бұдан шығатын қорытынды: пролетарлық революция бұл контрреволюциялық партияның басшыларын тұтқынға алмай тұра алмайды.

Бірақ мәселе мұнымен аяқталмайды. Онансоңғы бұдан шығатын қортынды: меньшевиктерді тұтқынға алу бізде Октябрь революциясы саясатының жалғасы болып табылады. Шынында да, Октябрь революциясы дегеніміз не? Октябрь революциясы, ең алдымен, буржуазия өкіметін құлату болып табылады. Қазірде барлық елдердің азды-көпті саналы жұмысшыларының бәрі большевиктердің 1917 жылы октябрьде буржуа-

зия өкіметін құлатып, өте дұрыс істегендігін мойындап отыр. Сіздердің де осындай пікірде екендеріңізге мен шүбәланбаймын. Алайда бір сұрау бар: шынында, пролетариат 1917 жылы октябрьде кімді құлатты? Тарих та, фактылар да пролетариаттың 1917 жылы октябрьде меньшевиктер мен эсерлерді құлатқандығын көрсетеді, өйткені ол кезде өкімет басында нақ меньшевиктер мен эсерлер. Керенский мен Чернов, Гоц пен Либер, Дан мен Церетели, Абрамович пен Авксентьев тұрған болатын-ды. Ал меньшевиктер мен эсерлер партиялары дегеніміз не? Олар II Интернационалдың партиялары болып табылады.

Сонымен, ССР Одағының пролетариаты Октябрь революциясын жасау арқылы II Интернационал партияларын құлатқан болып шығып отыр. Мүмкін, социал-демократтардың кейбіреулеріне бұл қолайсыз да шығар, бірақ бұл күмәнсіз факт, жолдастар, бұған қарсы таласу адам күлерлік болар еді.

Демек, пролетариат өкіметі жеңіп шығу үшін, пролетариат революциясы кезінде меньшевиктер мен эсерлердің өкіметін құлатуға болады және құлату керек деген қортынды шығады.

Ал егер оларды құлатуға болатын болса, онда олар ашықтан-ашық, үзілді-кесілді буржуазиялық контрреволюцияның лагеріне көшкен кезде оларды не себепті тұтқынға алуға болмайды? Әлде сіздер меньшевиктер мен эсерлерді құлату оларды тұтқынға алудан гөрі әлсізірек құрал деп ойлайсыздар ма?

Октябрь революциясының сөзсіз болатын нәтижелерін дұрыс деп есептемейінше, Октябрь революциясының саясатын дұрыс деп есептеуге болмайды. Екінің бірі:

не Октябрь революциясы қате болды, — онда меньшевиктер мен эсерлердің тұтқынға алынуы да нақ сондай қате болып табылады;

не Октябрь революциясы қате емес, — онда контрреволюция жолына түскен меньшевиктер мен эсерлердің тұтқынға алынуын да қате деп санауға болмайды.

Логика міндеттеп отыр.

5-ші СҰРАҚ. Социал-демократиялық баспасөз бюросының тілшісі ССР Одағына келуге не себепті рұхсат ала алмады?

ЖАУАП. Неге десеңіз, шет елдегі социал-демократиялық баспасөз, әсіресе «Форвертс» ССР Одағына және оның өкілдеріне масқара жала жабуда талай буржуазиялық газеттерден асып түсті.

Неге десеңіз, «Фоссише Цейтунг»[58] сыяқты бірсыпыра буржуазиялық газеттер ССР Одағына қарсы күресте өздерін «Форвертске» қарағанда анағұрлым «объективті» түрде және анағұрлым «әдепті» ұстайды. Бұл «керемет» нәрсе сыяқты болып көрінуі мүмкін, бірақ бұл факт, мұнымен санаспауға болмайды. Егерде «Форвертс» өзін кейбір буржуазиялық газеттерден жаман ұстамаған болса, әрине, онда оның өкілдері басқадай буржуазиялық газеттердің өкілдерімен қатар ССР Одағында өзіне орын алған болар еді.

Осы таяудағы күндердің ішінде «Форвертстің» өкілдерінің бірі Берлиндегі біздің дипломатиялық өкілдігіміздің қызметкерінің біріне сұрау қойыпты, онда «Форвертстің» тілшісі ССР Одағына бару правосын алу үшін қандай шарттардың болуы қажет де-

генді айтыпты. Бұған жауап ретінде оған былай делінген: ««Форвертс» ССР Одағы жөнінде және оның өкілдері жөнінде «Фоссише Цейтунг» сыякты «әдепті» либералдық газеттен өзін жаман ұстамауға дайын екендігін іс жүзінде дәлелдеген кезде, Совет үкіметі ССР Одағына «Форвертс» тілшісін жіберуге қарсы болмайды».

Менінше, жауап толық түсінікті ғой деймін.

6-шы СҰРАҚ. II және III Интернационалдың бірігуі мүмкін бе?

ЖАУАП. Мен мүмкін емес қой деп ойлаймын.

Мүмкін емес болатын себебі II және III Интернационалдардың бағыттары мүлде екі басқа және олардың көздеген нәрселері де екі басқа. Егер III Интернационал капитализмді құлатып, пролетариат диктатурасын орнатуды көздейтін болса, II Интернационал, мұның керісінше, капитализмді сақтап қалуды және пролетариат диктатурасын орнату үшін қажетті нәрселердің бәрін қыйратуды көздейді.

Екі интернационалдың арасындағы күрес капитализмді жактаушылар мен социализмді жақтаушылардың арасындағы күрестің идеялық көрінісі болып табылады. Бұл күресте не II не III Интернационал женуге тиіс. Жұмысшы қозғалысында III Интернационал женіп шығуға тиіс екендігіне күмәндануға ешқандай негіз жоқ.

Қазіргі уақытта бұлардың бірігуін мен мүмкін емес деп санаймын.

7-ші СҰРАҚ. Батыс Европадағы жағдай қалай деп бағаланады? Таяу жылдар ішінде революциялық оқыйғалар болады деп сенуге бола ма?

ЖАУАП. Менің ойымша, Европада капитализмнің терең дағдарысының элементтері өсіп келеді және өсе бермек. Капитализмнің жарым-жартылап тұрақтауы мүмкін, өз өндірісін жақсартуы мүмкін, уақытша жұмысшы табын қысымға алуы мүмкін, — осының бәрін істеу әзір капитализмнің қолынан келеді, бірақ ол дүниежүзілік соғыс пен Октябрь революциясына дейінгі болған «тұрақтылық» пен «тепе-теңдікке» енді ешуақытта да қайта келе алмайды. Ол бұл «тұрақтылық» пен бұл «тепе-теңдікке» енді қайта келе алмайды.

Мұның дұрыс екендігін мынадан да көруге болады: Европа елдерінде де, сондай-ақ Европа капитализмінің өмір сүру негіздері болып отырған отарларда да, қыйт етсе революцияның оты тұтана жөнелуде. Революциялық дүмпу жалыны бүгін Австрияда көрінсе, ертең — Англияда, бүрсікүні — Франция мен Германияның бірінде, онансоң Қытайда, Индонезияда, Индияда, т. т. көрінетін болады.

Ал Европа мен отарлар дегеніміз не? Бұл — капитализмнің орталығы мен перифериялары. Европа капитализмінің орталықтарында «тыныш емес». Оның периферияларында бұдан да бетер «тыныш емес». Революциялық жаңа оқыйғалар үшін жағдайлар жасалып келеді. Меніңше, Сакко мен Ванцеттидің өлтірілуіне[59] байланысты оқыйғалар — капитализмнің өсіп келе жатқан дағдарысының ең айқын көрсеткіші, жұмысшы табының үсті-үстіне қосылып келе жатқан на-

разылығы мен ызалануының ең айқын мысалы болып табылады.

Капиталистік қырғын үшін екі жұмысшыны өлтіру деген не? Осы уақытқа дейін, оларды, жұмысшыларды апта сайын, күн сайын ондап, жүздеп өлтіріп келмеп пе еді? Солай бола-тұрса да бүкіл дүние жүзінің жұмысшы табын қозғалысқа келтіру үшін екі жұмысшыны, Сакко мен Ванцеттиді өлтірудің өзі жеткілікті болып шықты. Бұл нені көрсетеді? Бұл — капитализмнің аяқ басып тұрған жері барған сайын қызып келе жатқандығын көрсетеді. Бұл — революциялық жаңа оқыйғалар үшін жағдайлар туып келе жатқандығын көрсетеді.

Революциялық дүмпудің көтерілген бірінші толқынын жағаға ығыстырып шығару капиталистердің қолынан келіп отырғандығының фактысы, міне бұл факты капитализм үшін тіпті де алданыш бола алмайды. Капитализмге қарсы революция тұтас бір жаппай толқын болып келе алмайды. Революция қашан да өршіп және төмендей отырып көтеріледі. Россияда осылай болды. Европада да осылай болмақ. Біз революциялық жаңа оқыйғалардың қарсаңында тұрмыз.

8-ші СҰРАҚ. Орыс партиясында оппозиция күшті ме? Оппозиция қандай топтарға сүйенеді?

ЖАУАП. Меніңше оппозиция өте әлсіз. Ол ол ма, оның күші біздің партия ішінде түкке тұрғысыз. Менің қолымда бүгінгі шыққан газет отыр. Бұл газетте бірнеше күнгі айтыстың қортындысы жасалған. Цифрларға қарағанда, партиямыздың Орталық Комитетіне және оның тезистеріне 135 мыңнан аса партия мүше-

сі дауыс беріп, оппозицияға — 1 200 партия мүшесі дауыс беріпті. Бұл керек десе 1 процент те болмайды.

Мен, бұдан былайғы жердегі дауыс беру оппозиция үшін бұдан да нашар нәтиже береді ғой деп ойлаймын. Бізде айтыс съезд басталғанға дейін бола береді. Біз осы уақыттың ішінде мүмкіндігінше бүкіл партияны сұрап шығуға тырысамыз.

Сіздерде, социал демократиялық партияларда қалай айтысатынын мен білмеймін. Социал-демократиялық партияларда жалпы айтыса ма, оны мен білмеймін. Біз айтысқа қатты көңіл бөлеміз. Біз бүкіл партияны сұрап шығамыз, сонда сіздер оппозицияның біздің партиядағы үлес салмағының жаңа ғана келтірілген цифрлардың көрсеткенінен гөрі де түкке тұрғысыз болып шыққанын көресіздер. Партиямыздың XV съезінде оппозицияның бірде-бір өкілі, бірде-бір делегаты болмай шығуы барынша ықтыймал нәрсе.

Тіпті Ленинградтағы «Треугольник» немесе «Путилов» сияқты орасан зор кәсіпорындарын алайық. «Треугольникте» жұмысшылардың саны 15 000 ға дейін жетеді. Онда — партияның 2 122 мүшесі бар. Оппозицияға дауыс бергендері — 39. «Путиловта» жұмысшылардың саны — 11 000-ға жуық. Партия мүшесі — 1 718. Оппозицияға дауыс бергені — 29.

Оппозиция қандай топтарға сүйенеді? Меніңше, оппозиция, ең алдымен, пролетарлық емес топтарға сүйенеді. Егерде халықтың пролетарлық емес жіктерін, пролетариат диктатурасының тәртібіне наразы жіктерін, — кімге тілектессіңдер деп сұраса, онда олар тайсалмастан, оппозицияға тілектеспіз деп жауап береді. Неге? Неге десеңіз оппозицияның күресі, шынына келгенде, партияға қарсы күрес, пролетариат дик-

татурасының режиміне қарсы күрес болып табылады, ал пролетарлық емес белгілі жіктер пролетариат диктатурасының режиміне наразы болмай тұра алмайды. Оппозиция дегеніміз — халықтың пролетарлық емес жіктерінің пролетариат диктатурасына наразылығының, тегеуірін жасауының көрінісі болып табылады.

9-шы СҰРАҚ. Германияда Рут Фишер мен Масловтың таратып жүрген сөздері — Коминтерн мен Орыс партиясының кәзіргі басшылығы жұмысшыларды контрреволюцияға сатып отыр деуі дұрыс па?

ЖАУАП. Дұрыс деп ойлауға болады. Коминтерн мен БК(б)П ССР Одағының жұмысшы табын барлық елдердің контрреволюционерлеріне басыбүтін сатып отыр деп ойлауға болады.

Ол ол ма, мен сіздерге мынаны хабарлай аламын: Коминтерн және БК(б)П Орталық Комитеті осы таяудағы күндерде — біздің елден қуылған барлық помещиктер мен капиталистерді ССР Одағына қайтарып, оларға фабрикалар мен заводтарды қайырып беру керек деп шешті.

Мұнымен де аяқталмайды. Коминтерн мен БК(б)П бұдан да әрі кетті, олар — большевиктердің кісі етін жеуге көшетін уақыты жетті деген тоқтамға келді.

Ақырында, бізде — барлық әйелдерді национализациялау керек және өзінің қарындастарын зорлау ісін практикаға енгізу керек дейтін қарар бар. (Жаппай күлкі. Жеке дауыстар: «Мұндай сұрауды кімнің беруге дәті барды екен?».)

Менің байқауымша, сіздер күлесіздер. Мүмкін, сіздердің ішіңізде біреу мені мәселеге жеңіл қарайды

деп ойлар. Я, жолдастар, мұндай сұрауларға шындап жауап беруге болмайды. Меніңше, мұндай сұрауларға тек мысқылдап қана жауап беру керек. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

10-шы СҰРАҚ. Сіздің оппозицияға және Германиядағы Рут Фишер — Маслов бағытына көзқарасыңыз қандай?

ЖАУАП. Француздың Альфонс Додэ деген белгілі романшысының Тарасконнан шыққан Тартаренге көзқарасы қандай болса, менің оппозицияға және оның Германиядағы агентурасына көзқарасым да сондай. (Д е л е г а т т а р д ы ң а р а с ы н д а к ө ң і л д і с е р г у.)

Сіздер, бәлкім, Альфонс Додэнің Тарасконнан шыққан Тартарен жөніндегі бұл атақты романын оқыған боларсыздар. Бұл романның кейіпкері, Тартарен, шындығына келгенде, — қалыпты «рақымды» ұсақ буржуа. Бірақ ол керемет-қиялшыл болып, ал оның «кексіз өтірік айту» қабілеттілігі керемет күшті еді, ақыр аяғында ол өзінің осындайлық керемет-қабілеттілігінің құрбандығы болды.

Тартарен мақтанып, Атлас тауында керемет көп арыстан мен жолбарыс өлтірдім деп жұрттың бәрін сендірді. Тартареннің сенімпаз достары оған осы үшін дүние жүзіндегі ең бірінші арыстан аулауышы деп атақ береді. Ал оның бержағында Альфонс Додэ, Тартареннің дәл өзі сияқты, Тартарен өмірінде арыстанды да, жолбарысты да көрмегендігін анық біледі.

Тартарен мақтанып, мен Монбланға шықтым деп жұрттың бәрін сендіреді. Оның сенімпаз достары оған

осы үшін дүние жүзіндегі ең бірінші алпинист деп атақ береді. Ал оның бержағында Альфонс Додэ Тартареннің ешуақытта да ешқандай Монбланды көрмегендігін анық біледі, өйткені ол бар болғаны Монбланның етегінде ғана болыпты.

Тартарен мақтанып, мен Франциядан алыс жердегі бір елде ұлы отар ұйымдастырдым деп жұрттың бәрін сендіреді. Оның сенімпаз достары оған осы үшін дүние жүзіндегі ең бірінші отаршы деп атақ береді. Ал оның бержағында Альфонс Додэ Тартареннің қиялды әрекеттерінен ұятқа қалудан басқа түк шықпайтындығын анық білді, мұны Тартареннің өзі де мойындауға тиіс болды.

Тартареннің қиялды мақтанының тартареншілер үшін қандайлық ұятқа және жанжалға әкеп соққандығын сіздер білесіздер.

Менінше, оппозиция басшыларының Москва мен Берлинде көтерген мақтаншақ даурығуы оппозиция үшін нақ сондай ұят пен жанжалға әкеп соғып аяқталуға тиіс. (Жаппай күлкі.)

Сонымен, біз сұрақтардың бірінші тізімін аяқтадық.

Енді француз делгациясының сұрақтарына көшейік.

1-ші СҰРАҚ. Шетел мұнай фирмаларына қарсы ССРО үкіметі қалай күресем деп ойлайды?

ЖАУАП. Менінше, сұрақ теріс қойылған. Сұрақты бұлай қойғанда, совет мұнай өнеркәсібі басқа елдердің мұнай фирмаларына қарсы шабуылға шығуға

кірісіп, оларды құлатып, жоқ қылуды көздейді деп ойлауға болады.

Шынында істің жайы осылай ма? Жоқ олай емес. Шынында капиталистік елдердің белгілі мұнай фирмалары совет мұнай өнеркәсібін тұншықтыруға тырысатындығы туралы, ал совет мұнай өнеркәсібіне өмір сүріп, бұдан былай да дамый беру үшін қорғануға тура келетіндігі туралы әңгіме болып отыр.

Мәселе мынада: совет мұнай өнеркәсібі капиталистік елдердің мұнай өнеркәсібінен гөрі әлсіз, өндірілетін мұнай мөлшері жағынан да, — олардан біз аз өндіреміз, — рынокпен байланыс жағынан да, — бізге қарағанда олардың дүниежүзілік рынокпен байланыстары анағұрлым көп.

Совет мұнай өнеркәсібі қалай қорғанады? Ол өнімнің сапасын арттыру арқылы, ең алдымен мұнайдың бағасын арзандату арқылы, капиталистік фирмалардың мұнайынан арзанырақ етіп, рынокте арзан мұнай сату арқылы қорғанады.

Былай деп сұрауы мүмкін: Советтер капиталистік ең бай фирмалардан да арзан сататындай, соншама бай болғаны ма? Әрине, совет өнеркәсібі капиталистік фирмалардан бай емес. Ол ол ма, капиталистік фирмалар совет өнеркәсібінен әлденеше рет бай. Бірақ мәселе бұл арада байлықта емес. Мәселе мынада: совет мұнай өнеркәсібі капиталистік өнеркәсіп емес, сондықтан да ол адам айтқысыз көп үстеме пайда табуды қажет етпейді, ал капиталистік мұнай фирмалары орасан көп үстеме пайдасыз тұра алмайды. Нақ сондықтан да, совет мұнай өнеркәсібі үстеме пайданы қажет етпейтін болғандықтан да, оның өз өнімін капиталистік фирмалардан арзан сатуға мүмкіншілігі бар.

Совет астығы туралы да, совет ағашы, т. т. туралы да дәл осыны айтуға болады.

Жалпы мынаны айту керек: совет товарлары, әсіресе совет мұнайы, халықаралық рынокте бағаны төмендететін және, сонымен, тұтынушы бұқараның халін жеңілдететін фактор ретінде шығып отырады. Совет мұнай өнеркәсібінің капиталистік мұнай фирмаларының оқталуынан қорғанудағы күш-қуаты осында. Барлық елдердің мұнайшыларының, әсіресе Детердингтің, Советтерге қарсы және совет мұнай өнеркәсібіне қарсы даурығып айғайлайтындығының сыры да осында, мұнай бағасын жоғарылату және тұтынушы бұқараны тонау жөніндегі өз саясатын «коммунистік насихат» туралы моды болып алған бос сөздермен бүркемелейтіндігінің сыры да осында.

2-ші СҰРАҚ. Сіз шаруа мәселесінде коллективизмді қалай жүзеге асырамын деп ойлайсыз?

ЖАУАП. Біз ауыл шаруашылығында коллективизмді біртіндеп, экономикалық, финанстық және мәдениет-саяси шаралар қолдану арқылы жүзеге асырамыз ғой деп ойлаймыз.

Менінше, ең қызықты мәселе — экономикалық шаралар туралы мәселе болып табылады. Бұл салада біздің істейтін істеріміз мынадай үш жол бойынша жүргізіледі:

жеке шаруа шаруашылықтарын кооперацияға ұйымдастыру жолымен;

шаруа шаруашылықтарын, ең алдымен кедей шаруаларды, өндіріс серіктіктеріне ұйымдастыру жолымен және, ақырында,

шаруа өнімін өткізу жөнінде де, шаруаларды индустриямыздың қажетті заттарымен жабдықтау жөнінде де шаруа шаруашылықтарын мемлекеттің жоспарлау және реттеу органдары арқылы қамту жолымен жүргізіледі.

Бұдан бірнеше жыл бұрын іс былай болатын-ды: индустрия мен шаруа шаруашылығының арасында, шаруаларды қала заттарымен жабдықтап, жұмысшыларға шаруа астығын сатып отырған, жеке кәсіпиелері сияқты, көптеген делдалдар тұратын еді. Делдалдардың тегін «жұмыс істемегені» және шаруа халқынан да, қала халқынан да он миллиондаған сом ақша түсіріп отырғандығы түсінікті нәрсе. Бұл — қала мен деревняның, социалистік индустрия мен жеке шаруа шаруашылықтарының арасында байланыстың жолға қойылмаған дәуірі еді. Ол кезде кооперация мен мемлекеттік бөліп отыру органдарының ролі онша үлкен емес еді.

Ол кезден бері іс түбірінен өзгерді. Қазірде қала мен деревняның арасындағы, индустрия мен шаруа шаруашылығының арасындағы товар айналысында кооперация мен мемлекеттік сауда органдарының ролін монополиялық роль деп айтпайтын болсақ, басым ғана роль емес, сонымен қатар үстем роль деп санауға болады. Деревняны мануфактурамен жабдықтауда кооперация мен мемлекеттік органдардың үлесі 70%-тен артығырақ болады. Ал ауылшаруашылық машиналарымен жабдықтауда кооперация мен мемлекеттік органдардың үлесі 100% дерлік. Шаруа астығын сатып алу ісінде кооперация мен мемлекеттік органдардың үлесі 80% артығырақ болады. Ал өнеркәсіп үшін шикізат, мақта, қызылша, т. т. сатып алуда коопера-

ция мен мемлекеттік органдардың үлесі 100% дерлік деуге болады.

Ал бұл не деген сөз?

Біріншіден, бұл — товар айналысының саласынан капиталист ығыстырылып келеді, өнеркәсіп шаруа шаруашылығымен тікелей байланысып келеді, делдал-жалдаптардың түсімдері өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында қалатын болып отыр, шаруалар қала товарларын арзандау бағамен сатып алуға мүмкіншілік алып отыр, ал жұмысшылар да, өз кезегінде, ауыл-шаруашылық өнімдерін арзандау бағамен сатып алуға мүмкіншілік алды деген сөз.

Екіншіден, бұл — индустрия делдал-капиталистерді товар айналысынан қуып шыға отырып, шаруа шаруашылығын өз соңынан ертуге, оған әсер етіп, оның мәдениетін көтеруге, оны жақсарта отырып, индустриаландыруға мүмкіншілік алады деген сөз.

Үшіншіден, бұл — мемлекет ауыл шаруашылығын индустриямен байланыстыра отырып, ауыл шаруашылығын дамыту ісіне жоспарлы негіз салуға, оны ең жақсы тұқымдармен және жер тыңайтқыштармен жабдықтауға, оның өндіріс мөлшерін белгілеуге, баға қою саясаты жағынан әсер етуге, т. т. мүмкіншілік алады деген сөз.

Ақырында, бұл — капиталистік элементтерді жою үшін, кулактарды бұдан былай да тежеп, ығыстырып отыруға, еңбекші шаруа шаруашылықтарын өндіріс серіктіктеріне ұйымдастыру үшін, бұл серіктіктерді мемлекет қаржыларының есебінен мүмкін болған жағдайда финансылап отыру үшін деревняда қолайлы жағдайлар жасалып келеді деген сөз.

Мысалы, қант өнеркәсібіне керекті қызылша өнді-

рісін және тоқыма өнеркәсібіне керекті мақта өндірісін алайық. Шикізаттың бұл түрлерін өндіру мөлшері, сондай-ақ олардың бағасы мен сапасы, кәзірде бізде стихиялық түрде, ұйымдастырылмаған рынокте күштердің қағысуы арқылы, делдал-жалдаптар арқылы, биржалар мен түрлі-түсті капиталистік конторлар, т. т. арқылы белгіленбейді, жоспар арқылы, бір жағынан, қант және тоқыма синдикаттарының және, екінші жағынан, қызылша мен мақта егетін кооперациялар арқылы он мыңдаған шаруа шаруашылықтарының арасында нақтылы алдын ала жасалатын шарттар бойынша белгіленеді.

Мұнда биржалар, конторлар, баға қою жөніндегі аумалы-төкпелі нәрселер, т. т. жоқ. Капиталистік шаруашылықтың бұл аспаптарының бәрі бізде бұл салада кәзірдің өзінде жоқ болып отыр. Мұнда сахнаға ешбір биржалар мен делдалдарсыз тек екі жақ қана — бір жағынан, мемлекеттік синдикаттар, екінші жағынан, кооперацияға біріккен шаруалар ғана шығады. Мемлекеттік синдикаттар тиісті кооперативтік ұйымдармен белгілібір мөлшерде қызылша мен мақта өндіру жөнінде, шаруаларды тұқымдармен, қарыз қаражаттармен, т. т. қамтамасыз ету жөнінде шарттар жасасады. Шаруашылық жылы аяқталғаннан кейін барлық өнім синдикаттардың қарамағына түседі, ал бұл үшін шаруалар бұрын жасалып қойған шарттар бойынша тиісті қаражат алып отырады. Бұл бізде шарттар системасы деп аталады.

Бұл системаның жақсы жағы — ол екі жаққа да тиімді және шаруа шаруашылығын индустриямен тікелей, делдалдарсыз байланыстырады. Бұл система —

шаруа шаруашылығын коллективтендірудің ең дұрыс жолы болып табылады.

Ауыл шаруашылығының басқа да барлық салалары қәзірде осындай даму дәрежесіне жетті деуге болмайды. Бірақ ауыл шаруашылығының барлық салалары, астық өндірісін қоса алғанда, дамудың осы жолына біртe-біртe көшетін болады деп сеніп айтуға болады. Ал бұл жол ауыл шаруашылығын коллективтендіруге тікелей келіп жету болып табылады.

Барлығын қамтыйтын коллективтендіру ісі шаруа шаруашылықтарын машиналандыру мен электрлендіру арқылы техникалық жаңа негізде қайта құрылған кезде, еңбекші шаруалардың көпшілігі кооперативтік ұйымдар арқылы қамтылған кезде, деревнялардың көпшілігінде коллективтік негізі бар ауылшаруашылық серіктіктері қаптап құрылған кезде жүзеге асады.

Іс осыған қарай беттеп келеді, бірақ іс әлі бұған келіп жеткен жоқ және таяу арада жете коймайды. Неге? Неге десеңіз, айта кету керек, бұл үшін орасан көп қаржы керек, ал біздің мемлекетімізде әлі мұндай қаржы жоқ, бірақ бұл, сөз жоқ, мезгіліне қарай жыйнала береді. Маркс — қаржыны көп жұмсамай, жүз-жүздеген миллион қаражат шығармай тарихта бірде-бір жаңа әлеуметтік құрылыс нығайтып көрген емес деген болатын. Меніңше, біз қәзірдің өзінде-ақ ауылшаруашылық дамуының белгілібір кезеңіне, жаңа әлеуметтік, коллективтік құрылысты қатты финансылау үшін мемлекет мүмкіншілік ала бастаған кезеңге жетіп отырмыз. Социалистік индустрияның қәзірдің өзінде халық шаруашылығында басшы элементтің роліне ие болып, ауыл шаруашылығын өз соңынан ертіп отырғандығы, — міне бұл факт шаруа шаруашы-

лығының бұдан былай да коллективтендіру жолымен дамуйтындығына ең сенімді кепілдік болып табылады.

3-ші СҰРАҚ. Соғыс коммунизмі кезінде, ақшаны жоюға тырысқан кезде қандай негізгі қиыншылықтар болды?

ЖАУАП. Ішкі даму жағынан да, сыртқы қатнастар жағынан да қиыншылықтар көп болды.

Егерде шаруашылық сияқты ішкі қатнастарды алатын болсақ, онда үш түрлі қиыншылықтарды атап көрсетуге болар еді.

Біріншіден. Қиыншылық мынадай болды: интервенция кезінде біздің азамат майдандарына оқ-дәрі беріп тұрған соғыс өнеркәсібін есептемейтін болсақ, біздің өнеркәсіп күйзеліп, берекесі кеткен болатын. Біздің заводтар мен фабрикаларымыздың үштен екісі тоқтап жатты, транспорт ақсап жатты, товарлар болған жоқ немесе болмады дерлік болды.

Екіншіден. Ауыл шаруашылығы екі аяғынан бірдей ақсап жатты, шаруа шаруашылығындағы қызметкерлер майдандарға кетті. Шикізаттар жетпей жатты, қала халқы үшін, әсіресе жұмысшылар үшін астық жетпей жатты. Ол кезде біз жұмысшыларға жарты қадақтан ғана нан бердік, ал кейде күніне бір қадақ нанның сегізден бір бөлегін беріп отырдық.

Үшіншіден. Қала мен деревня арасында, деревняны қала заттарымен, ал қаланы — ауылшаруашылық өнімдерімен жабдықтап отыруға қабілеті бар, өткізіп отыратын жолға қойылған совет сауда аппараты жоқ болды немесе жоққа тән еді. Кооперация мен мемлекеттік сауда орындары дамудың алғашқы күйінде еді.

Біракта азамат соғысы аяқталғаннан кейін және «жаңа экономикалық саясат» енгізілгеннен соң еліміздің шаруашылық жағдайы түбірінен өзгерді.

Өнеркәсіп дамып, күшейді, және бүкіл халық шаруашылығында басшылық дәрежеге жетті. Бұл жөнінде ең бір көзге түсерлік факт — соңғы екі жыл ішінде индустрияға біз сырттан көмек алмай-ақ, сырттан ешқандай қарыз алмай-ақ, өзіміздің жыйнаған қорымыздан екі миллиардтан аса сом қаржы салдық. Енді шаруалар үшін жалпы товар жоқ деп айтуға болмайды.

Ауыл шаруашылығы жоғары көтерілді, оның өнімі соғысқа дейінгі дәуірдің мөлшеріне жетті. Енді жұмысшылар үшін жалпы астық жоқ және басқадай ауылшаруашылық өнімдері жоқ деп айтуға болмайды.

Кооперация мен мемлекеттік сауда орындарының дамығандығы сонша, олар еліміздің товар айналысында басшылық дәрежеге жетті. Енді бізде қала мен деревня арасында, индустрия мен шаруа шаруашылығының арасында өткізіп, бөліп отыратын аппарат жоқ деуге болмайды.

Әрине, нақ қәзір социалистік шаруашылық орнату үшін мұның бәрі жеткіліксіз. Бірақ ойдағыдай социалистік құрылыс жолымен бұдан да әрі алға баса беру үшін осының өзі толық жеткілікті.

Енді біз өзіміздің индустриямызды қайта жабдықтап, жаңа техникалық негізде жаңа заводтар салуға тиіспіз.

Біз ауылшаруашылық мәдениетін көтеруге тиіспіз, шаруаларды ауылшаруашылық машиналарымен барынша жабдықтауға тиіспіз, еңбекші шаруалардың көпшілігін кооперативтендіріп, жеке шаруа шаруашы-

лықтарын ауылшаруашылық коллективтік серіктіктерінің кең саласына біріктіріп, қайта ұйымдастыруға тиіспіз.

Әрбір адамның өзінің бюджетінде өз шығыстары мен кірістерін есептеп отыратындығы сияқты, бүкіл еліміздің қалалары мен деревняларының қажеттіктерін есептеп, қанағаттандырып отыруға қабілеті бар, қала мен деревня арасында өткізіп, бөліп отыратын аппаратты жолға қоюға тиіспіз.

Ал осының бәріне біздің қолымыз жеткен кезде, ақша керексіз болатын уақыт жетеді деп ойлау керек.

Бірақ бұған әлі көп бар.

4-ші СҰРАҚ. «Қыйғаштық» жөніндегі мәселенің жайы қандай?

ЖАУАП. Егерде «қыйғаштық» деп ауылшаруашылық өнімдері мен өнеркәсіп товарлары бағасының түсер күны жағынан алғандағы айырмасын түсінетін болсақ, онда «қыйғаштықтың» жағдайы мынадай.

Күмән жоқ, біздің өнеркәсіп товарлары әлі де болса біраз қымбат сатылады, оларды басқа жағдайларда бұдан арзанырақ сатуға болар еді. Мұны өнеркәсібіміздің жастығымен, оны сырттан болатын бәсекеден қорғау қажет екендігімен, оның дамуын тездете алатын оған жағдайлар жасау қажет екендігімен түсіндіруге болады. Ал оның тез дамуы қала үшін де, деревня үшін де қажетті нәрсе. Өйтпеген күнде шаруа шаруашылығын кездемемен және ауылшаруашылық машиналарымен дер кезінде жеткілікті етіп жабдықтап отыруға бізде мүмкіншілік болмаған болар еді. Бұл жағдай шаруа шаруашылығы үшін біраз зиян

келтіріп, өнеркәсіп товарлары мен ауылшаруашылық өнімдері бағасының арасында алшақтық туғызады.

Шаруа шаруашылығына келетін бұл тиімсіздікті жою үшін, үкімет пен партия өнеркәсіп товарларының бағасын біртелеп, табанды түрде арзандату саясатын жүргізуге бел байлап отыр. Бұл саясатты жүзеге асатын саясат деп атауға бола ма? Менінше, ол сөзсіз жүзеге асатын саясат. Мәселен, соңғы жылдың ішінде өнеркәсіп товарларының сатылар бағасын 8—10 процент арзандатқанымыз жұртқа мәлім. Сонсоң, біздің өнеркәсіптік ұйымдардың өнеркәсіп товарларының түсер бағасы мен босатылатын бағасын ұдайы төмендетіп отырғандығы мәлім. Бұл саясаттың бұдан былай да жүргізіле беретіндігіне күмәндануға ешбір негіз жоқ. Ол ол ма. Мен мынаны айтуға тиіспін: өнеркәсіп товарларының бағасын ұдайы төмендету саясаты біздің экономикалық саясатымыздың негізі болып табылады, ал мұнсыз біздің өнеркәсіп шаруашылығымызды жақсарту да, рационализациялауда, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайту да мүмкін емес.

Буржуазиялық мемлекеттерде бұл жөнінде басқа саясатты жақтайды. Ел ішінде өнеркәсіп товарларының бағасын көтеру үшін, бұл бағаларды монополиялық бағаларға айналдыру үшін, осы негізде көбірек пайда тауып, шет елге товарлар шығаруға фонд жасау үшін, — ал капиталистер ол жерлерде жаңа рыноктерді өзіне қаратып алу мақсатымен нақ осы товарларды арзан бағамен сатып отырады, — ол мемлекеттерде кәсіпорындарын трестер мен синдикаттарға ұйымдастырады.

Буржуазиялық тәртіптердің дәуірінде бізде Россия-

да нақ осы саясат жүргізілген болатын, ол кезде мәселн, ел ішінде қанттың үш есе қымбат сатылып, ал шет елде, мәселен Англияда, нақ сол қанттың өте арзан сатылғандығы соншалық, тіпті қантпен шошқаны жемдеген болатын.

Совет үкіметі бұған қарама-қарсы саясат жүргізеді. Совет үкіметі халық өнеркәсіп үшін қызмет етпей, өнеркәсіп халық үшін қызмет етуге тиіс деп есептейді. Ол өнеркәсіп товарлары бағасын ұдайы төмендетіп отыруды негізгі құрал деп есептейді, ал бұл құралсыз индустрияның қалыпты өсіп отыруы мүмкін емес. Мен бұл арада өнеркәсіп товарлары бағасының халықтың тұтыну қабілеттілігінің өсуіне мүмкіндік туғызатындығын, ішкі рынокті кеңіте түсетіндігін, қалалық рынокті де, деревнялық рынокті де кеңейте түсетіндігін, сөйтіп, индустрияны бұдан былай да өрістете беру үшін қажетті, тоқтаусыз өсіп отыратын негіз жасайтындығын айтып та отырғаным жоқ.

5-ші СҰРАҚ. Француздардың ұсақ борыш иелеріне Совет үкіметінің ұсынатыны не? Француз рантьелерін мұнымен қалай таныстыруға болады?

ЖАУАП. Соғысқа дейінгі борыштар жөніндегі біздің ұсыныстарымыз Раковскийдің тиісті әңгімесінде жарияланған болатын. Меніңше, бұлар сіздерге белгілі болуға тиіс. Ол ұсыныстар ССР Одағы үшін бір мезгілде қарыздар алуға байланысты. Бұл арада біз: берсең — беремін деген белгілі принципті ұстаймыз. Қарыз берсең — соғысқа дейінгі борыштар бойынша бізден бірдеңе аласың, бермесең — алмайсың.

Мұның өзі біз осылай ету арқылы соғысқа дейінгі

борыштарды принципінде мойындаймыз деген сөз бе? Жоқ, олай деген сөз емес. Бұл — патша карыздарын жою туралы шыққан белгілі декреттi[60] күшінде қалдыра отырып, сонымен катар, егер мұның есесіне бізге қажетті және француз өнеркәсібі үшін пайдалы қарыздар беретін болса, біз, практикалық келісім ретінде, соғысқа дейінгі борыштардан бірдемелер төлеуге рыйзамыз деген сөз болып табылады. Борыштар бойынша төленетін төлемдерді индустриямызды дамыту үшін өзіміз алатын қарыздарға қосымша берілетін проценттер деп караймыз.

Патшалық Россияның соғыс борыштары туралы сөз қылып жүр. Октябрь революциясының нәтижелеріне байланысты ССР Одағына қойылатын түрлі-түсті кінәлар туралы сөз қылып жүр. Бірақ біздің революцияның империалистік соғыстарды және сонымен байланысты патша борыштарын принциптік түрде мойындамау екендігін ұмыта береді. ССР Одағының соғыс борыштары бойынша төлей алмайтындығын және төлемейтіндігін ұмыта береді.

Сонымен қатар, шетел мемлекеттерінің соғыс интервенциясы кезінде бірнеше жылдар бойы еліміздің талан-таражға салынып, зорлық-зомбылық көргендігін және ССР Одағының осыған байланысты карсы талабын ССР Одағының есептен шығарып тастай алмайтындығын ұмыта береді.

Бұл талаулар мен зорлықтар үшін кім жауап береді? Бұлар үшін кім жауап беруге тиіс? Бұл талаулар мен зорлықтар үшін кім төлеуге тиіс. Империалистік шонжарлар бұл сыяқты қолайсыз нәрселерді ұмыт қалдыруға тырысады. Бірақ мұндай нәрселердің ұмытылмайтындығын олар білуге тиіс. . . .

6-шы СУРАҚ. Арақ монополиясын және алкоголизмге қарсы күресті қалай байланыстыруға болады?

ЖАУАП. Меніңше, оларды жалпы байланыстыру қиын. Мұнда сөзсіз қайшылық бар. Партия бұл қайшылықты біледі, партия қазіргі уақытта мұндай қайшылықтың болуына жол беру ең аз зиян екенін біле тұра осыған барып отыр.

Біз арақ монополиясын енгізген кезде, біздің алдымызда альтернатива тұрды:

не капиталистерге кіріптарлыққа бару керек болды, оларға толып жатқан зор маңызды заводтар мен фабрикаларды беріп, ол үшін айналымға келуімізге қажетті белгілібір қаржылар алу керек болды;

не индустриямызды өз күштеріміз арқылы дамытып, сөйтіп шетел кіріптарлығына түспеу үшін қажетті айналмалы қаржылар алу үшін арақ монополиясын енгізу керек болды.

Орталық Комитеттің мүшелері, оның ішінде мен де бармын, ол кезде Ленинмен сөйлескен болатынбыз, Ленин — егер сырттан қажетті қарыз ала алмайтын болсақ, ерекше болатын уақытша құрал ретінде ашықтан-ашық, тікелей арақ монополиясына көшуге тура келетіндігін мойындаған болатын.

Біз арақ монополиясын енгізген кезде мәселе біздің алдымызда осылай тұрған болатын.

Әрине, жалпы айтқанда, арақсыз жақсы болған болар еді, өйткені арақ дегеніміз — зиянды нәрсе. Бірақ олай болғанда уақытша капиталистердің кіріптарлығына баруға тура келер еді, ал бұл жаңағыдан да гөрі үлкен зиян. Сондықтан біз аз зиянды артық көрдік. Қазірде арақ 500 миллион сомнан артығырақ

табыс береді. Қазірде арақтан бас тарту — осы табыстан бас тарту деген сөз, оның бержағында алкоголизм аз болады деуге ешқандай дәлел жоқ, өйткені шаруа өз организмін самогонмен уландырып, арақты өзі қолынан жасай бастайтын болады.

Анығында, бұл арада деревняның мәдени даму жайындағы елеулі кемістіктер белгілі роль атқарады. Мен бұл арада арақ монополиясынан дереу бас тарту біздің өнеркәсібімізді ½ миллиард сомнан аса қаржыдан айыратындығын айтып та отырғаным жоқ, ал мұның орнын ешқайдан да толтыра алмаған болар едік.

Бұдан арақ монополиясы бізде болашақта да қала беруге тиіс деген қортынды шыға ма? Жоқ, ондай қортынды шықпайды. Арақ монополиясын біз уақытша шара ретінде енгіздік. Сондықтан, өнеркәсібімізді бұдан былай да дамыта беру үшін басқадай табыс беретін басқа да орындар біздің халық шаруашылығынан табылысымен-ақ арақ монополиясы жойылуға тиіс. Ал мұндай табыс орындарының табылатындығында ешбір күмән болуы мүмкін емес.

Арақ шығару ісін мемлекеттің қолына беріп біз дұрыс істедік пе? Менінше, дұрыс істедік. Егерде арақты жеке адамдардың қолына беріп жіберген болсақ, онда бұл мынаған әкеп соққан болар еді:

біріншіден, жеке меншікті капиталды күшейтер еді,

екіншіден, үкімет арақ өндірісі мен тұтынылуын ойдағыдай реттеп отыру мүмкіншілігінен айрылған болар еді және,

үшіншіден, үкімет өзінің алдағы уақытта арақтың өндірілуі мен тұтынылуына тыйым салуын қыйындатқан болар еді.

Біздің кәзіргі саясатымыз — арақ өндірісін біртіндеп қысқарта беру саясаты болып отыр. Менінше, алдағы уақытта біз арақ монополиясын мүлде жойып, спирт өндірісін техникалық мақсаттарға шақтап, барынша азайта аламыз, онансоң арақ сатуды мүлде жоя аламыз.

Менінше, егерде батысевропалық пролетарлар өкімет билігін өз қолдарына алып, бізге тиісті жәрдем еткен болса, онда, бәлкім, біз арақпен де, басқадай қолайсыз көп нәрселермен де айналыспаған болар едік. Бірақ не істерсің? Біздің батысевропалық бауырларымыз әзірге өкімет билігін алғысы келмей отыр, сондықтан біз өзіміздің қолдағы бар құралдарымызбен ғана әрекет жасауға мәжбүр болып отырмыз. Ал мұның өзі біздің кінәміз емес. Бұл — дағдыр.

Көріп отырсыздар, арақ монополиясының болуына біздің батысевропалық достарымыз да аздап жауапты. (Күлкі, қол шапалақтау.)

7-ші. СҰРАҚ. Мемлекеттік Саяси Басқарманың соттық праволары, істердің куәларсыз, қорғаушыларсыз қаралуы, жасырын түрде тұтқынға алушылық. Мұндай шаралар француз жұртшылығының пікірі бойынша қыйсынға келмейтін болғандықтан, бұлардың не себепті болып отырғандығын білгіміз келеді. Бұлардың өзгеруі немесе тоқтауы мүмкін бе?

ЖАУАП. ГПУ немесе Чека Совет өкіметінің жазалаушы органы болып табылады. Бұл органның ұлы француз революциясы кезінде құрылған қоғамдық қауіпсіздік Комитетіне азды-көпті ұқсастығы бар. Ол ең алдымен шпиондарды, заговоршыларды, террорис-

терді, бандиттарды, саудагерлерді, жалған ақша жасаушыларды жазалайды. Ол, революцияның мүдделерін контрреволюциялық буржуалар мен олардың агенттерінің оқталуынан қорғау үшін құрылған соғыс-саяси трибуналы сияқты нәрсе болып табылады.

Бұл орган Октябрь революциясы болған күннің ертеңінде, орыс капиталистері мен шетел капиталистері финансылап келген түрлі-түсті заговорлық, террористік және шпиондық ұйымдар ашылғаннан кейін құрылған болатын.

Бұл орган Совет өкіметі қайраткерлеріне қарсы бірнеше террористік актлар жасалғаннан кейін, Петроград Революциялық комитетінің мүшесі Урицкий жолдасты өлтіріп кеткеннен кейін (оны эсер өлтірді), Петроград Революциялық комитетінің мүшесі Володарский жолдасты өлтіріп кеткеннен кейін (оны да эсер өлтірді), Лениннің өміріне оқталғаннан кейін (оны эсер партиясының мүшесі жараландырды) дамып, нығайды.

Ол кезде ГПУ-дың революция жауларын дәл және дөп соққылағандығын мойындау керек. Айта кету керек, оның бұл қасиеті осы күнге дейін бар. Сол уақыттан бастап, ГПУ буржуазия үшін қатерге айналып, революцияның қырағы күзетшісі, пролетариаттың қынабынан суырылған қылышы болып отыр.

Сондықтан барлық елдердің буржуаларының ГПУ-ға айуандық өшпенділігі таңғаларлық нәрсе емес. ГПУ туралы айтылмаған ертегі жоқ. ГПУ туралы таратылмаған өсек те қалған жоқ. Ал бұл не деген сөз? Бұл — ГПУ революция мүдделерін дұрыс қорғайды деген сөз. Революцияның қас жаулары ГПУ-ды бәлағаттайды, — демек, ГПУ дұрыс істеп жүр.

ГПУ-ға жұмысшылар басқаша қарайды. Жұмысшы аудандарына барып, жұмысшылардан ГПУ туралы сұрап көріңіздер. Сонда сіздер жұмысшылардың оны сыйлайтындығын көресіздер. Неге? Неге десеңіз олар оны революцияның сенімді қорғаушысы деп біледі.

Буржуалардың ГПУ-ды неге жек көретіндігі және оған неге сенбейтіндігі маған түсінікті. Әртүрлі буржуазиялық жолаушылардың, ССР Одағына келгенде ең алдымен ГПУ әлі бар ма және ГПУ-ды жоятын уақыт жеткен жоқ па деп не себепті сұрайтыны маған түсінікті. Мұның бәрі түсінікті және таңғаларлық нәрсе емес.

Бірақ мен, ССР Одағына келіп, үрейлене: ГПУ арқылы жазаланған контрреволюционерлер көп пе, пролетариат өкіметіне қарсы түрлі-түсті террористер мен заговоршылар енді жазалана ма, ГПУ-дың өмір сүруін тоқтататын уақыт жеткен жоқ па? — деп сұрайтын кейбір жұмысшы делегаттарын түсіне алмаймын. Кейбір жұмысшы делегаттарының пролетариат революциясының жаулары жөнінде мұндай қамқорлық жасауы қайдан шығып отыр? Мұны не арқылы түсіндіруге болады? Мұны қалай дәлелдеуге болады?

Барынша жұмсақ болуды дәріптеп, ГПУ-ды жою керек дейді... Сонда, ГПУ-ды жойғаннан кейін барлық елдердің капиталистері заговоршылардың, террорщылардың, бүлдіргіштердің, өрт салушылардың, бұзып-қыйратушылардың контрреволюциялық топтарын ұйымдастырып, финансылаудан бас тартатындығына кепіл болуға бола ма? Революция жауларының қарусызданатындығына ешқандай кепілдік болмай отырғанда революцияны қарусыздандыруды ұсынады, —

бұл ақымақтық емес пе, бұл жұмысшы табына қарсы қылмыс емес пе!

Жоқ, жолдастар, біз Париж коммунарларының қателерін қайталағымыз келмейді. Париж коммунарлары версальшылар жөнінде тым жұмсақ болды, Маркс өз кезінде оларға осы үшін барынша дәлелді түрде ұрысқан болатын. Ал олар өздерінің жұмсақтық жасағаны үшін мынадай жаза тартты: Тьер Парижға келіп кірген кезде, он мыңдаған жұмысшылар атылды.

Әлде, жолдастар, орыс буржуалары мен помещиктерінің қанқұмарлығы Франциядағы версальшылардан гөрі бәсең деп ойлай ма екен? Біз, басқасын былай қойғанда, олардың француз бен ағылшын, жапон мен американ интервентшілерімен одақтасып Сибирьді, Украинаны, Солтүстік Кавказды алған кезде жұмысшыларды қалай жазалағанын білеміз.

Мен мұны айтқанда, еліміздің ішкі жағдайы бізді революцияның жазалау органдарын ұстауға міндеттейді деп тіпті де айтқым келмейді. Ішкі жағдайдың тұрғысынан қарағанда революцияның хал-жайы барынша мызғымастай, берік, сондықтан ГПУ-сыз-ақ тұра беруге болады. Бірақ мәселе — біздің ішкі жауларымыз жеке-жеке жалғызданған адамдар емес екендігінде болып отыр. Мәселе — олардың, өздерін бар күштерімен, бар құралдарымен қолдап отырған, барлық елдердің капиталистерімен барлық жағынан байланысты екендігінде болып отыр. Біз — капиталистік мемлекеттер қоршаған елміз. Біздің революциямыздың ішкі жаулары барлық елдердің капиталистерінің агентурасы болып табылады. Капиталистік мемлекеттер біздің революция жаулары үшін негіз және тыл болып

табылады. Демек, біз ішкі жауларға қарсы соғысу арқылы барлық елдердің контрреволюциялық элементтеріне қарсы күресеміз. Енді өздеріңіз ойлап қараңыздаршы, осындай жағдайларда ГПУ сияқты жазалаушы органдарсыз тұруға бола ма.

Жоқ, жолдастар, біз Париж коммунарларының қателерін қайталағымыз келмейді. ГПУ революцияға керек, сондықтан пролетариат жауларының зәресін ұшырып, ГПУ бізде өмір сүре береді. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Делегаттардың бірі. Сталин жолдас, сіздің түсінік беріп, ССР Одағы жөнінде шет елде таралып жүрген өтірікті әшкерелегеніңіз үшін Сізге осында қатысып отырған делегаттардың атынан алғыс айтуға рұхсат етіңіз. Біздің өз елімізде ССР Одағы жөніндегі шындықты жұмысшыларға айта алатындығымызға күмәндaнбауыңызға болады.

Сталин. Алғыс айтпаса да болады ғой, жолдастар. Берілген сұрақтарға жауап беріп, сіздердің алдарыңызда есеп беруді мен өзімнің боршым деп есептеймін. Біздер, совет қызметкерлері, тап жағынан бауырлас адамдардың жауап естігісі келген сұрақтарының барлығы бойынша да есеп беруді өз міндетіміз деп санаймыз. Біздің мемлекетіміз — дүние жүзі пролетариатының жас ұрпағы болып табылады. Біздің мемлекетіміздің қайраткерлері дүние жүзі пролетариаты өкілдерінің алдында есеп берген кезде, тек жер жүзі пролетариаты жөніндегі өз борышын ғана орындайды. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

„Правда" №№ 260 және 261,

13 және 15 ноябрь, 1927 ж.

ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙПАТЫ

Октябрьдің онжылдығына

Октябрь революциясы тек «ұлттық шеңбердегі» революция ғана емес. Ол, ең алдымен, интернационалдық, дүниежүзілік сыйпатты революция, өйткені ол адам баласының бүкіл дүниежүзілік тарихында ескі, капиталистік дүниеден жаңа, социалистік дүниеге негізінен бет бұрғандықты көрсетеді.

Бұрынғы уақыттарда революциялар әдетте билік басына қанаушылардың бір тобының орнына қанаушылардың екінші тобын отырғызумен тынушы еді. Қанаушылар алмасып отырушы еді, қанаушылық қала беруші еді. Құлдардың азаттық қозғалыстары кезінде істің жайы осындай болды. Крепостнойлар көтеріліс жасаған дәуірде де істің жайы осындай еді. Англияда, Францияда, Германияда болған белгілі «ұлы» революциялардың дәуірінде де істің жайы осындай болды. Мен Париж Коммунасын сөз етіп отырғаным жоқ, өйткені мұның өзі пролетариаттың тарихты капитализмге қарсы бұрғысы келген бірінші, даңқты, қаһармандық, бірақ та көңілдегідей болып шықпаған әрекеті еді.

Октябрь революциясының бұл революциялардан принциптік айырмасы бар. Ол қанаушылықтың бір

формасының орнына қанаушылықтың екінші формасын қолдануды, қанаушылардың бір тобының орнына қанаушылардың екінші тобын отырғызуды мақсат етіп қоймайды, адамды адамның қанауының қандайын болса да, қанаушы топтар атаулының барлығын да жоюды, пролетариат диктатурасын орнатуды, бұл уақытқа дейін өмір сүріп келген езілген таптардың ішіндегі ең революцияшыл таптың өкіметін орнатуды, жаңа тапсыз социалистік қоғам құруды мақсат етіп қояды.

Міне сондықтан да Октябрь революциясының жеңуі адам баласының тарихында негізгі өзгеріс жасалғандығын, дүниежүзілік капитализмнің тарихи тағдірлерінде негізгі өзгеріс жасалғандығын, дүниежүзілік пролетариаттың азаттық қозғалысында негізгі өзгеріс жасалғандығын, бүкіл дүние жүзіндегі қаналушы бұқараның күрес әдістері мен ұйым формаларында, тұрмыстары мен дәстүрлерінде, мәдениеті мен идеологиясында негізгі өзгеріс жасалғандығын көрсетеді.

Октябрь революциясының интернационалдық, дүниежүзілік сыйпатты революция болуының негізі де осында.

Октябрь революциясының өздерінің азат болуына кепіл бола алатындығын біліп, барлық елдердің езілген таптарының Октябрь революциясын шынымен сүйетіндігінің түп негізі де осында.

Бүкіл дүние жүзіндегі революциялық қозғалыстың дамуына Октябрь революциясының әсері тиіп отырған бірқатар негізгі мәселелерді көрсетіп өтуге болады.

1. Октябрь революциясының, ең алдымен, тамаша жері сол — ол дүниежүзілік империализмнің майда-

нын бұзды, ең ірі капиталистік елдердің бірінде империалистік буржуазияны құлатты және өкімет басына социалистік пролетариатты отырғызды.

Жалданушылардың табы, кудаланушылардың табы, езілгендер мен каналушылардың табы, өзінің үлгісімен барлық елдердің пролетарларын қызықтырып, адам баласының тарихында тұңғыш рет үстем таптың дәрежесіне жетті.

Мұның мәнісі — Октябрь революциясы жаңа заманды империализм елдерінде пролетарлық революциялардың заманын туғызды деген сөз.

Октябрь революциясы помещиктер мен капиталистерден өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарын тартып алып, оларды қоғамдық меншікке айналдырды, сөйтіп буржуазиялық меншікке социалистік меншікті карама-карсы койды. Ол мұнысымен капиталистердің буржуазиялық меншік кол сұкпастық, ардакты мәңгілік меншік болып табылады деген өтірігін әшкереледі.

Октябрь революциясы буржуазиядан өкіметті тартып алды, буржуазияны саяси праволардан айырды, буржуазияның мемлекеттік аппаратын тас-талқан кылды, өкіметті Советтердің қолына берді, сөйтіп капиталистік демократия болып табылатын буржуазиялық парламентаризмге пролетарлық демократия — Советтердің социалистік өкіметін карама-карсы койды. 1887 жылдың өзінде-ақ, революциядан соң екінші күні «бұрынғы капиталистердің бәрі де сайлау правосынан айрылады» деп Лафарг әбден дұрыс айтты[61].

Мұнымен Октябрь революциясы социал-демократтардың енді социализмге бейбіт түрде, буржуазиялық

парламентаризм арқылы жетуге болады деген өтірігін әшкереледі.

Бірақ Октябрь революциясы мұнымен тоқтаған жоқ, тоқтай алмас та еді. Ескі, буржуазиялық дүниені қыйратып, ол жаңа, социалистік дүниені құра бастады. Октябрь революциясының онжылдығы партияны, кәсіпшілер одақтарын, Советтерді, кооперацияны, мәдени ұйымдарды, транспортты, өнеркәсіпті, Қызыл Армияны құрудың онжылдығы болып табылады. ССРО-дағы социализмнің құрылыс майданындағы даусыз табыстары пролетариаттың елді буржуазиясыз және буржуазияға қарсы ойдағыдай басқара алатындығын, оның өнеркәсіпті буржуазиясыз және буржуазияға қарсы ойдағыдай құра алатындығын, оның бүкіл халық шаруашылығына буржуазиясыз және буржуазияға қарсы ойдағыдай басшылық ете алатындығын, айналасындағы капиталистік қоршауға қарамастан социализмді құра алатындығын айқын көрсетті.

Бас пен дененің өзге мүшелері ас қазансыз күнелте алмайтын болса, қаналушылар да қанаушыларсыз күнелте алмайды деген ескі «теория» ерте заманның тарихындағы рим сенаторының, Менений Агриппаның, «теориясы» ғана емес. Бұл «теория» кәзіргі кезде жалпы социал-демократияның саяси «философиясының», әсіресе империалистік буржуазиямен одақ жасауды көздейтін социал-демократиялық саясаттың іргe тасы болып табылады. Соқыр сенім болып кеткен бұл «теория» кәзіргі кезде капиталистік елдердің пролетариатын революцияшылдандыру жолындағы ең ірі кедергілердің бірі болып табылады. Октябрь революциясының ең маңызды нәтижелерінің бірі — бұл өтірік «теорияға» ол өлтіре соққы берді.

Октябрь революциясының осы және осы сыякты нәтижелері капиталистік елдердегі жұмысшы табының революциялық қозғалысына мықтап әсер етпей қоймады және мықтап әсер етпей қала алмайды дегенді тағы да дәлелдеп жатудың керегі бар ма?

Капиталистік елдерде коммунизмнің үдеп өсуі, барлық елдердегі пролетариаттың ССРО-ның жұмысшы табына тілектестігінің артуы, ақырында, жұмысшы өкілдерінің Совет еліне ағылып келуі сықылды жалпыға бірдей әйгілі фактылар Октябрь революциясының шашқан ұрығының жеміс бере бастағандығын даусыз көрсетіп отыр.

2. Октябрь революциясы империализмді тек оның үстемдік құрған орталықтарында ғана, «метрополияларда» ғана шайқалтып қойған жоқ. Ол империализмнің тылына да, оның жер-жердегі негізіне де, империализмнің отар және тәуелді елдердегі үстемдігіне де соққы берді.

Помещиктер мен капиталистерді құлатып, Октябрь революциясы ұлт-отарлық езудің бұғауын үзді, байтақ көп мемлекеттің езілген халықтарының бірін қалдырмай, бәрін де бұл езушіліктен құтқарды. Езілген халықтарды азат етпей тұрып, пролетариат өзін де азат ете алмайды. Октябрь революциясының айырықша белгісі — ол ССРО-да бұл ұлт-отарлық революцияларды ұлт-ұлтты өшіктіру, ұлт-ұлтты соқтығыстыру туы астында жүргізген жоқ, ССРО-дағы ұлттардың жұмысшылары мен шаруаларын өзара сенімділік және туысқандық жолмен жақындастыру туы астында отырып жүргізді, ұлтшылдық мүддесі үшін емес, интернационализм мүддесі үшін жүргізді.

Ұлт-отарлық революциялар бізде пролетариаттың

басшылығымен және интернационализм туы астында өтті, дәл сондықтан да пари-халықтар, құл-халықтар адам баласының тарихында **тұңғыш рет шын мәнісінде** ерікті, **шын мәнісінде** тең халықтардың дәрежесіне жетті, өздерінің үлгісімен бүкіл дүние жүзіндегі езілген халықтарды қызықтырып отыр.

Мұның мәнісі — Октябрь революциясы жаңа заманды, дүние жүзінің **езілген елдерінде** пролетариатпен **одақ** жасай отырып, **пролетариаттың басшылығымен** өткізіліп жатқан **отарлық** революциялардың заманын **туғызды** деген сөз.

Бұрын дүние ежелден төменгі және жоғарғы нәсілге, қара тұқым мен ақ тұқымға бөлінеді, бұлардың біріншісінің мәдениетке икемі жоқ, бұлар қаналуға тиісті, ал екіншілері біріншілерді қанауға тиісті болған бірден-бір мәдениетті тұқым болып табылады деген пікір «орын тепкен» болатын.

Енді бұл ертегінің тас-талқаны шығып, іске аспай қалды деп білу керек. Октябрь революциясының ең маңызды нәтижелерінің бірі — бұл ертегіге өлтіре ол соққы берді, азат етілген, советтік дамудың арнасына тартылған европалық емес халықтардың **шын мәнісінде** алдыңғы қатарлы мәдениетті, **шын мәнісінде** алдыңғы қатарлы мәдениетті европалық халықтардан ешбір де кем соқпайтын дәрежеде алға бастыра алатындығын іс жүзінде көрсетті.

Бұрын, езілген халықтарды азат етудің бірден бір әдісі — буржуазиялық ұлтшылдық әдісі, ұлттарды бірінен бірін айыру әдісі, оларды ажырастыру әдісі, түрлі ұлттардың еңбекшілер бұқарасы арасындағы ұлт араздығын күшейту әдісі болып табылады деген пікір «орын тепкен» болатын.

Енді бұл ертегі де теріске шығарылды деп білу керек. Октябрь революциясының ең маңызды нәтижелерінің бірі — бұл ертегіге ол өлтіре соққы берді, езілген халықтарды азат етудің бірден бір дұрыс әдісі болған пролетарлық, интернационалдық әдістің мүмкін екендігін және қолайлы екендігін іс жүзінде көрсетті; нағыз әртүрлі халықтардың жұмысшылары мен шаруаларының өз еркімен және интернационализм негізінде жасаған туысқандық одағының мүмкін екендігін және қолайлы екендігін іс жүзінде көрсетті. Барлық елдердегі еңбекшілердің болашақта бірыңғай дүниежүзілік шаруашылыққа бірігуінің үлгісі болған Советтік Социалистік Республикалар Одағының өмір сүруі бұған тұпа-тура дәлел болмай қоймайды.

Октябрь революциясының осы және осы сияқты нәтижелері отар елдер мен тәуелді елдердегі революциялық қозғалысқа мықтап әсер етпей қоймады және мықтап әсер етпей қала алмайды дегенді сөз қылмасақ та болады. Қытайдағы, Индонезиядағы, Индиядағы, т. т. езілген халықтардың революциялық қозғалыстарының өсуі, бұл халықтардың ССРО-ға тілектестігінің артуы сияқты фактылар — осының бәрі мұны даусыз көрсетіп отыр.

Жайбарақат, емін-еркін қанаушылықтың және отар елдер мен тәуелді елдерді езушіліктің заманы өтті.

Отар елдер мен тәуелді елдерде азаттық жолындағы революциялардың заманы, бұл елдердегі пролетариаттың ояну заманы, оның революцияға гегемония болу заманы туды.

3. Империализмнің орталығында да, оның тылына да революцияның ұрығын шашып, империализмнің

«метрополиялардағы» қуатын нашарлатып, оның отар елдердегі үстемдігін шайқалтып, — Октябрь революциясы мұнысымен дүниежүзілік капитализмнің жалпы алғанда өмір сүруінің өзін екі талай етті.

Егер капитализмнің стихиялы түрде дамуы империализм жағдайларында, — оның әркелкі дамыйтындығынан, жанжалдар мен соғыс жөнінен соқтығысулары сөзсіз болып тұратындығынан, ақырында, бұған дейін болып көрмеген империалистік қырғын соғыстың сөзсіз болып тұратындығынан, — капитализмнің іру мен өлу процесіне айналған болса, онда Октябрь революциясы және оған байланысты орасан зор елдің капитализмнің дүниежүзілік системасынан ажыратылуы, дүниежүзілік империализмнің негіздерін біртебірте кеулей отырып, бұл процесті тездетпей қоймайды.

Ол ол ма. Империализмді шайқалта отырып, Октябрь революциясы мұнымен бірге дүниежүзілік революциялық қозғалыстың бірінші пролетарлық диктатура сықылды бекем және ашық базасын жасап отыр; революциялық қозғалыста мұндай база бұрын ешуақытта болған емес және бұл базаға ол енді сүйене алады. Октябрь революциясы дүниежүзілік пролетарлық қозғалыстың бекем және ашық орталығын құрды; революциялық қозғалыста мұндай орталық бұрын ешуақытта болған емес және барлық елдердегі пролетарлар мен езілген халықтар империализмге қарсы бірыңғай революциялық майданын ұйымдастыра отырып, енді бұл орталықтың айналасына ұйыса алады.

Мұның мәнісі, ең алдымен, Октябрь революциясы дүниежүзілік капитализмге жазылмас жара салды,

бұл жарадан ол енді ешқашан да айыға алмайды деген сөз. Міне сондықтан да капитализм Октябрьге дейінгі өзінің «тепе-теңдігі» мен «тұрақтылығын» енді ешқашан да қайтарып ала алмайды.

Капитализмнің шет-пұшпақтап тұрақталуы мүмкін, ол өзінің өндірісін жөндеуі мүмкін, елді басқару ісін фашизмге беруі, жұмысшы табын уақытша қыспаққа алуы мүмкін, бірақ ол өзінің бұрын мақтаныш еткен «тыныштық» пен «сенімдігін», «тепе-теңдігі» мен «тұрақтылығын» ешуақытта қайтарып ала алмайды, өйткені дүниежүзілік капитализмнің дағдарысы дамудың сондай дәрежесіне жетті: бұл кезде революцияның оты біресе империализмнің орталықтарында, біресе оның жер-жерінде сөзсіз бұрқ ете түсуге тиіс, капитализмнің жамауларын жыртып, капитализмнің құлауын күннен-күнге жақындатуға тиіс. Мұның өзі «құйрығын суырып алып еді — тұмсығы көмілді, тұмсығын суырып алып еді — құйрығы көмілді» деген белгілі нақылға дәлме-дәл келеді.

Мұның мәнісі, екіншіден, Октябрь революциясы бүкіл дүние жүзіндегі езілген таптардың күші мен салмағын, ерлігі мен айбындылығын белгілі дәрежеге көтерді, үстемдік құрған таптарды олармен жаңа елеулі фактор есебінде санасуға мәжбүр етті деген сөз. Енді дүние жүзіндегі еңбекшілер бұқарасын қараңғыда қармалап жүрген, келешектен айрылған «надан тобыр» деп қарауға болмайды, өйткені Октябрь революциясы оларға жолын жарық ететін және келешегін көрсететін жарық сәуле орнатып берді. Егер бұрын езілген таптардың тілектері мен талаптарын жұртқа естіртетін және іс жүзіне асыратын бүдүниелік орта-

лық жоқ болған болса, енді мұндай орталық орын бар, ол — тұңғыш пролетарлық диктатура.

Бұл орталық жойылса «алдыңғы қатарлы елдердің» қоғамдық-саяси тіршлігін ұзақ уақыт бойына дүлей қара реакцияның қараңғы тұманы басар еді дегенге күмән келтіруге бола қояр ма екен. «Большевиктік мемлекет» өмір сүріп отыр деген жәй фактының өзі-ақ реакцияның қара күштерін жүгендеп отыр, езілген таптардың өзінің азаттығы үшін күресін жеңілдетіп отыр дегенді бекер деуге болмайды. Барлық елдердегі қанаушылардың большевиктерді аса жек көретіндігінің себебі де, шынында, осында болып отыр.

Жаңа негізде болса да тарих қайталап отыр. Бұрын, феодализмнің құлау дәуірінде, «якобинец» деген сөз барлық елдердегі ақ сүйектердің зәресін кетіріп, қандай жирендірсе, осы кезде, капитализмнің құлау дәуірінде, «большевик» деген сөз де буржуазиялық елдердің зәресін кетіріп, сондай жирендіреді. Және, керісінше, көтеріліп келе жатқан буржуазияның революцияшыл өкілдері үшін бұрын Париж қандай паналайтын жер және мектеп болған болса, осы кезде Москва да көтеріліп келе жатқан пролетариаттың революцияшыл өкілдері үшін сондай паналайтын жер және мектеп болып отыр. Якобинецтерді жек көрушілік феодализмді күйреуден құтқарған жоқ. Большевиктерді жек көрушілік капитализмді сөзсіз қыйраудан құтқара алмайды дегенге күдіктенуге бола ма?

Капитализмнің «тұрақтау» заманы өтті, буржуазиялық тәртіптің мызғымайтындығы туралы ертегіні де өзімен бірге ала кетті.

Капитализмнің күйреу заманы туды.

4. Октябрь революциясы экономикалық және қо-

ғамдық-саяси қатнастар жөніндегі революция ғана емес. Ол мұнымен бірге жұмысшы табының ақылындағы революция, идеологиясындағы революция болып табылады. Октябрь революциясы марксизмнің туы астында, пролетариат диктатурасы идеясының туы астында, империализм мен пролетарлық революциялар заманындағы марксизм болып табылатын ленинизмнің туы астында туып, бекіді. Сондықтан ол марксизмнің реформизмді жеңгендігін, ленинизмнің социал-демократизмді жеңгендігін, III Интернационалдың II Интернационалды жеңгендігін көрсетіп отыр.

Октябрь революциясы марксизм мен социал-демократизм арасына, ленинизм саясаты мен социал-демократизм саясаты арасына өте алмайтын бораздa салды.

Бұрын, пролетариат **диктатурасы жеңбей тұрғанда**, социал-демократия пролетариат диктатурасы идеяларын ашық теріс демей, сонымен қатар бұл идеяларды іс жүзіне асыруды жақындату үшін де ешнәрсе істемей, мүлде түк істемей, марксизм туын жамылғыш ете алатын еді, өйткені бұл жерде социал-демократияның мұнысы капитализмге ешбір қауіп туғызбағаны түсінікті де еді. Ол кезде, сол дәуірде, социал-демократия ресми түрде марксизмге қосылған еді, немесе қосылғанға дерлік еді.

Енді, **пролетариат диктатурасы жеңіп шыққаннан кейін**, жұрттың бәрі марксизмнің қайда апаратының және оның жеңуінің ақыры не болатының көзімен көрген кезде, социал-демократия марксизмнің туын жамылғы ете алмайтын болды, капитализмге белгілі қауіп туғызбайынша, пролетариат диктатурасы идеясымен ойнай алмайтын болды. Марксизмнің рухынан

әлдеқашан-ақ қол үзген социал-демократия марксизмнің туынан да қол үзуге мәжбүр болды, марксизмнің белбаласы болған Октябрь революциясына ашықтан-ашық қарсы болды, дүние жүзіндегі тұңғыш пролетарлық диктатураға қарсы болды.

Енді социал-демократия марксизмнен қол үзуге тиіс болды, шынында да қол үзді, өйткені дүние жүзіндегі тұңғыш пролетарлық диктатураны ашықтан-ашық және аянбай қолдамайынша, өзінің буржуазиясына қарсы революциялық күрес жүргізбейінше, өз елінде пролетариат диктатурасының жеңуі үшін жағдай жасамайынша, кәзіргі жағдайларда марксист болып есептелуге болмайды.

Социал-демократия мен марксизмнің арасында түпсіз тұңғыйық жатыр. Кәзір марксизмнің бірден-бір жүзеге асырушысы және тірегі ленинизм, коммунизм болып табылады.

Бірақ іс мұнымен ғана біткен жоқ. Социал-демократияны марксизмнен аластап, Октябрь революциясы ілгері аяқ басты, социал-демократияны дүние жүзіндегі тұңғыш пролетарлық диктатураға қарсы болған капитализмнің төте жақтаушыларының тобына лақтырды. Адлер мен Бауэр, Вельс пен Леви, Лонгэ мен Блюм сияқты мырзалар «совет тәртібін» жамандап, парламенттік «демократияны» мақтағанда, олар мұнысымен ССРО-да капиталистік тәртіпті қайта орнату үшін, «цивилизациялы» мемлекеттердегі капиталистік құлдықты сақтау үшін күресіп жатқандығын және күресетіндігін айтқысы келеді.

Осы күнгі социал-демократизм капитализмнің идеялық тірегі болып табылады. Осы күнгі социал-демократия саясатшылары «буржуазияның жұмысшы қоз-

ғалысындағы нағыз **агенттері**, капиталистер табының жұмысшы приказчиктері» болып табылады, «пролетариаттың буржуазияға қарсы азамат соғысында» олар сөзсіз «коммунарларға»[62] қарсы «версальшылар жағына шығады» деп Ленин мың мәртебе дұрыс айтқан.

Жұмысшы қозғалысындағы социал-демократизмді жоймай тұрып, капитализмді жоюға болмайды. Сондықтан капитализмнің өлу заманы мұнымен бірге жұмысшы қозғалысындағы социал-демократизмнің де өлу заманы болып табылады.

Октябрь революциясының ұлы маңызы тағыда мынада — ол дүниежүзілік жұмысшы қозғалысында ленинизмнің социал-демократизмді сөзсіз жеңетіндігін көрсетеді.

Жұмысшы қозғалысында II Интернационал мен социал-демократизмнің үстемдік құру заманы **бітті.**

Ленинизм мен III Интернационалдың үстемдік ету заманы **туды.**

„Правда" № 255,
6—7 ноябрь, 1927 жыл.
Қол қойған: И. Сталин

МОСКВА СОҒЫС ОКРУГІНІҢ ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА[63]

Жолдастар, сіздерге туысқандық сәлемімді жолдаймын! Сіздердің жұмыстарыңыздың барынша жемісті болуын тілеймін. Біздің даңқты Қызыл Армиямыз жасасын!

И. Сталин

„Красная Звезда" газеті,
№ 263, 18 ноябрь, 1927 ж.

ПАРТИЯ МЕН ОППОЗИЦИЯ

Москва губерниялық XVI партия конференциясында сөйленген сөз[54]

23 ноябрь, 1927

Жолдастар! Партия мен оппозиция арасында жүргізілген күрестің, соңғы үш — төрт апта бойы партия ішінде де, сол сыяқты — мұны тура айту керек — партиядан тыс та өріс алған айтыстың қысқаша қортындысын жасауға рұхсат етіңіздер.

АЙТЫСТЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРТЫНДЫЛАРЫ

Мынадай цифрлы қортындылар бар: күні бүгінге дейін партияны, оның Орталық Комитетін 572 мыңнан аса жолдастар жақтады, ал оппозицияны 3 мыңнан астам ғана адам жақтады.

Оппозиция дағдыда цифрлар, проценттер келтіруді, жұрттың 99 проценті бізді жақтайды-мыс дегенді, т. т. айтуды тәуір көреді. Енді жұрттың бәрі мынаны көріп отыр: 99 проценттен астамы оппозицияға қарсы шығып, партияның Орталық Комитетін жақтап отыр.

Ал бұған кім «кінәлі»? Оппозицияның нақ өзі кінәлі! Оппозиция бізді әрдайым айтысқа итермелеп

отырды. Екі жыл бойы оппозиция күн сайын дерлік айтыс туралы бір жаңа талап қоюмен келеді. Біз бұл тықсыруды тежеп келдік, біз, Орталық Комитет мүшелері, бұл тықсыруды тежеп келдік, өйткені біздің партиямыз Лениннің өте дұрыс айтқанындай, айтыс клубы емес екенін әбден білдік, біздің партиямыз пролетариаттың айбынды партиясы екенін, төңірегін жау қоршаған, социализм орнатушы, творчестволық қызметтің толып жатқан нақты міндеттері алдында тұрған, сондықтан өзінің барлық назарын әрдайым партия ішіндегі алауыздықтарға аударып отыра алмайтын партия екенін жақсы білдік.

Алайда айтысқа қолайлы уақыт туды, сондықтан XV съезден бір айдан аса уақыт бұрын, партия уставына сәйкес, партия былай деді: жарайды, сіздер айтысты тілейді екенсіздер, сіздер күресті тілейді екенсіздер — сол күрес болсын-ақ. Ал қортынды мынадай: 99 проценттен астамы партияны жақтады, оның Орталық Комитетін жақтады, ал 1 проценттен кемі оппозицияны жақтады.

Оппозицияның мақтаншақтығы, турасын айтқанда, 100 процент әшкереленді.

Бұл қортындыны шешуші нәрсе деп есептеуге болмайды деуі мүмкін. Партиядан басқа тағыда жұмысшы табы, шаруалардың еңбекші бұқарасы бар деуі мүмкін. Бұл жерде, бұл тарауда, әлі қортынды жасалған жоқ деуі мүмкін. Бұлай деу дұрыс емес, жолдастар. Бұл тарауда да қортынды жасалды.

Ал біздің ұлан-байтақ еліміздің барлық қалалары мен мекендерінде 7 ноябрьде болып өткен демонстрацияның өзі не көрсетеді? Мұның өзі жұмысшы табының, шаруалар еңбекші тобының, Қызыл Армияның,

Қызыл Флоттың біздің партияны, үкіметті жақтауының, оппозицияға қарсы, троцкизмге қарсы шығуының аса зор демонстрациясы емес пе?

Октябрьдің онжылдығы күні оппозицияның өз басына тілеп алған белгілі жанжалы, миллиондаған еңбекшілердің бұл күні партия мен үкіметті бір ауыздан құттықтауы — осының бәрі тек қана партия емес, онымен қатар жұмысшы табы да, тек қана жұмысшы табы емес, сонымен қатар шаруалардың еңбекші топтары да, тек қана шаруалардың еңбекші топтары емес, сонымен қатар бүкіл армия, бүкіл флот та түгелдей партияны, үкіметті жақтап отырғанын, оппозицияға қарсы, іріткі салушыларға қарсы екенін көрсететін дәлел емес пе. (Ұзақ қол шапалақтау.)

Сіздерге енді қандай қортынды керек?

Жолдастар, партия мен оппозиция арасында, большевиктер мен оппозиция арасында жүргізілген күрестің, партия ішінде және кейін оппозицияның өз кінәсінен партиядан тыс жерде өріс алған күрестің сіздерге айтатын қысқаша қортындысы міне осындай.

Оппозицияның мұндай күйреулі жеңілуінің себебі неде? Біздің партияның тарихында, большевиктер өкіметті өз қолына алғаннан бергі жерде ешуақытта бірде-бір оппозиция ешуақытта мұндай күйреулі жеңіліске ұшыраған емес еді ғой.

Біз троцкистердің Брест бітімі кезіндегі оппозициясын білетінбіз. Ол кезде партияның төрттен бір бөлігі шамасы оппозиция жағында болатын.

Біз троцкистердің 1921 жылғы, кәсіпшілер одағы туралы айтыс кезіндегі, оппозициясын білетінбіз. Ол кезде партияның сегізден бір бөлігі шамасы оппозиция жағында болатын.

Біз XIV съезде болған атышулы «жаңа оппозицияны», Зиновьев-Қаменев оппозициясын білетінбіз. Ол кезде Ленинградтың барлық делегациясы оппозиция жағында болатын.

Ал енді ше? Енді оппозиция ешуақытта болып көрмеген түрде шеттетілген. Енді партияның XV съезінде оппозицияның бірде-бір делегаты болуы екі талай. (Ұзақ қол шапалақтау.)

Оппозицияның күйреуі оның партиядан, жұмысшы табынан, революциядан түгелдей қол үзгендігінен болып отыр. Оппозиция өмірден қол үзген, революциядан қол үзген интеллигенттердің бір кішкене ғана тобы болып қалып отыр, — оппозицияның ойсырап күйреуінің тамыры міне осында жатыр.

Тексеріп шығу үшін оппозицияны партиядан аулақтатып отырған мәселелерден екі немесе үш мәселені алып көрейік.

II

ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ МЕН ШАРУАЛАР

Жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы қатнастар туралы мәселе.

Лениннің айтуынша, жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы өзара қатнастары туралы мәселе біздің елімізде пролетариат диктатурасының негізгі мәселесі, біздің революцияның негізгі мәселесі болып табылады. Ол былай деді:

> «Шаруалармен 10 — 20 жылдай дұрыс қарым-қатнас орнатсақ (өсіп келе жатқан пролетарлық революциялар ұзақ уақытқа созылған күннің өзінде де) жержүзілік көлемде жеңуіміз қамтамасыз етілген болады»[65].

Ал шаруалармен дұрыс қатнас жасау керек дегеніміз не? Лениннің түсінуінше, шаруалармен дұрыс қатнас жасау дегеніміз кедейлерге арқа сүйей отырып, орташамен «берік одақ» орнату деген сөз.

Ал бұл мәселеге оппозиция қалай қарайды? Оппозиция жұмысшы табының шаруалармен одағын елемей ғана отырған жоқ, ол мұндай одақтың біздің революциямыз дамуы үшін бүкіл маңыздылығын түсінбей ғана отырған жоқ, ол «онан да әрі» кетіп отыр: жұмысшы табының шаруалармен одағын бұзуға, жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы байланысты үзуге апармай қоймайтын саясат ұсынып отыр.

Алыстамау үшін мен оппозицияның басты экономисі Преображенскийді атап өтер едім, ол шаруаларды біздің өнеркәсібіміз үшін «отар ел» деп, барлық жағынан бірдей қаналуға тиісті объект деп түсінеді.

Мен, онан соң, оппозицияның өнеркәсіп товарларының бағасын көтеруді жақтаған бірсыпыра документтерін көрсете алар едім, бағаның мұндай көтерілуі біздің өнеркәсібіміздің ақсауына, кулактың күшеюіне, орташаның күйзелуіне, кедейлердің кулактар тарапынан кіріптар болуына апармай қоймайды.

Оппозицияның осындай және осы тәрізді документтерінің бәрі оппозиция саясатының, шаруалардан қол үзуге, шаруалардың орташа бұқарасынан қол үзуге бағытталған саясатының негізгі бөлімі болып табылады.

Оппозицияның «платформасында» немесе контртезистерінде бұл жөнінде тура және ашық ешнәрсе айтыла ма? Жоқ, айтылмайды. Оппозицияның «платформасы» мен контртезистерінде бұлардың бәрі де жасырылған және бүркенілген. Керісінше, оппозицияның

«платформасы» мен контртезистерінен сіздер орташа жөнінде де, кедейлер жөнінде де ондаған мақтау сөздер табасыздар. Оларда, мұнымен қатар, кулактік уклон деген бірдеме жөнінде партияға карсы айтылған шабуылдар бар. Бірақ онда оппозицияның апатты жолы туралы, жұмысшы табын шаруалардан қол үздіруге апаратын және апармай қоймайтын жолы туралы тура және ашық мүлдем ешнәрсе айтылмаған.

Ал оппозиция басшыларының жұмысшылар мен шаруалардан мейлінше жасыратындарының бәрін кәзір мен жарық дүниеге шығарып, алдарына тартып көремін, өйткені мұның өзі алдағы кезде оппозицияның партияны алдамауы үшін сабақ болар деймін. Менің айтып тұрғаным Иван Никитич Смирновтың Рогож-Симанов партия конференциясында жақында ғана сөйлеген сөзі. Оппозиция басшыларының бірі Смирнов азын-аулақ адал оппозиционерлердің, оппозицияның жолы туралы шындықты айтуға батылы жеткен адамдардың бірі болып шықты. Пролетариат пен шаруалар арасындағы өзара қатнастар туралы мәселе жөніндегі оппозицияның шын «платформасын» сіздердің білгіңіз келе ме? Смирновтың сөзін оқып, зерттеңіздер, өйткені Смирновтың сөзі біздің оппозиционерлердің шын позициясы туралы барлық шындықты айтатын сирек кездесетін документтердің бірі болып табылады.

Смирнов өзінің сөзінде былай дейді:

«Біз мемлекеттік бюджетімізді қайта қарау керек дейміз, сөйтіп біздің бес миллиардтық бюджетіміздің негізгі бөлімі өнеркәсіп жағына жұмсалатын болуы керек дейміз, өйткені **сөзсіз апатқа барғаннан гөрі біздің орташадан қол үзгеніміз жақсы»**.

Оппозиция басшыларының өз «платформасы» мен контртезистерінде тығып қойғандарының негіздісі және сол оппозиция басшыларының бірі Смирновтың адал түрде жарық дүниеге шығарғаны міне осындай.

Олай болса, орташамен берік одақ жасау емес, орташадан ажырасу керек — революцияны «сақтап қалудың» құралы, бақсақ, осында көрінеді.

Ленин былай деген: «диктатураның жоғарғы принципі — пролетариаттың шаруалармен одағын қуаттау болады, сөйтіп пролетариат басшылық роль мен мемлекеттік өкіметті қолында ұстай алатын болуы керек»[66].

Ал оппозиция мұнымен рыйза емес, өйткені ол пролетариат диктатурасы үшін маңыздысы шаруалармен, шаруалардың негізгі бұқарасымен одақ жасау емес, қайта олардан ажырасу дейді.

Ленин былай деді: — тек қана айтып қойған жоқ, қайта партияның VIII съезінен бері қарай тынбастан дәлелдеп келеді — біздің елімізде социализмнің ойдағыдай құрылысы «орташамен берік одақ»[67] жасамайынша мүмкін емес.

Ал оппозиция мұнымен рыйза емес, өйткені орта шаруалармен берік одақ жасау саясатының орнына олардан ажырасу саясатын қолдануға болады дейді.

Ленин былай деген: социализм орната отырып, біз шаруалардың негізгі бұқарасымен бірге ілгері аяқ басуға тиіспіз.

Ал оппозиция мұнымен рыйза емес, өйткені біз шаруалармен бірге емес, қайта олардан ажырасу арқылы ілгері аяқ басуымыз керек дейді.

Жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы өзара қатнас туралы күрделі мәселе жөніндегі партия мен

оппозиция арасындағы негізгі алауыздық міне осында.

Оппозиция өзінің «платформасында» өзінің шын бет-бейнесін бүркеп өтуге тырысты, оның орнына шаруалар жөнінде мақтау айтқан болады; кулактік уклон деген бірдемені сылтау етіп, партияға қарсы екіжүзділікпен шабуыл жасады. Ал Смирнов оппозицияның «платформасына» күрделі түзету ендіріп отыр, сөйтіп оппозиция басшыларының бет пердесін жұлып тастап отыр, оппозиция жайындағы шындықты, оппозицияның нағыз платформасы жайындағы шындықты партияға айтып беріп отыр.

Ал бұдан не көрінеді? Бұдан оппозицияның «платформасы» мен контртезистері партия мен жұмысшы табын алдауға арналған тек бос қағаз екені көрінеді.

Ал орташамен ажырасу саясаты дегеннің мәнісі не? Орташамен ажырасу саясаты — шаруалардың көпшілігінен ажырасу саясаты деген сөз, өйткені орташалар барлық шаруалардың ең кем дегенде 60 проценті болып табылады. Міне сондықтан орташадан ажырасу саясаты шаруалардың көпшілігін кулактардың қолтығына барып тығылуға итермелейді. Ал шаруалардың көпшілігін кулактардың қолтығына апарып тығу саясаты дегеннің мәнісі — кулактарды күшейту, кедейлерді шеттету, деревняда Совет өкіметін әлсірету және кулактар тарапынан кедейлерді тұншықтыру ісін жеңілдету деген сөз.

Бірақ әңгіме мұнымен де тынбайды. Шаруалардың көпшілігімен ажырасу саясатын жүргізудің мәнісі — деревняда азамат соғысын ашу деген сөз, біздің өнеркәсібімізді ауылшаруашылық шикізатпен (мақта, қант қызылшасы, зығыр, тері, жүн, т. т.) жабдықтауды қиындату, жұмысшы табын ауылшаруашылық өнім-

мен жабдықтау ісін бүлдіру, біздің жеңіл индустриямыздың нағыз негізін осалдату, біздің бүкіл құрылыс жұмысымызды бүлдіру, елімізді индустрияландырудың бүкіл жоспарын орындатпау деген сөз.

Егер оппозицияның «платформасы» мен контртезистеріндегі мағнасыз мәлімдемелерін емес, оппозицияның бізге ресми түрде Смирнов айтып берген нағыз саясатын ескеретін болсақ, істің жайы міне осылай болып шығады, жолдастар.

Мен оппозицияны осы бақытсыздықтардың барлығына біле тұра ұмтылды деп айыптаудан аулақпын. Бірақ әңгіме бұл жерде оппозицияның тілектері мен талаптарында емес. Әңгіме орта шаруалардан ажырасуға сөзсіз әкеліп соғатын оппозициялық саясаттың нәтижелерінде болып отыр.

Бұл жерде оппозиция Крыловтың «Кісі мен аю» деген баснясындағы аюдың дәл өзі болып отыр. (Күлкі.) Өзінің досы — тақ адамның бас сүйегін әйдік таспен қақ жарған аю оны танауына қайта-қайта қона берген шыбыннан қорғауға тырысты, бұл өзінен өзі түсінікті. Оның тілегі шынында да нағыз достық тілек еді. Алайда аюдың достық тілектерінен оншалықты достық құрмет туа қойған жоқ, өйткені мұның нәтижесінде сорлы адам өмірмен қоштасты. Оппозиция, әрине, революцияға қайырым атаулының бәрін тілейді. Бірақ ол бұл үшін ақырында революцияны күйретуге, жұмысшы табы мен шаруаларды талқандауға, біздің бүкіл құрылыс жұмысымызды бүлдіруге әкеліп соғатын шараларды ұсынады.

Оппозицияның «платформасы» — жұмысшы табы мен шаруалардың одағын бұзушы платформа, біздің

бүкіл құрылыс жұмысымызды бұзушы платформа, индустрияландыру ісін бұзушы платформа.

III

ПАРТИЯ МЕН ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ

Партия туралы мәселе.

Лениннің айтуынша партияның бірлігі мен темір тәртібі пролетариат диктатурасының негізі болып табылады. Оппозиция іс жүзінде қарама-қарсы көзқарасты жақтайды. Оның ойынша пролетариат диктатурасы үшін партияның бірлігі мен темір тәртібі керек емес, партияның бірлігі мен тәртібінің күйреуі, партияның жікке бөлінуі, екінші партияның құралуы керек. Рас, оппозиция партияның бірлігі туралы айтып та, жазып та жүр, жазып та, айтып та жүр, тек қана айтып жүрген жоқ, тіпті еңкілдегенде етегі толады. Бірақ оппозицияның партия бірлігі туралы айтып жүргені партияны алдауды көздейтін екіжүзділік сандырақ. (Қол шапалақтау.)

Өйткені оппозиция партияның бірлігі туралы айтып та жүр, айқай да салып жүр, сонымен қатар ол жаңа, антилениндік партия құрып жүр. Тек қана құрып жүрген жоқ. Партияны ол құрып та үлгірген, бұл жөнінде бұрын оппозиционер болған Кузовников, Зоф және Ренолардың сөздері тәрізді нақты документтер айқын көрсетіп отыр.

Қазір бізде оппозицияның екі жылдан бері-ақ өзінің антилениндік партиясы бар екенін, өзінің Орталық Комитеті, облыстық бюросы, губерниялық бюросы, т. т. бар екенін дәлелдейтін толық документтер бар. Оппозиция бұл фактыларға бірлік туралы жал-

ған саңдырақтан басқа нені қарама-қарсы қоя алады?

Оппозиция партияның Орталық Комитеті оны екінші партия позициясына түсіре алмайды деп даурықты. Ғажап нәрсе! Ал Орталық Комитет оппозицияны ешқашан мұндай позицияға түсуге итермелеп пе еді? Орталық Комитеттің оппозицияны екінші партия ұйымдастыру жолына түсуден ұдайы сақтандырып келгені факт емес пе?

Соңғы екі жылдағы біздің алауыздықтарымыздың бүкіл тарихы біздің партияның Орталық Комитетінің оппозицияны жікке бөліну жолынан сақтандыру, оппозиция адамдарын партия үшін сақтау әрекеттерінің тарихы болып табылады.

Оппозицияның 1926 жылғы 16 октябрьдегі белгілі «мәлімдемесі» жөніндегі тарихты алып қараңыз. Мұның өзі Орталық Комитеттің оппозицияны партия шеңберінде сақтап қалуға жасаған әрекеті емес пе?

Оппозицияның 1927 жылғы 8 августағы екінші мәлімдемесін алып қараңыз. Мұның өзі де партияның Орталық Комитетінің оппозицияны бірыңғай партия шеңберінде сақтап қалуға ұдайы күш салып келгенін дәлелдемей ме?

Ал енді ше? Оппозиция бірлік туралы мәлімдеме, бірлік туралы уәде, фракцияшылдықты жою туралы сенім берумен болды, ал іс жүзінде екінші партия құру ісімен айналысумен болды.

Мұның бәрі нені көрсетеді? Оппозицияның сөзіне сенуге болмайтындығын көрсетеді. Оппозицияны «платформалары» мен контртезистері бойынша емес, оның нақты істері бойынша тексеру керек екенін көрсетеді.

Ленин былай деген: топтарды, ағымдарды, пар-

тияларды уәделері мен «платформасы» бойынша емес, олардың накты істері бойынша тексеріп үйреніңіз дегенді. Біз Лениннің жолымен жүруді және оппозицияны жазған қағаздары мен «платформалары» бойынша емес, оның нақты ісі бойынша тексеруді өзіміздің міндетіміз деп есептейміз.

Партия бірлігі туралы көзінің жасын көл ете отырып, оппозицияның «платформалар» мен контртезистер жазуы — партияны алдағандық, фарисейлік, бос сөз. Біздің партияның бірлігі мен пролетарлық тәртібін бүлдіре отырып, оппозицияның жаңа партия құруы, өзінің орталық комитетін жасауы, облыстық бюро ұйымдастыруы, т. т., — осының бәрі оппозицияның ісі, оның қара жүзді ісі.

Мұның өзі, әрине, оппозиция кәзірдің өзінде-ақ шын партия тәрізді бір нәрсе құрып үлгірді деген сөз емес. Жоқ, ол мұны істей алған жоқ және ешуақытта істей алмайды, өйткені жұмысшы табы оппозицияға қарсы. Жаңа партия, екінші партия құруға әрекеттену арқылы оппозиция, шынына келгенде, партияны баланың ойыншығына, Орталық Комитетті, облыстық бюроларды, т. т. баланың ойыншығына айналдырып отыр. Талқаны шығып қираған, масқара болған оппозициялар енді партия жөнінде ойын ойнаумен, Орталық Комитет жөнінде, облыстық бюролар, т. т. жөнінде ойын ойнаумен өзін өзі жұбатып жүр. (К ү л к і. Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Бірақ, жолдастар, ойынның да ойыны бар. Оппозицияның партияны ойынға айналдыруы — мұның өзі тек күлкі туғыза алады, өйткені бұл ойын партия үшін ерікkеннің ермегінен басқа ешнәрсе де болып табылмайды.

Бірақ біз тек партиямен ғана істес болып отырғанымыз жоқ. Бізде оның үстіне таптар бар, бізде антисоветтік элементтер бар. Ал бұл антисоветтік элементтер оппозицияның ойынын қадағалап қарап жүр, партияға карсы күресті, совет өкіметіне карсы күресті, біздің революцияға карсы күресті оппозициядан үйреніп жүр. Оппозицияның партияны ойыншыкка айналдыруы, оппозицияның партияға карсы шабуыл жасауы, оппозицияның антисоветтік қылықтары жаңағы элементтерге совет өкіметімен күресу үшін, контрреволюцияның күшін қоздыру үшін өзінше бір мектеп, өзінше бір даярлық мектеп болып табылады.

Антисоветтік элементтер атаулының бәрі оппозиция төңірегіне топталуы тегін емес. Оппозицияның партияны ойынға айналдыруының кауіптілігі міне осында. Ал дәл сондықтан да бұл арада күрделі кауіп бар, — дәл сондықтан да партия оппозицияның антисоветтік жаттығуларына немқұрайды қарай алмайды, дәл сондыктан да партия олардың тамырын үзуге тиісті.

Ал жұмысшы табы оппозицияның бұл антисоветтік ойынының бүкіл кауіптілігін көрмей отыра алмайды. Оппозиция үшін партия шахмат доскасы сыякты. Партияға карсы күресе отырып, оппозиция белгілібір шахмат жүрісін жасайды. Ол бүгін фракцияшылдықты жою туралы мәлімдеме береді. Ертең ол өз арызын-ақ аякка басады. Ол келесі күні жаңа мәлімдеме жасайды, сөйтіп бірнеше күн өткеннен кейін өз мәлімдемесін тағыда маскаралайды. Мұның өзі оппозиция үшін шахмат жүрісі болып табылады. Олар — ойыншы, одан баска ешнәрсе де емес.

Жұмысшы табы өз партиясына олай қарамайды.

жұмысшы табы үшін партия шахмат доскасы емес, өзін азат етудің құралы болып табылады. Жұмысшы табы үшін партия шахмат доскасы емес, жауларды жеңу үшін, жаңа жеңістерге жету үшін, социализмнің түпкілікті жеңуі үшін өмірлік құрал болып табылады. Сондықтан жұмысшы табы өзінің пртиясын, өзінің ең қасиетті нәрсесін, оппозицияшыл ойыншылардың алаяқтық жаттығулары үшін шахмат доскасына айналдырушыларды нағыз жексұрын деп есептейді, оларды басқаша бағалай алмайды. Өйткені жұмысшы табы оппозицияның біздің партия темір тәртібін бұзу жөніндегі жұмысы, оппозицияның біздің партияны жікке бөлу жөніндегі жұмысы, шынына келгенде, біздің еліміздегі пролетариат диктатурасын тоздыру жөніндегі жұмыс болып табылатынын біледі, оны білмей отыра алмайды.

Оппозицияның «платформасы» — біздің партияны қйырату платформасы, жұмысшы табын қарусыздандыру платформасы, антисоветтік күштерді қоздыру платформасы, пролетариат диктатурасын тоздыру платформасы.

IV

БІЗДІҢ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Үшінші мәселеге, біздің революцияның перспективалары жөніндегі мәселеге көшелік.

Оппозицияның бүкіл бағытының негізгі сыйпаттамасы біздің революцияның күштеріне сенбеушілік, пролетариаттың шаруаларды өз соңына ерте алатындығы жөніндегі күштері мен қаблеттілігіне сенбеуші-

лік, жұмысшы табының социализм орнату жөніндегі, күштері мен қаблеттілігіне сенбеушілік болып табылады.

Мен жоғарыда Смирнов сөзінің, егер біз орта шаруалармен ажыраспасақ, біздің революциямыз сөзсіз «апат» болады деген белгілі жерінен цитата келтірдім. Революция «апаты» туралы жырды біз оппозиционерлерден тұңғыш рет қана естіп отырғанымыз жоқ. Қыйыншылықтар кездескенде мәңгі бақый қыңқылдау мен қорқуды, біздің революцияның солғырттануы мен құлауы жөніндегі пайғамбарлықты оппозиционерлер мәлімдемелерінен біз бірінші рет қана кездестіріп отырғанымыз жоқ. Оппозицияның фракцияшылдық саясаты бірінен соң бірі күйрей бастасымен-ақ оппозиция біздің революция «апаты» жөнінде қақсауын қоймады, өз тобының апат болуын революция «апаты» деп көкіді. Оппозиция әрдайым азшылықта қалысымен-ақ, партиядан әрдайым жұдырық жесімен-ақ көшеге шығатын болды, революция «апаты» туралы айқай салатын болды, қыйыншылық атаулының бәрін партияға қарсы қолданатын болды.

Брест бітімі, 1918 жылы, кезінде-ақ, революцияның белгілі қыйыншылықтары кезінде-ақ Троцкий, VII съезде партиядан соққы көргеніне қарамастан, біздің революция «апаты» туралы айқай салғанды. Алайда революция апат болған жоқ, ал Троцкийдің пайғамбарлығы сол күйінде мағнасыз пайғамбарлық болып қала берді.

1921 жылы, кәсіпшілер одағы туралы айтыс дәуірінде, азық-түлік салғыртын жоюға байланысты біздің алдымызда жаңа қыйыншылықтар пайда болған кезде, Троцкий партияның X съезінде тағыда бір же-

ніліске ұшырады, Троцкий революция «апаты» туралы жаңадан айқай көтерді. Саяси Бюрода, Ленин жолдастың қатысып отырған кезінде, Троцкийдің Совет өкіметі өмірінің күні мен сағатын «көкек кэзірдің өзінде-ақ көкектеді» дегені менің әлі есімде. (Күлкі.) Алайда революция апат болған жок, қыйыншылықтар жойылды, ал революция «апаты» туралы есінен адаса шулау сол күйінде шулау болуымен қала берді.

Мен көкектің ол кезде көкектегенін немесе көкектемегенін білмеймін. (Күлкі.) Егер ол көкектеген болса, онда ол қате көкектеген деп білу керек. (Қол шапалақтау, күлкі.)

1923 жылы, нэптің негізінде, өнім өткізу дағдарысы кезінде, пайда болған қыйыншылықтар дәуірінде, Троцкий революция «апаты» туралы тағыда көкектей бастады, біздің партияның XIII конференциясында өз тобының жеңілісін революция жеңілісі деп көкіді. Алайда революция бұл көкектеулердің қасынан өте шықты, ол кезде өзінің алдында кездескен қыйыншылықтарды жеңіп шықты.

1925—1926 жылдары, біздің өнеркәсібіміздің өрлеуіне байланысты жаңа қыйыншылықтар пайда болған дәуірде, Троцкий, бұл жолы енді Каменев және Зиновьевпен бірге, тағыда революция «апаты» туралы көкектей бастады, өз тобының XIV съездегі және XIV съезден кейінгі жеңілісін революция жеңілісі деп көкіді. Алайда революция апат болу туралы ойлаған да емес, жалған пайғамбарлар шетке шығарылып тасталды, ал қыйыншылықтар, әрқашандағысындай, өткен кездегісіндей, жойылды, өйткені қыйыншылықтар большевиктерге қыңқылдау және жылау үшін емес,

ал қайта оларды жою үшін кездеседі. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Қәзір, 1927 жылдың аяғында, біздің бүкіл шаруашылығымызды жаңа техника базасында қайта құру дәуірінде пайда болған жаңа қыйыншылықтарға байланысты, олар тағыда революция «апаты» туралы көкектей бастады, мұнысымен өз тобының шын апат болуын бүркегісі келді. Бірақ, жолдастар, бәріңіз де көріп отырсыздар, революция өмір сүріп, жасап келеді, ал басқа біреулер апат болып барады.

Олар осылай көкектеп, көкектеп, ақырында, көксау болғанға дейін көкектеп бітті. (К ү л к і.)

Оппозиция «платформасы» — біздің революцияны «апат» ету платформасы.

V

ЕНДІ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Біздің алауыздықтарымыздың негізгі үш мәселесі жөніндегі: жұмысшы табы мен шаруалар туралы мәселе жөніндегі, партия мен пролетариат диктатурасы туралы мәселе жөніндегі және, ақырында, біздің революцияның перспективалары туралы мәселе жөніндегі оппозицияның шын платформасы міне осындай.

Көріп отырсыздар, бұл ғажап платформа оппозицияның партиядан, жұмысшы табынан, біздің революциядан түгелдей қол үзгенін дәлелдейді. Мұның өзі ленинизм мен өмірден қол үзген интеллигенттердің платформасы болып табылады.

Осылардың барлығынан кейін партия мен жұмысшы табының ақырында келіп оппозициядан іргені аулақ салғанына таңырқауға бола қоймас.

Міне сондыктан оппозиция соңғы айтыс кезінде партияға қарсы күресінде масқара жеңіліске ұшырады.

Енді не істеу керек? — деп сұрайды бізден.

Оппозиция 31 троцкистің қолын қойып, жақында ғана бірлік туралы мәлімдеме берген едік, бірақ әлі қанағаттанарлық жауап алған жоқпыз деп шағым айтқан болады. Бірақ, шынына келгенде, 31 троцкистің екіжүзді мәлімдемесіне, оппозицияның жалған мәлімдемелері өзінің жікшілдік әрекеттерімен-ақ үсті-үстіне теріске шығарылып жатқанында, қандай жауап болушы еді. Біздің партия тарихында 31 меньшевиктің, ұмытпасам, 1907 жылы осы тәрізді мәлімдеме бергені мәлім. (Орыннан дауыс: «Дұрыс!».) Ленин ол кезде бұл мәлімдемені «31 меньшевиктің екіжүзділігі»[68] деп атады. (Күлкі.) Менің ойымша, 31 троцкистің екіжүзділігі 31 меньшевиктің екіжүзділігіне толық дәл келеді. (Орыннан дауыс: «Әбден дұрыс!».) Оппозиция партияны екі рет алдады. Кәзір ол партияны үшінші алдауға дәмеленіп отыр. Жоқ, жолдастар, бізді алдау енді жетер, ойынға салыну жетер. (Қол шапалақтау.)

Енді не істеу керек?

Енді барар жер жоқ, жолдастар, өйткені партияда болуы мүмкін нәрсенің барлық шегі өтіліп болды. Ендігі жерде екі партияда, бұрынғы, бірлігі күшті, бірыңғай партия, лениндік партияда да, жаңа, троцкистік партияда да бірдей салпақтап жүре беруге болмайды. Осы екі партияның біреуін қалап алу керек.

Не оппозицияның өзі осы екінші, троцкистік партияны жояды, өздерінің антилениндік көзқарастары-

нан бастартады, сөйтіп бүкіл партия алдында өздерінің қателерін ашық әшкерелейді;

не оппозиция мұны істемейді, — ал онда біз өзіміз троцкистік партияны дымын қалдырмай құртамыз. (Қол шапалақтау.)

Не бірі, не екіншісі.

Не оппозиционерлер бұл қажетті іске аяқ басады, не олар мұны істемейді, ал онда — олар партиядан мүлдем аласталады. (Ду ұзақ қол шапалақтау. Бүкіл зал овация жасайды. «Интернационал» айтылады.)

„Правда“, № 269,
24 ноябрь, 1927 ж.

БК(б)П XV СЪЕЗІ[69]

2 — 19 декабрь, 1927 ж.

*„Правда" №№ 279 жэне 282,
6 жэне 9 декабрь, 1927 ж.*

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ САЯСИ ЕСЕБІ

3 декабрь

I

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КАПИТАЛИЗМНІҢ ӨРШІП ОТЫРҒАН ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ССРО-НЫҢ СЫРТҚЫ ХАЛІ

Жолдастар, біздің еліміз, капиталистік қоршау жағдайында өмір сүріп, өркендеп келеді. Еліміздің сыртқы халі оның ішкі күштеріне ғана байланысты емес, сонымен бірге осы капиталистік қоршаудың қандай күйде екендігіне де, біздің елімізді қоршап отырған капиталистік елдердің халіне де, олардың күші мен әлсіздігіне де, бүкіл дүние жүзіндегі езілген таптардың күштілігі мен әлсіздігіне де, осы таптардың революцияшыл қозғалысының күштілігі мен әлсіздігіне де байланысты болып отыр. Біздің революциямыз езілген таптардың халықаралық революциялық қозғалысының бір бөлімі болып табылатындығын мен айтып та тұрғаным жоқ.

Міне сондықтан мен Орталық Комитеттің есебін біздің еліміздің халықаралық халін суреттеуден, капиталистік елдердегі халді және барлық елдердегі революциялық қозғалыстың күйін суреттеуден бастау керек деп ойлаймын.

1. Дүниежүзілік капитализмнің экономикасы және сыртқы рыноктер үшін күрестің шиеленісуі

а) Бірінші мәселе — ірі-ірі капиталистік елдердегі өндіріс пен сауданың жәйі.

Жолдастар, бұл жөндегі негізгі фактының мәнісі мынада болып отыр: бұл екі жылдың ішінде, есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде, капиталистік елдердің **өндірісі** соғысқа дейінгі нормалардан асып түсті, соғысқа дейінгі нормалардан онан әрі асып түсуде.

Бұл жөніндегі кейбір мәліметтер мынадай.

Өндірілген **шойынның** жержүзілік өнімінің индексі: 1925 жылы соғысқа дейінгімен салыстырғанда 97,6 процент болса, 1926 жылы 100,5 процент болды, 1927 жылдың толық мәліметтері жоқ, бірінші жарты жылдың мәліметтері ғана бар; бұл мәліметтер шойын өндіру ісінің онан әрі өсіп отырғандығын көрсетеді.

Өндірілген **болаттың** дүниежүзілік өнімінің индексі: соғысқа дейінгімен салыстырғанда 1925 жылы 118,5 процент, 1926 жылы 122,6 процент болып отыр.

Өндірілген **көмірдің** дүниежүзілік өнімінің индексі: 1925 жылы 97,9 процент болса, 1926 жылы біраз кеміп, 96,8 процент болды. Бұған ағылшын ереуілінің әсер еткені сөзсіз.

Мақтаны жер жүзінде тұтыну: 1925/26 жылдары соғысқа дейінгімен салыстырғанда 108,3 процент болса, 1926/27 жылдары 112,5 процент болды.

Дүние жүзінде өндірілген бес түрлі **астық**[70]: 1925 жылы соғысқа дейінгімен салыстырғанда 107,2 процент болса, 1926 жылы 110,5 процент, 1927 жылы 112,3 процент болды.

Дүниежүзілік өндіріс өнімінің жалпы индексі міне осылайша ақырындап, кішкентай адыммен ілгері басып, соғысқа дейінгі дәрежеден асып түсіп отыр.

Бірақ оның есесіне мынадай кейбір капиталистік елдер бар: бұл елдер соғысқа дейінгі дәрежеден асып

түсіп, аяңдап ілгері баспай, шапқылап ілгері басып отыр; мәселен, Солтүстік-Америка Құрама Штаттары және шінара Жапония да осылайша ілгері басып отыр. Солтүстік-Америка Құрама Штаттары туралы мәліметтер мынадай: өңдеуші өнеркәсіптің өсуі соғысқа дейінгімен салыстырғанда 1925 жылы 148 процент, 1926 жылы 152 процент болды; өндіруші өнеркәсіптің өсуі соғысқа дейінгімен салыстырғанда 1925 жылы 143 процент, 1926 жылы 154 процент болды.

Дүниежүзілік сауданың өсуі. Дүниежүзілік сауда өндіріс сықылды тез қаркынмен өркендеп отырған жоқ, әдетте ол өндірістен кейін қалып келеді, бірақ ол қалай болғанмен де соғысқа дейінгі дәрежесіне жетіп отыр. Бүкіл жер жүзіндегі және маңызды-маңызды елдердегі сыртқы товар айналымының индексі: соғысқа дейінгімен салыстырғанда 1925 жылы 98,1 процент, 1926 жылы 97,1 процент болды. Жеке елдерді алғанда: Солтүстік-Америка Құрама Штаттарында соғысқа дейінгімен салыстырғанда 1925 жылы 134,3 процент, 1926 жылы 143 процент болды; Францияда — 98,2 процент пен 99,2 процент болды; Германияда — 74,8 процент пен 73,6 процент болды; Жапонияда 176,9 процент пен 170,1 процент болды.

Бүтіндей жалпы алғанда дүниежүзілік сауда осы күннің өзінде-ақ соғысқа дейінгі нормасына жетіп отыр, ал кейбір елдерде, мәселен, Солтүстік Америка мен Жапонияда кәзірдің өзінде-ақ соғысқа дейінгі нормалардан асып түсіп отыр.

Ақыр аяғында, техникалық прогресті көрсететін, капиталистік өнеркәсіптің рационалдырылғанын көрсететін, жаңа тараулардың жасалғандығын, трестендірудің күшейгендігін, өнеркәсіпті халықаралық көлемде

картельдендіру ісінің күшейгендігін көрсететін үшінші фактыларды айта кетейік. Менінше, бұл фактылар бәрінізге мәлім. Сондықтан мен бұл жөнде көп сөйлеп жатпаймын. Тек мынаны ғана айта кетем: капитал өнімді арттыру жөнінде және сауда жөнінде ғана табыстарға жетіп қойған жоқ, сонымен бірге өндіріс техникасын жақсылау жөнінде де, техникалық прогресс жөнінде де, өндірісті рационалдандыру жөнінде де табыстарға жетіп отыр; оның бержағында мұның бәрі аса ірі-ірі трестердің онан сайын күшеюіне және қуаты мол монополистік жаңа картельдердің ұйымдастырылуына себепші болды.

Көрсетуімізге және сүйенуімізге керек болып отырған фактылар міне осындай жолдастар.

Сөйтіп, мұның бәрінен капитализмнің тұрақтауы берік, тыянақты болды деген мағна шыға ма? Әрине, ондай мағна шықпайды! XIV съезде-ақ баяндамада[71]: капитализм соғысқа дейінгі нормаға жете алады, осы соғыстан бұрынғы нормадан асып түсе алады, өзінің өндірісін рационалдандыра алады делінген еді, бірақ мұнан — капитализмнің тұрақтауы осыдан барып берік бола алады, капитализм өзіне бұрынғы, соғысқа дейінгі тыянақтылығын қайтарып алады деген мағна шықпайды — ондай мағна тіпті де шықпайды делінген еді. Қайта мұның керісінше, дүниежүзілік рынок, бұл рыноктың көлемі және жеке империалистік топтардың ықпал жүргізу салалары азды-көпті тұрақты болып қалып отырғанда тұрақтаудың өзінен, өндірістің өсіп отырғандығынан, сауданың өсіп отырғандығынан, техникалық прогресс пен өндірістік мүмкіншіліктердің артып бара жатқандығынан — нақ осылардан дүниежүзілік капитализмнің ең терең және ең асқынған

дағдарысы туады, бұл дағдарыста жаңа соғыстар қаупі және қандай да болса тұрақтауды болғызбау қаупі бар.

Шінара тұрақтаудан капитализм дағдарысының күшеюі келіп шығады, өршіп отырған дағдарыс тұрақтаудың тыйтығына жетеді — капитализм дамуының кәзіргі тарихи кезеңдегі диалектикасы осындай.

б) Дүниежүзілік капитализмнің өндірісі мен саудасының осы өсуіндегі өте-мөте айрықша факты дамудың әркелкі жүріп отырғандығы. Даму мына ретпен — капиталистік елдер бір-біріне кедергі жасамайтындай болып, бір-бірін төңкеріп тастамайтындай болып, бірінен соң бірі, бірбеткей, бір қалыпты түрде ілгері қадам басатындай болып жүріп отырған жоқ, қайта мұның керісінше, бір елдердің құлдырап, ығыстырылуы жолымен, екіншілерінің жоғарылап, көтерілуі жолымен, континенттер мен елдердің рынокте үстем болу үшін арпалысқан күрес жүргізуі арқылы жүріп отыр.

Шаруашылықтың орталығы Европадан Америкаға, Атлантика мұхыйтынан Ұлы мұхыйтқа ауысуда. Осының арқасында Америка мен Азияның дүниежүзілік товар айналымындағы үлес салмағы Европаның есебінен артуда.

Кейбір цифрларды келтірейік: егер дүниежүзілік сырткы саудадағы Европаның үлесі 1913 жылы 58,5 процент, Американың үлесі 21,2 процент, ал Азияның үлесі 12,3 процент болған болса, 1925 жылы Европаның үлесі 50 процентке түсіп кеміп отыр, Американың үлесі өсе келе 26,6 процентке жетіп отыр, ал Азияның үлесі 16 процентке жетіп отыр. Капитализмі ілгері қарай өрлеп отырған елдермен қатар (САҚШ, шінара Жапония) шаруашылығы құлдырап отырған

елдер де бар (Англия). Өсіп келе жатқан капиталистік Германиямен қатар және соңғы жылдарда қатарға қосылып көтеріліп келе жатқан елдермен қатар (Канада, Австралия, Аргентина, Қытай, Индия) біз капитализмі тұрақталып келе жатқан елдер де бар (Франция, Италия) екенін көреміз. Өнім өткізетін рыноктерге таласушылардың саны артуда, өндірістік мүмкіншіліктер артуда, товар ұсыну артуда, ал рыноктердің көлемі мен ықпал жүргізу салаларының шегі азды-көпті тұрақты қалыпта қалып отыр.

Осы замандағы капитализмнің өсіп отырған бітіспес қайшылықтарының негізі міне осындай.

в) Өндірістік мүмкіншіліктердің өсуі мен рыноктердің біршама тұрақты қалыпта болушылығының арасындағы осы қайшылық — рыноктер мәселесінің кәзірде капитализмнің негізгі мәселесі болып отырғандығына негіз болды. Жалпы алғанда товар өткізетін рынок мәселесінің шиеленісуі, әсіресе сыртқы рынок мәселесінің шиеленісуі, атап айтқанда капитал шығаруға керекті рынок мәселесінің шиеленісуі — капитализмнің сыртқы күйі міне осындай.

Фабрикалар мен заводтар қуатының толық пайдаланылмай отырғандығының дағдылы нәрсеге айналып бара жатқандығы міне дәл осыдан. Таможня кедергілерін күшейтушілік тек отқа май құйғандық болып табылады. Кәзіргі рыноктер мен ықпал жүргізу салаларының шеңбері капитализм үшін тар болып барады. Рыноктер мәселесін бейбітшілік жолмен шешуге талпынудан ешқандай нәтиже шықпады, шыға да алмайды. Банкирлердің сауда еркіншілігі жөніндегі 1926 жылғы белгілі декларациясынан ешнәрсе шықпағандығы жұртқа мәлім[72]. Капиталистік елдердің «эконо-

микалық мүдделерін біріктіруді» мақсат еткен Ұлттар лигасының 1927 жылғы экономикалық конференциясынан да түк шықпады. Рыноктер мәселесін бейбітшілікпен шешу жолы капитализм үшін жабық болып отыр. Капитализм үшін «құтылудың» **бір-ақ** жолы бар, ол жол: отарлар мен ықпал жүргізу салаларын күш арқылы, соғыс қақтығыстары арқылы, жаңа империалистік соғыстар арқылы **жаңадан** қайта бөлісу жолы.

Тұрақтаудан капитализм дағдарысының ұлғаюы келіп туады.

2. Капитализмнің халықаралық саясаты және жаңа империалистік соғыстардың дайындалуы

а) Осыған байланысты сыртқы рыноктердің негізі болып табылатын дүние жүзін және ықпал жүргізу салаларын қайта бөлісу туралы мәселе кәзір дүниежүзілік капитализмнің саясатында негізгі мәселе болып табылады. Отарлар мен ықпал жүргізу салаларының соңғы империалистік соғыстың нәтижесінде орнаған осы күнгі бөліну тәртібі ескіріп үлгірді деп мен жоғарыда айтып өттім. Ол бөліну Оңтүстік Американы қанағаттанбай, Азияға (ең алдымен Қытайға) енуге тырысып отырған Солтүстік Американы да кәзіргі кезде қанағаттандырмай отыр, доминиондар мен Шығыстағы бірсыпыра аса маңызды рыноктерден айрылайын деп отырған Англияны да, Қытайда Англия мен Американың «кедергілеріне» үнемі кездесіп отырған Жапонияны да, Дунай бойындағы елдерде болсын, Орта теңізде болсын сансыз көп «талас мәселелері» бар Италия мен Францияны да қанағаттандырмай отыр, әсіресе әлі де болса отарсыз қалып келе жатқан Германияны қанағаттандырмай отыр.

Осыдан келіп рыноктер мен шикізат көздерін жаңадан қайта бөлісуге «жаппай» талпынушылық туып отыр. Азиялық рыноктер мен оларға апаратын жолдар күрестің басты майданы болып табылады дегенді дәлелдеп жатудың керегі де жоқ. Осыдан келіп жаңа қақтығыстардың толып жатқан тыянағы болып табылатын бірсыпыра түйінді мәселелер туып отыр. Осыдан келіп Азияда және оған апаратын жолдарда үстемдік жүргізу жолындағы күрестің бұлағы болған Тынық мұхийт мәселесі (Америка — Жапония — Англия антагонизмі) туып отыр. Осыдан келіп Орта теңіз жағалауында үстем болу жолындағы күрестің, Шығысқа апаратын ең қысқа жолдарға ие болу жолындағы күрестің бұлағы болған Орта теңіз мәселесі (Англия — Франция — Италия антагонизмі) туып отыр. Осыдан келіп мұнай мәселесінің шиеленісуі (Англия — Америка антагонизмі) туып отыр, өйткені мұнайсыз соғысуға болмайды, ал мұнай артықшылығы бар елдердің болашақтағы соғыста жеңуге сенімі де бар.

Осы жуырда ағылшын баспасөзінде Чемберленнің Орта теңіз мәселесін «жөнге салу» жөніндегі «соңғы» жоспары жарияланды. Бұл жоспардың ақыйқаттығына мен кепілдік бере алмаймын. Бірақ Чемберлен жоспарының баспасөзде шығуы бір белгі болып табылатындығында ешбір күмән болмасқа тиіс. Бұл жоспардың мәнісі сол — бұл жоспар Сирияны иемдену «мандатын» Францияның қолынан Италияның қолына береді, Испанияның пайдасына финансылық компенсация берілгендігі үшін Танжер Францияға беріледі, Германияға Камерун қайтарылып беріледі, Италия Балқандарда «дау шығармауға» міндетті болады, т. т.

Мұның барлығы да Советтерге қарсы күресу ұранымен жүргізіліп отырған нәрсе. Жұртқа мәлім, қазіргі кезде Советтерге жаман іске қатыстың деп жала жаппайынша жалпы айтқанда бірден-бір арамдықтар істелмей жүр.

Алайда, бұл жоспардың шын мағнасы қандай? Бұл жоспардың мағнасы — француз буржуазиясын Сириядан ығыстырып шығару. Сирия ежелден бері Шығысқа, Месопотамияға, Египетке, т. б. апаратын жолдардың қақпасы болып келеді. Сириядан Англияға Суэц каналының ауданында да, Месопотамияның ауданында да зиянкестік істеуге болады. Сөйтіп, сірә, Чемберленнің осы қолайсыз нәрсені құртқысы келетін болар. Бұл жоспардың баспасөзде шығу фактысының кездейсоқ нәрсе емес екендігін сөз етпесе де болады. Бұл фактының құнды жері мынада болып отыр: ол «ұлы державалар» деп аталатын елдердің арасындағы қатнастарында болуы мүмкін егестерді, дау-жанжалдар мен соғыс қақтығыстарын айқын сыйпаттап көрсетеді.

Мұнай мәселесінің және оның айналасында жүргізіліп жатқан күрестің қазіргі жайына келетін болсақ, бұл жөнде Американың «Уорлд'с Уорк»[73] дейтін белгілі журналы өзінің октябрьдегі номерінде жетерліктей айқын түрде айтып отыр:

«Бейбітшілікке және ағылшын-саксон халықтарының өзара түсінісуіне нұқсан келтіретін нағыз шын қауіп бар... Американың іскер адамдарын министерліктің қолдауы керегіне қарай сөзсіз күшейе бермек. Егер Британия үкіметі өзін Британияның мұнай өнеркәсібімен бірдей деп есептейтін болса, онда ерте болсын, кеш болсын Америка үкіметі де өзін Американың мұнай өнеркәсібімен бірдей деп есептейтін болады. Соғыс қаупі мейлінше үлкеймейінше, күрес үкіметтер жағына ауыса алмайды».

Күмән болуы мүмкін емес: істің беті сыртқы рыноктер үшін, шикізат көздері үшін, бұларға апаратын жолдар үшін жүргізілетін жаңа соғыстарды дайындау жөнінде державалар жаңа коалиция ұйымдастырғалы отырғанын көрсетеді.

б) Есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде туып келе жатқан соғыс жанжалдарын «бейбітшілік жолмен жөнге салуға» әрекет істелді ме? Я, істелді. Мұндай әрекеттер күткенімізден де көп болды. Бірақ бұл әрекеттер ешбір, тіпті ешбір нәтиже бере алмады. Ол ол ма, бұл әрекеттер «державалардың» жаңа соғыстарға дайындалуын бүркеу, халықты алдау, «жұртшылық пікірін» алдау мақсатын көздеген бүркеу ғана болып шықты.

Буржуазияның өтірікші баспасөзінің пікірінше және өтірікшілігі онан кем емес социал-демократиялық баспасөздің пікірінше бейбітшіліктің құралы болып табылатын Ұлттар лигасын алайық. Ұлттар лигасының бейбітшілік туралы, қару тастау туралы, қарулануды азайту туралы мәселе жөніндегі былшылынан қандай нәтиже шықты? Ешқандай жақсы нәтиже шыққан жоқ, тек бұқараны алдауға, қарулануды жаңадан күшейтуге, толғағы жетіп келе жатқан дау-жанжалдарды жаңадан шиеленістіруге ғана соқтырды. Ұлттар лигасы бейбітшілік туралы, қару тастау туралы үш жылдан бері былшылдап жүр, II Интернационал дейтін бұл өтірік былшылды үш жыл бойына қолдап жүр, ал «ұлттардың» бәрі үсті-үстіне қарулануда, «державалар» арасындағы ескі дау-жанжалдарды ұлғайтуда, жаңа дау-жанжалдарды үдетіп туғызуда, сөйтіп бейбітшілік ісін бұзуда — міне осы фактыны кездейсоқ нәрсе деп санауға бола ма?

Теңіз қаруларын азайту жөніндегі үш мемлекет

(Англия, Америка, Жапония) конференциясының[74] жолы болмауы Тынық мухыйт мәселесі жаңа империалистік соғыстардың көзі болып табылатынын, «державалардың» қару тастағысы да, қарулануды азайтқысы да келмейтінін көрсетпегенде нені көрсетеді? Бұл қауіпті болдырмас үшін Ұлттар лигасы не істеді?

Немесе, мәселен, совет делегациясының шын мәнісінде (сөз жүзінде емес) қару тастау мәселесі жөнінде жуырда ғана Женевада білдірген пікірін алып қарайық[75]. Литвинов жолдастың қаруды толық тастау туралы ашық және адал айтылған декларациясы Ұлттар лигасын жансыздандырып, оның үшін «мүлдем күтілмеген нәрсе» болып шыққандығын, осы фактыны қалай түсіндіруге болады? Бұл факты — Ұлттар лигасы бейбітшілік пен қару тастаудың құралы емес, жаңадан қарулану мен жаңа соғыстарды дайындауды бүркеудің құралы болып табылатындығын көрсетпей ме екен?

Жапониядан бастап Англияға дейін, Франциядан бастап Америкаға дейін, барлық елдердің буржуазиялық сатылғыш баспасөзі қару тастау жөніндегі совет ұсыныстары «шын емес» деп есінен танғанша айқайлап жүр. Ал олай болғанда, совет ұсыныстарының шын екендігін неге тексеруге болмайды, қару тастау ісіне немесе, ең болмағанда, қарулануды шындап азайтуға кәзірден-ақ практика жүзінде неге кірісуге болмайды? Істің түйіні неге тіреліп тұр?

Немесе, мәселен, капиталистік мемлекеттердің «достасу шарттарының» кәзіргі системасын алайық, Францияның Югославиямен жасасқан шартын, Италияның

Албаниямен жасасқан шартын, Польша мен Литваның арасындағы Пилсудский дайындап жатқан «достасу шартын», «Локарно системасын»[76], «Локарно рухын», т. б. алып қарайық — мұның өзі жаңа соғыстарды дайындаудың және болашақтағы соғыс шайқасулары үшін күштерді орналастырудың системасы емей немене?

Немесе, мәселен, мына фактыларды алып қарайық: Франция, Англия, Италия, Солтүстік-Америка Құрама Штаттары, Жапония армияларының саны 1913 жылдан 1927 жылға дейін 1 888 мыңнан 2 262 мың болып өсіп отыр; дәл сол дәуірдің ішінде әлгі елдердің соғыс бюджеттері алтын ақша есебінен 2 345 миллион сомнан 3 948 миллион сом болып өсіп отыр; бұл бес елдің ұшатын самолёттерінің саны 1923 жылы 2 655 болса, 1927 жылы 4 340 болып отыр; бұл бес елдің крейсерлерінің тоннажы 1922 жылы 724 мың тонна болса, 1926 жылы 864 мың тоннаға жетіп отыр; соғыстық химия ісіндегі жәй Солтүстік-Америка Құрама Штаттарының соғыстық-химия қызметінің бастығы генерал Фрейстің әйгілі мәлімдемесінде міне былайша көрсетілген: «Люизитпен дайындалған салмағы 450 килограмм аэро-химиялық бір бомбаның өзі Нью-Йорктың он кварталын жан тұра алмайтын ете алады, ал 50 самолёттен тасталған 100 тонна люизит бүкіл Нью-Йоркты, ең кемінде, бір апта бойына жан тұра алмайтын ете алады».

Бұл фактылар жаңа соғысқа дайындықтың әбден қызу жүргізіліп жатқандығын көрсетпей нені көрсетеді?

Жалпы алғанда буржуазиялық мемлекеттердің, әсіресе Ұлттар лигасының «бейбітшілік саясаты» мен «қару тастау» саясатының, атап айтқанда социал-демократияның капиталға құлшылық етуінің нәтижелері міне осындай.

Бұрын Германия тұлабойына қару асынғандықтан қаруланушылықтың өсуіне «дәлел» бар еді. Енді Германияға қару тастатқызғандықтан бұл «дәлел» жоғалып отыр.

Қаруланушылықтың өсуіне «державалар» арасында жаңа империалистік соғыстардың болмай қоймайтындығы, «соғыс рухы» «Локарно рухының» негізгі мазмұны болып табылатындығы себепші болып отыр, бұл айдан ашық нәрсе.

Меніңше, қазіргі «бейбітшілік қатнастарды» жіңішке жіппен жамалған, тозығы жеткен ескі көйлекпен салыстыруға болады. Бұл жіпті біраз қаттырақ тартып қалсаң, оны әйтеуір бір жерінен үзсең болғаны, бүкіл көйлектің быт-шыты шығады, оның жамаудан басқа ешнәрсесі қалмайды. Осы күнгі «бейбітшілік қатнастарды» әйтеуір бір жерде, Албанияда немесе Литвада болсын, Қытайда немесе Солтүстік Африкада болсын сілкіп қалсаң болғаны, «бейбітшілік қатнастардың» бүкіл осы «ордасы» күйрейді.

Соңғы империалистік соғыстың қарсаңында істің жайы осылай болған еді, ол кезде Сараеводағы өлтірушілік[77] соғысқа әкеліп соқтырған еді.

Істің жайы осы кезде де осындай болып отыр.

Тұрақтаудан жаңа империалистік соғыстардың сөзсіз болуы келіп шығады.

3. Дүниежүзілік революциялық қозғалыстың күйі және жаңа революциялық өрлеудің жаршылары

а) Соғысты жүргізу үшін каруланудын өсуі жеткіліксіз, жаңа коалицияларды ұйымдастыру жеткіліксіз болады. Мұның үшін әлі капитализм елдерінде тылды да нығайту керек. Өзінің тылын алдын-ала нығайтып алмай тұрып, «өзінің» жұмысшыларын ауыздықтап алмай тұрып, «өзінің» отарларын ауыздықтап алмай тұрып, капиталистік елдердің бірде-бірі күрделі соғыс жүргізе алмайды. Буржуазиялық үкіметтері саясатының бірте-бірте фашистендірілуі осыдан келіп шығады.

Қазіргі кезде Францияда оншыл одақтың үстем болып отырғандығын, Англияда — Хикс — Детердинг — Уркварттың одағы үстем болып отырғандығын, Германияда буржуазиялық одақтың үстем болып отырғандығын, Жапонияда әскери партияның үстем болып отырғандығын, Италия мен Польшада фашистік үкіметтердің үстем болып отырғандығын — міне осы фактыны кездейсоқ нәрсе деп атауға болмайды.

Жұмысшы табын қыспаққа алу, Англиядағы кәсіпшілер одағы туралы заң[78], Франциядағы «ұлтты каруландыру» туралы заң[79], бірсыпыра елдерде 8 сағаттық жұмыс күнін жою, барлық жерде де буржуазияның пролетариатқа шабуыл жасауы осыдан туып отыр.

Отарлар мен тәуелді елдерге мықтап қысым жасаушылық, бұл елдерде империалистік әскерлер құрамының күшейтілуі осыдан туып отыр; империалистік әскерлердің саны миллионға жетеді; оның бержағында бұл әскерлердің ішінен 700 мың солдаттан астамы

Британияның «ықпал жүргізетін салалары» мен «иеліктерінде» орналасқан.

б) Фашистенген үкіметтердің осы айуандық қысымы отарлардағы езілген халықтар мен метрополиялардағы жұмысшы табының бұған жауап ретінде қозғалысқа шығуына себепші болмай қоймағандығын ұғыну қиын емес. Қытайда, Индонезияда, Индияда, тағы басқа елдерде революциялық қозғалыстың ұлғайғандығы сияқты фактылар дүниежүзілік империализмнің тағдырлары үшін шешуші маңыз алмай қоймайды.

Өздеріңіз ойлап қараңызшы. **Бүкіл жер шарындағы** 1905 миллион халықтың 1134 миллионы отарлар мен жартылай отарларда тұрады, 143 миллионы ССРО-да тұрады, 264 миллионы аралық елдерде тұрады, тек 363 миллионы ғана отарлар мен жартылай отарларды езіп отырған ірі империалистік елдерде тұрады.

Отар елдер мен тәуелді елдердің революциялық оянуы дүниежүзілік империализмнің жойылуын хабарлайтындығы айқын нәрсе. Қытай революциясының әзірге империализмді турадан-тура жеңуге жеткізбегендігінің, бұл фактының революцияның болашағы жағынан алып қарағанда шешуші маңызы болуы мүмкін емес. Халықтың ұлы революциялары жалпы алғанда өздерінің қимылының алғашқы кезеңінде ақырына дейін ешқашан да жеңе алмайды. Ол революциялар тасу және қайту ретімен өсіп, нығаяды. Барлық жерде де осылай болған, соның ішінде Россияда да осылай болған. Қытайда да осылай болмақ.

Қытай революциясының ең маңызды нәтижесі мына фактыда болды: Қытай революциясы жүз миллион-

даған қаналушылар мен езілгендерді мәңгі ұйқыдан оятып, қозғалыс жолына түсірді, генералдар тобының контрреволюцияшылдығын бастан-аяқ әшкереледі, контрреволюцияның гоминданшыл малайларының бет пердесін жұлды, халық бұқаралары арасында коммунист партиясының ықпалын нығайтты, қозғалысты тұтас алғанда жоғары сатыға көтерді, сөйтіп Индияның, Индонезияның, тағы да сол сияқты елдердің езілуші таптарының миллиондаған адамдары арасында жаңа үміт сезімін оятты. Қытай жұмысшылары мен шаруаларының революциялық жаңа өрлеуге қарай қадам басып отырғандығына тек соқыр адамдар мен қоянжүрек қорқақ адамдар ғана шүбәлана алады.

Европа жұмысшы табының революциялық қозғалысына келетін болсақ, мұнда да, бұл жөнде де, жұмысшы бұқарасының солшылданып, революцияшыл жолға түсіп отырғандығының айқын белгілерін көреміз. Мына фактылар: Англиядағы жалпы ереуіл мен көмір кәсібіндегі ереуіл, Венада жұмысшылардың революциялық қимыл көрсетуі, Сакко мен Ванцеттаның өлтірілуіне байланысты Франция мен Германияда болған революциялық демонстрациялар, Германия мен Польша компартияларының сайлау кезіндегі табыстары, Англиядағы жұмысшы қозғалысының көрер көзге жіктелуі, осының арқасында жұмысшылардың солға қарай, ал көсемдердің оңға қарай, нағыз социал-империализм жағына қарай бет бұрғандығы, II Интернационалдың азғындап, турадан-тура империалистік Ұлттар лигасының қолжаулығына айналғандығы, жұмысшы табының қалың бұқарасы арасында социал-демократиялық партиялардың беделінің кемуі, барлық жерлерде, барлық елдердің пролетар-

ларының арасында Коминтерн мен оның секцияларының ықпалы мен беделінің мейлінше артып отырғандығы, бүкіл дүние жүзіндегі езілген таптардың арасында ССРО беделінің артуы, «ССРО достарының конгресі»[80], т. с., — міне бұл фактылардың барлығы да Европаның революциялық жаңа өрлеу дәуіріне еніп отырғандығын айдан анық көрсетеді.

Егер Сакко мен Ванцеттаның өлтірілгендігі сияқты факты жұмысшы табының демонстрация жасауына себепші болған болса, онда мұның өзі жұмысшы табының ішінде революциялық қайрат-жігердің тасығандығын сөзсіз көрсетеді; бұл қайрат-жігер сыртқа теуіп шығып, капиталистік режимді бассалу үшін сылтау, кейде тіпті болмашы ғана сылтау іздеп отыр, келешекте де іздемек.

Біз отарларда болсын, метрополияларда болсын жаңа революциялық өрлеу басталатын қарсаңда өмір сүріп отырмыз.

Тұрақтаудан жаңа революциялық өрлеу шығады.

4. Капиталистік дүние мен ССРО

а) Сонымен, біз дүниежүзілік капитализмнің аса терең дағдарысы мен өсіп келе жатқан тұрақсыздығының барлық белгілерін көріп отырмыз.

Егер соғыстан кейінгі, 1920 — 1921 жылдардағы, экономикалық **уақытша** дағдарысты, капиталистік елдердің өз ішінде тәртіпсіздік туғызған, ал елден сырт-қары жерде ел арасындағы байланыстарды үзген дағдарысты, жойылды, осының нәтижесінде шінара тұрақтау дәуірі орнады деп есептеуге болатын болса, онда капитализмнің **жалпы** және **негізгі** дағдарысы,

Октябрь революциясының жеңгендігі нәтижесінде және ССРО-ның дүниежүзілік капиталистік системадан бөлінгендігі нәтижесінде белгіленген дағдарысы, жойылмақ түгіл, қайта онан сайын тереңдеп, дүниежүзілік капитализмнің өмір сүру негіздерінің өзін шайқалтып отыр.

Тұрақтау осы жалпы және негізгі дағдарыстың ұлғаюына кедергі жасамағаны былай тұрсын, қайта оның мұнан былай да ұлғая беруіне тірек, негіз жасап берді. Рынок үшін ұлғайып отырған күрес, дүние жүзі мен ықпал жүргізу салаларын қайта бөлісудің қажет болғандығы, буржуазиялық пацифизм мен Ұлттар лигасының мерт болуы, жаңа соғыстар болатындықтан жаңа коалицияларды құру және күштерді орналастыру жөнінде жанталасып жұмыс жүргізу, қаруланушылықтың адам айтқысыз өсуі, жұмысшы табы мен отар елдерге айуандықпен қысым жасау, отарлар мен Европада революциялық қозғалыстың өсуі, Коминтерн беделінің бүкіл дүние жүзінде өсуі, ақырында, Совет Одағының күш-қуатының нығайып, оның Европа жұмысшылары мен отарлардағы еңбекшілер бұқарасының арасындағы беделінің күшеюі, — мұның барлығы да дүниежүзілік капитализмнің нағыз негізін шайқалтпай қоймайтын фактылар.

Капитализмнің тұрақтауы күннен-күнге шіріп, баянсыз болып барады.

Егер мұнан екі жыл бұрын Европада революция толқындарының қайтуы туралы айтуға болған болса және мұны айту керек болған болса, енді **Европа жаңа революциялық өрлеу дәуіріне ашықтан-ашық еніп отыр** деп айтуға біздің барлық дәлелдеріміз бар. Мен отар елдер мен тәуелді елдерді сөз де етіп отырғаным

жоқ, бұл елдерде империалистердің күйі күннен-күнге жаманға айналып барады.

б) ССРО-ны өз қолына түсіру жөніндегі, оның капитализмге қайта айналуы жөніндегі, оның Европа жұмысшылары мен отарлардағы еңбекшілер бұқарасының арасындағы беделінің кемуі жөніндегі капиталистердің үміттерінен дәнеңе шықпай қалды. ССРО нақ социализмді орнатып жатқан ел ретінде өсіп, өркендеп келеді. Бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшылар мен шаруалардың арасында оның беделі артып, нығайып келеді. ССРО-ның социализмді орнатып жатқан ел ретінде өмір сүруінің өзі дүниежүзілік империализмді ірітетін және Европада болсын, отарларда болсын оның баяндылығын әлсірететін ең ұлы факторларының бірі болып табылады. ССРО турадан-тура Европа жұмысшы табы мен отарлардағы езілген халықтардың туына айналып келеді.

Сондықтан келешектегі империалистік соғыстарға жол тазартып алу үшін, «өз» жұмысшы табын мықтап қыспаққа алу үшін және капиталистік тылды нығайту мақсатымен «өз» отарларын ауыздықтау үшін, — буржуазиялық шонжарлардың пікірі бойынша, ең алдымен ССРО-ны, революцияның ордасы мен ұясы болып отырған, оның үстіне капиталистік елдердің товар өткізуіне ең үлкен рынок болып табылатын ССРО-ны ауыздықтау керек. Империалистер арасында интервенттік тенденциялардың жандануы, ССРО-ны шеттетіп дара қалдыру саясаты, ССРО-ны қоршап алу саясаты, ССРО-мен соғысу үшін жағдай дайындау саясаты осыдан келіп шығады.

Империалистер лагерінде интервенттік тенденциялардың күшеюі мен соғыс қаупі (ССРО жөнінде)

кәзіргі халдың негізгі факторларының бірі болып табылады.

Капитализмнің ұлғайып келе жатқан дағдарысы жағдайында өте-мөте кауіпке ұшыраған және көбірек зыян тарткан жақ — ағылшын буржуазиясы болып отыр. Интервенттік тенденцияларды күшейту ісінде бастаушы болып отырған да осы ағылшын буржуазиясы. Совет жұмысшыларының ағылшын көмір қазушыларына берген жәрдемі және ССРО жұмысшы табының Қытайдағы революцияшыл қозғалыска тілектестік білдіруі отка май тамызбай коймағаны анық нәрсе. Осы жағдайлардың бәрі Англияның ССРО-мен қатнасты үзісуіне және өзге бірсыпыра мемлекеттермен екі арадағы қатнастардың нашарлануына себепші болды.

в) Капиталистік дүние мен ССРО арасындағы катнастарда екі тенденцияның күресі, соғыс агрессиясының тенденциясы мен (ең алдымен Англия) бейбітшілік катнастарды жүргізе беру тенденциясының (бірсыпыра өзге капиалистік елдер) арасындағы күрес соның үшін кәзіргі кездегі біздің сырткы қатнастарымыздың системасында негізгі факты болып табылады.

Есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде бейбітшілік қатнастар тенденциясын көрсететін фактылар мынадай: бір-бірімізге шабуыл жасамау жөнінде Түркиямен жасалған договор; Германиямен жасалған гарантиялық договор; Грециямен жасалған таможня келісімі; кредит жөнінде Германиямен жасалған келісім; Ауғаныстанмен жасалған гарантиялық договор; Литвамен жасалған гарантиялық договор; Латвиямен жасалға гарантиялык договорға кол қойылуы; Түркиямен жасалған сауда договоры; Швейцариямен арада-

ғы жанжалды ретке салу; бейтараптық сақтау туралы Персиямен жасалған договор; Жапониямен арадағы қатнастарымыздың жақсартылуы; Америкамен, Италиямен экономикалық байланыстарымыздың өсуі.

Есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде соғыс агрессиясының тенденциясын көрсететін фактылар: ереуіл жасап жатқан көмір қазушыларға ақша жәрдемі берілгендігі жөнінде ағылшын нотасы; Пекинде, Тяньцзинде және Шанхайда Совет елінің дипломатия өкілдеріне шабуыл жасалуы; Аркосқа жасалған шабуыл; Англияның ССРО-мен қатнасын үзісуі; Войковтың өлтірілуі; ағылшындарға жалданған сұрқыялардың ССРО-да террор жасауы; Раковскийді қайта шақыртып алу мәселесі жөнінде Франциямен қатнасымыздың шиеленісуі.

Егер бұдан екі жыл бұрын ССРО мен капиталистік елдер арасындағы азын-аулақ тепе-теңдік дәуірі мен «тату тұрушылық» дәуірі туралы айтуға болған болса және соны айту керек болған болса, енді **«тату тұрушылық» дәуірінің заманы өтіп бара жатыр,** ол өзінің орнын империалистердің шабуыл жасау дәуіріне және ССРО-ға қарсы интервенция дайындау дәуіріне беріп отыр деуге барлық дәлеліміз бар.

Рас, ССРО-ға қарсы біріккен майдан құру жөнінде Англияның істеген әрекеттерінің әзірінше сәті түспей қалып отыр. Бұл сәтсіздіктің себептері: империалистер лагеріндегі мүдделердің қайшылығы, кейбір елдердің ССРО-мен экономикалық байланыс жасауға мүдделі болуы, ССРО-ның бейбітшілік саясаты, Европа жұмысшы табының қарсылығы, ССРО-мен соғыс бола қалған күнде империалистердің өз елдерінде революция туып кете ме деп қорқуы. Бірақ мұнан

әлі Англия ССРО-ға қарсы біріккен майдан ұйымдастыру жөніндегі жұмысын тастайды, ол мұндай майданды ұйымдастыра алмайды деген мағна шықпайды. Англияның уақытша сәтсіздікке ұшырап отырғандығына қарамастан, соғыс қаупі күшінде қалып отыр.

Бұдан — империалистер лагеріндегі қайшылықтарды ескеру міндеті, капиталистерге «төлем беру» арқылы соғысты болғызбай кідірте тұру, сөйтіп бейбітшілік қатнастарды сақтап қалуға барлық шараларды қолдану міндеті келіп шығады.

Біз Лениннің мына сөздерін ұмыта алмаймыз: біздің құрылыс ісіміздегі өте көп нәрселер капиталистік дүниемен болатын соғысты болғызбай кідірте тұруымызға байланысты болады, бұл соғыс болмай қоймайды, бірақ оның басталатын мезгілін не Европада пролетариат революциясы пісіп жеткенше, не отар елдердегі революциялар әбден пісіп жеткенше, немесе, ақырында, отарларды бөлісу үшін капиталистер өзара соғысқанша кідірте тұруға болады.

Сондықтан капиталистік елдермен бейбітшілік қатнастарын сақтау біздің үшін міндетті борыш болып табылады.

Капиталистік елдермен біздің қатнас жасауымыздың негізі бір-біріне қарама-қарсы екі системаның қатар өмір сүруіне көнгендігіміз болып табылады. Мұны практика әбден ақтады. Бұл жөнде кейде кедергі болатын нәрсе — қарыздар мен кредиттер туралы мәселе. Біздің бұл жөндегі саясатымыз айдан ашық. Ол: «өзің берсең мен де беремін» деген формулаға сүйенеді. Біздің өнеркәсібімізді құралдандыруға қарыз береді екенсің — онда соғысқа дейінгі қарыздардың белгілі үлесін аласың, бұған біз кредитке қосыл-

ған қосымша процент деп қараймыз. Бермейді екенсің — өзің де алмайсың. Өнеркәсіп кредиттерін алу жөнінде біздің бірсыпыра табыстарымыз бар екендігін фактылар көрсетіп отыр. Мен бұл жерде Германияны ғана емес, онымен бірге Америка мен Англияны да сөз етіп отырмын. Мұның кілті неде? Мұның кілті — біздің еліміз жабдықтар алу жөнінде орасан үлкен рынок болып табылады, ал капиталистік елдер нақ осындай өнімдерді өткізуге ділгер болып отыр.

5. Қортындылар

Мұны қорыта келгенде біз мынаны көреміз:

Біріншіден, капиталистік қоршаудың өз ішінде қайшылықтар ұлғайып отыр; капитализм үшін дүние жүзін соғыс арқылы қайта бөлісу қажет болып отыр; басы Англия болып, капиталистік дүниенің бір бөлегінің интервенттік тенденциялары болып отыр; ССРО-мен шаруашылық байланысын түзеуді дұрыс көретін капиталистік дүниенің өзге бөлімінің ССРО-мен соғысу ісіне қатысқысы келмей отыр; осы екі тенденцияның арасында күрес бар екені көрініп отыр және бейбітшілікті сақтау үшін ССРО-ның осы қайшылықтарды ескеруге мүмкіншілігі бар екендігі көрініп отыр.

Екіншіден, біз мынаны көреміз: тұрақтау тозғындап бара жатыр; отарлық-революциялық қозғалыс өсіп бара жатыр; Европада жаңа революциялық өрлеудің белгілері біліну отыр; Коминтерн мен оның секцияларының беделі бүкіл дүние жүзінде өсіп отыр;

Европа жұмысшы табының ССРО-ға тілектестігі көрер көзге өсіп отыр; ССРО-ның күш-қуаты артып келеді және біздің еліміздің жұмысшы табының беделі бүкіл дүние жүзіндегі езілген таптардың арасында артып отыр.

Партияның мұнан туатын міндеттері:

1) Халықаралық революциялық қозғалыс жөнінде:

а) бүкіл дүние жүзінде коммунистік партиялардың өркендеуі үшін күресу;

б) капитал шабуылына қарсы революцияшыл кәсіпшілер одағын және жұмысшылардың біріккен майданын нығайту үшін күресу;

в) ССРО жұмысшы табы мен капиталистік елдердің жұмысшы табының арасындағы достықты нығайту үшін күресу;

г) ССРО жұмысшы табы мен отар елдердегі, тәуелді елдердегі азаттық қозғалысының арасындағы байланысын күшейту үшін күресу;

2) ССРО-ның сыртқы саясаты жөнінде:

а) жаңа империалистік соғыстардың дайындалуына қарсы күресу;

б) Англияның интервенттік тенденцияларына қарсы күресу және ССРО-ның қорғаныс күшін нығайту;

в) бейбітшілік саясатын жүргізу және капиталистік елдермен бейбітшілік қатнастарды сақтау;

г) сыртқы сауда монополиясын нығайту негізінде сыртқы дүниемен екі арадағы товар айналымын кеңейту;

д) үстемдік құрушы империалистік державалардан езгі көріп, қаналып отырған «әлсіз», «толық праволы емес» деп аталатын мемлекеттермен жақындасу.

II

СОЦИАЛИСТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ТАБЫСТАРЫ ЖӘНЕ ССРО-НЫҢ ІШКІ ХАЛІ

Жолдастар, біздің еліміздің ішкі халіне, біздің социалистік құрылысымыздың табыстарына, пролетариат диктатурасының тағдыры туралы, оны өркендету, нығайту туралы мәселеге көшуге рұхсат етіңіздер.

Партиямыздың XIV съезі Орталық Комитетке біздің халық шаруашылығымызды өркендету ісін мына негізгі міндеттерге сәйкестіріп жүргізуді тапсырған еді:

біріншіден, біздің саясатымыз тұтасынан алғанда бүкіл халық шаруашылық өндірісінің қарыштап өсуіне дем беруі керек болды;

екіншіден, партияның саясаты индустрияны өркендету қарқынын тездетуге және бүкіл халық шаруашылығында индустрияның жетекшілік роль алуын қамтамасыз етуге дем беруі тиіс болды;

үшіншіден, халық шаруашылығы өркендеуінің барысында халық шаруашылығының социалистік секторының салмағы, шаруашылықтың социалистік формаларының салмағы жекеше товарлық және капиталистік сектордың есесіне барған сайын артып отыруы қамтамасыз етілуге тиіс;

төртіншіден, біздің бүкіл шаруашылығымыздың дамуы, индустрияның жаңа тарауларын ұйымдастыру ісі, шикізат жөніндегі белгілі салаларды өркендету, т. б.,— мынадай жолмен жүргізілуі тиіс: жалпы даму біздің еліміздің экономика жағынан тәуелді болмауын қамтамасыз ететін болсын, біздің еліміз дүниежүзілік шаруашылықтың капиталистік системасының шылауына айналмайтын болсын;

бесіншіден, пролетариат диктатурасы, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы, жұмысшы табының бұл одақтағы басшылығы нығайтылып отырылуға тиіс және,

алтыншыдан, жұмысшы табы мен деревня кедейлерінің тұрмыс-күйі мен мәдени дәрежесі үнемі артып отыруы тиіс.

Есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде бұл міндеттерді орындау жөнінде біздің партиямыз, Орталық Комитет не істеді?

1. Жалпы халық шаруашылығы

Бірінші мәселе — жалпы халық шаруашылығының өркендеуі. Мен бұл жерде есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде жалпы халық шаруашылығының өсуі туралы, соның ішінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өсуі туралы мәселе жөнінде кейбір негізгі цифрларды келтіріп өтемін. Мен бұл цифрларды Мемлекеттік Жоспар комиссиясының белгілі мәліметтерінен аламын. Менің айтып отырғаным Мемлекеттік Жоспаркомның 1927/28 жылғы бақылау цифрлары мен бесжылдық жоспардың алғашқы желісі.

а) ССРО-ның бүкіл халық шаруашылық өнімінің екі жыл ішіндегі өсуі. Егер 1924/25 жылы Мемлекеттік Жоспаркомның жаңа есебі бойынша ауыл шаруашылығының өнімі соғысқа дейінгі дәрежемен салыстырғанда 87,3 процент, ал бүкіл өнеркәсіптің өнімі соғысқа дейінгі дәрежемен салыстырғанда 63,7 процент болған болса, кәзір, екі жылдан кейін, 1926/27 жылы, ауыл шаруашылығының өнімі енді 108,3 процент, ал өнеркәсіптің өнімі 100,9 процент болып отыр.

Мемлекеттік Жоспаркомның, 1927/28 жылға арналған бақылау цифрлары бойынша ауыл шаруашылығының өнімін онан әрі арттырып, соғысқа дейінгі дәрежеге қарағанда 111,8 процентке дейін жеткізу, ал өнеркәсіптің өнімін 114,4 процентке дейін жеткізу ісі ұйғарылып отыр.

Еліміздегі аралық сауда айналымының екі жыл ішіндегі өсуі. Егер 1924/25 жылғы товар айналымдарының мөлшерін 100 (червон ақшамен 14 613 миллион сом) деп есептейтін болсақ, онда 1926/27 жылы айналым мөлшері 97 процент артып отыр 28 775 миллион сом), ал 1927/28 жылы мұның мөлшері 116 процентке дейін (33 440 миллион сом) артады деп ұйғарылып отыр.

Біздің кредит системамыздың екі жыл ішіндегі артуы. Біздің барлық кредит мекемелеріміздің жыйынды баланстарын 1925 жылы 1 октябрьде 100 (червон ақшамен 5 343 миллион сом) деп есептесек, онда 1927 жылғы 1 июльге оның мөлшерінің 53 процент (8175 миллион сом) артып отырғанын көреміз. 1927/28 жылы біздің национализацияланған кредит системасының бұдан былай да өсуіне күмән келтіруге ешбір дәлел жоқ.

Теміржол транспортының екі жыл ішіндегі өсуі. Егер 1924/25 жылы біздің барлық темір жолдарымыздағы жүк тасу ісі соғысқа дейінгі дәрежеге қарағанда 63,1 процент болған болса, ал енді 1926/27 жылы, жүк тасу ісі 99,1 процентке жетіп отыр, ал 1927/28 жылы 111,6 процентке жеткізіледі. Бұл екі жылдың ішінде біздің темір жолдарымыз 74,4 мың километрден 76,2 мың километрге жеткізілгендігін мен сөз қылмай-ақ қоямын, мұның өзі оның соғысқа дейінгі дә-

режесіне қарағанда 30,3 процент, ал 1917 жылғымен салыстырғанда 8,9 процент артқандығын көрсетеді.

Мемлекеттік бюджеттің екі жыл ішіндегі өсуі. Егер біздегі жыйынды бюджет (бірыңғай мемлекеттік бюджет және жергілікті бюджеттер) 1925/26 жылы соғысқа дейінгі дәрежемен салыстырғанда 72,4 процент (5 024 миллион сом) болған болса, кәзіргі кезде, яғни 1927/28 жылы, жыйынды бюджет соғысқа дейінгімен салыстырғанда 110 — 112 процентке (7 миллиард сомнан артық) жетуге тиіс. Екі жыл ішінде артқаны — 41,5 процент.

Сыртқы сауданың екі жыл ішіндегі өсуі. Егер ішкі сауданың жалпы айналымы 1924/25 жылы бізде 1 282 миллион сом, яғни соғысқа дейінгі дәрежемен салыстырғанда 27 процент болған болса, кәзір, 1926/27 жылы, біздің айналымымыз 1 483 миллион сом, яғни соғысқа дейінгі дәрежемен салыстырғанда 35,6 процент болып отыр, ал 1927/28 жылы бұл айналым 1626 миллион сомға, яғни соғысқа дейінгі дәрежемен салыстырғанда 37,9 процентке жеткізілмекші.

Сыртқы сауданы өркендету қарқынының бәсең болуының себептері мынау:

біріншіден, буржуазиялық мемлекеттер біздің сыртқы саудамызға жиі-жиі кедергі жасайды, бұл кедергілер кейде жасырын блокадаға айналады;

екіншіден, біз: «өзіміз жарып жемесек те шетке шығарамыз» деген буржуазиялық формула бойынша сауда істей алмаймыз.

Мұндағы пайда Сыртқы сауда комиссариатының 1926/27 жыл ішіндегі 57 миллион сомның актив сальдосы. 1923/24 жылдан кейін мұның өзі сыртқы сауда

балансын пайдамен аяқтаған бірінші жыл болып отыр.

Қорыта келгенде бүкіл ұлттық табыстың екі жыл ішіндегі жалпы өсуі мынадай болып шығады: егер 1924/25 жылы ССРО-ның ұлттық табысы червон ақшамен алғанда 15 589 миллион сом болды деп есептейтін болсақ, 1925/26 жылы біздің табысымыз 20 252 миллион сом болды, яғни бір жыл ішінде 29,9 процент артты, ал 1926/27 жылы 22 560 миллион сомға жетті, яғни бір жыл ішінде 11,4 процент артты. Мемлекеттік Жоспаркомның бақылау цифрлары бойынша 1927/28 жылы біздің табысымыз 24 208 миллион сом болмақ, яғни 7,3 процент артады.

Егер Құрама Штаттардың әрбір жылдағы ұлттық табысының артуы орта есеппен алғанда 3 — 4 проценттен аспайтынын еске алатын болсақ (өткен ғасырдың 80-жылдарында бір рет қана Құрама Штаттардың ұлттық табысы 7 процентке таяу артты), ал өзге елдердің, мәселен Англия мен Германияның, әрбір жылдағы ұлттық табысының артуы 1 — 3 проценттен аспайтынын еске алатын болсақ, онда **ССРО-ның ұлттық табысының соңғы жылдар ішіндегі өсу қарқынын** Европаның ірі капиталистік елдерімен және Америкамен салыстырғанда **үздік шыққан қарқын** деп мойындау керек болады.

Қорытынды: біздің еліміздің халық шаруашылығы тез қарқынмен өсіп келеді.

Партияның міндеті: еліміздің халық шаруашылығының дамуын өндірістің барлық салаларында ілгері жылжыта беру.

б) Біз халық шаруашылығымызды өсіргенде қалай болса солай, өнімнің құр санын арттыру ретімен өсірмей, белгілі, мейлінше анық бағытпен өсіреміз. Халық

шаруашылығын соңғы екі жыл ішінде өркендету ісінде негізгі екі жағдай шешуші фактор болып табылады.

Біріншіден, біздің халық шаруашылығымызды өркендету ісі елімізді **индустрияландыру бағытында,** ауыл шаруашылығына қарағанда өнеркәсіптің ролін арттыру бағытында жүргізіліп отыр.

Екіншіден, халық шаруашылығын өркендету ісі, елімізді индустрияландыру ісі **шаруашылықтың социалистік формаларының салмағы мен жетекшілік ролін** өндірісте болсын, товар айналымында болсын жекеше меншікті товарлы сектор мен капиталистік сектордың есесінен **арттыру бағытында** жүргізіліп отыр.

Халық шаруашылығының системасында өнеркәсіптің салмағының артуы туралы цифрлар (транспорт пен электрификация бұған қосылмай отыр). Егер өнеркәсіптің жалпы өнімінің үлесі халық шаруашылығының барлық өнімімен салыстырғанда 1924/25 жылы соғысқа дейінгі бағамен 32,4 процент болған болса, ал ауыл шаруашылығының сыбағасы 67,6 процент болған болса, онда 1926/27 жылы өнеркәсіптің үлесі өсе келе 38 процентке жетіп отыр, ал ауыл шаруашылығының үлесі 62 процентке түсіп отыр. 1927/28 жылы өнеркәсіптің үлесі 40,2 процентке жетуге тиіс, ал ауыл шаруашылығының үлесі 59,8 процентке түсуге тиіс.

Индустрияның негізгі тарауы болған **өндіріс құрал-жабдықтары мен саймандарын өндіретін** өндірістің салмағының өсуі туралы цифрлар бүкіл өнеркәсіппен салыстырғанда екі жылдың ішінде мынадай болып отыр: 1924/25 жылы өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру үлесі — 34,1 процент, 1926/27 жылы — 37,6

процент болды, ал 1927/28 жылы 38,6 процентке жеткізілмекші.

Мемлекеттік ірі өнеркәсіптегі өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру салмағының екі жыл ішінде өсуі: 1924/25 жылы 42,0 процент, 1926/27 жылы 44,0 процент болды, 1927/28 жылы 44,9 процентке жеткізілмекші.

Өнеркәсіптің **товарлы** өніміне және оның бүкіл товарлардың ішіндегі салмағына келетін болсақ, өнеркәсіптің үлесі екі жыл ішінде былайша өсті: 1924/25 жылы 53,1 процент болған болса, 1926/27 жылы 59,5 процентке жетіп отыр, ал 1927/28 жылы ол 60,7 процентке жеткізілуі тиіс, ал ауыл шаруашылығының товарлы өнімінің үлесі 1924/25 жылы 46,9 процент болса, 1926/27 жылы 40,5 процентке түсіп отыр, ал 1927/28 жылы 39,3 процентке түсуге тиіс.

Қортынды: біздің еліміз индустриялы ел бола бастады.

Партияның міндеті: біздің елімізді индустрияландыру ісін барлық шаралармен ілгері жылжыта беру.

Шаруашылықтың социалистік формаларының салмағымен жетекшілік ролінің жеке товарлы және капиталистік секторлардың есесінен екі жыл ішінде өсуі туралы цифрлар. Халық шаруашылығының қоғамдастырылған секторына (мемлекеттік және кооперативтік өнеркәсіп, транспорт, электрофикация, т. т.) жұмсалатын **күрделі қаражат** 1924/25 жылғы 1 231 миллион сомнан өсе келе 1926/27 жылы 2 683 миллион сомға жетсе, 1927/28 жылы жұмсалатын күрделі қаражат 3 456 миллион сомға жетуге тиіс, мұның өзі жұмсалатын қаражаттың 1924/25 жылғы 43,8 проценттен 1927/28 жылы 65,3 процентке жететіндігін көр-

сетеді, — ал халық шаруашылығының қоғамдастырылмаған сектарына жұмсалған қаражат относительді түрде үнемі төмендей беріп, тек абсолютті цифрлармен есептегенде шамалы ғана өсті: 1924/25 жылы 1 577 миллион сом болған болса, 1926/27 жылы 1 717 миллион сомға жетті, ал 1927/28 жылы 1 836 миллион сомға жеткізілуге тиіс, мұның өзі қоғамдастырылмаған секторға жұмсалатын қаражаттың салмағы кеми отырып, 1924/25 жылғы 56,2 проценттен 1927/28 жылы 34,7 процентке түсетіндігін көрсетеді.

Өнеркәсіптің қоғамдастырылған секторының **жалпы өнімі** 1924/25 жылы 81 проценттен 1926/27 жылы бүкіл өнеркәсіп өнімінің 86 процентіне жетіп отыр, ал 1927/28 жылы 86,9 процентке жетуге тиіс, — өнеркәсіптің қоғамдастырылмаған секторының ролі жылдан жылға кеми берді: 1924/25 жылы онда бүкіл өнеркәсіп өнімінің 19 проценті болса, 1926/27 жылы 14 процентке түсіп отыр, ал 1927/28 жылы 13,1 процентке түсуі керек.

Ал енді **ірі** (есептелінген) өнеркәсіптегі жеке капиталдың роліне келетін болсақ, оның ролі относительді түрде ғана емес (1924/25 жылы 3,9 процент болса, 1926/27 жылы 2,4 процент болды), сонымен катар абсолютті түрде де кеміп отыр (соғыстан бұрынғы бағамен есептегенде 1924/25 жылы 169 миллион сом болса, 1926/27 жылы 165 миллион сом болды).

Еліміздің **товар айналымында** да жекеше-капиталистік элементтерді осылайша ығыстырып шығарып отырмыз. Қоғамдастырылған сектордың үлесі бүкіл аралық-сауда айналымында 1924/25 жылы 72,6 процент, көтерме саудада — 90,6 процент, ал бөлшектеп сататын саудада 57,3 процент болған болса, қоғамдас-

тырылған сектордың салмағы 1926/27 жылы бүкіл айналымда 81,9 процентке, көтерме саудада 94,9 процентке, бөлшектеп сататын саудада — 67,4 процентке жетіп отыр, ал жекеше сектордың үлесі бұл уақыттың ішінде бүкіл аралық-сауда айналымында 27,4 проценттен 18,1 процентке түсті, көтерме саудада 9,4 проценттен 5,1 процентке түсті, бөлшектеп сататын саудада 42,7 проценттен 32,6 процентке түсті; оның бер жағында 1927/28 жылы сауданың барлық түрлерінде жекеше сектордың салмағы бұдан әрі төмендетілмекші.

Қортынды: біздің еліміз капиталистік элементтерді кейінгі қатарға ысырып, халық шаруашылығынан бірден бірге ығыстырып шығара отырып, социализмге қарай сенімді түрде және тез қадам басып келеді.

Бұл факты біздің алдымызда: кімді — кім жеңеді? деген мәселенің негізін ашып береді. Бұл мәселені Ленин 1921 жылы, жаңа экономика саясаты енгізілгеннен кейін көтерген болатын. Жекеше саудагерді, жекеше капиталды кейінгі қатарға ығыстыра отырып, сауда жүргізуді үйреніп алып, біз өзіміздің социализацияланған индустриямызды шаруа шаруашылығымен ұштастыра аламыз ба, әлде жекеше капитал пролетариат пен шаруалардың арасында жік туғызып, бізді жеңе ме, — мәселенің қойылысы ол кезде міне осындай еді. Біз кәзір негізінен алғанда бұл жөнде біздің шешуші табыстарымыз бар деп айта аламыз. Мұны тек соқырлар мен ақылынан адасқандар ғана бекер дей алар.

Бірақ кәзір кімді — кім жеңеді? деген мәселе өзге сыйпат алып отыр. Енді бұл мәселе саудадан өндіріске, майдагерлік өндіріске, ауыл шаруашылық өн-

дірісіне көшіріліп отыр; мұнда жекеше капиталдың өзінің белгілі салмағы бар және оны мұнан үнемі ығыстырып отыру керек.

Партияның міндеті: халық шаруашылығында капиталистік элементтерді жою бағытын ұстап отырып, қалада болсын, деревняда болсын халық шаруашылығының барлық тарауларында біздің социалистік жетекші орындарымызды кеңейту және нығайтып отыру.

2. Біздің социалистік ірі өнеркәсібімізді өркендетудің қарқыны

а) Еліміздегі барлық өнеркәсіптің 77 проценті болатын национализацияланған ірі өнеркәсібіміздің өнімінің өсуі. Егер 1925/26 жылы национализацияланған ірі өнеркәсібіміздің өнімі (соғысқа дейінгі бағамен есептегенде) мұның алдындағы жылға қарағанда 42,2 процент, 1926/27 жылы 18,2 процент артқан болса, ал 1927/28 жылы 15,8 процент артатын болса, Мемлекеттік Жоспаркомның алдын-ала жасаған, едәуір кемітіліп көрсетілген бесжылдық жобасы бойынша бес жыл ішінде өнімнің өсуі 76,7 процентке жетеді, сонда орта есеппен алғанда әрбір жылда өнімнің өсуі 15 процент болады және өнеркәсіп өнімі 1931/32 жылы соғысқа дейінгі өніммен салыстырғанда екі есе артады.

Егер еліміздің бүкіл өнеркәсібінің — ірісінің де (мемлекеттік және жеке), ұсағының да — жалпы өнімін алатын болсақ, орта есеппен алғанда өнімнің әрбір жылда өсуі Мемлекеттік Жоспаркомның бесжылдық жобасы бойынша 12 процентке таяу болады, мұның өзі 1931/32 жылы бүкіл өнеркәсіп өнімін соғысқа

дейінгі дәрежемен салыстырғанда 70 процент дерлік арттырады.

Америкада бүкіл өнеркәсіп өнімінің әрбір жылда өсуі 1890 — 1895 жылдардағы бес жылда 8,2 процент болды, 1895 — 1900 жылдардағы бес жылда — 5,2 процент, 1900 — 1905 жылдардағы бес жылда — 2,6 процент, 1905 — 1910 жылдардағы бес жылда 3,6 процент болды. Россияда 1895 — 1905 жылдардағы он жылда өнімнің әрбір жылдағы орташа артуы 10,7 процент, 1905 — 1913 жылдардағы сегіз жыл ішінде 8,1 процент болды.

Біздің социалистік өнеркәсібіміздің өнімінің жыл сайын арту проценті, сонымен қатар бүкіл өнеркәсібіміздің өнімінің жыл сайын арту проценті үздік шыққан процент болып табылады, мұндай процент дүние жүзіндегі ірі капиталистік елдің бірде-бірінде болған емес.

Мұның өзі американ өнеркәсібі де, әсіресе соғысқа дейінгі орыс өнеркәсібі де шетел капиталынан өте мол қоректенсе де осылай болып отыр, ал біздің национализацияланған өнеркәсібіміз өзінің қорларына ғана негізделуге мәжбүр болып отыр.

Мұның өзі біздің национализацияланған өнеркәсібіміздің шаруашылықты қайта құру дәуіріне енгендігіне қарамастан осылай болып отыр; ал бұл кезде заводтарды қайта құралдандыру және жаңа заводтарды салу өнеркәсіп өнімінің артуы үшін шешуші маңыз алады.

Өз дамуының қарқыны жағынан біздің жалпы өнеркәсібіміз, әсіресе біздің социалистік өнеркәсібіміз капиталистік елдердің өнеркәсібінің дамуын қуып жетіп, басып озуда.

б) Біздің ірі өнеркәсібіміздің бұрын, болып көрмеген осындай қарқынмен дамуының себебі неден?

Біріншіден, оның себебі, біздің өнеркәсібіміз национализацияланған өнеркәсіп, сондықтан ол жекеше капиталистік топтардың дүниеқорлық және қоғамға қарсы мүдделерінен аулақ болып отыр жәнеде жалпы қоғамның мүдделері тұрғысынан дамуға оның мүмкіншіліктері бар.

Екіншіден, оның себебі, біздің өнеркәсібіміз дүние жүзіндегі барлық өнеркәсіптерден гөрі ең ірі, өте-мөте шоғырланған өнеркәсіп болып табылады, сондықтан жеке меншікті капиталистік өнеркәсіптен асып түсуге оның барлық мүмкіншіліктері бар.

Үшіншіден, оның себебі, национализацияланған транспортты, национализацияланған кредитті, национализацияланған сыртқы сауданы, жалпымемлекеттік бюджетті өз қолында ұстап отырған мемлекеттің национализацияланған өнеркәсіпке, бірыңғай өнеркәсіп шаруашылығы ретінде, жоспар арқылы басшылық етуге барлық мүмкіншіліктері бар; мұның өзі оған қандай да болсын өзге өнеркәсіптен анағұрлым көп артықшылықтар береді және бұл оның дамуының қарқынын әлденеше есе тездетеді.

Төртіншіден, оның себебі, национализацияланған өнеркәсіп ең ірі және ең күшті өнеркәсіп болғандықтан, өнімнің түсер бағасын үнемі кеміту саясатын, заттың сатар бағасын кеміту және өз өнімін арзандату саясатын жүргізуге барлық мүмкіншіліктері бар; сөйтіп ол өзінің өнімі үшін керекті рынокті кеңейтеді, ішкі рыноктің көлемін арттырады, өндірісті бұдан былай да өрістету үшін өзіне үнемі өсіп отыратын бұлақты жасайды.

Бесіншіден, оның себебі, национализацияланған өнеркәсіп бірталай себептерден, өзгелерін былай қойғанда бағаны арзандату саясатын ұстағандығынан, кала мен деревнянің бірте-бірте жақындасуы жағдайында, пролетраиат пен шаруалардың жақындасуы жағдайында дамый алады; ал капиталистік өнеркәсіп, мұның керісінше, шаруаларды сүліктей соратын буржуазиялық кала мен күйзеліп бара жатқан деревнянің арасында наразылықтың өсе түсуі жағдайында дамыйды.

Акырында, оның себебі, национализацияланған өнеркәсіп біздің бүкіл дамуымыздың гегемоны болып отырған жұмысшы табына сүйенеді, сондыктан техника атаулыны атап айтқанда еңбек өнімділігін өте-мөте оңай өркендетуге және өндіріс ісі мен басқару ісін рационалдандыруға оның мүмкіншілігі бар; оны жұмысшы табының қалың бұқарасы қолдайды; ал өнеркәсіптің капиталистік системасы тұсында мұның бәрі де жоқ, бола алмайды да.

Соңғы екі жылдың ішінде біздің техникамыздың тез карқынмен өсуі және өнеркәсіптің жаңа тарауларының (машина құрылысы, станок құрылысы, турбина құрылысы, автомобиль, авиация құрылысы, химия, т. т.) тез қарқынмен дамуы осының бәрін айдан-анық көрсетеді.

Бізде жұмыс күнін қысқарта отырып (7 сағаттық жұмыс күні), жұмысшы табының тұрмыс күйі мен мәдени дәрежесін үнемі көтере отырып, бізде өндірістің рационалдандырылуы да осыны көрсетеді, ал шаруашылықтың капиталистік системасы тұсында мұның бәрі жоқ, болуы да мүмкін емес.

Біздің социалистік өнеркәсібіміздің бұрын болып

көрмеген қарқынмен дамуы өндірістің советтік системасының капиталистік системасына қарағанда артық екендігін турадан-тура және күмәнсіз дәлелдейді.

1917 жылдың сентябрінде-ақ, большевиктер өкіметті өз қолына алмастан бұрын-ақ, Лениннің: біз пролетариат диктатурасын орнатып алып, «алдыңғы қатардағы елдерді қуып жете» аламыз «және **экономика жағынан** басып оза» аламыз, басып озуға тиістіміз де (XXI том, 191-бет) деген сөзі әбден дұрыс.

Партияның міндеті: социалистік өнеркәсіпті дамытудың қолымыз жеткен қарқынын баянды ету керек және алдыңғы қатарлы капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озу үшін керекті болып отырған қолайлы жағдайларды жасап шығару мақсатымен ол қарқынды таяудағы уақыттың ішінде күшейту керек.

3. Біздің ауыл шаруашылығының даму қарқыны

а) Деревняда, керісінше, өнімнің өсуі едәуір баяу болып отырғандығын көреміз. Егер 1925/26 жылы жалпы өнімнің өсуі (соғысқа дейінгі бағамен) онан алдыңғы жылмен салыстырғанда 19,2 процент болған болса, 1926/27 жылы 4,1 процент болды, 1927/28 жылы 3,2 процент болады, ал Мемлекеттік Жоспаркомның едәуір кішірейтіліп көрсетілген алдын-ала жобасы бойынша бес жыл ішінде өнім 24 процент артады, ал әрбір жылдағы өсуі орта есеппен алғанда 4,8 процент болады, сөйтіп ауылшаруашылық өнім 1931/32 жылы соғысқа дейінгі өніммен салыстырғанда 28—30 процент артады.

Ауылшаруашылық өнімнің осылайша жылма-жыл-

ғы артуы азды-көпті қанағаттанарлық нәрсе болып табылады. Бірақ оны капиталистік елдермен салыстырғанда рекордты деп санауға да болмайды, келешекте ауыл шаруашылығы мен біздің национализацияланған өнеркәсібіміздің арасында керекті болып отырған тепе-теңдікті сақтап қалу үшін жеткілікті болады деп айтуға да болмайды.

Солтүстік Американың Құрама Штаттарында ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 1890 — 1900 жылдардағы он жыл ішінде жылма-жылғы өсуі 9,3 процент болды; 1900 — 1910 жылдардағы он жыл ішінде — 3,1 процент болды; 1910 — 1920 жылдардағы он жыл ішінде — 1,4 процент болды. Соғысқа дейінгі Россияда ауылшаруашылық өнімнің жылма-жылғы өсуі 1900 — 1911 жылдардағы он жыл ішінде 3,2 процент — 3,5 процент болды.

Рас, біздің ауылшаруашылық өнімнің жылма-жылғы өсуі 1926/27 — 1931/32 жылдардағы бес жылда 4,8 процент болады, оның бержағында, ауылшаруашылық өнімнің өсу процентінің Совет өкіметі тұсында капиталистік Россия тұсындағы өсуден гөрі артып шыққандығы көрініп отыр. Бірақ мынаны ұмытпау керек: национализацияланған өнеркәсіптің жалпы өнімі 1931/32 жылы соғысқа дейінгі өнеркәсіп өнімімен салыстырғанда **екі есе** артатын болса, ал барлық өнеркәсіптің өнімі 1931/32 жылы соғысқа дейінгі дәрежемен салыстырғанда 70 процентке таяу артатын болса, — ауыл шаруашылығының өнімі бұл уақыттың ішінде соғыстан бұрынғы ауылшаруашылық өнімнен 28—30 процент артады, яғни **үш бөлгеннің бір бөлігінен кемірек** артады.

Сондықтан біздің ауыл шаруашылығының даму

қарқынын толық қанағаттанарлық деп тануға болмайды.

б) Ауыл шаруашылығының даму қарқыны национализацияланған өнеркәсібіміздің даму қарқынымен салыстырғанда осындай баяу болып отырғандығының себебі неден?

Мұның себебі — әрі біздің ауылшаруашылық техникамыздың артта қалып отырғандығы мен деревняның мәдени дәрежесінің өте төмен болып отырғандығынан, әрі, әсіресе біздің ірі, бірлестірілген, национализацияланған өнеркәсібіміздегі артықшылықтардың біздің бытыраңқы ауыл шаруашылығымызда жоқ болып отырғандығынан. Ауылшаруашылық өндірісі бәрінен бұрын национализацияланған жоқ, бірлестірілген жоқ, ол бытыраңқы, шашыраңқы күйде болып отыр. Ауыл шаруашылық өндірісі жоспар бойынша жүргізілмей отыр, ол әзірінше көбінесе ұсақ өндірістің стихиясына бағындырылып отыр. Ол бірлестірілген жоқ, коллективизация жолымен ірілендірілген жоқ, сондықтан әлі де болса кулак элементтердің қанауына қолайлы жағдай беріп отыр. Осы жағдайлар бытыранды ауыл шаруашылығын бірлестірілген, жоспар бойынша жүргізілетін ірі өндірістің орасан зор артықшылықтарын жұрдай қылады, ал біздің национализацияланған өнеркәсімібізде бұл артықшылықтар бар.

Ауыл шаруашылығын көтерудің жолы неде? Бәлкім, біздің жалпы өнеркәсібіміздің, соның ішінде біздің национализацияланған өнеркәсібіміздің даму қарқынын баяулатуда шығар? Тіпті де олай емес! Бұл барып тұрған реакцияшыл, антипролетарлық утопия болған болар еді. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!».) Нацио-

нализацияланған өнеркәсіп тез қарқынмен дамытылуға тиіс, тез қарқынмен дамытылады да. Біздің социализмге қарай қадам басуымыздың кепілі осында. Ақырында, ауыл шаруашылығының өзін индустрияландырудың кепілі осында.

Ендеше ауыл шаруашылығын көтерудің жолы неде? Оның жолы ұсақ және бытыраңқы шаруалар шаруашылығының жерді бірлесіп жырту негізінде құрылатын ірі, бірлестірілген шаруашылықтарға көшуінде, жаңа, жоғары техника негізінде жерді бірлесіп жыртуға көшуде болып отыр.

Оның жолы — ұсақ және аса ұсақ шаруалар шаруашылығын бірте-бірте, бірақ табанды түрде, қысым көрсету ретімен емес, үлгі көрсету, көзін жеткізу ретімен, жерді қоғамдасып, серіктесіп, бірлесіп жырту негізінде құрылатын ірі шаруашылықтарға бірлестіруде болып отыр; жерді ұқсатқанда ауылшаруашылық машиналар мен тракторларды іске жегу керек, егіншілікті интенсификациялаудың ғылыми әдістерін қолдану керек.

Өзге жол жоқ.

Мұнсыз біздің ауыл шаруашылығымыз ауыл шаруашылығы жөнінен өте-мөте өркендеген капиталистік елдерді (Канаданы және басқаларды) басып озу түгіл, қуып та жете алмайды.

Ауыл шаруашылығындағы капиталистік элементтерді тежеу жөніндегі, деревняда социалистік элементтерді өркендету жөніндегі, шаруалар шаруашылықтарын кооперативтік даму арнасына түсіру жөніндегі, біздің барлық шараларымыз, шаруалар шаруашылығын әрі жабдықтау мен өткізу жағынан, әрі өндіріс жағынан қамту жайында мемлекеттің деревняға

жоспарлы түрде әсер етуі жөніндегі біздің барлық шараларымыз — бұл шаралардың барлығы да, шынында шешуші шаралар болса да, ауыл шаруашылығын коллективизм жолына түсіру үшін дайындық жүргізу шаралары болып табылады.

в) Бұл жөнде партия екі жыл ішінде не істеді? Істелген жұмыс аз емес. Бірақ істелуге тиісті болған жұмыстардың барлығы әлі істеліп болған жоқ.

Ал ауыл шаруашылығын, былайша айтқанда, сырттан қамту жағына келгенде, ауыл шаруашылығын керекті заттармен жабдықтау, ауыл шаруашылығының өнімдерін өткізу жағына келгенде, бізде бұл жөнде мынадай табыстар бар: ауылшаруашылық кооперациясы кәзіргі кезде барлық шаруа үйлерінің үштен біріне таяуын бірлестіріп отыр; тұтыну кооперациясы деревняны жабдықтау ісін 1924/25 жылғы 25,6 проценттен 1926/27 жылы 50,8 процентке жеткізіп отыр; кооператив және мемлекет органдары ауылшаруашылық өнімін өткізу ісін 1924/25 жылғы 55,7 проценттен 1926/27 жылы 63 процентке жеткізіп отыр.

Ал ауыл шаруашылығын, былайша айтқанда, іштен қамту жағына келгенде, ауылшаруашылық өндірісі жөнінде, бұл жөнде біздің істеген ісіміз тіптен аз болып отыр. Колхоздар мен совхоздар кәзіргі кезде бүкіл ауылшаруашылық өнімнің 2 проценттен сәл артығырағын беретіндігін және товарлы өнімнің 7 проценттен сәл артығырағын беретіндігін айтсақ, соның өзі жеткілікті болады.

Мұнда объективті де, субъективті де себептер, әрине, аз емес. Ол себептер — біздің қызметшілеріміздің істі жүргізе білмеушілігі, бұл іске жеткілікті көңіл бөлмеуі, шаруалардың кертартпалығы мен артта қал-

ғандығы, шаруаларды жерді қоғамдасып жыртуға көшіру ісін қаражаттандыруға керекті қаржының жетіспеуі, т. т. Ал бұған өте көп қаражат керек.

Ленин X съезде бізде ауыл шаруашылығын мемлекеттік немесе коллективтік негізге бағындырарлықтай қаржы қорлары әлі жоқ деген еді. Меніңше, мұндай қаржы қорлары бізде енді болады және бұл қорлар жыл сайын өсіп отыруы тиіс. Ал оның бержағында істің бет алысы мынадай: бытыраңқы шаруалар шаруашылығын бірлестірмей тұрып, оларды жерді қоғамдасып ұқсатуға көшірмей тұрып, ауыл шаруашылығын интенсификациялауды да, машиналандыруды да айта қалғандай ілгері бастыру мүмкін емес, істің жайын біздің ауыл шаруашылығымыз өзінің даму қарқыны жағынан капиталистік елдерді, мәселен, Канада сияқты елді қуып жететіндей етіп қою мүмкін емес.

Сондықтан міндет — біздің деревнядағы қызметкерлеріміздің назарын осы маңызды іске аударуда болып отыр.

Меніңше, жер халық комиссариаты мекемелері мен ауылшаруашылық кооперациясының жанындағы прокат пункттері бұл істе орасан үлкен роль атқаруы керек.

Совхоздар кейде шаруалардың өздеріне орасан тиімді түрде жерді коллективтесіп ұқсатуға көшуіне қалай жәрдемдесіп отырғандығының бір мысалын келтіріп өтейін. Мен — Украина совхоздары бірлестігінің Одесса ауданының шаруаларына тракторлармен берген жәрдемін және бұл шаруалардың көрсетілген жәрдемге алғыс айтып, «Известияда» басылған хатын айтып отырмын. Бұл хатты оқып шығуға рұхсат етіңіздер. (Д а у ы с т а р: «Оқуыңызды сұраймыз!».)

«Шевченко, Красин, Калинин атындағы хуторлардың, «Червона зирка» және «Восходящее солнце» хуторларының переселендері — біздер шаруашылығымызды қалпына келтіру ісінде бізге орасан зор көмек көрсеткендігі үшін Совет өкіметіне өте зор алғыс айтамыз. Біздің көпшілігіміз — аты жоқ, құрал-сайманы жоқ кедейлерміз, өзімізге берілген жерді ұқсатуға біздің әліміз келген жоқ еді, сондықтан ол жерімізді жергілікті кулактарға егістің өнімінен үлес алатын болып арендаға өткізуге мәжбүр болған едік. Астықтың шығымы өте нашар болды, неге десеңіз басқаның жерін арендатордың жақсылап ұқсатпайтындығы белгілі ғой. Мемлекеттен алып отырған азын-аулақ кредиттерді біз тамағымызды асырау үшін таусып отырдық, сөйтіп жылдан-жылға кедейлене бердік.

Быйылғы жылы Украина совхоздары бірлестігінің өкілі келіп ақша кредиттерінің орнына, жерімізді тракторларымен жыртып беру жөнінде ұсыныс жасады. Кейбір кулактардан басқа переселендердің бәрі де, жұмыс ұқыпты түрде ойдағыдай істеледі деп онша сене қоймаса да, бұған өздерінің рыйзалығын берді. Біздің зор қуанышымызға және кулактардың ішін күйдіріп, тракторлар бүкіл тың жерді жыртып берді, тыңайтуға қалдырылған жерлерді пар үшін айдап берді, арам шөптерден тазарту үшін ол жерлерді 5—6 рет қайта айдап, тырмалап берді, сөйтіп, ақырында, бүкіл егістік жерге таза сортты бидай септік. Енді кулактар трактор отрядының жұмысын келемеждемейтін болды. Быйылғы жылы біздің ауданымызда шаруалар жаңбыр болмағандықтан күздік бидайды мүлдем дерлік сеппеді, ал сепкен жерлерде бидай әлі шыққан жоқ. Біздің переселендердің парға себілген егістіктерінде жүздеген десятина тамаша бидай көгеріп тұр, мұндай бидай тіпті ең бай неміс колонияларында да жоқ.

Күздік бидай сепкеннің үстіне, тракторлар жаздық бидайға арналған барлық жерді зябь етіп көтерді. Енді бізде зябь етіп көтерілмеген немесе арендаға өткізілген бірде-бір десятина жер жоқ. Бізде енді айдалған парға себілген бірнеше десятина күздік бидай болмаған бірде-бір кедей қалған жоқ.

Трактордың істеген жұмысын көргеннен кейін, енді ұсақ кедей шаруашылығын жүргізгіміз келмейді, қоғамдастырылған тракторлы шаруашылық жүргізуге ұйғардық, бұл шаруашылықта шаруалардың бытырап жатқан алақандай-алақандай егістіктері

болмайды. Бізге тракторлы шаруашылықты ұйымдастырып беру ісін Тарас Шевченко атындағы совхоз өз мойнына алып отыр; ол совхозбен біз шарт жасастық» («Известия» № 267, 22 ноябрь, 1927 ж.).

Шаруалар осылай деп жазып отыр.

Мұндай мысалдар көбірек болса, онда деревняны коллективтендіру ісін айта қалғандай ілгері бастырып жіберуге болар еді, жолдастар.

Партияның міндеті: өткізу және жабдықтау жағынан шаруалар шаруашылығын кооперациямен және мемлекеттік органдармен қамтуды кеңейтіп отыру керек, бытыраңқы шаруалар шаруашылықтарын біртебірте бірлескен, ірі шаруашылық жолына түсіруді, егіншілікті интенсификациялау және машиналандыру негізінде жерді қоғамдасып, коллективтесіп ұқсату жолына түсіруді деревнядағы құрылысымыздың кезектегі практикалық міндеті етіп қоюымыз керек, дамудың мұндай жолы ауыл шаруашылығын дамыту қарқынын тездетудің және деревнядағы капиталистік элементтерді жеңудің аса маңызды құралы болып табылады деп білуіміз керек.

***

Шаруашылық құрылыс жөніндегі біздің қортындыларымыз бен табыстарымыз тұтас алғанда міне осындай.

Мұнан бұл жөнде біздің барлық ісіміз мүлтіксіз деген мағна шықпайды. Жоқ, жолдастар, біздің барлық ісіміз бірдей мүлтіксіз емес.

Бізде, мәселен, товар тапшылығының элементтері бар. Бұл — біздің шаруашылығымыздағы кемшілік.

Бірақ, амал не, бұл кемшілік өзірінше болмай қоймайтын кемшілік. Өйткені біздің жеңіл өнеркәсіпке қарағанда өндіріс құрал-жабдықтарын жасайтын өндірісті өте-мөте тез қарқынмен өркендетіп отырғандығымыз сияқты факт — бұл факт өзінен-өзі таяудағы бірсыпыра жылдар ішінде бізде товар тапшылығының болатындығын алдын-ала көрсетеді. Егерде біздің елімізді мейлінше индустрияландырғымыз келсе, біз басқаша істей алмаймыз.

Жалдаптық сімілтіктерден өздерінің идеологиясына материал алып, товар тапшылығы туралы айқайлап жүрген, сонымен қатар «асыра индустрияландыруды» талап етіп жүрген адамдар бар, мәселен, біздегі оппозиция. Бірақ бұл, әрине, ақымақтық, жолдастар. Бұлай деп тек надандар ғана айта алады. Біз жеңіл өнеркәсіпті мейлінше өркендетуге бола ауыр индустрияны тоқтата алмаймыз және тоқтатпауымыз да керек. Ауыр индустрияны тез қарқынмен өркендетпей тұрып, жеңіл өнеркәсіпті жеткілікті дәрежеде өркендету мүмкін де емес.

Дайын товарларды шеттен әкелуге, сөйтіп товар тапшылығын жеңілдетуге болар еді, мұны бір кезде оппозиция талап еткен еді. Бірақ бұл соншалықты ақымақтық, мұнан оппозиция бастартуға тиіс болды. Бізде товар тапшылығын жеңілдету ісі ойдағыдай жүргізіліп отыр ма, ол басқа мәселе; товар тапшылығын жеңілдету біздің жағдайымызда әбден мүмкін нәрсе және партия мұны әрқашан талап етіп отырды. Менімше, нақ осы салада біздің барлық ісіміз бірдей мүлтіксіз емес.

Онансоң, өнеркәсіпте де, саудада да бізде капиталистердің былайша аз емес екенін көреміз. Бұл эле-

менттердің салмағы біздің кейбір жолдастардың кейде айтып жүргеніндей онша аз емес. Біздің шаруашылығымыздың балансында бұл да кеміс жер болып отыр.

Мен жақын арада Ларин жолдастың «ССРО-дағы жеке меншікті капитал» деген өте қызық кітабын оқыдым. Мен жолдастарға осы кітапты оқып шығуларын ұсынар едім. Сіздер бұл кітаптан кәсіпшілік кооперациясының туын, ауылшаруашылық кооперациясының туын, белгілібір мемлекеттік сауда орындарының туын капиталистің қалай еппен, шебер жамылып, бетіне бүркеніш ететіндігін көресіздер. Капиталистік элементтерді тежеу үшін, азайту үшін және, ақырында, халық шаруашылығынан мүлде ығыстырып шығару үшін керекті шаралардың бәрі істеліп жүр ме? Менінше, оның бәрі істеліп жүрген жоқ. Мәселен, маған белгілі нәрсе: жалпы айтқанда майдагерлік өнеркәсіпте, әсіресе былғары және тоқыма өнеркәсібінде жаңа миллионерлердің саны аз емес, бұлар майдагерлерді және жалпы алғанда ұсақ өндірушілерді өздерінің құлдығына салып отыр. Майдагерлерді кооперациямен немесе мемлекеттік органдармен байланыстырып, осы қанаушы элементтерді қоршап алып, экономикалық жағынан мүлде ығыстырып шығару үшін керекті істердің бәрі істеліп жүр ме? Бұл жөнде керекті істің бәрі бірдей істеліп отырған жоқ екендігіне күмән келтіруге бола қоймас. Оның бержағында бұл мәселенің біздің үшін өте зор маңызы бар.

Онансоң, біз деревняда кулактардың белгілі дәрежеде өсіп отырғанын көреміз. Біздің шаруашылығымыздың балансында бұл кеміс жер болып табылады. Кулактарды тежеп, экономика жағынан оқашалау үшін

керекті істердің бәрі бірдей істеліп жүр ме? Менінше, оның бәрі бірдей істеліп жүрген жоқ. Кулактарды әкімшілік шаралармен, ГПУ аркылы жоюға болады, солай жою керек те деп ойлап жүрген: бұйрық айтып, мөр бассаң істің бәрі біте салады деп ойлап жүрген жолдастар кателеседі. Бұл оңай құрал, бірақ ол шын құрал болудан аулақ жатыр. Кулакты экономикалық шаралар аркылы, Совет заңдарына негізделе отырып женуге болады. Ал Совет заңы бос сөз емес. Мұнан кулактарға карсы кейбір керекті әкімшілік шаралар қолданылмайды деген мағына шықпайды. Бірақ әкімшілік шаралары экономикалық шаралардың орнын басып кетпеуі керек. Біздің кооператив органдарының практикасында кулактарға карсы күресте партия жолының бұрмаланып жүргендігіне, әсіресе ауылшаруашылық кредит жөнінде партия жолының бұрмаланып жүргендігіне айрықша көңіл бөлу керек.

Онансоң, бізде мынадай факт орын теуіп жүр: өнеркәсіпте заттың өзіне түсер бағасын төмендету қарқыны, өнеркәсіп товарларының сатар бағасын және, әсіресе, кала товарларының бөлшекті сауда бағасын төмендету қарқыны өте баяу болып отыр. Бұл да біздің шаруашылық құрылысымыздың балансындағы кемшілік жер болып табылады. Мынаны атап өтпеске болмайды: мемлекеттік аппарат та, кооперативтік аппарат та, партия аппараты да, бұл жөнде үлкен карсылық істеп отыр. Өнеркәсіп товарларының бағасын арзандату саясаты біздің өнеркәсібімізді жақсартудың, рынокті кеңейтудің, біздің индустриямызды өркендетуге керекті бұлақты күшейтудің құралы болып табылатындығын біздің жолдастар, сірә, түсінбейтін көрінеді. Аппараттың осындай баяулығымен, бағаны

арзандату саясатын іс жүзіне асыруда аппараттың осылайша қарсыласушылығымен аяусыз күрескенде ғана бұл кемшілікті жоюға болатындығына күмән келтіруге бола қояр ма екен.

Ақырында, біздің бюджеттегі арақ сияқты, сыртқы сауданы өте баяу қарқынмен өркендету сияқты және резервтердің жетіспеушілігі сияқты олқы жерлеріміз бар. Менің ше, арақты бірте-бірте азайту ісін бастауға болар еді, арақтың орнына табыстың радио мен кино сияқты көздерін қолдануға болар еді. Шынында да, осы аса маңызды құралдарды қолға алып, істі ойдағыдай етіп өрістете алатын және, ақырында, арақты азайтуға мүмкіншілік бере алатын нағыз большевиктерден шыққан екпінді адамдарды бұл іске неге жұмсамаймыз?

Сыртқы саудаға келетін болсақ, менінше, біздің шаруашылығымыздағы бірсыпыра қыйыншылықтар экспорттың жеткіліксіздігіне тіреліп отыр. Біз экспорт ісін ілгері бастыра аламыз ба? Менінше, ілгері бастыра аламыз. Экспортты барынша ілгері жылжытуға керекті істің бәрі де істеліп отыр ма? Менінше, оның бәрі істеліп отырған жоқ.

Резервтер туралы да дәл соны айтуға болады. Кейде жеңіл ойлылықпен де, кейде істің жайын білмегендіктен де бізде резервтер жоқ деп жүрген жолдастар кателеседі. Жоқ, жолдастар, бізде кейбір онша-мұнша резервтер бар. Біздің мемлекетіміздің барлық органдары, уездік және губерналық органдардан бастап, облыстық және орталық органдарға дейін, қыйын-қыстау кезге арнап азын-аулақ резервтер сақтап қалуға тырысуда. Бірақ бұл резервтер аз. Мұны мойындау керек. Сондықтан міндет — резервтерді мүм-

кін қадерінше молайтуда, кейде тіпті кейбір күнделікті қажеттерді ықшамдау есесіне резервтерді мүмкін қадерінше молайтуда болып отыр.

Біздің шаруашылық құрылысымыздың күңгірт жақтары міне осындай, жолдастар, бұларға көңіл аудару керек және өте-мөте тез қарқынмен ілгері қадам басу үшін бұларды қайткенмен де жою керек.

4. Таптар, мемлекеттік аппарат, еліміздің мәдени жағынан өсуі

Еліміздің шаруашылық күйі туралы мәселеден еліміздің саяси күйі туралы мәселелерге көшейік.

а) **Жұмысшы табы.** Жұмысшы табының және жалпы алғанда жалдама еңбек адамдарының сан жағынан өсуі туралы цифрлар. Жалдама еңбек адамдарының саны (жұмыссыздарды есептемегенде) 1924/25 жылы 8 215 мың адам болса, 1926/27 жылы 10 346 мың болды. 25 процент өсіп отыр. Олардың ішінде дене еңбегінің адамдары, ауылшаруашылық және маусымды жұмысшыларды қосқанда 1924/25 жылы 5 448 мың болса, 1926/27 жылы 7 060 мың болды. 29,6 процент өсіп отыр. Солардың ішінде ірі өнеркәсіп жұмысшылары 1924/25 жылы 1 794 мың болса, 1926/27 жылы 2 388 мың болды. 33 процент өсіп отыр.

Жұмысшы табының тұрмыс күйі. Жалдама еңбек адамдарының мемлекеттік табыстағы үлесі 1924/25 жылы 24,1 процент болса, 1926/27 жылы бұл үлес 29,4 процентке жетті, мұның өзі жалдама еңбек адамдарының соғысқа дейінгі мемлекеттік табыстағы үлесінен 30 процент артады, ал өзге әлеуметтік топтардың, соның ішінде буржуазияның, мемлекеттік табыс-

тағы үлесі бұл дәуірдің ішінде кеміді (мәселен, буржуазияның үлесі 5,5 проценттен 4,8 процентке түсті). Бүкіл мемлекеттік өнеркәсіптегі жұмысшылардың реалды жалақысы, үстеулерін қоспағанда, 1924/25 жылы айына Москваның шартты ақшасымен есептегенде 25,18 сом болса, 1926/27 жылы 32,14 сом болды; бұл жалақының екі жыл ішінде 27,6 процент артқандығын, соғысқа дейінгі дәрежеден 5,4 процент артқандығын көрсетеді. Үстеулерін қоса есептегенде (әлеуметтік қамсыздандыру, мәдени қажеттері, коммуналдық қаржылар, т. б.) 1924/25 жылы соғысқа дейінгімен салыстырғанда 101,5 процент, ал 1926/27 жылы соғысқа дейінгімен салыстырғанда 128,4 процент болды. Әлеуметтік қамсыздандыру қоры 1924/25 жылғы 461 миллион сомнан 1926/27 жылы 852 миллион сомға дейін өсті, басқаша айтқанда 85 процент артты; мұның өзі демалыс үйлері мен санаторийларда 513 мың адамның дем алуына және 460 мың жұмыссыздар мен 700 мың пенсионерлерді (еңбек мүгедектері мен азамат соғысының мүгедектерін) жәрдем ақшамен қамтамасыз етуге және ауру жұмысшыларға ауырған уақытының ішінде толық жалақы беруге мүмкіншілік берді.

Шығындар, яғни жұмысшылардың пәтер-үй құрылысына жұмсалған қаражат бұдан екі жыл бұрын, 1924/25 жылы, 132 миллион сомнан астам болса, 1925/26 жылы 230 миллион сомнан астам болды, 1926/27 жылы 282 миллион болса, 1927/28 жылы 391 миллион сомнан астам болды, бұған Орталық Атқару Комитетінің Манифесі бойынша белгіленген 50 миллион сом да қосылады. Өткен үш жылдың ішінде жұмысшылардың пәтер-үй құрылысына, жеке адамдар-

дың пәтер-үй құрылысын есептемегенде, өнеркәсіп, транспорт, аткару комитеттері және кооперация бойынша 644,7 миллион сом жұмсалды, ал 1927/28 жылға белгіленген қаржыны есептегенде 1 036 миллион сом жұмсалмакшы. Бұл қаржылар үш жыл ішінде көлемі 4 594 мың шаршы метр пәтер-үйлерді салып шығуға мүмкіншілік берді, 257 мың жұмысшыны, ал олардың семьяларын косканда 900 мың шамалы адамды тұрғын үйлермен қамтамасыз етуге мүмкіншілік берді.

Жұмыссыздық туралы мәселе. Бұл жөнде Кәсіпшілер Одағының Бүкілодактық Орталық Советі мен Еңбек халық комиссариатының мәліметтерінде сәйкеспеушіліктің бар екендігін айтып кетуге тиіспін. Мен Еңбек халық комиссариатының цифрларын алып отырмын, өйткені ол цифрлар еңбек биржасымен байланысы бар нағыз жұмыссыз элементті қамтыйды. Еңбек халық комиссариатының мәліметтері бойынша жұмыссыздардың саны екі жыл ішінде 950 мың адамнан 1 048 мың адамға жеткен. Олардың ішінде индустрия жұмысшылары 16,5 процент, ал интеллигенттік еңбекпен айналысатын адамдар мен мамандығы жоктары 74 процент. Сонымен, біздегі жұмыссыздықтың негізгі шығатын жері деревнядағы артық халық, ал жұмыссыздықтың жанама түрде шығатын жері — біздің өнеркәсібімізде индустриялық жұмысшылардың белгілі минималды құрамының жетіспей отырғандығы.

Қорытынды: жалпы алғанда жұмысшы табының тұрмыс-күйі дәрежесі сөзсіз көтеріліп отыр.

Партияның міндеті: жұмысшы табының тұрмыс-күйі мен мәдени дәрежесін мұнан былай да жақсар-

ту бағытын, жұмысшы табының жалақысын бұдан былай да арттыру бағытын ұстау керек.

б) Шаруалар. Шаруалардың жіктелуі туралы мәселе жөнінде, менінше, цифр келтірудің кerегі жоқ, өйткені менің баяндамам онсыз да созылып кетті, ал цифрлар жұрттың бәріне белгілі. Пролетариат диктатурасы тұсындағы жіктелуді капиталистік тәртіп тұсындағы жіктелумен теңеуге болмайтындығы даусыз. Капитализм тұсында шеткі екі топ өседі: кедейлер мен кулактар өседі, ал орташа екшеледі. Бізде, керісінше, кедейлердің белгілі бөлегінің есебінен орташалар өсуде; кедейлердің бұл бөлегі орташалар дәрежесіне көтерілуде, кулактар өсуде, ал кедейлер кемуде. Бұл факт мынаны көрсетеді: орташа бұрын да егіншіліктің басты фигурасы болған болса, қазір де сол басты фигурасы болып отыр. Кедейлерге сүйене отырып, орташамен одақ жасаудың біздің бүкіл құрылысымыздың тағдыры үшін, пролетариат диктатурасы үшін шешуші маңызы бар.

Деревняда жұрттың тұрмыс-күйінің жалпы артуы. Бізде шаруа халқы табысының өсуі туралы цифрлар бар. Шаруа халқы табысының мөлшері мұнан екі жыл бұрын, 1924/25 жылы 3 548 миллион сом болған болса, 1926/27 жылы бұл табыстар өсе келе 4 792 миллион сомға жетті, яғни 35,1 процент артты, ал осы уақыттың ішінде шаруа халқы небәрі 2,38 процент өсті. Мұның өзі деревняда жұрттың тұрмыс-күйінің жақсарып келе жатқандығын сөзсіз сыйпаттайтын көрсеткіш болып табылады.

Мұнан шаруалар өзінің тұрмыс-күйін еліміздің барлық аудандарында да жақсартты деген мағна шықпайды. Жұртқа мәлім осы екі жылдың ішінде кейбір

жерлерде егін шығымы ала-құла болды, ал 1924 жылы егін шықпай қалуының салдары әлі толығымен жойылған жоқ. Сондықтан жалпы алғанда еңбекші шаруаларға, әсіресе кедей шаруаларға мемлекеттік көмек берілді. Еңбекші шаруаларға мемлекеттен берілген көмек 1925/26 жылы 373 миллион сом болса, 1926/27 жылы 427 миллион сом болды. Деревня кедейлеріне арналып 1925/26 жылы берілген көмек: аса кедей шаруашылықтарға қаржы беру жолымен — 38 миллион сом берілді, кедей шаруашылықтарға салық жолымен берілген жеңілдіктер — 44 миллион сом, аса кедей шаруаларға қамсыздандыру жолымен берілген жеңілдіктер 9 миллион сом, барлығы 91 миллион сом болды. Кедей шаруаларға арналып 1926/27 жылы жоғарғы ретпен берілген көмек мынадай болды: 39 миллион сом, 52 миллион сом, 9 миллион сом, барлығы 100 миллион сомға таяу.

Қортынды: Шаруалардың негізгі бұқарасының тұрмыс-күйі жақсартылды.

Партияның міндеті: шаруалардың негізгі бұқарасының, ең алдымен кедей шаруалардың тұрмыс-күйі мен мәдени дәрежесін бұдан бұлай да жақсарта беру керек, жұмысшы табының шаруалармен одағын нығайтып отыру керек, жұмысшы табы мен оның партиясының беделін деревняда көтере беру керек.

в) Жаңа буржуазия. **Интеллигенция.** Жаңа буржуазияның айрықша белгісі сол — оның, жұмысшы табы мен шаруаларға қарағанда, Совет өкіметіне ырза болуға реті жоқ. Оның наразылығы кездейсоқ нәрсе емес. Ол наразылықтың тұрмыста өз тамыры бар.

Мен жоғарыда біздің халық шаруашылығының өсуі

туралы айтып өттім, мен біздің өнеркәсібіміздің өсуі туралы, халық шаруашылығының социалистік элементтерінің өсуі туралы, жекешенің салмағының кемуі туралы, ұсақ саудагерлерді ығыстырып шығару туралы айтып өттім. Мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — егер де біздің өнеркәсібіміз бен біздің сауда органдарымыз өсіп отырса, онда он мыңдаған ұсақ капиталистер мен орта капиталистер күйзеліп барады деген сөз. Бұл жылдардың ішінде ұсағы бар, орташасы бар қанша дүкен жабылды? Мыңдаған дүкен жабылды. Ал ұсақ өнеркәсіпшілердің қаншасы пролетариаттанды? Мыңдағаны пролетариаттанды. Ал біздің мемлекеттік аппаратымыздың штаттарын қысқартқан кезде бұрын қызмет еткендердің қаншасы босатылды? Жүздеген, мыңдағаны босатылды.

Біздің өнеркәсібіміздің ілгері басуы, біздің сауда және кооператив органдарының ілгері басуы, біздің мемлекеттік аппаратымыздың жақсартылуы жұмысшы табына, шаруалардың негізгі бұқарасына пайда келтірген жақсару және ілгері басу болады да, ал жаңа буржуазияға зиян келтірген, жалпы алғанда орташа жіктерге, әсіресе қаланың орташа жіктеріне зиян келтірген ілгері басу болды. Бұл жіктердің арасында Совет өкіметіне наразы болушылықтың өсуіне таңырқауға бола ма? Бұлардың арасындағы контрреволюциялық пиғылдар осыдан келіп шығады. Жаңа буржуазияның саяси рыногіндегі сәнді товар болып табылатын сменовехшілдік идеология осыдан келіп шығады.

Бірақ бұрын қызмет істеп қалғандардың бәрі, интеллигенцияның бәрі Совет өкіметіне наразы болып отыр, совет өкіметіне қарсы күңкілдеп немесе ашы-

нып отыр деп ойлау қате болған болар еді. Жаңа буржуазияның ішінде наразылықтың өсуімен қатар, интеллигенцияның ішінде жіктелушілік фактысы бар, сменовехшілдіктен бастарту фактысы бар, жүз мыңдаған еңбекші интеллигенцияның Совет өкіметіне қарай бет бұрғандығының фактысы бар. Бұл факт, жолдастар, сөзсіз тиімді фактор болып табылады, оны атап өту керек.

Бұл жөнде үздік шыққандар — техникалық интеллигенция болып табылады, өйткені ол интеллигенция өндіріс процесімен тығыз байланысты, сондықтан еліміздің ісін большевиктердің ілгері қарай, жақсы тұрмысқа қарай бастап отырғандығын көрмеуі мүмкін емес. Волховстрой, Днепрострой, Свирьстрой, Түркстан теміржолы, Волга-Дон сияқты алып құрылыстар, бірсыпыра жаңа алып заводтардың салынуы бұл жіктерге белгілі дәрежеде жақсы әсер етпей қоймайды, өйткені техникалық интеллигенцияның тұтас бір жіктерінің тағдыры осы заводтардың тағдырымен байланысты болып отыр. Бұл мәселе олар үшін бір жапырақ нан тауып жеу туралы мәселе ғана емес. Бұл сонымен бірге оларға абырой әперетін іс, өнер табысын көрсетерлік іс болып табылады, бұл іс оларды табиғи түрде жұмысшы табымен, Совет өкіметімен жақындастырады.

Мен селоның еңбекші интеллигенциясы туралы, әсіресе көптен бері Совет өкіметі жағына бетін бұрған және деревняда мектеп ісін өркендетуді құттықтамай қоймайтын село мұғалімі туралы айтып та тұрғаным жоқ.

Сондықтан интеллигенцияның белгілібір жіктерінің арасында наразылықтың өсуімен қатар бізде еңбекші

интеллигенцияның жұмысшы табымен ұштасу фактысы бар.

Партияның міндеті мынада: жаңа буржуазияны оңашалау жолын жүргізе беру керек және жұмысшы табының қала мен деревняның советтік еңбекші интеллигенциясымен арадағы одағын нығайта беру керек.

г) **Мемлекеттік аппарат және төрешілдікке қарсы күресу.** Төрешілдік туралы жұрт өте көп әңгімелеп жүр, сондыктан ол жөнде көп сөз айтып жатудың керегі жоқ. Бізде төрешілдік элементтері мемлекеттік аппаратта да, кооперативтік аппаратта да, партия аппаратында да бар екендігіне күмән келтіруге болмайды. Төрешілдік элементтеріне қарсы күресу керек екендігі және бұл міндеттің бізде мемлекеттік өкімет өмір сүріп тұрған уақытта, мемлекет өмір сүріп тұрған уақытта біздің алдымызда үнемі қойылып отыратындығы — міне бұл да факт.

Бірақ шекті де білу керек қой. Мемлекеттік аппараттағы төрешілдікке қарсы күресу ісін мемлекеттік аппаратты жойылуға дейін жеткізу, мемлекеттік аппараттарды нашарлатуға дейін жеткізу, оны бүлдіруге дейін баруға тырысу, — мұның аты ленинизмге қарсы шығу деген сөз, мұның аты біздің аппаратымыздың совет аппараты екендігін ұмыту, біздің аппаратымыздың дүние жүзінде өмір сүріп тұрған барлық мемлекеттік аппараттармен салыстырғанда өзінің тұрпаты жағынан ең жоғарғы мемлекеттік аппарат екендігін ұмыту деген сөз.

Біздің мемлекеттік аппаратымыздың күші неде? Оның күші мынада: біздің мемлекеттік аппаратымыз өкіметті Советтер арқылы жұмысшылар мен шаруа-

лардың миллиондаған бұқарасымен байланыстырады. Оның күші мынада: Советтер он мыңдаған, жүз мыңдаған жұмысшылар мен шаруалар үшін басқару мектебі болып табылады. Оның күші мынада: мемлекеттік аппарат өзін миллиондаған халық бұқарасынан аулақтатпайды, қайта, Советтерді толықтырып отыратын, сөйтіп өкімет органдарына тірек болатын толып жатқан бұқаралық ұйымдар арқылы, нешетүрлі комиссиялар арқылы, секциялар арқылы, кеңестер арқылы, делегаттардың жыйналыстары арқылы, тағы сондайлар арқылы сол халық бұқарасымен қосылып отырады.

Біздің мемлекеттік аппаратымыздың әлсіз жері неде? Оның әлсіз жері мынада: онда төрешіл элементтердің болуы, олар оның жұмысын бұзады және бұрмалайды. Мемлекеттік аппаратымыздан төрешілдікті аластау үшін,— ал оны бір — екі жылдың ішінде аластап бітіруге болмайды, — мемлекеттік аппаратты үнемі жақсартып отыру керек, оны бұқарамен жақындастырып отыру керек, оны жұмысшы табының ісіне берілген жаңа адамдар есебінен жаңартып отыру керек, оны бүлдірмей, нашарлатпай, коммунизм рухында қайта құрып отыру керек. Ленин былай дегенде мың мәртебе дұрыс айтқан еді: ««Аппаратымыз» болмаса біз әлдеқашан құрыр едік. Аппаратымызды жақсарту үшін үнемі, қажырлы күрес жүргізбесек біз социализмнің негізін қалап үлгірмей құрыймыз»[81].

Мен біздің мемлекеттік аппаратымыздың онсыз да көзге түсіп отырған кемшіліктеріне тоқтап жатпаймын. Менің айтып отырғаным ең алдымен «жарықтық қағаз бастылық». Қағаз бастылық жөнінде менің қолымда құшақ-құшақ материалдар бар, бұл материал-

дар бірсыпыра сот, әкімшілік, қамсыздандыру, кооператив ұйымдары мен өзге ұйымдардың қылмыспен ұштасатын самарқаулығын көрсетеді.

Бір шаруа дұрыстыққа көзін жеткізу үшін қамсыздандыру мекемесіне 21 рет барған, алайда дәнеңе шығара алмай қайтқан.

Жасы 66 ға жеткен екінші бір шаруа уездік әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінен тұжырымды түсінік алу үшін 600 шақырым жерден жаяу келген, алайда, ол да дәнеңе шығара алмай қайтқан.

Ал енді 56 жастағы бір шаруа кемпір халық сотының шақыруы бойынша жаяу 500 шақырым, атпен 600 шақырым жол жүрген, бірақ та әділдікке жете алмаған.

Мұндай фактылар толып жатыр. Оларды жіпке тізіп айтып жатудың керегі жоқ. Бірақ бұл біз үшін масқарашылық, жолдастар! Мұндай жөнсіздіктерге қалай төзуге болады?

Ақырында, «төмендетілгендер» туралы фактыларға келейік. Жұмысшылар ішінен жоғарылатылғандармен қатар «төмендетілгендер» де бар көрінеді, бұларды өз жолдастары іске қабілетсіздігі немесе жұмыс істей білмегендігі үшін емес, жұмысты таза, адал істегендігі үшін кейінгі қатарға ығыстырып қойған.

Қолынан іс келетін, адал адам болғандықтан заводта белгілі қызметке жоғарылатып қойылған, аспап жасаушы бір жұмысшы слесарьды алайық. Ол бір-екі жыл істейді, адал істейді, істі тәртіпке салады, иесіздік пен ысырапшылдықты жойып отырады. Бірақ жұмысты осылай істей отырып, ол «коммунистерден» құралған бір жылы серіктестердің мүдделеріне тиеді, олардың тыныштығын бұзады. Ақырында не болып

шықты? «Коммунистерден» құрылған әлгі жылы серіктестер оны аяқтан шалады да, сөйтіп оны «төмендетілуге» мәжбүр етеді. «Бізден гөрі ақылды болғың келген екен, бізге жайбарақат тұрып, пайда табуға мүмкіншілік бермейді екенсің — ендеше, ағайын, төмендетілуің керек» дейді манағылар.

Енді екінші жұмысшыны алайық, ол да аспап жасаушы бір слесарь, бұранда кесетін станоктың баптаушысы болып істеген, ол заводта белгілі қызметке жоғарылатылған. Ол жұмысты жан-тәнімен, адал істейді. Бірақ жұмысты осылай істей отырып, кейбіреулердің тыныштығын бұзады. Ақырында не болып шықты? Бір сылтау тапты да, «тынышсыз» жолдастан құтылды. Ал жоғарылатылған осы жолдас төмендетілгенде бұған қалай қарады, бұдан қандай әсер алды? Ол бұған былай қарады: «Мені қандай қызметке қойса да мен өзіме көрсетілген сенімді ақтауға тырыстым. Бірақ менің абыройымды төккен осы жоғарылатуды мен ешқашан да ұмытпаймын. Мені кірледі. Менің тілегенім жөнсіздіктерді әшкерелеу еді, бірақ ол тілегім іске аспай тілек күйінде қалды. Завод комитеті де, завод басқармасы да, ұя да менің сөзіме құлақ қойғысы келмеді. Мен енді өмірімде жоғарылатылмаймын, мені тіпті алтынмен кенелтсе де мен ешжерге бармаймын» («Труд»[82] № 128, 9 июнь, 1927 ж.).

Бұл біз үшін масқарашылық, жолдастар! Мұндай жөнсіздіктерге қалай төзуге болады?

Партияның міндеті мынада: төрешілдікке қарсы күресе отырып, мемлекеттік аппаратты жақсарту үшін күресе отырып, біздің практикамыздағы мен жаңа ғана айтып өткен жөнсіздіктерді қызған темірмен қарып, жойып отыру керек.

д) Мәдени революция жөніндегі лениндік ұран туралы. Жұмысшылар мен шаруалардың мәдени дәрежесін көтеру төрешілдікке карсы күресудің ең дұрыс құралы болып табылады. Мемлекеттік аппараттағы төрешілдікті балағаттауға, сөгуге болады, біздің практикамыздағы төрешілдікті каралауға, бетіне күйе жағып маскаралауға болады, бірақ егер жұмысшылардың калың букарасының ішінде мемлекеттік аппаратты төменнен, жұмысшылар бұқарасының өз күшімен бакылауға мүмкіншілік туғызатын, көңіл койдыратын, шеберлік туғызатын мәдениеттіліктің белгілі дәрежесі жоқ болса, онда төрешілдік, ешнәрсеге карамастан, өмір сүре береді. Сондыктан жұмысшы табы мен шаруалардың еңбекші бұқарасының мәдени дәрежесін көтеру, сауатты болу мәдениеттілік атаулының негізі бола тұрса да, олардың сауатын ашу мағынасында ғана емес, сонымен катар ең алдымен елді баскару ісіне үйреніп, тәжрибе алып, соны біле білу мағнасында көтеру мемлекеттік аппаратты және әрбір аппарат атаулының бәрін жаксартудың тұтқасы болып табылады. Мәдени революция туралы лениндік ұранның мағнасы мен маңызы міне осында болып отыр.

Ленин 1922 жылы март айында, біздің партиямыздың XI съезін ашарда, өзінің Орталық Комитетке Молотов жолдастың атына жазған хатында бұл жөнде міне былай деген:

> «Бізге жетіспей отырған басты нәрсе, — мәдениеттілік, баскара білушілік болып отыр... Экономика және саяси жағынан алғанда нэп бізге социалистік экономиканың негізін қалау мүмкіншілігін толық қамтамасыз етеді*. Әңгіме «тек» пролетариат пен оның авангардының мәдени күштерінде «ғана» болып отыр»[83]

* Курсив менікі. И. Ст.

Лениннің бұл сөздерін ұмытуға болмайды, жолдастар. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!».)

Сондықтан партияның міндеті: жұмысшы табы мен шаруалардың еңбекші топтарының мәдени дәрежесін көтеру жолындағы күресті күшейту керек.

* *
*

Ал еліміздің ішкі саяси халі жөніндегі қортынды қандай?

Қортынды мынадай: **Совет өкіметі дүние жүзінде өмір сүріп отырған барлық өкіметтердің ішіндегі ең берік өкімет болып табылады.** (Қ а т т ы қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Ал егер буржуазиялық үкіметтің қандайы болса да күндемей қоймайтын Совет өкіметі дүние жүзінде өмір сүріп отырған барлық өкіметтердің ішіндегі ең мықты өкімет болып отырса, мұнан бұл жөніндегі істеріміздің бәрі де мүлтіксіз деген мағна шықпайды. Жоқ, жолдастар, бізде бұл жөнде де олқылықтар бар, мұны біз большевиктер болғандықтан жасыра алмаймыз, жасырмауымыз да керек.

Бізде, біріншіден, жұмыссыздық бар. Бұл — олқылық, мұны біз жеңуіміз керек, немесе, ең болмағанда, қайткенде де минимумға түсіруіміз керек.

Бізде, екіншіден, жұмысшыларға арналған пәтер-үй құрылысында кемшіліктер бар, пәтер-үй дағдарысы бар, мұны да біз жеңуіміз керек, немесе, ең болмағанда, таяу жылдардың ішінде минимумға түсіруіміз керек.

Бізде орта жіктердің белгілі бөлімінде ғана емес, сонымен қатар жұмысшылардың белгілі бөлімінде де,

тіпті біздің партиямыздың кейбір буындарының арасында да антисемитизмнің кейбір ұрығы бар. Бұл кеселге карсы барынша аяусыз күресу керек, жолдастар.

Бізде дінге қарсы күресті босаңсыту сыяқты олқылық бар.

Бізде, акыр аяғында, кең мағнада емес, тар мағнада да, жэй сауаттылық мағнасында да, мәдени жағынан өте артта калғандық бар, өйткені ССРО-да сауатсыздардың проценті әлі де болса аз емес.

Егер біздің неғұрлым тез каркынмен ілгері карай қадам баскымыз келсе, бұл олкылыктар мен осы сыяқты олкылыктардың бәрі де жойылуы тиіс, жолдастар.

Менің баяндамамның осы тарауын аяқтау үшін, есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде болған өте-мөте айрыкша тағайындаулар туралы бірнеше сөз айтып өтуге рұхсат етіңіздер. Мен ССРО Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасарларын тағайындау туралы айтпаймын, ССРО Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советінің, Сауда Халык Комиссариатының және ОГПУ-дың халық комиссарларын тағайындау туралы да айтпаймын. Мен үлгі көрсетерлік мәні бар үш тағайындауға ғана токтап өтемін. РСФСР Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советінің председателі болып Лобов бекітілгенін сіздер білесіздер. Ол — жұмысшы-металлист. Сіздер Москва Советінің председательдігіне Каменевтің орнына Ухановтың сайланғандығын білесіздер, ол да жұмысшы-металлист, Сіздер Ленинград советінің председательдігіне Зиновьевтің орнына Комаровтың сайланғандығын да білесіздер, ол да жұмысшы-металлист. Сонымен, бізде

екі астананың да «лорд-мэрлері» болып екі жұмысшы металлист қызмет істейді. (Қол шапалақтау.) Рас, олар дворян емес, бірақ астананың шаруашылығын қандай дворяныңнан болса да жақсы басқарады. (Қол шапалақтау.) Сіздер мұны металлизацияға іш бұрғандық дерсіздер. Меніңше, мұның ешбір жаман жері жоқ. (Дауыстар: «Қайта, өте жақсы».)

Капиталистік елдерге, Париж бен Лондонға ақырында, бізді қуып жетіп, «лорд-мэр» етіп өздерінің металлистерін ұсынуына тілектес болайық. (Қол шапалақтау.)

III

ПАРТИЯ МЕН ОППОЗИЦИЯ

1. Партияның халі

Жолдастар, мен біздің партиямыздың сан жағынан және идея жағынан өсуі туралы көп айтып жатпаймын, цифрларды да келтіріп жатпаймын, өйткені бұл жөнде сіздерге Косиор толық айтып береді.

Біздің партиямыздың әлеуметтік құрамы туралы және осыған байланысты цифрлар туралы да айтпаймын, өйткені бұл жөнде өзінің есепті баяндамасында Косиор сіздерге толық мәлімет береді.

Мен біздің партиямыздың саясат жөніндегі сияқты, шаруашылық жөніндегі де басшылық жұмысының көтерілгендігі туралы, оның сапасының жақсартылғандығы туралы бірнеше сөз айтқым келеді. Жолдастар, бұдан екі-үш жыл бұрын, ұмытпасам Троцкий бастаған (күлкі, дауыстар: «Ұмытпасам дейсіз бе?») жолдастардың бір бөлегі біздің губерния-

лық комитеттерге, біздің облыстық комитеттерге, біздің Орталық Комитетке — партия ұйымдары шаруашылық жұмыстарын білмейді және еліміздің шаруашылық жұмыстарына тектен-тек араласып отыр деп мін таққан болатын. Я, мұндай уақыттар болған. Енді партия ұйымдарына мұндай айып тағуға ешкімнің де батылы бара қоймас. Губерниялық комитеттер мен облыстық комитеттердің шаруашылыққа басшылық ету ісін меңгеріп алғандығын, партия ұйымдарының шаруашылық құрылысының соңынан еріп отырмай, оны басқарып отырғандығы — мұның өзі сондай даусыз факты, оны тек соқырлар мен ақылынан адасқандардың ғана бекер деуге батылы барар. Бұл съезде халық шаруашылығы құрылысының бесжылдық жоспары туралы мәселе қоюға ұйғарғандығымыз сияқты факт, осы фактының өзі ғана шаруашылық құрылысымыздың жергілікті жерлерде де, орталықта да шаруашылық құрылысымызға жоспарлы түрде басшылық ету ісінде біздің партиямыздың әлдеқайда ілгері қадам басқандығын көрсетеді.

Кейбіреулер мұнда айрықша ешнәрсе жоқ деп ойлайды. Олай емес, жолдастар. Бұл айрықша және маңызды іс, мұны атап көрсету керек. Жұрт кейде Американың, Германияның шаруашылық органдарын дәлелге алады, бұлар да халық шаруашылығына жоспар жолымен басшылық етеді-мыс деседі. Жоқ, жолдастар, ол елдер бұған әлі жеткен жоқ және ол елдерде капиталистік тәртіп өмір сүріп тұрған уақытта бұған жете де алмайды. Жоспар жолымен басшылық ету үшін өнеркәсіптің капиталистік системасы емес, өзге, социалистік системасы болуы керек, ең кемінде, национализацияланған өнеркәсіп, национализацияланған

кредит системасы, национализацияланған жер болу керек. деревнямен социалистік байланыс жасау керек, ел ішінде жұмысшы табының өкіметі болу керек, т. т.

Рас, оларда да жоспар тәрізді бірдеңе бар. Бірақ бұл болжау жоспарлары, сәуегейлік құру жоспарлары ғана, бұл жоспарлар ешкімге де міндетті емес және бұл жоспарлар бойынша елдің шаруашылығына басшылық ету мүмкін емес. Бізде олай емес. Біздің жоспарларымыз болжау жоспары емес, сәуегейлік құру жоспарлары емес, біздің жоспарларымыз — директива-жоспар, бұл жоспарлар басшы органдар үшін міндетті болып табылады және бұл жоспарлар біздің шаруашылық дамуымыздың келешектегі бағытын бүкіл еліміздің көлемінде белгілейді.

Мұндай принциптік айырма бар екендігін сіздер көріп отырсыздар.

Халық шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспары туралы мәселені съезде қоюымыздың жәй фактысының өзі ғана, осы фактының өзі ғана біздің жоспарлы басшылық ету жұмысымыздың сапа жағының арткандығының белгісі болып табылады деуімнің себебі міне осыдан.

Мен біздің партиямыздың ішінде партияның ішкі демократиясының өскендігі туралы да айтып тұрмаймын. Партияның ішкі демократиясының, партияның нағыз ішкі демократиясының, партия көпшілігі белсенділігінің шын көтерілуі бізде ұлғайып, өркендеп келе жатқандығын тек соқырлар ғана көрмей отыр. Демократия туралы мылжыңдап жүргендер бар. Ал партия ішіндегі демократия дегеніміз не? Кім үшін демократия? Егер демократия деп революциядан қол үзген үш-төрт интеллигент үшін тоқтаусыз мылжың-

дау, өзінің баспасөз органы болу бостандығын, т. б. түсінетін болсақ, онда бізге мұндай «демократияның» керегі жоқ, өйткені ондай демократия анағұрлым басым көпшіліктің еркін бұзатын болмашы ғана азшылық үшін демократия болып табылады. Ал егер демократия деп партия бұқарасы үшін біздің құрылысымыздың мәселелерін шешу бостандығын, партия бұқарасының белсенділігін арттыруды, оларды партияны басқару ісіне тартуды, олардың партия ішінде ие болу сезімін оятушылықты түсінетін болсақ, — онда мұндай демократия бізде бар, ол бізге керек және біз оны ешнәрсеге қарамастан, үздіксіз өрістетіп отырамыз. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар, мен партияның ішкі демократиясымен қатар бізде басшылық етуде коллегияшылдықтың бірден-бірге өсіп отырғандығы туралы да айтып тұрмаймын. Біздің Орталық Комитетіміз бен Орталық Бақылау Комиссиясын алайық. Бұлар 200—250 жолдастан құрылған басшылықты бірге жүргізетін орталық болып табылады, бұл орталық уақытымен жыйналып, біздің құрылысымыздың аса маңызды мәселелерін шешіп отырады. Бұл ең демократияшыл және жұмысты коллегиялық түрде жүргізетін орталықтардың бірі болып табылады, мұндай орталық біздің партиямызда бұрын болып көрмеген. Олай болса немене? Біздің жұмысымыздың аса маңызды мәселелерін шешу ісі бірен-саран жоғарғы басшы адамдардың қолынан құрылыстың барлық тарауларымен және біздің ұланбайтақ еліміздің барлық аудандарымен өте тығыз байланыс жасап отырған осы кең орталықтың қолына күннен-күнге көшіп отырғаны факт емес пе?

Мен біздің партия кадрларының өсуі туралы да айтып тұрмаймын. Осы соңғы жылдардың ішінде біздің партиямыздың ескі кадрларының катарына ең алдымен жұмысшылардан шыққан, жоғары карай өрлеп бара жаткан жаңа кадрлар келіп қосылды. Егер бұрын біз өзіміздің кадрларымызды жүздеп, мыңдап кана санаған болсақ, кәзір біз оларды он мыңдап санауға тиістіміз. Менінше, ең төменгі ұйымдардан, цехтық, звенолық ұйымдардан бастап, бүкіл Одақ бойынша жоғарыға дейін санайтын болсақ, онда анағұрлым көпшілігі жұмысшылардан шыққан біздің партияда кадрларымыз кәзір 100 000 адамнан кем болмайды. Мұның өзі — біздің партиямыздың орасан көп өскендігі болып табылады. Мұның өзі — біздің кадрлар құрамының орасан өскендігі, оның идеялықұйымдастыру тәжрибесінің өскендігі, оның коммунистік мәдениетінің өскендігі болып табылады.

Акырында, тағыда бір мәселе калды, ол мәселе жөнінде көп айтудың керегі жоқ, бірақ ол мәселені атап өту керек. Ол мәселе біздің еліміздегі партияда жоқ жұмысшылардың және жалпы еңбекшілер бұкарасының арасында партия беделінің артқандығы туралы, бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшылардың және жалпы езілген таптардың арасында партия беделінің артқандығы туралы мәселе. Біздің партиямыз бүкіл дүние жүзіндегі еңбекшілер үшін азаттыққа жетудің туы бола бастағандығына, ал большевик атағы жұмысшы табының маңдайалды адамдары үшін ардақты атақ бола бастағандығына кәзір күмән келтіруге бола коймас.

Партия құрылысы жөніндегі біздің табыстарымыздың жайы жалпы айтқанда міне осындай, жолдастар.

Мұнан партияда кемшіліктер жоқ деген мағна шықпайды, жолдастар. Олай емес, кемшіліктер бар жәнеде елеулі кемшіліктер бар. Бұл кемшіліктер жөнінде бірнеше сөз айта кетуге рұхсат етіңіздер.

Мәселен, партия ұйымдарының шаруашылық ұйымдарына және басқа ұйымдарға еткен басшылығын алып көрелік. Мұндағы біздің ісіміздің бәрі бірдей ойдағыдай болып отыр ма? Жоқ, бәрі бірдей ойдағыдай болып отырған жоқ. Бізде екінің бірінде жергілікті орындарда ғана емес, орталықта да мәселелер шешілгенде, былайша айтқанда, семьялық түрде, үй ішіндегіше шешіле салады. Белгілібір ұйымның басшы қызметкерлерінің бірі Иван Иванович, айталық, зор қате істеп, істі бүлдірген екен дейік. Бірақ Иван Федорович оны сынағысы келмейді, оның қателерін әйгілегісі, оның қателерін түзеткісі келмейді. Мұны істегісі келмейді, өйткені «өзіне дұшпан тауып алғысы» келмейді. Қателесті, істі бүлдірді, — мұның несі бар! Біздің қайсымыз қателеспейміз? Бүгін мен оны, Иван Федоровичті, аяймын. Ертең ол мені, Иван Ивановичті, аяйды. Өйткені менің қателеспейтініме қандай сенім бар? Әрі әдепті, әрі жақсы. Жабулы қазан жабулы. Асқынып кеткен қате біздің ұлы ісімізді бүлдіреді дейсіз бе? Ештеңе етпейді! Өйтіп-бүйтіп күн көрерміз.

Біздің кейбір жауапты қызметкерлердің кәдуілгі ойы міне осындай, жолдастар.

Бірақ мұның мәнісі не? Бүкіл дүние жүзін сынап жүрген, Маркстің сөзімен айтқанда, аспанмен арпалысқан біздер, большевиктер, кейбір жолдастардың тыныштығына бола өзара сыннан бастартсақ, онда мұнан біздің ұлы ісіміздің бүлінуінен басқа ешнәрсе

шыклайтыны анық емес пе (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!», Қол шапалақтау.)

Маркс былай деген болатын: пролетариат революциясының өзге революцияның қандайынан болса да айырмасы сол — ол өзін сынайды және өзін сынай отырып, нығаяды[84]. Мұның өзі Маркстің өте маңызды нұсқауы. Егер біздер пролетарлық революцияның өкілдері, өзіміздің кемшіліктерімізге көзімізді жұматын болсақ, бір-біріміздің қателерімізді жасырып, ауруды біздің партия организмінің ішіне жіберіп, мәселелерді семьялық түрде шешетін болсақ, — онда бұл қателерді, бұл кемшіліктерді кім түзетеді?

Егер біз өзіміздің құрылысымыздың аса маңызды мәселелерін шешу ісінде осы тоғышарлықты, осы семьялықты жоймайтын болсақ, біздің пролетариат революционері болудан қалатынымыз және сөзсіз құрыйтынымыз айқын емес пе?

Адал және түзу өзара сыннан бастарта отырып, өз қателерімізді адал және ашық түзетуден бастарта отырып, біз ілгері жылжу үшін, өз ісімізді жақсарту үшін, ісіміздің жаңа табыстарға жетуі үшін өзімізге керекті жолды бөгейміз, бұл анық емес пе?

Біздің дамуымыз жайбарақат, ылғый өрге қарай көтерілумен ғана жүріп отырған жоқ қой. Жоқ, жолдастар, бізде таптар бар, бізде еліміздің ішінде қайшылықтар бар, бізде ескілік бар, бізде қазіргі шақ пен келешек бар, бізде осылардың арасында қайшылық бар, сондықтан біз өмір толқынымен жайбарақат жүзу арқылы ілгері қадам баса алмаймыз. Біздің ілгері қарай қадам басуымыз күрес арқылы, қайшылықтардың өсуі арқылы, бұл қайшылықтарды жеңу арқы-

лы, бұл қайшылықтарды әйгілеу және жою арқылы болып отырады.

Таптар өмір сүріп тұрған уақытта: құдайға шүкір, енді бәрі де жақсы болды деп айтарлықтай хал бізде ешқашан да болмайды. Мұндай хал бізде ешқашан болмайды, жолдастар.

Бізде әрдайым өмірден бірдеңе өшіп отырады. Бірақ өшіп бара жатқан нәрсе қарсыласпай өлгісі келмейді, ол өзінің өмір сүруі үшін күреседі, өзінің дәурені өткен ісін қорғайды.

Бізде әрдайым өмірде жаңа бірдеңе туып отырады. Ал туатын нәрсе жәй ғана туа салмай, өзінің өмір сүру правосын қорғай отырып, шырылдайды, айқайлайды. (Дауыстар: «Дұрыс!». Қол шапалақтау.)

Ескі мен жаңаның арасындағы күрес, өшіп бара жатқан нәрсе мен туып келе жатқан нәрсенің арасындағы күрес, — біздің дамуымыздың негізі міне осы болып табылады. Біздің жұмысымыздағы кемшіліктер мен қателерді большевиктерше ашық және адал көрсетпесек, әйгілемесек, онда ілгері жылжуымызға керекті жолды біз өзіміз бөгейміз. Ал біздің ілгері жылжығымыз келеді. Біздің ілгері жылжығымыз келгендіктен де біз адал және революциялық өзара сынды өзіміздің аса маңызды міндеттеріміздің бірі етіп қоюымыз керек. Мұнсыз ілгері қадам басуға болмайды. Мұнсыз даму да болмайды.

Бірақ нақ осы жөнде біздің ісіміз әлі де болса ақсап отыр. Ол ол ма, кейбір табыстарға жетсе болғаны, жұрт кемшіліктерді ұмытады, дандайсып, жайбарақаттыққа салынады. Екі-үш үлкен табысқа жетсе — теңіз суы тірсегімнен де келмейді деп ойлайды.

Тағыда екі-үш үлкен табысқа жетсе — мүлдем даңдайсып кетеді: «бөрікпен-ақ ұрып жығамыз» деп ойлайды. Бірақ кателер қалып отырады, кемшіліктер орын теуіп отырады, жара біздің партия организмінің ішіне енгізіледі, сөйтіп партия ауруға шалдыға бастайды.

Екінші кемшілік. Ол кемшіліктің мәнісі әкімшілік кеуде көрсету әдісін партия ішіне енгізуде, партия ішінде шешуші маңызы бар ұғындыру әдісінің орнына әкімшілік әдісін қолдануда болып отыр. Бұл кемшіліктің қаупі де бірінші кемшіліктің қаупінен кем емес. Неге? Неге десеңіз, ол кемшілік өз алдына іс бастаушы ұйым болып отырған біздің партия ұйымдарының бос кеңселік мекемелерге айналу қаупін туғызады. Бізде түрлі шаруашылық, кооператив мекемелері мен мемлекеттік мекемелерде істейтін және ол мекемелерде төрешілдікке қарсы күресіп жатқан өте-мөте белсенді қызметкерлердің саны 60 мыңнан кем емес деп есептейтін болсақ, онда олардың бір бөлегі сол мекемелердегі төрешілдікке қарсы күресе отырып, кейде өздері төрешілдік кеселіне шалдығады да, оны партия ұйымына алып келеді. Бұл біздің кінәмыз емес, жолдастар, бұл біздің сорымыз, өйткені мемлекет өмір сүріп тұрғанда бұл процесс азды-көпті болып отырады. Ал бұл процестің кейбір тамырлары тұрмыста болып отырғандықтан, нақ сондықтан біз бұл кемшілікке қарсы күресу үшін қаруланумыз керек, партия бұқарасының белсенділігін көтеруіміз керек, оларды біздің партия басшылығының мәселелерін шешу ісіне тартуымыз керек, партияның ішкі демократиясын үнемі орната беруіміз керек және біздің партия прак-

тикасындағы сендіру әдісін әкімшілік жасау әдісімен алмастырмауымыз керек.

Үшінші кемшілік. Бұл кемшілік мынау: біздің бірсыпыра жолдастарымыз желдің ығына қарай, жайбарақат және тыныш жүре беруді, перспективасыз, келешекке қарамай жүре беруді тәуір көреді, сөйтіп бұлар жан-жақтың бәрінде салтанат-мейрам болуын, бізде күн сайын салтанатты жыйылыстың болуын, барлық жерде де сатырлаған қол шапалақтау болуын, сонан соң әрқайсысының кезекпен түрліше президиумдердің құрметті мүшелеріне сайлануын тәуір көреді. (К ү л к і, қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Барлық жерде де салтанаттылықты көруге осылай құмар болушылық, әшекейлікті, мерекелерді — кректілерін де, керексіздерін де — өткізуге осылай құмар болушылық, басқан қадамын қайда әкетіп бара жатқандығын байқамай (к ү л к і, қ о л ш а п а л а қ т а у) желдің ығына қарай жүре беруге осылай құмар болушылық — мұның барлығы да біздің партия практикасындағы үшінші кемшіліктің мазмұны болып табылады, біздің партия тұрмысындағы кемшіліктеріміздің негізі болып табылады.

Сіздер ескекті маңдай терін ағызып, адал есетін, бірақ судың ағысы өздерін қайда әкетіп бара жатқандығын көрмейтін есушілерді көрдіңіздер ме? Мен мұндай есушілерді Енисейде көрдім. Бұлар адал және шаршамайтын есушілер. Бірақ олардың соры сол — оларды судың толқыны жартасқа соқтырып, қазаға ұшыратуы мүмкін екендігін олар көрмейді, көргісі де келмейді.

Біздің кейбір жолдастар да осындай күйге ұшырап жүреді. Ескекті шаршамай еседі, су ағысының ыңғайына қарай жайбарақат жүзе береді, бірақ су

ағысы оларды қайда әкетіп бара жатқандығын олар білмек түгіл, білгісі де келмейді. Қалай да су ағысының ыңғайымен жүзе беруге тырысу жұмысты перспективасыз істеуге, қалай болса солай, бағытсыз істеуге әкеліп соғады.

Ал нәтиже қандай болады? Нәтиже белгілі: алдымен оларды тот басады, онан соң берекесі кетеді, онан соң тоғышарлықтың батпағына түсіп кетеді, ал ақырында олар кәдімгі тоғышарларға айналады. Нағыз азғындаудың жолының өзі нақ осы болып табылады.

Біздің партияның практикасы мен біздің партия тұрмысындағы кейбір кемшіліктер міне осы, жолдастар; менің осы кемшіліктер жөнінде күйінішті бірнеше сөз айта кеткім келген еді.

Ал енді айтыс мәселесіне және біздегі оппозиция мәселесіне көшуге рұхсат етіңіздер.

2. Айтыстың қортындылары

Партия айтысының қандай да болса мағнасы, қандай да болса құны бар ма?

Кейде жұрт былай деседі: айтысты не үшін аштыңдар, оның кімге керегі бар еді, талас мәселелерді ішкі тәртіппен, от басындағы ұрысты сыртқа шығармай-ақ шешсе жақсы болмас па еді? Бұл дұрыс емес, жолдастар. Айтысу кейде өте керек және сөзсіз пайдалы болады. Мәселенің түйіні айтыстың қандай болуында. Егер айтыс жолдастық шеңберде, партия шеңберінде болып жатса, егер ол адал өзара сынды, партияның кемшіліктерін сынауды өзінің мақсаты етіп қойған болса, демек, егер ол, біздің ісімізді жақсар-

тып, жұмысшы табын қаруландыратын болса, онда мұндай айтыс керек және пайдалы болады.

Бірақ екінші түрлі айтыс, біздің жалпы ісімізді жақсартуды емес, нашарлатуды көздейтін, партияны ығайтуды емес, оны ыдыратуды және әлсіретуді көздейтін айтыс болады. Мұндай айтыс әдетте пролетариатты қаруландыруға қарай емес, оны қарусыздандыруға қарай сүйрейді. Бізге мұндай айтыстың кeрегі жоқ. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!» Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Оппозиция бүкілодақтық айтысты съезд шақырмастан үш ай бұрын, Орталық Комитеттің тезистері жасалғаннан бұрын, бұл тезистерді жарыялаудан бұрын ашуды талап еткен кезде, ол оппозиция біздің жауларымыздың ісін, жұмысшы табының жауларының ісін, біздің партиямыздың жауларының ісін сөзсіз жеңілдетерлік айтысты бізге таңғысы келді. Нақ сондықтан да Орталық Комитет оппозицияның жоспарларына қарсы шықты. Орталық Комитет оппозицияның жоспарларына қарсы шыққандықтан да, біз айтысты дұрыс жолға қоя алдық, оған Орталық Комитеттің съезге арнаған тезистері түрінде негіз жасадық. Енді біз тұтас алғанда айтыс пайда келтірді деп күдіктенбей-ақ айта аламыз.

От басындағы ұрысты сыртқа шығаруға келетін болсақ, ол бос сөз, жолдастар. Біз өзімізді және өз қателерімізді бүкіл партияның алдында ашық сынаудан ешқашан да қорыққан емеспіз, қорықпаймыз да. Большевизмнің күші нақ сонда — ол сыннан қорықпайды және өз кемшіліктерін сынаудан бұдан былай да ілгері басу үшін қуат-жігер алады. Сонымен, кә-

зіргі айтыс біздің партиямыздың күштілігінің белгісі, оның куаттылығының белгісі болып табылады.

Үлкен партияның кандайында болса да, әсіресе біздің партия сыякты өкіметті колында ұстап отырған, катарында шаруалар мен ескі кызметшілердің белгілі бөлімі бар партияның ішінде, белгілі уакыттың ішінде партияның практикалык мәселелеріне немкұрайды, атүсті карайтын, көзін жұмып дауыс беретін және судың ағынымен жүзе беретін элементтер көбейіп отырады. Мұндай элементтердің көп болушылығы кесел болып табылады, бұл кеселмен күресу керек. Бұл элементтер біздің партиямыздың батпағы болып табылады.

Айтыс осы батпакка шағым ету болып табылады. Бұл батпактың белгілі бөлімін өзіне каратып алу үшін оппозиционерлер осы батпакка шағым етеді. Ал оппозиционерлер шынында да батпактың жаман бөлімін өзіне каратып алып отыр. Батпактың жаксы бөлімін өзіне каратып алу үшін, оны партияның кайнап жаткан өміріне белсене катыстыру үшін партия да батпакка шағым етеді. Осының нәтижесінде батпак өзінің ебдейсіздігіне карамастан калыптаса бастайды. Осылардың нәтижесінде ол, шынында да, калыптасады, бір бөлімін оппозицияға береді де, екінші бөлімін партияға береді, сөйтіп, батпак болып өмір сүруден калады. Біздің партия дамуының жалпы балансында мұның өзі табыс болып табылады. Кәзіргі айтыстың нәтижесінде бізде батпак кеміді, өйткені ол мүлдем құрыды немесе өмір сүруден калып келеді. Айтыстың пайдалы жері міне осы.

Айтыстың кортындылары кандай? Кортындылары белгілі. Кешегі күні партияға 724 мың жолдас дауыс

бергендігі, оппозицияға 4 мыңнан астам ғана адам дауыс бергендігі анықталды. Қортынды міне осындай. Бізде оппозиционерлер — Орталық Комитет партиядан қол үзді, партия таптан қол үзді деп шулады, егерде-ки болса еді, алма ауызға түссе еді деп ойлап, партияның 99 проценті оппозиционерлердің жағында болады деп соқты. Бірақ алма өзінен өзі ауызға түспейді, сондықтан оппозиция жағындағылар 1 процентке де жетпейді. Қортынды осындай.

Бүкіл партия, ал оның соңынан ілесіп жұмысшы табы оппозицияны осылай мықтап оңашалай алған себебі неден болды? Оппозицияның басында атағы шыққан белгілі адамдар отыр ғой, өздерін бадырайтып көрсетуге тырысатын адамдар (д а у ы с т а р: «Дұрыс!») отыр ғой, кішіпейіл емес адамдар (қ о л ш а п а л а қ т а у), өздерін мақтай білетін және товарды жайып салып көрсететін адамдар отыр ғой.

Мұның бұлай болған себебі, — оппозицияның басшы тобы тұрмыстан қол үзген, революциядан қол үзген, партиядан, жұмысшы табынан қол үзген ұсақбуржуазиялық интеллигенттер тобы болып шықты. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!». Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Мен жоғарыда өнеркәсіп жөніндегі, сауда жөніндегі, жалпышаруашылық жөніндегі, сыртқы саясат жөніндегі біздің жұмыстарымыздың табыстары, біздің жетістіктеріміз туралы айтып өттім. Бірақ оппозицияның бұл жетістіктермен ісі жоқ. Оппозиция ол жетістіктерді көрмейді, не көргісі келмейді. Бір жағынан өзінің надандығынан, екінші жағынан тұрмыстан қол үзген интеллигенттердің белгілі қарысушылық пиғылынан көргісі келмейді.

3. Партия мен оппозицияның арасындағы негізгі алауыздықтар

Сонымен, сайып келгенде, партия мен оппозиция арасындағы алауыздықтар неде, қандай мәселелер жөнінде болып отыр деп сұрарсыздар?

Барлық мәселелер жөнінде болып отыр, жолдастар. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!».)

Мен жақында Москвадағы партияда жоқ бір жұмысшының арызын оқыдым, ол кәзір партияға кірмекші немесе партияға кіріп те алған болар. Партия мен оппозиция арасындағы алауыздықтарды ол былай деп сыйпатайды:

«Біз бұрын партия мен оппозиция арасындағы алауыздықтар қай мәселеде деп іздейтін едік. Ал кәзір оппозицияның партиямен қай мәселе жөнінде бір екенін таба алмайсыз. (К ү л к і, қ о л ш а п а л а қ т а у.) Оппозиция барлық мәселелер жөнінде де партияға қарсы, сондықтан, егер мен оппозицияны жақтаушы болсам, партияға кірмес едім. (К ү л к і, қ о л ш а п а л а қ т а у.) (Қараңыз: «Известия» № 264).

Жұмысшылар кейде соншама әрі орынды, әрі қысқаша айта алады. Меніңше, мұның өзі оппозицияның партияға, оның идеологиясына, оның программасына, оның тактикасына көзқарасы туралы нағыз тауып айтылған, нағыз дұрыс мінездеме болып табылады.

Оппозиция барлық мәселелер жөнінде партиямен ажырасып отырғандықтан да, дәл сондықтан да оппозиция өз алдына идеологиясы бар, өз алдына программасы бар, өз алдына тактикасы бар, өзінің ұйымдық принциптері бар бір жеке топ болып отыр.

Жаңа партия үшін не нәрсе қажет болса, оның

бәрі де оппозициядан табылады. Бірақ олай ету үшін тек «ұсақ-түйектер» ғана жетпейді, күш қана жетпейді. (Күлкі. Қол шапалақтау.)

Мен партия мен оппозиция арасында алауыздық болып отырған жеті негізгі мәселені айта алар едім.

Бірінші. Біздің елімізде жеңімпаз социалистік құрылыстың мүмкіндігі туралы мәселе. Мен оппозицияның бұл мәселе жөніндегі мәлімдемелері мен документтерін келтіріп жатпаймын. Олар жұрттың бәріне де белгілі, бұларды қайталаудың қажеті жоқ. Оппозицияның біздің елімізде социализмнің жеңімпаз құрылысының мүмкіндігін жоққа шығарып жүргендігі жұрттың бәріне де айқын. Мұндай мүмкіншілікті жоққа шығарумен оппозиция ашықтан-ашық тура меньшевиктердің позициясына шығып отыр.

Бұл мәселе жөнінде оппозицияның ұстап отырған мұндай бағыты оның осы күнгі басшылары үшін жаңалық емес. Каменев пен Зиновьев Октябрь көтерілісінен бастарткан кезде де осы бағытқа сүйенген болатын. Ол кезде олар: көтеріліс жасайтын болсақ біз құрыймыз, Құрылтай жыйылысын тосу керек, социализм үшін жағдай пісіп жеткен жоқ, тез арада пісіп жетпек те емес деген сөздерді тура айтқан еді.

Көтеріліске қосылған кезде Троцкий де осы бағытқа сүйенді. Өйткені неғұрлым жақын арада Батыста жеңімпаз пролетарлық революция болып бізге болыспаса, революцияшыл Россия кертартпа Европаға қарсы төтеп тұра алады деп ойлау ақымақтық болар еді деп Троцкий ашық айтты.

Шынында да, бірінші жағынан Зиновьев пен Каменев, екінші жағынан Троцкий, үшінші жағынан, Ленин мен партия болып, ол кезде көтеріліске қалай

шықты? Бұл өте қызық мәселе, бұл жөнде, жолдастар, бірнеше сөз айтуға болар еді.

Каменев пен Зиновьевтің көтерілске таяқтың күшімен қатнасқанын сіздер білесіздер. Ленин оларды партиядан шығармақ болып қорқытып, таяқтап қуалады (күлкі, қол шапалақтау), сондықтан олар көтеріліске қарай сүйретіліп еруге мәжбүр болды. (Күлкі. Қол шапалақтау.)

Троцкий көтеріліске еркімен қатнасты. Бірақ ол жәй ғана қатнасқан жоқ, шартпен қатнасты, оның олай етуі сол кездің өзінде-ақ оны Зиновьев пен Каменевке жақындастырды. Троцкий көтеріліске өз бағыты мен өз туын көтеріп қатнасатындығын айтқысы келіп, дәл Октябрьдің алдында, 1917 жылы июньде Петроградта өзінің «бейбітшілік программасы» деген ескі кітапшасын қайта бастырып шығаруды қолайлы деп табуы да қызық нәрсе. Бұл кітапшада ол не туралы айтады? Троцкий бұл кітапшасында, бір елде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы мәселе жөнінде Ленинмен айтысады, Лениннің бұл пікірін ол теріс деп санайды да: өкіметті алуға болар, бірақ батыс Европа жұмысшылары жеңіп шығып, бізге келіп болыспаса, революцияшыл Россия кертартпа Европаға қарсы төтеп беріп тұра алады деп ойлау үмітсіз деп дәлелдейді, ал Троцкийдің бұл сынына сенбегендер ұлттық тұйықтықтан арыла алмай жүргендер болады-мыс.

Троцкийдің сондағы кітапшасынан мынадай үзінді келтірейік:

«Біздің бастаған ісіміз өзге елдердегі күреске қозғаушы болады деп толық сене отырып, өзге елдерді күтпей-ақ, біз күресті ұлттық негізде бастап, алға бастыра береміз; ал егер бұл сен-

геніміз болмай шыкса, онда, мәселен, революцияшыл Россия кертартпа Европаға төтеп беріп тұра алар еді деп үміттенуге болмайды, тарихтың тәжрибесі де, теориялык пікірлер де мұны сыйпаттап отыр»... «Әлеуметтік революцияның перспективаларын ұлттык шенберде карау — социал-патриотизмнің мәні болып табылатын нак ұлттык шектелушіліктің торына түскендік болар еді». (Троцкий, «1917», III томы, 1-бөлім, 90-бет.)

Троцкийдің койған шарты міне осы, жолдастар, бұл шарт Троцкийдің Каменев, Зиновьевпен осы күнгі жасап отырған одағының тамырларын, оның астарын бізге анағұрлым түсіндіріп береді.

Ал көтеріліске Ленин калай шыкты, партия калай шыкты? Олар да шарт койды ма? Жок, Ленин және оның партиясы көтеріліске шарт койып шыккан жок. Лениннің 1917 жылы сентябрьде шет елде басылып шыккан «Пролетарлык революцияның соғыстык программасы» деген бір тамаша мақаласының үзіндісі, мынадай:

«Бір елде женген социализм жалпы алғанда барлык соғыстарды бірден жойып жібермейді. Кайта, ол соғыстардың болатындығын аңғартады. Капитализмнің түрліше елдерде мейлінше әркелкі дамыйды. Товарлы өндіріс тұсында баскаша болуға да мүмкін емес. Мұнан тура шығатын кортынды: социализмнің барлык елдерде бір уакытта женуі мүмкін емес. Социализм алдымен бір елде немесе бірнеше елдерде женіп шығады, ал калған елдер бірсыпыра уакыт бойына буржуазиялык немесе буржуазиялыкка дейінгі түрде тұрады. Мұның өзі баска елдер буржуазиясының социалистік мемлекеттегі женімпаз пролетариатпен кағысуын туғызып кана коймайды, мұнымен катар оны кыйратуға тура әрекет етуін де туғызуға тиіс. Мундай жағдайларда біздің соғысуымыз занды да, дурыс та болар еді. Мундай соғыс социализм үшін, баска халыктарды буржуазиядан азат ету үшін жүргізілетін соғыс болар еді» (Ленин, «Пролетарлык революцияның соғыстык программасы», «Ленин Институтының хаттары», II кітап, 7-беті[65]).

Бұл арада бізге мүлде басқаша нұсқау беріліп отырғандығын мінеки сіздер көріп отырсыздар. Троцкий көтеріліске шыққанда оны Каменевпен және Зиновьевпен жақындастыратын — уақытында сырттан жәрдем болмаса, пролетариат өкіметі өзінен-өзі өз алдына бір елеулі нәрсе болып шыға алмайды деген шартпен шықса, ал Ленин, мұның керісінше, ешбір шарт қоймай-ақ көтеріліске шықты; ол: біздің еліміздегі пролетарлық өкімет басқа елдер пролетарларының буржуазия бұғауынан азат болуына болысу үшін база болуға тиіс деді.

Міне Октябрь көтерілісіне большевиктер осылай аттанды, ал Троцкийдің және Зиновьевпен қосылып Каменевтің Октябрь революциясының оныншы жылында ауыз жаласа қалуының да себебі міне осы.

Оппозиция одағын құрарда, Троцкий мен Каменев Зиновьевтің арасындағы болған әңгімені диалог түрінде көрсетуге болар еді.

Каменев пен Зиновьев Троцкийге: «Мінеки көріп отырсыз, қымбатты жолдас, ақырында біздің: Октябрь көтерілісіне қатнаспау керек еді, Құрылтай жиылысын, т. б. тоса тұру керек еді деп айтқанымыз дұрыс болып шықты. Енді жұрттың бәрі көріп отыр, еліміз азып барады, өкімет азып барады, біз құруға бет алып келеміз, бізде ешбір социализм болмайды. Көтеріліске қатнаспау керек еді. Ал сіз көтеріліске еркіңізбен қатнастыңыз. Сіз үлкен қате істедіңіз».

Троцкийдің оларға жауабы: «Жоқ, қымбатты жолдастар, сіздер маған әділ қарамай отырсыздар. Көтеріліске қатнасқанмен мен оған қалай қатнастым, сіздер бұл туралы айтуды ұмытып отырсыздар. Мен көтеріліске тура қатнасқаным жоқ, шартпен қатнас-

тым ғой. (Жалпы күлкі.) Ал қәзір сырттан ешбір жәрдем күтуге болмайтындығы анықталып отырғандықтан істің құруға қарай бет алып бара жатқандығы айқын, мен бұлай болатынын, кезінде, «Бейбітшілік программасында» күн бұрын айтқанмын».

Зиновьев пен Каменев: «Бұл, бәлкім, солай да болар. Сіздің шартпен қатнасқаныңыз біздің есімізден шығып кетіпті. Енді біздің одағымыздың идея жағынан дәлелдегендігі айқын болды». (Жалпы күлкі. Қол шапалақтау.)

Біздің елімізде жеңімпаз социалистік құрылыстың мүмкін екенін жоққа шығаруда оппозицияның алып отырған бағыты міне осылай келіп шықты.

Ал бұл бағыт нені көрсетеді? Бұл бағыт тізе бүгушілікті көрсетеді. Кімнің алдында тізе бүгу керек? Сірә, біздің еліміздегі капиталистік элементтердің алдында тізе бүгу керек болар. Тағы кімнің алдында тізе бүгу керек? Бүкілдүниежүзілік буржуазия алдында тізе бүгу керек. Ал солшыл жел сөздер, революцияшыл қыймыл ишараттар, — бұлар қайда жоғалып кетті? Олардың күлі көкке ұшты. Біздің оппозицияны жақсылап тұрып сілкілесеңіздер, ондағы революцияшылсынған желсөзді алып тастасаңыздар, сіздер оппозицияның арғы түбінде тізе бүгушілік жатқанын көресіздер. (Қол шапалақтау.)

Екінші. Пролетариат диктатурасы туралы мәселе. Бізде пролетариаттың диктатурасы бар ма, әлде жоқ па? Бұл сұрақ біраз өрескелдеу. (Күлкі.) Солай бола тұрса да, оппозиция бұл мәселені сөйлеген сайын қозғап отыр. Оппозиция, бізде термидорлық азғындау бар дейді. Ал бұл не деген сөз? Бұл бізде пролетариат диктатурасы жоқ, жұмысымыз бүлініп,

біздің экономикамыз да, саясатымыз да кері кетіп барады, біз социализмге емес, капитализмге кетіп барамыз деген сөз. Мұның өзі, әрине, өрескелдік және ақымақтық. Бірақ та оппозиция өз пікірінен қайтпай отыр.

Мінеки, жолдастар, тағы бір ажырасушылық осы. Троцкийдің Клемансо труалы белгілі тезисі де осыған негізделген. Егер өкімет азған болса немесе азып бара жатқан болса, ондай өкіметті аяудың, оны қорғаудың, жақтаудың керегі бар ма? Әрине, керегі жоқ. Мұндай өкіметті «алып тастау» үшін қолайлы жағдай туса, айтайық, жау Москваға енуге 80 километр қалса, — онда әлгі жағдайды осы өкіметті сыпырып тастап, оның орнына жаңа өкімет, клемансолық өкіметті, яғни троцкистік өкіметті қою үшін пайдаланып қалу керек екендігі айқын емес пе.

Мұндай «бағыттың» лениндік бағытпен ешбір ұқсастығы жоқ екені ап-айқын нәрсе. Бұл нағыз таптаза сылдыр меньшевизм. Оппозиция меньшевизмге тайып кетті.

Үшінші. Жұмысшы табының орта шаруамен одағы туралы мәселе. Оппозиция өзінің мұндай одақ идеясына теріс қарайтындығын ылғый жасырып келді. Оппозиция платформасының, оның бізге қарсы тезистерінің тамашалығы оның ішіндегі жазылған сөздерінен де гөрі оппозицияның өзінің шын бетін жұмысшы табынан жасыруға тырысқандығында болып отыр. Бірақ міне оппозиция басшыларының бірі И. Н. Смирнов деген адам табыла кетіп, оның оппозиция жөніндегі шындықты айтуға, оппозицияның бар сырын ашып салуға батылы барып отыр. Сөйтіп, не болып шықты? Сөйтіп біз «құруға айналып бара жат-

қан» көрінеміз, егер «аман қалғымыз» келсе, орта шаруамен одақты үзуіміз керек екен. Тым тауып айтқан деуге келмейді. Бірақ та анық айтылған.

Сонымен бұл жерде де оппозицияның меньшевиктік сыйқы, ақырында, жұрттың бәріне көрініп қалды.

Төртінші. Біздің революцияның сыйпаты туралы мәселе. Егер біздің елімізде жеңімпаз түрде социализм орнатудың мүмкіншілігі бекерге шығарылатын болса, пролетариат диктатурасының бар екендігі де бекерге шығарылатын болса, жұмысшы табының шаруалармен одақ жасауының қажет екендігі теріске шығарылатын болса, — ол уақытта біздің революциямыздан, оның социалистік сыйпатынан не қалмақ? Әрине, ешнәрсе де қалмайды, тіпті түк те қалмайды. Пролетариат өкімет басына келді, буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізді, ал шаруаларға революцияның енді керегі жоқ, өйткені олар алар жерін алып болды, — демек, пролетариат басқа таптарға орын босатып, өзі тайып тұра алады.

Егер оппозициялық көзқарастардың түп тамырларын қазғылап қарасақ, оппозицияның ұстаған бағыты міне осы.

Біздегі оппозицияның тізе бүгушілік пығылының барлық тамырлары міне осы. Бундтан шыққан капитулянт Абрамович оппозицияны текке мақтап отырған жоқ.

Бесінші. Отарлардағы революцияларға басшылық етудегі лениндік бағыт туралы мәселе. Ленин империалистік елдер мен езілген елдердің арасындағы айырмашылыққа, империализм елдеріндегі коммунизм саясаты мен отар елдердегі коммунизм саясатының арасындағы айырмашылыққа сүйенді. Осы айырма-

шылыққа сүйене отырып, соғыс кезінде-ақ ол былай деді: отан қорғау идеясы империализм елдерінде коммунизм үшін қолайсыз және контрреволюциялық болып табылады, ал империализмге қарсы азаттық соғысын жүргізіп жатқан езілген елдерде әбден қолайлы және әділетті болып табылады.

Міне дәл сондықтан да Ленин, егер ұлт буржуазиясы империализмге қарсы соғыс жүргізсе, коммунистердің жұмысшылар мен шаруа кедейлерін коммунизм рухында тәрбиелеуіне ұлт буржуазиясы кедергі жасамаса, онда белгілі сатыда, белгілі мерзімде отар елдердің ұлт буржуазиясымен блок жасауға, тіпті одақ та болуға мүмкін болады деді.

Оппозицияның бұл жерде күнәға батуы мынада: оппозиция бұл арада, отар елдердің империализмге қарсы революциялық соғыстарын қолданудың қажеті жоқ дейтін II Интернационалдың бағытына шығып, Лениннің әлгідегі бағытынан мүлдем қол үзіп отыр. Оппозицияның Қытай революциясы туралы мәселедегі сәтсіздіктерінің бәрі де дәл осымен анықталады.

Тағы да бір алауыздық міне осындай.

Алтыншы. Дүниежүзілік жұмысшы қозғалысында бірыңғай майдан жасау тактикасы туралы мәселе. Бұл жердегі оппозицияның күнәсі: ол жұмысшы табының миллиондаған бұқарасын бірте-бірте коммунизм жағына аударып алу мәселесінде Ленин тактикасынан қол үзіп отыр. Жұмысшы табының миллиондаған бұқарасын коммунизм жағына қаратып алу партия саясатының тек дұрыстылығы арқылы ғана болмайды. Партияның дұрыс саясаты болу — бұл үлкен іс, бірақ барлық іс әлі мұнда емес. Жұмысшы та-

бының миллиондаған бұқарасы коммунизм жағына шығу үшін, бұл үшін ол бұқара коммунизм саясатының дұрыс екендігіне өз тәжрибесі арқылы көзі жетіп сенуі керек. Ал бұқараның бұған көзі жетуі үшін, бұл үшін уақыт керек, бұл үшін партия өзінің позициясына бұқараны бастап келу жөнінде өте шеберлікпен және түйінін тауып іс істеуі керек; өз саясатының дұрыстығына миллиондаған бұқараның көздерін жеткізу жөнінде партия өте шеберлікпен, түйінін тауып іс істеуі керек.

Біз 1917 жылы апрельде мүлде дұрыс жол ұстадық, өйткені біз онда буржуазияның құлатылып, Совет өкіметінің орнатылатындығын, істің осыған бет алып бара жатқандығын білген едік. Бірақ біз ол кезде жұмысшы табының қалың бұқарасын көтеріліс жасауға шақыра қоймадық. Неге? Неге десеңіз, біздің сөзсіз дұрыс саясатымыздың дұрыс екендігіне бұқараның көзі жетуге әлі мүмкіндігі бола қойған жоқ еді. Тек эсерлер мен меньшевиктердің ұсақбуржуазиялық партиялары революцияның негізгі мәселелерінде ақыры әбден масқара болған кезде, бұқараның тек біздің саясатымыз дұрыс саясат екендігіне көзі жете бастаған кезде, міне тек сол кезде ғана біз бұқараны көтеріліске бастадық. Біз бұқараны көтеріліске дәл кезінде бастағандығымыздан, міне нақ сондықтан біз онда жеңіп шықтық.

Бірыңғай майдан идеясының тамыры міне осында. Ленин бірыңғай майдан тактикасын, шындығында, капиталистік елдердегі социал-демократиялық ымырашылдықтың ескі әдеттеріне ұшыраған жұмысшы табының миллиондаған бұқарасының коммунистер саясатының дұрыс екендігіне өз тәжрибесі арқылы көзі

жетіп, коммунизм жағына шығуын жеңілдету үшін қолданған болатын.

Оппозицияның күнәсі — ол осы тактиканы мүлде теріске шығарады. Осы бірыңғай майдан тактикасымен бір кезде өрескел, соракы түрде әуестенген оппозиция Англиядағы Бас советпен келісім жасау ісін барынша құттықтады, бұл келісім «бейбітшіліктің елеулі кепілдіктерінің бірі» болады, «интервенцияға карсы елеулі кепілдіктердің бірі» болады, «Европадағы реформизмді зыянсыз етудің» елеулі кепілдіктерінің бірі болады, деп есептеді (БК(б)П-ның XIV съезіндегі Зиновьевтің баяндамасын қараңыз). Бірақ Перселдер мен Хикстердің жәрдемі аркасында реформизмді «зыянсыз етеміз» деген өздерінің үміттерінен көңілі катты калғаннан кейін, оппозиция бірыңғай майдан тактикасы идеясын мүлде керек емес деп екінші ушкарылыкка барып сокты.

Бірыңғай майданның лениндік тактикасынан оппозицияның толығымен бастартып отырғандығын көрсететін тағыда бір ажырасушылық міне осы, жолдастар.

Жетінші. Ленинші партиялылық туралы, БК(б)П мен Коминтерн ішінде ленинші бірлік туралы мәселе. Оппозиция бұл жерде екінші партия ұйымдастыру жолына, жаңа Интернационал ұйымдастыру жолына түсіп, Лениннің ұйымдық бағытынан мүлде кол үзіп отыр.

Негізгі жеті мәселе осы, жолдастар, бұл мәселелердің барлығы жөнінде де, оппозиция меньшевизмге тайып кетіп отыр.

Оппозицияның бұл меньшевиктік көзқарастары біздің партияның идеологиясымен, біздің партияның

программасымен, оның тактикасымен, Коминтерн тактикасымен, ленинизмнің ұйымдық бағытымен үйлеседі деуге бола ма?

Ешбір үйлеспейді, бір минут те үйлеспейді.

Сіздер: бізде мұндай оппозицияның тууы қалай мүмкін болды, мұның әлеуметтік тамырлары қайда? дерсіздер. Менінше, оппозицияның әлеуметтік тамыры: біздің даму жағдайымызда қаладағы ұсақбуржуазиялық жіктердің күйзелгендігінде, бұл жіктердің пролетариат диктатурасы режиміне наразы екендігінде, бұл жіктердің сол режимді өзгертуге, оны буржуазиялық демократия орнату рухында «оңдауға» ұмтылуында болып отыр.

Мен жоғарыда айтып кеттім, біздің ілгерілеуіміздің арқасында, өнеркәсібіміздің өсуінің арқасында, шаруашылықтың социалистік формаларының салмағының артуы арқасында ұсақ буржуазияның бір бөлегі, әсіресе қала буржуазиясының бір бөлегі күйзеліп, су түбіне кетіп барады. Оппозиция міне осы жіктердің пролетариат революциясы режиміне қарсы қыңқылы мен наразылығын көрсетеді.

Оппозицияның әлеуметтік тамырлары міне осындай.

4. Енді не істеу керек?

Ендігі жерде оппозиция жөнінде не істеу керек?

Бұл мәселеге көшпес бұрын, Каменевтің 1910 жылы Троцкиймен бірге істескен жұмысының бір тәжрибесін айтып өткім келеді. Бұл өте қызық мәселе. Бұл мәселенің қызық болатын себебі — ол қойылып отырған мәселені дұрыс шешу үшін бізге кейбір мүмкін-

шілік бере алады. 1910 жылы шет елде біздің Орталық Комитеттің пленумы болды. Бұл пленум большевиктердің меньшевиктермен, соның ішінде Троцкиймен қарым-қатнасы туралы мәселені талқылады (біз ол кезде меньшевиктермен ортақ партияның бір бөлегі едік және өзімізді фракция деп атаған едік). Пленум Ленинге қарамастан, Ленинге қарсы болып, меньшевиктермен, олай болса, Троцкиймен де, бітісуді жақтады. Ленин азшылық жағында қалды. Ал Каменев не істеді? Каменев Троцкиймен қызметтес болуды жүзеге асыра бастады. Каменев бұл қызметтестікті Лениннің рыйзашылығымен жүзеге асырып келді, өйткені большевизмге қарсы Троцкиймен қызметтес болудың зиянды және сорақы нәрсе екендігін Ленин Каменевке тәжрибе жүзінде дәлелдегісі келді.

Каменевтің бұл жөнде не айтатындығын тыңдаңыздар:

«1910 жылы біздің фракциямыздың көпшілігі ж. Троцкиймен бітісу және келісу жөнінде тәжрибе жасауға талпынып көрді. Владимир Ильич бұл талпынуға барынша қарсы болды жәнеде менің Троцкиймен келісуге құмар болғандығым үшін маған «жаза» болғандай нақ мені ж. Троцкийдің газетінің редакциясына Орталық Комитеттің өкілі етіп жібертті. 1910 жылдың күзінде — бұл редакцияда бірнеше ай жұмыс істегеннен кейін — менің «бітістіру» жолын ұстағанымды Владимир Ильичтің жақтырмағаны дұрыс болып шыққандығына көзім жетті және оның рыйзалығы бойынша, ж. Троцкийдің редакциясынан шықтым. Менің ж. Троцкиймен сол кездегі айрылысуым партияның Орталық Органындағы қатаң жазылған бірсыпыра мақалалардан белгілі. Нақ сол кезде Владимир Ильич маған біздің жойымпаз-меньшевиктермен де, Троцкиймен де екі арадағы алауыздықтарымызға қортынды жасайтын кітапша жазуға қосты. «Сіз антибольшевиктік жіктердің солшыл (троцкийшіл) қанатымен келісу тәжрибесін жасап көрдіңіз, келісуге болмайтындығына сіздің көзіңіз

жетті, сіз осыған қортынды жасайтын кітапша да жазуға тиіссіз» деді маған Владимир Ильич. Большевизм мен біз ол кезде троцкизм деп атаған ағымның арасындағы қатнастарға жататын нәрселердің бәрін де... түгел айтып шығуды Владимир Ильичтің қатты талап еткендігі табиғи нәрсе». (Л. Қаменевтің өзінің «Екі партия» деген кітапшасына жазған алғысөзі.)

Ал мұнан қандай қортынды шықты? Тағыда тыңдаңыздар.

«Троцкиймен бірлесіп істескен жұмыстың тәжрибесі келісімпаздықтың жойымпаздықты жақтауға тоқтаусыз апарып соғатындығын, жойымпаздық жағына батыл шығып кетуге апарып соғатындығын көрсетеді; шынымды айтайын, мен бұл тәжрибені шын ниетіммен жасадым, мұны кәзір Троцкий пайдаланып отырған менің хаттарым мен жеке сөйлескен сөздерім көрсетеді». (Л. Қаменев, «Екі партия».)

Онан соң:

«Егер «троцкизм» партия ішіндегі бағыт ретінде жеңіп шыққан болса, онда жойымпаздар үшін, шақырымпаздар үшін, партияға қарсы күресуші барлық ағымдар үшін нендей кең жол ашылған болар еді» (бұл да сонда).

Троцкиймен бірлесіп істеген жұмыстың тәжрибесі міне осы, жолдастар. (Д а у ы с: «Сабақ боларлық тәжрибе».) Бұл тәжрибенің нәтижелерін Қаменев 1911 жылы «Екі партия» деген атпен шыққан арнаулы кітапшада суреттеп берді. Троцкиймен қызметтес болу жөніндегі жалған үміттен ол кезде әлі арылмаған жолдастардың бәріне бұл кітапшаның пайда келтіргендігіне мен күмәнданбаймын.

Ал енді менде мынадай сұрақ бар: Қаменев Троцкиймен қызметтес болғандығының осы кездегі тәжрибесі туралы сол «Екі партия» деген атпен тағыда бір кітапша жазуға талпынбас па екен? (Ж а л п ы к ү л-

кі. Қол шапалақтау.) Бұл, бәлкім, пайдасыз болмас еді. Троцкий кәзір Каменевтің хаттары мен құпыя сөздерін оның өзіне қарсы бұрынғыдай пайдаланбайды деп, мен, әрине, Каменевке сенім бере алмаймын. (Жалпы күлкі.) Бірақ бұдан қорқуға бола қоймас. Қайткенде де бұл арада екенің бірін таңдап алу керек: не Троцкий Каменевтің хаттарын пайдаланып, оның Троцкиймен әңгімелескенде айтқан құпыя сөздерін жұртқа жаяды деп қорқу керек, онда партиядан тыс қалып қою қаупі туады, не болмаса қорқудың қандайын болса да тастап, партия ішінде қалу керек.

Мәселе кәзір осылайша қойылып отыр, жолдастар. Екінің бірі.

Оппозиция — біз партияның барлық қарарларына осы кезде де, келешекте де бағынамыз деп (дауыс: «1926 жылғы октябрь айындағыдай ма?»), өзіміздің фракциямызды таратамыз деп (дауыс: «Біз мұны екі рет естідік») және өзі бастартпайтын көзқарастарын партия уставының шеңберінде қозғаймыз деп (дауыстар: «Пәлі!», «Оларды біздің өзіміздің таратқанымыз жақсы!») съезге арыз жазу ниеті бар деседі жұрт. (Дауыстар: «Шарт қойып жүргенін қарашы». «Устав шеңбері дегеніңіз бізде сағыздай созылмалы нәрсе емес».)

Жолдастар, менің ше, бұл қылжақтан ешнәрсе шықпайды. (Дауыстар: «Дұрыс!» Ұзақ қол шапалақтау.) Жолдастар, бізде де арыз жөнінде азын-аулақ тәжрибе бар, (қол шапалақтау) 1926 жылғы 16 октябрь мен 1927 жылғы 8 августа берілген екі арыз жөнінде азын-аулақ тәжрибеміз бар (дауыстар: «Дұрыс!»). Бұл тәжрибе неге әкеліп

соқты? Менің «Екі партия» деген кітапша жазатын ойым болмаса да, алай да бұл тәжрибе өте жаман нәтижеге әкеліп соққандығын айтып өтем (дауыстар: «Дұрыс!»), партияны екі рет алдауға, партия тәртібін нашарлатуға әкеліп соққандығын айтып өтем. Біз, ұлы партияның съезі, Ленин партиясының съезі, осындай тәжрибеден кейін, оппозицияның сөздеріне сенуі керек деп оппозицияның кәзір бізден талап етуге қандай дәлелі бар? (Дауыстар: «Бұл ақмақтық болар еді». «Бұған сенген адам сазайын тартады»).

Олар партиядан шығарылғандарды қайтадан алу туралы да мәселе қояды деседі жұрт. (Дауыстар: «Бұдан ешнәрсе шықпайды». «Меньшевиктердің батпағына түсе берсін».) Жолдастар, менің ше, мұнан да ешнәрсе шықпайды. (Ұзақ қол шапалақтау.)

Партия Троцкий мен Зиновьевті неге шығарды? Неге десеңіз, антипартиялық оппозицияның бүкіл ісін осылар ұйымдастырды (дауыстар: «Дұрыс!»), неге десеңіз, олар партия заңдарын бұзуды өзінің мақсаты етті, неге десеңіз, олар бізге тиюге ешкімнің батылы бармайды деп дәмеленді, неге десеңіз, олар партияның ішінде өздеріне дворяндық жағдай туғызғысы келді.

Бірақ партияның ішінде артықшалықтармен пайдаланатын дворяндар мен осы артықшалықтардан жұрдай болған шаруалар болуын біз тілейміз бе? Дворяндық сословиені түп-тамырымен құртқан біздер, большевиктер, енді ол сословиені партиямыздың ішінде қайта орнатпақпыз ба? (Қол шапалақтау.)

Сіздер: біз Троцкий мен Зиновьевті партиядан неге

шығардық? деп сұрайсыздар. Неге десеңіз, біз партия ішінде дворяндардың болуын тілемейміз. Неге десеңіз, біздің партиямыздың заңы бір-ақ заң, сондықтан партияның барлық мүшелерінің праволары бірдей. (Дауыстар: «Дұрыс!». Ұзақ қол шапалақтау.)

Егер оппозицияның партия қатарында қалғысы келсе, партияның еркіне, оның заңдарына, оның нұсқауларына тілқатпастан, мүлтіксіз бағынатын болсын. Мұны тілемейді екен, — қалаған жеріне бара берсін. (Дауыстар: «Дұрыс!». Қол шапалақтау.) Оппозицияға жеңілдік беретін жаңа заңдарды біз тілемейміз және ондай заңдарды жасамаймыз да. (Қол шапалақтау.)

Шарт туралы сұрайды жұрт. Бізде бір-ақ шарт бар: оппозиция идея жағынан да, ұйым жағынан да түгел каруларын тастауы керек. (Дауыстар: «Дұрыс!». Ұзақ қол шапалақтау.)

Оппозиция өзінің антибольшевиктік көзқарастарынан ашық және адал, бүкіл дүние жүзі алдында бас тартуы керек. (Дауыстар: «Дұрыс!». Ұзақ қол шапалақтау.)

Оппозиция өзі істеген қателерін, партияға қарсы қылмысқа айналған қателерін ашық және адал, бүкіл дүние жүзі алдында масқаралауы керек.

Оппозиция өзінің ұяларын бізге өткізуі керек, сөйтіп ол ұяларды бірін қалдырмастан түгел тарату үшін партияға мүмкіншілік беруі керек. (Дауыстар: «Дұрыс!». Ұзақ қол шапалақтау.)

Не осылай істеу керек, не партиядан аулақ кетсін. Кетпейді екен — қуып шығамыз. (Дауыстар: «Дұрыс!». Ұзақ қол шапалақтау.)

Оппозиция жөніндегі әңгіме осылай болып отыр, жолдастар.

IV

ЖАЛПЫ ҚОРТЫНДЫ

Жолдастар, мен сөзімді бітіремін.

Осы есеп беріліп отырған дәуірдің ішіндегі жалпы қортынды қандай? Қортынды мынадай:

1) адам айтқысыз қыйыншылықтар болса да, «ұлы державалар» буржуазиясы провакациялар жасап, тиісіп отырған болса да, біз айналамыздағы мемлекеттермен татулық сақтап келдік;

2) толып жатқан кедергілерге қарамастан, жүз құлпырған сатылғыш буржуазиялық баспасөздің ұшан-теңіз өсегіне қарамастан, біз ССРО-дағы жұмысшы табының империалистік елдер мен отарлардың жұмысшыларымен байланысын нығайттық;

3) біз бүкіл жер жүзіндегі миллиондаған еңбекші бұқараның арасында пролетариат диктатурасының беделін көтердік;

4) біз, партия ретінде, Коминтернге және оның секцияларына дүние жүзінің барлық елдерінде ықпалын нығайтуына болыстық;

5) дүние жүзіндегі революциялық қозғалыстың дамуы үшін, оны тездету үшін бір партия не істей алатын болса, біз соның бәрін де істедік;

6) біз социалистік индустриямызды көтердік, индустриямыздың дамуы үшін мейлінше үздік қарқын жасадық және бүкіл халық шаруашылығының ішінде индустриямыздың гегемониясын орнаттық;

7) біз социалистік индустрияның шаруа шаруашылығымен байланысын жасадық;

8) біз жұмысшы табының, кедейге сүйене отырып, орта шаруамен жасаған одағын нығайттық;

9) халықаралық дұшпандық қоршауға қарамастан, біз елімізде пролетариат диктатурасын нығайттық; пролетариаттың тек капитализмді қыйрату ғана емес, социализмді орнату ісі де қолынан келетіндігін барлық елдердің жұмысшыларына көрсеттік;

10) біз партияны нығайттық, ленинизмді қорғап қалдық және оппозицияның тас-талқанын шығардық.

Жалпы қортынды міне осындай.

Ал бұдан шығатын қортынды қандай? Қортынды біреу: біздің ұстаған жолымыз дұрыс, біздің партияның саясаты дұрыс. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!». Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Бұдан шығатын қортынды: біз осы жолмен жүре отырып, шынында да өз елімізде социализмнің жеңуіне, барлық елдерде социализмнің жеңуіне жетеміз. (Ұ з а қ қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Мұның өзі енді біздің жолымызда қыйыншылықтар болмайды деген сөз емес. Қыйыншылықтар болады. Бірақ біз одан қорықпаймыз, өйткені біз — революцияның жалынында шыныққан большевиктерміз.

Қыйыншылықтар болады. Ал біз осы күнге дейін қыйыншылықтарды қалай жеңіп келсек, бұл қыйыншылықтарды да солай жеңеміз, өйткені біз — большевиктерміз, біз қыйыншылыққа қынжылмайтын, оған жыламайтын, қайта қыйыншылықпен күресу үшін Лениннің болаттай берік партиясының тәрбиелеп шығарған большевиктеріміз.

Біз большевиктерміз, — нақ сондықтан да біздің жеңуіміз шексіз.

Жолдастар! Коммунизмнің біздің елімізде жеңіп шығуына қарай, коммунизмнің бүкіл дүние жүзінде жеңіп шығуына қарай ілгері ұмтылайық. (Катты, ұзақ қол шапалақтау. Жұрттың бәрі орындарынан тұрып, Сталин жолдасқа овация жасайды. «Интернационалды» жырлайды.)

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ЕСЕБІ БОЙЫНША ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

7 декабрь

Жолдастар! Бірсыпыра делегаттардың сөздерінен кейін маған айтарлық көп нәрсе қалмайды. Евдокимов пен Мураловтың сөздері туралы мен ашып ешнәрсе айтпаймын, өйткені олардың сөздері бұған материал бермейді. Олар туралы бір-ақ нәрсе айтуға болады; олардың күнәсін алланың өзі кешірегөрсін, өйткені өздерінің не мылжыңдап жүргендігін олардың өздері де білмейді. (Күлкі, қол шапалақтау.) Менің Раковскийдің, әсіресе Каменевтің сөзіне тоқтап өткім келеді, өйткені оппозиционерлердің барлық сөздерінің ішінде Каменевтің сөзі нағыз фарисейлік, нағыз өтірік сөз болып табылады.

I

РАКОВСКИЙДІҢ СӨЗІ ТУРАЛЫ

а) **Сыртқы саясат туралы.** Меніңше, Раковский бұл жерде соғыс пен сыртқы саясат туралы мәселені бостан-бос қозғап отыр. Раковскийдің Москва конференциясында соғыс туралы мәселе жөнінде ақмақшылық істегені жұрттың бәріне мәлім. Ол бұл жерге келіп,

өзінің ақмақтығын түзету үшін сөз алған көрінеді. Ал шынында бұрынғыдан бетер ақмақшылық болып шықты. (Күлкі.) Менінше, Раковский үшін сыртқы саясат туралы үндемеу тиімді болған болар еді.

б) **Солшылдық пен оңшылдық туралы.** Раковскийдің айтуынша, оппозиция біздің партиямыздың солшыл секторы болып табылады. Бұл адам күлерлік нәрсе, жолдастар. Мұндай сөздер саяси банкроттардың өзін-өзі жұбатуы үшін айтылып жүрген көрінеді. Оппозицияның біздің партиямыздағы меньшевиктік қанат болып табылатындығы, оппозицияның меньшевизмге тайып кеткендігі, оппозицияның объективті жағынан алғанда буржуазиялық элементтердің құралына айналғандығы дәлелденді. Мұның бәрі де дәлелденді, жете дәлелденді. Ал онда оппозицияның солшылдығы туралы қандай сөз болуы мүмкін? Объективті жағынан алғанда «үшінші күштің», буржуазиялық элементтердің құралына айналған меньшевиктік топ большевиктерден гөрі солшыл болыптымыс деген нәрсені қайдан естідіңіз? Оппозицияның БК(б)П ішіндегі оңшыл, меньшевиктік қанат екендігі айқын емес пе?

Раковский, сірә, біржолата шатасып, оң мен солды айыра алмай отырған тәрізді. Гогольдің Селифанының: «Әй, қаратабан-ай... оңың мен солыңды білмейсің!» деген сөзі есіңізде болар.

в) **Оппозицияның көмегі туралы.** Бізге империалистер шабуыл жасай қалғандай болса, оппозиция партияны қолдауға дайын — дейді Раковский. Неткен рахымдылық десейші! Біздің партиямызда жарты процентке әрең жететін олар, осы кішкентай топ, біздің елімізге империалистер шабуыл жасай қалғандай бол-

са, көмек етеміз деп рахымсынып уәде береді. Біз сендердің көмектеріңе сенбейміз, ол көмектің бізге керегі де жоқ! Біз сендерден бір-ақ нәрсені сұраймыз: бізге кедергі жасамаңдар, бізге кедергі жасауды қойыңдар! Қалғанның бәрін біздің өзіміз істейміз, бұған сенімдерің кәміл болсын. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!». Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

г) «Хабаршылар» туралы. Онан соң Раковский: оппозиция бізге қауіптер туралы, қыйыншылықтар туралы, біздің еліміздің «мерт болуы» туралы хабар беріп отыр дейді. Өздері мерт бола тұрып және көмекке шынымен мұқтаж бола тұрып, партияны «мерт болудан» құтқарып жүрміз деп мылжыңдап отырған хабаршылар, несін айтасын, хабаршы-ақ қой. Өздері шала жансар бола тұрып, өзгелерді құтқаруға тұмсығын сұғады! Бұл адам күлерлік нәрсе емес пе, жолдастар? (К ү л к і.)

Теңіздің бетінде әрең-әрең қалқып, енді-енді суға батайын деген кішкентай қайық пен толқынды бар пәрменімен қақ жарып, сенімді түрде ілгері қарай жүзіп келе жатқан пароходты салыстырып қараңыздаршы. Егер осы кішкентай қайық пароходты құтқарам деп ұмтылса, сіздер не дер едіңіздер? (К ү л к і.) Рас емес пе, бұл күлкіден де асқан бірдеңе болар еді. Оппозициядағы біздің «хабаршылар» да кәзір нақ осындай халде болып отыр. Олар бізге қауіптер туралы, қыйыншылықтар туралы, «мерт болу» туралы, ойларына келген нәрсенің барлығы туралы хабар береді, ал өздері су түбіне батып бара жатқандығын, су түбіне батқандығын байқамайды.

Өздерін «хабаршылар» дей отырып, оппозиционерлер осынысымен партияға, жұмысшы табына, елімізге

басшылық етпекші. Бұған қандай дәлелдерің бар? деген сұрақ туады. Олар, оппозиционерлер, партияға, жұмысшы табына, елімізге демей-ақ қояйық, бірденеге басшылық ете алатындығын іс жүзінде көрсетті ме, сірә? Троцкий, Зиновьев, Каменев сықты адамдар бастаған оппозиция өздерінің тобына міне екі жылдан бері басшылық етіп келе жатқандығы және, өздерінің тобына басшылық ете отырып, оппозицияның басшылары оны мүлдем құрыйтын халге алып келгені факт емес пе? Оппозиция өзінің тобын осы екі жылдың ішінде жеңілістен жеңіліске ұшыратқаны факт емес пе? Мұның өзі оппозицияның басшыларының түкке жарамай шыққандығын, олардың басшылығы жеңіске қарай емес, жеңіліске қарай апаратын басшылық болып шыққандығын көрсетпей нені көрсетеді? Ал оппозицияның басшылары кішкентай істе түкке жарамай шықса, үлкен істе іскер болып шығады деп ойлауға қандай дәлел бар? Кішкентай топқа басшылық ету ісінде банкрот болып шыққан адамдарға партия, жұмысшы табы, еліміз сықты үлкен істі басқаруды беріп қоюға ешкімнің батылы бара алмайтыны айқын емес пе? Біздің «хабаршылар» міне осыны түсінгісі келмейді.

II

КАМЕНЕВТІҢ СӨЗІ ТУРАЛЫ

Мен Каменевтің сөзіне көшемін. Оппозиционерлердің осында, осы мінбеден сөйлеген барлық сөздерінің ішінде Каменевтің сөзі нағыз өтірік, нағыз фарисейлік, нағыз барып тұрған кәззаптық, барып тұрған сұрқиялық сөз болып табылады. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!». Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

а) **Бір тұлғадағы екіжүзділік.** Каменевтің өз сөзінде алғашқы қолданған амалы — із қалдырмау. Партияның өкілдері бұл жерде біздің партиямыздың жетістіктері туралы, біздің құрылысымыздың табыстары туралы, біздің жұмысымызды жақсарту туралы, т. б. туралы сөйледі. Олар, онан соң, оппозиционерлердің меньшевиктік күнәға батқандығы туралы, олардың біздің елімізде социализмді ойдағыдай орнату мүмкіншілігін мойындамай, ССРО-да пролетарлық диктатураның өмір сүруін мойындамай, жұмысшы табының орташалармен одақ жасасу саясатының пайдалылығын мойындамай, термидор жөнінде, т. б. жөнінде жала таратып, меньшевизмге тайып кеткендігі туралы айтты. Олар, ақырында, оппозицияның мұндай көзқарастары біздің партиямыздың қатарында болушылықпен сыйыса алмайтындығы туралы сөйледі, егер оппозицияның партияда қалғысы келсе, ол осы меньшевиктік көзқарастардан бастартуы керек деді.

Сөйтіп, не болып шықты? Каменев бұл мәселелерге соқпай өтуді, із қалдырмауды және шауып өте шығуды бәрінен артық көрді. Одан біздің программамыздың, біздің саясатымыздың, біздің құрылысымыздың аса маңызды мәселелері туралы айтуын сұрайды. Ал ол бұл мәселелерге соқпай өтеді, бұл мәселелердің оған қатысы жоқ сияқты. Каменевтің мұндай қылықтарын іске салмақты түрде қарағандық деп айтуға бола ма? Оппозицияның мұндай қылықтарын немен түсіндіруге болады? Мұны мынамен ғана түсіндіруге болады: оппозицияның партияны алдағысы келеді, оның қырағылығын кетіргісі келеді, партияны тағыда бір рет алдағысы келеді.

Оппозицияның екі жүзі бар: біреуі — арамойлы-жылы шырайлылық, екіншісі — меньшевиктік-антиреволюциялық. Партия оппозицияға қысым жасап, онан фракцияшылдықтан бастартуды, жікке бөліну саясатынан бастартуды талап еткен кезде оппозиция партияға өзінің арамойлы-жылы шырайлы жүзін көрсетеді. Ал енді оппозиция партияға қарсы, Совет өкіметіне қарсы шығу үшін пролетарлық емес күштерге шағым еткен кезде, «көшеге» шағым еткен кезде ол өзінің меньшевиктік-антиреволюциялық жүзін көрсетеді. Өздеріңіз көріп отырсыздар, оппозиция партияны тағыда бір рет алдағысы келіп, кәзір бізге фарисейлік жүзін көрсетіп отыр. Міне сондықтан Каменев біздің алауыздықтарымыздың аса маңызды мәселелеріне соқпай өтіп, із қалдырмауға тырысты. Мұндай екі жақтылыққа, екі жүзділікке мұнан әрі төзуге бола ма?

Екінің бірі: не оппозицияның партиямен шындап сөйлескісі келеді, — онда ол бетпердесін жұлып тастауы керек; не оның мұнан былай да екі жүзділігін сақтап қалғысы келеді, онда оған партиядан тыс қалуға тура келеді. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!».)

в) **Большевизмнің дәстүрлері туралы.** Каменев мынаған сендірмек болады: біздің партиямыздың дәстүрінде, большевизмнің дәстүрінде партияның мүшесінен біздің партияның идеологиясына жат, біздің программамызға жат кейбір көзқарастардан бастартуды талап ету сияқты нәрселер жоқ деп сендірмек болады. Бұл дұрыс па? Әрине, дұрыс емес. Ол ол ма, — бұл өтірік, жолдастар!

Біздің бәріміз, Каменевпен бірге, Мясниковті және мясниковшылдарды партиядан шығарғанымыз факт емес пе? Біз оларды не үшін шығардық? Олардың

меньшевиктік көзқарастары партияның көзқарастарына жат болып шыққандықтан шығардық.

Біздің бәріміз Каменевпен бірге, «жұмысшы оппозициясының» бір бөлімін партиядан шығарғандығымыз факт емес пе? Біз оларды не үшін шығардық? Олардың меньшевиктік көзқарастары біздің партиямыздың көзқарастарына жат болып шыққандықтан шығардық.

Ал Оссовскийді, Дашковскийді партиядан не үшін шығардық? Коминтерннен Масловты, Рут Фишерді, Кацты және басқаларды не үшін шығардық? Олардың көзқарастары Коминтерннің идеологиясына, БК(б)П-ның идеологиясына жат болып шыққандықтан шығардық.

Егер біздің партия біздің ұйымдарымыздың құрамында антилениндік элементтердің болуына көнген болса, онда ол лениндік партия болып шықпаған болар еді. Ендеше біздің партиямыздың қатарына меньшевиктерді неліктен кіргізуге болмайды екен? Біздің партиямыздың қатарында бола отырып, меньшевизмге тайып кеткен және өздерінің антилениндік көзқарастарын насихаттап отырған адамдарды қайтеміз? Лениндік партия мен мұндай адамдардың арасында қандай ұқсастық болуы мүмкін? Каменев біздің партиямызға жала жауып жүр, меньшевиктік көзқарастарды ұстаған және уағыздап жүрген адамдар біздің партиямыздың қатарында болуына төзуге болады дей отырып, ол біздің партиямыздың дәстүрлерінен қол үзіп отыр, ол большевизмнің дәстүрлерінен қол үзіп отыр. Каменев, ал онымен бірге бүкіл оппозиция да біздің партиямыздың революциялық дәстүрлерін аяғымен таптағандықтан, — нақ сондықтан партия

оппозицияның антилениндік көзқарастардан бастартуы туралы мәселе қойып отыр.

в) **Оппозицияның жалған принципшілдігі.** Каменевтің сендіруінше, оған және өзге оппозиционерлерге өздерінің көзқарастарынан бастартуға қиын болып отыр, өйткені олар өздерінің көзқарастарын большевиктерше қорғауға дағдыланыпты. Егер оппозиция өзінің көзқарасынан бастартса, бұл оппозицияның принципсіздігі болған болар еді, дейді Каменев. Сонымен, оппозицияның басшылары әбден принципшіл адам болып шығатын сияқты. Бұл дұрыс па, жолдастар? Оппозицияның басшылары өздерінің принциптерін, өздерінің көзқарастарын, өздерінің ұғыныстарын шынымен де берік ұстағаны ма? Бұған ұқсаңқырамайтын сияқты, жолдастар. Егер оппозициялық одақтың құрылу тарихын еске алатын болсақ, бұған ұқсаңқырамайтын сияқты. (К ү л к і.) Істің жайы мүлде керісінше болып отыр. Біздегі оппозицияның басшылары сияқты бір принциптерден екінші принциптерге оп-оңай ауытқыған ешкімнің де болып көрмегендігін, өздерінің көзқарастарын оп-оңай ауыстырған ешкімнің де болып көрмегендігін тарих пен фактылар көрсетіп отыр. Егер партияның мүдделері талап етіп отырса, оппозицияның басшылары кәзірде де өздерінің көзқарастарынан неге безбейді екен?

Троцкизмнің тарихынан сіздерге бірнеше мысал келтірейін.

Лениннің партияны жыйнақтай отырып, 1912 жылы Прагада большевиктер конференциясын шақырғаны жұртқа мәлім. Бұл конференцияның партиямыздың тарихында орасан зор маңызы болғандығы жұртқа мәлім, өйткені ол большевиктер мен меньшевик-

тердің арасына шек қойды және бүкіл елдегі большевиктік ұйымдарды бірыңғай большевиктік партияға біріктірді.

Сол 1912 жылы Троцкий бастаған Август одағының меньшевиктік кеңесі өткізілгендігі де жұртқа мәлім. Онан соң, бұл кеңестің большевиктік конференцияға қарсы күрес жарияламандығы және Ленин партиясын жоюға жұмысшы ұйымдарын шақырғандығы жұртқа мәлім. Троцкийдің Август одағының кеңесі сол кезде большевиктердің Прагадағы конференциясын не деп айыптады? Ең ірі күнәлардың бәрімен де айыптады. Ол кеңес большевиктердің конференциясын узурпаторлық жасап отыр, сектанттық жасап отыр, партия ішінде «мемлекеттік төңкеріс» ұйымдастырғалы отыр деп, тағыда толып жатқан күнәлары бар деп айыптады.

Август одағының кеңесі большевиктердің Прагада болған конференциясы жөнінде өзінің II Интернационалға жіберген мәлімдемесінде ол кезде былай деген болатын:

«Кеңес мынаны мәлім етеді: бұл конференция (большевиктердің 1912 жылы Прагада болған конференциясы — **И. Ст.**) партияны әдейі жікке бөлінуге қарай бастаған бір топ адамдардың партия туын узурпациялауға ашықтан-ашық тырысуы болып табылады; сондықтан кеңес бірсыпыра партия ұйымдары мен бірсыпыра жолдастардың осы алдаушылықтың торына түскендігіне, сөйтіп Ленин сектасының жікшілдік және узурпаторлық саясатына жәрдем бергендігіне қатты өкінішін білдіреді. Кеңес Россиядағы және шет елдегі барлық партия ұйымдары осы жасалған мемлекеттік төңкеріске қарсы наразылық білдіреді деп, конференция сайлаған орталық орындарды мойындамайды деп және партияның шын мәнісіндегі жалпы конференциясын шақыру арқылы партия ішіндегі бірлікті қайта орнатуға барлық шараларды қолданып көмектеседі деп сенеді». (Август одағының II Ин-

тернационалға жолдаған мәлімдемесінен, бұл мәлімдеме «Форвертсте» 1912 жылы 26 мартта жарияланған).

Сіздер көріп отырсыздар, мұнда бәрі де бар: ленининдік секта да, узурпация да, партия ішіндегі «мемлекеттік төңкеріс» те бар.

Сонымен, не болып шықты? Бірнеше жыл өткеннен кейін Троцкий большевиктік партия жөніндегі өзінің осы көзқарастарынан бастартты. Бастартып қана қойған жоқ, сонымен қатар большевиктер партиясына бауырымен жорғалап қайта келді, большевиктік партияға оның белсенді мүшелерінің бірі болып енді. (Күлкі.)

Мұның бәрінен соң Троцкий мен троцкистер біздің партиямызда термидорлық тенденциялар бар, узурпация бар, т. с. бар деген өздерінің көзқарастарынан тағыда бір рет бастарта алмайды деп жоруға қандай дәлел бар?

Бұл жөннен екінші бір мысал келтірейік.

1924 жылдың аяғында «Октябрьдің сабақтары» деген атпен Троцкийдің кітапша бастырып шығарғаны жұртқа мәлім. Бұл кітапшада Троцкийдің Каменев пен Зиновьевті біздің партиямыздың оңшыл, жартылай меньшевиктік қанаты деп айтқаны жұртқа мәлім. Троцкийдің кітапшасы біздің партиямызда үлкен айтыстың тууына себепші болғандығы да жұртқа мәлім. Сонымен, не болып шықты? Бар болғаны бір жылға таяу уақыт өткеннен кейін-ақ — Троцкий өзінің көзқарастарынан бастартты да, Каменев пен Зиновьевті біздің партиямыздың оңшыл қанаты емес, солшыл, революцияшыл қанаты деді.

Енді зиновьевтік топтың тарихынан тағыда бір

мысал келтіріп өтейік. Зиновьев пен Каменевтің троцкизмге карсы кўшак-кўшак кітапшалар жазғаны жўртка мәлім. 1925 жылы-ақ Зиновьев пен Каменев, бүкіл партиямен бірге, троцкизмнің ленинизммен сыйыса алмаушылығы туралы жарияла ғаны жўртқа мәлім. Зиновьев пен Каменевтің бүкіл партиямен бірге, біздің партиямыздың съездерінде болсын, Коминтернің V конгресінде болсын, троцкизмнің ўсақбуржуазиялық уклон екендігі туралы карарларды кабылдағандығы жўртка мәлім. Сонымен, не болып шықты? Мўнан сон бір жыл өтпей-ақ, олар өздерінің көзкарастарынан безді, ол көзкарастарынан бастартты және Троцкийдің тобы біздің партиямыздың кўрамындағы нағыз ленинішіл және революцияшыл топ деп жариялады. (Д а у ы с: «Бір-біріне кешірім бергендігі ғой!».)

Фактылар осындай, жолдастар, бўл фактылардың санын көбейтуге де болар еді.

Оппозиция басшыларының Каменев осында сөз етіп отырған әбден принципшілдігі шындыкка мүлдем жанаспайтын ертегі болып табылатындығы айқын емес пе?

Біздің партиямыздың ішінде өз көзкарастарынан Троцкий, Зиновьев және Каменев сыякты оп-онай безген ешкімнің болмағаны айқын емес пе (К ү л к і.)

Мынадай сўрак туады: принциптерінен, өздерінің көзкарастарынан бірнеше рет бастарткан оппозиция көсемдері бўлардан тағыда бір бастарта алмайды деуге кандай дәлел бар?

Оппозициядан өзінің меньшевиктік көзкарастарынан бастартуы жөніндегі; біздің талабымыздың, Каменев көрсетіп өтуге тырысканындай, оппозиция көсемдері үшін онша ауыр талап емес екендігі айқын

емес пе? (Күлкі). Олардың өз көзқарастарынан бастартуы бірінші рет емес қой, — олар өз көзқарастарынан тағыда бір рет бастартса қайтер дейсіз? (Күлкі.)

г) Не партия, не оппозиция. Каменев: оппозиционерлерден партияның идеологиясымен және програмнасымен сыйыса алмайтын өздерінің кейбір көзқарастарынан бастартуды талап етуге болмайды деп сендіреді. Егер оппозициялық одақтың бұрынғы және кәзіргі пішінін еске алып қарайтын болсақ, Каменевтің бұл сендіруінің қаншамалық салмақты емес екендігін мен жоғарыда айтып өттім. Бірақ бір минутке Каменевтің айтқаны дұрыс-ақ делік. Онда не болып шықпақ? Партия, біздің партия, өзінің көзқарастарынан, пікірлерінен, принциптерінен бастарта ала ма? Біздің партияның өз көзқарастарынан, өз принциптерінен бастартуын талап етуге бола ма? Партиямызда: оппозиция өзінің антилениндік көзқарастарынан бастартуы керек, мұнсыз ол партиядан аласталуға тиіс болады деген ашық-айқын пікір бар. Егер оппозицияның өз пікірлерінен бастартуын талап етуге болмайтын болса, онда партияның оппозиция жөніндегі өз көзқарастарынан, өз пікірлерінен бастартуын қалай талап етуге болады? Ал Каменевтің айтуынша, оппозиция өзінің антилениндік көзқарастарынан бастарта алмайды, ал оппозиция өзінің антилениндік көзқарастарынан бастартпайынша, партия оппозицияны біздің партиямыздың қатарында қалдыруға болмайды деген өзінің көзқарастарынан бастартуға тиіс болып шығады ғой. Мұнда логика бар ма? (Күлкі. Қол шапалақтау.)

Оппозиционерлер өз пікірлерін ақырына дейін қорғайтын батыл адамдар деп сендірмек болады Каме-

нев. Мен оппозиция басшыларының батылдығы мен принциптік табандылығына аз сенемін. Мен кешегі күні Троцкийді бәлағаттаған, ал бүгін онымен ауыз жаласып жүрген, мәселен, Зиновьевтің немесе Каменевтің батылдығына (күлкі) әсіресе аз сенемін. (Дауыс: «Жаңылтпаш айтуға дағдыланған!».) Бірақ бір минутке болса да, біздегі оппозицияның басшыларында батылдық пен принциптік табандылықтың біраз жұрнағы қалған-ақ екен дейік. Айталық, Зиновьевке, Каменевке немесе Троцкийге қарағанда партияда батылдық пен принциптік табандылық аз болып отыр деп жоруға қандай дәлел бар? Өздерінің көзқарастарын қолжаулықша үнемі ауыстыра беретін оппозиция басшыларына қарағанда партия оппозиция жөніндегі, оппозицияның меньшевиктік көзқарастарының партияның идеологиясымен және программасымен сыйыса алмайтындығы жөніндегі өзінің пікірлерінен оңайырақ бастарта алады деп жоруға қандай дәлел бар? (Күлкі.)

Мұнан партиядан өзінің оппозиция жөніндегі және оның меньшевиктік қателері жөніндегі көзқарастарынан бастартуды Каменевтің талап етіп отырғандығы айқын емес пе? Каменевтің өзі тым асыра сілтеп жүрген жоқ па екен? Бұлайша асыра сілтеушілік қауіпті нәрсе екендігін мойындауға Каменев көнбес пе екен?

Мәселе былай қойылып отыр: не партия, не оппозиция. Не оппозиция өзінің антилениндік көзқарастарынан бастартады, не ол мұны істемейді, — онда партияда ол туралы ескерткіш те қалмайды. (Дауыстар: «Дұрыс!». Қол шапалақтау.)

д) **Оппозиция большевизмнің дәстүрлерінен қол үзді.** Каменев: партияның мүшелерінен өз көзқараста-

рынан бастартуды талап ету сыяқты нәрсе большевиктік дәстүрлерде жоқ дейді. Осында сөйлеген шешендер мұның дұрыс емес екендігін толық дәлелдеп шықты. Фактылар Каменевтің шіп-шикі өтірік айтып отырғандығын көрсетеді.

Бірақ мынадай сұрақ туады: оппозицияның істеген және қазірде істеп отырған қылықтары сыяқты нәрсе большевиктік дәстүрлерде бар ма? Оппозиция фракция ұйымдастырып, оны біздің большевиктік партияның ішіндегі партияға айналдырды. Большевиктік дәстүрлер біреулерге мұндай сорақы іс істеуге рұхсат еткенін естіткеніңіз бар ма? Партия ішінде жік тудырып және онда жаңа, антибольшевиктік партия құра отырып, большевиктік дәстүрлер туралы қалай айтуға болады?

Онан соң. Оппозиция буржуазиялық интеллигенттермен одақ жасап, жасырын баспахана ұйымдастырды, ал осы буржуазиялық интеллигенттер, өз ретінде, нағыз ақгвардияшылармен одақ жасасқан болып шықты. Мынадай сұрақ туады: партия мен Совет өкіметіне турадан-тура опасыздық жасаумен ұштасатын осындай оңбағандық істей отырып, большевизм дәстүрлері туралы қалай айтуға болады?

Ақырында, оппозиция «көшеге» шағым етіп, пролетарлық емес элементтерге шағым етіп, антипартиялық, антисоветтік демонстрация ұйымдастырды. Бірақ өзінің партиясына қарсы, өзінің Совет өкіметіне қарсы «көшеге» шағым ете отырып, большевиктік дәстүрлер туралы қалай айтуға болады? Нағыз контрреволюцияшылдықпен ұштасатын осындай оңбаған істерге большевиктік дәстүрлер жол берді деген сөкет нәрсені қайдан естіткеніңіз бар?

Каменев большевизм дәстүрлері туралы айтқанда өзінің антибольшевиктік тобының мүдделеріне бола, осы дәстүрлерден қол үзіп отырғандығын бүркеу үшін айтып отырғандығы айқын емес пе?

«Көшеге» шағым еткеннен оппозиция ешнәрсе шығара алмады, өйткені ол болмашы ғана топ болып шықты. Бірақ бұл оның күнәсы емес, оның соры. Ал оппозицияның күші сәл көбірек болып шықса, онда не болған болар еді? «Көшеге» шағым етушілік Совет өкіметіне қарсы турадан-тура бүлікке айналар еді деген нәрсе айқын емес пе? Оппозицияның осы әрекетінің, асылына келгенде, солшыл эсерлердің 1918 жылғы белгілі әрекетінен түк айырмасы жоқ дегенді түсіну қыйын ба? (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!».) Дұрысында, оппозицияның мұндай әрекеттері үшін біз оппозицияның белсенді қайреткерлерінің бәрін 7 ноябрьде тұтқынға алуымыз керек еді. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!». У з а қ қ о л ш а п а л а қ т а у.) Біз мұны оппозицияны аяғандықтан ғана істемедік, оппозицияға кеңпейілділік істедік және оған ойлануына мүмкіншілік бергіміз келді. Ал олар біздің кеңпейілділігімізді әлсіздік деп бағалады.

Каменевтің большевиктік дәстүрлер туралы айтқандарының бәрі оппозицияның большевизм дәстүрлерінен қол үзгендігін бүркеуді көздеген бос және өтірік мылжың екендігі айқын емес пе?

е) **Жалған бірлік пен нағыз бірлік туралы.** Каменев бұл жерде бірлік туралы сарнады. Ол турадан-тура сарнап, партиядан жәрдем көрсетуді және «қалай болса да» бірлік орнатуды өтінді. Көріп отырсыздар ма, олар, оппозиция басшылары, екі партияның болу саясатына қарсы көрінеді. Көріп отырсыз-

дар ма, олар «қалай да болса» партияның бірлігі жағында көрінеді. Ал оның бержағында, Каменев осында партияның бірлігі туралы сарнаған кезде оның пікірлестері өздерінің құпыя жыйналыстарында: оппозицияның бірлік туралы жасаған мәлімдемелері өз күштерін сақтап қалуды және өздерінің жікшілдік саясатын мұнан былай да жүргізе беруді көздеген айла болып табылады деп қарар шығарғандығы бізге әбден мәлім. Бір жағынан — лениндік партияның съезінде оппозиционерлер бірлік туралы сарнап отыр. Екінші жағынан — оппозиционерлер партияны жікке бөлу жөнінде, екінші партия ұйымдастыру жөнінде, партия бірлігін бұзу жөнінде астыртын жұмыс жүргізіп отыр. Мұның өзі оларда «қалай да болса» бірлік жасау деп аталады. Бұл қылмысты, арамдық ойыншықты тастайтын мезгіл жеткен жоқ па?

Каменев бірлік туралы айтты. Кіммен бірлік жасау керек? Партиямен бе әлде Щербаковпен бірлік жасау керек пе? Ленинщілдер мен Щербаков мырзаларды бір партияға бірлестіруге болмайтындығын түсінетін уақыт жеткен жоқ па екен?

Каменев бірлік туралы айтты. Кіммен бірлік жасау керек? Масловпен, Суваринмен бе әлде Коминтернмен, БК(б)П-мен бірлік жасау керек пе? Масловпен, Суваринмен бірлікте қала отырып, БК(б)П-мен, Коминтернмен бірлікте болу туралы айтуға болмайтындығын түсінетін уақыт жеткен жоқ па екен? Лениндік көзқарастарды оппозицияның меньшевиктік көзқарастарымен біріктіруге болмайтындығын түсінетін уақыт жеткен жоқ па екен?

Ленинді Абрамовичпен біріктіргіңіз келе ме? Бұ-

ларың болмайтын іс, жолдастар. Мұндай арамдық ойынды тастайтын уақыт жетті!

Міне сондықтан, менінше, Каменевтің «қалай да болса» бірлік жасау деген сөздері партияны алдауды көздеген фарисейлік ойыны болып табылады.

Бізге ойыншық бірлік емес, нағыз бірлік керек. Біздің партиямызда нағыз, лениндік бірлік бар ма? Я, бар. Егер біздің партиямыздың 99% ті партия үшін, оппозицияға қарсы дауыс беріп отырса, мұның өзі шын мәнісіндегі және нағыз пролетарлық бірлік болып табылады, мұндай бірлік біздің партиямызда бұрын болып көрген емес. Партияның осы съезін алыңыз, оның құрамында бірде-бір оппозициялық делегат жоқ. (Қол шапалақтау.) Бұл біздің лениндік партияның бірлігі емей нөмене? Мұның өзі бізде большевиктік партияның лениндік бірлігі деп аталады.

ж) **«Оппозиция — құрыйды!»** Партия оппозицияны лениндік жолға салу үшін істеуге болатын нәрсенің бәрін де істеді. Партия оппозицияның ойланып, өз қателерін түзетуі үшін оған мейлінше жұмсақтық және кеңпейілділік етті. Партия оппозицияға өзінің антилениндік көзқарастарынан ашық, адал, бүкіл партия алдында бастартуды ұсынды. Партия оппозицияға өзінің қателерінен біржолата арылу үшін өз қателерін мойындауды және ол қателерді масқаралауды ұсынды. Партия оппозицияға идея жағынан да, ұйым жағынан да толық қару тастауды ұсынды.

Партия мұнысымен нені көздейді? Партия мұнысымен оппозицияны тыюды, игілікті жұмысқа көшуді көздейді. Партия, ақырында, оппозицияны жоюды және біздің ұлы құрылыс ісімізге жұмыла кірісуге мүмкіншілік алуды көздейді.

Ленин X съезде былай деген болатын: «Қәзір оппозицияның керегі жоқ... оппозицияны енді тыю, құрту керек, бізге енді оппозицияның қажеті жоқ!»[86].

Партия Лениннің бұл ұранын біздің партиямыздың қатарында, ақыр аяғында, жүзеге асыруды тілейді. (*Ұзақ қол шапалақтау.*)

Оппозиция қаруын тастайды екен — оныкы жақсы болады. Оппозицияның қаруын тастағысы келмейді екен — онда өзіміз қарусыздандырамыз. (*Дауыстар:* «Дұрыс!». *Қол шапалақтау.*)

III

ҚОРТЫНДЫ

Каменевтің сөзінен оппозицияның толық қару тастағысы келмейтіндігі көрінеді. Оппозицияның 3 декабрьдегі мәлімдемесі нақ соны көрсетеді. Сірә, оппозиция партиядан тыс қалуды артық көретін болу керек. Мейлі, — партиядан тыс қала берсін. Олардың партиядан тыс қалуды артық көретіндігінде, олардың өздерін партиядан бөлектеп отырғандығында, — мұнда қорқынышты да, ерекше де, таңқаларлық та ешнәрсе жоқ. Егер біздің партиямыздың тарихына көз салып қарасақ, мыналар айқын болады: әрқашан да, біздің партиямыз белгілі күрделі бұрылыс жасаған кезде, ескі басшылардың белгілі бөлегі жаңа адамдарға орын тазартып, большевиктік партияның арбасынан құлап түсіп отырған. Бұрылыс жасау — күрделі іс, жолдастар. Бұрылыс — партия арбасында берік отырмағандар үшін қауіпті нәрсе. Қиябеpіс бұрыстарда кім көрінген берік отыра бермейді. Арбаны бұрып қалсаң-ақ болғаны — кейбіреулердің құлап түскендігін көресің. (*Қол шапалақтау.*)

1903 жылды, партиямыздың екінші съезінің дәуірін алып көрейік. Мұның өзі партияның либералдармен келісім жасаудан либералдық буржуазияға қарсы кескілескен күрес жүргізуге бет бұрған дәуірі, патша өкіметіне қарсы күрес дайындаудан, патша өкіметі мен феодализмді толық қыйрату үшін патша үкіметіне қарсы ашық күреске бет бұрған дәуірі болып еді. Партияның басында ол кезде алты адам: Плеханов, Засулич, Мартов, Ленин, Аксельрод, Потресов болған еді. Бұрылыс бұл алты адамның бесеуі үшін қауіпті болып шықты. Олар арбадан құлап түсті. Ленин жалғыз өзі қалып қойды. (Қол шапалақтау.) Істің жайы мынадай болып шықты: партияның ескі басшылары, партияның негізін салушылар (Плеханов Засулич, Аксельрод) және екі жас (Мартов, Потресов) бірігіп бір адамға, жас Ленинге қарсы шықты. Егер білгілеріңіз келсе, ол кезде партия құрыйды, партия төзе алмайды, ескі басшыларсыз дәнеме шықпайды деп байбалам салушылық, зарлеушілік, жылаушылық нендей орасан көп болған еді. Алайда байбалам салушылық пен зарлеушілік жоғалып кетті де, ал фактылар қалды. Ал фактылар мынадай болды: нақ бес адам кеткендіктен де партия жолға шыға алды. Ленин бес адамға қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізбеген болса, бес адамды ығыстырып шығармаған болса, біздің партия пролетарларды буржуазияға қарсы революцияға бастай алатын большевиктер партиясы болып біріге алмаған болар еді, бұл енді әрбір большевик үшін айқын нәрсе. (Дауыстар: «Дұрыс!».)

Екінші дәуірді, 1907—1908 жылдардағы дәуірді, алайық. Мұның өзі біздің партияның патша өкіметіне

қарсы ашық революциялық күрес жүргізуден, күрестің бұлтарыс жолдарына, қамсыздандыру кассаларынан бастап, дума мінбесіне дейінгі жарыя мүмкіндік атаулының барлығын пайдалануға бет бұрған дәуірі еді. Мұның өзі 1905 жылғы революцияда біз жеңіліс тапқаннан кейінгі шегіну дәуірі еді. Бұл бет бұрыс күшті жыйнап алып, патша өкіметіне қарсы ашық революциялық күреске қайтадан жұмылу үшін бізден күрестің жаңа әдістерін біліп алуды талап еткен еді. Бірақ бұл бұрылыс бірсыпыра ескі большевиктер үшін қауіпті болып шықты. Арбадан Алексинский құлап түсті. Бір кезде ол оншалықты жаман да большевик емес еді. Богданов құлап түсті. Ол біздің партиямыздың аса салмақты басшыларының бірі болған еді. Рожков құлап түсті — ол бұрын біздің партиямыздың Орталық Комитетінің мүшесі болған еді. Тағысын тағылар. Ол кезде партияның құрыйтындығы туралы байбалам салушылық пен зарилеушілік 1903 жылғыдан, сірә, аз болған жоқ. Алайда зарилеушілік жоғалып кетті де, ал фактылар қалды. Ал фактылар мынаны көрсетеді: партия солқылдаушы және революция ісіне кедергі келтіруші адамдардан тазармаған болса, онда біздің партия күрестің жаңа жағдайларында дұрыс жолға шыға алмаған болар еді. Ленин ол кезде нені көздеді? Ол бір-ақ нәрсені көздеді: тұрақсыз және жылауық элементтер аяғымызға оралып жүрмеу үшін партияны солардан тезірек құтқаруды көздеді. (Қол шапалақтау.)

Біздің партиямыз міне осылай өскен еді, жолдастар.

Біздің партиямыз — тірі организм. Барлық организмдерде болатыны сыяқты, ондада зат ауысуы бо-

лып тұрады: ескі, дәурені өтіп бара жатқан нәрсе — жоғалады да (қол шапалақтау), жаңа, өсіп келе жатқан нәрсе — тіршілік етіп, дамыйды. (Қол шапалақтау.) Біреулер жоғарыда да, төменде де кетіп жатады. Жаңа адамдар жоғарыда да, төменде де, өсіп, істі ілгері апарады. Біздің партиямыз осылай өсті. Ол бұдан былай да осылай өспек.

Біздің революциямыздың кәзіргі дәуірі туралы да осыны айту керек. Біз кәзір өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын қалпына келтіруден, бүкіл халық шаруашылығын қайта құруға, оны жаңа техникалық негізде қайта құруға бет бұру дәуірін басымыздан кешіріп отырмыз; бұл кезде социализм орнату ендігі жерде перспектива емес, ішкі, сыртқы аса зор қыйыншылықтарды жеңуді талап ететін нақты практикалық іс болып табылады.

Бұл бет бұрыстың жаңа қыйыншылықтардан қорыққан және партияны капитулянттыққа қарай бұрғысы келген оппозиция басшылары үшін қауіпті болып шыққандығын сіздер жақсы білесіздер. Ал егер кәзір арбада берік отырғысы келмеген кейбір басшылар арбадан құлап түссе, мұнда таңырқарлық ешнәрсе жоқ. Бұл тек партияны аяғымызға оралып жүрген және партияға ілгері басуға кедергі жасап жүрген адамдардан құтқарады. Сірә, олар шынымен де біздің партиялық арбамыздан құтылғысы келетін болар. Мейлі, ескі-құсқыға айналып келе жатқан ескі басшылардың кейбіреуінің арбадан құлап түскісі келсе, біз оларға — жолдарың болсын! дейміз. (Қатты ұзақ қол шапалақтау. Съездегілердің бәрі орындарынан тұрып, Сталин жолдасқа овация жасайды.)

„СТАЛИННІҢ МАҚАЛАЛАРЫ" ДЕГЕН ЖАЛҒАН МАҚАЛАЛАР ТУРАЛЫ ШЕТЕЛ БАСПАСӨЗІНІҢ ӨКІЛДЕРІНЕ МӘЛІМДЕМЕ

Москвадағы шетел баспасөзі (Ассошиейтед Пресс, Вольф агенттігі, «Нейе Фрейе Прессе»[87], т. т.) өкілдерінің «Сталиннің мақалаларына» деген жалған мақалаларға байланысты берген сұрауына жауап ретінде мынаны мәлімдеуім керек деп есептеймін.

ССРО-ның «әуе күштері» туралы, Совет өкіметінің «православный шіркеумен» «келісуі» туралы, капиталистерге ССРО-дағы «мұнай кәсіпорындарын» «қайтарып беру» туралы, т. с. өмірде болып көрмеген «Сталин мақалалары» сияқты әртүрлі ертегілерді таратып жүрген «Нью-Йорк Америкен»[88]-дегі, Уайд Уорлд Ньюс немесе Англо-Америкен Ньюс Пейпер Сервис агенттігіндегі жалғаншылардың айтқандарын бекерге шығарып жату кәзірде қажет бола қоймас. Оларды бекерге шығарып жатудың қажеті жоқ, өйткені бұл мырзалар өздерін өздері баспасөз жүзінде жалған нәрселерді саудаға салумен кәсіп еткен профессионал жалғаншылар ретінде әшкерелеп отыр. Бұл арада біздің істес болып отырғандарымыз баспасөз өкілдері емес, бұзақы жазушылар екенін түсіну үшін бұл мырзалардың осы соңғы күндерде баспасөз жүзінде берген «түсініктерін» қарап шығудың өзі жет-

кілікті, бұл «түсініктерінде» олар өздерінің мүттәйім құлықтарын «ақтауға» тырысады.

Солай бола тұрса да, баспасөз өкілдерінің сұрауына мен мынаны мәлімдеуге дайынмын:

а) менімен бейне әңгімелескен ешбір «Герман Готфрейді» немесе шетел баспасөзі өкілдерінің басқадай ешбіреуін мен көрген емеспін;

б) соңғы жылдың ішінде бұл мырзалармен де, шетел баспасөзі өкілдерінің ешбіреуімен де әңгімелескен емеспін;

в) «Москва Советінің президиумында» да, партияның «Москва Комитетінде» де не капиталистерге ССРО-дағы «мұнай кәсіпорындарын» «қайырып беру» туралы, не «православный шіркеу» туралы, не ССРО-ның «әуе күштері» туралы ешқандай сөз сөйлеген емеспін;

г) баспасөзге бұл сыяқты ешқандай «мақалалар» немесе «заметкалар» берген емеспін.

«Нью-Йорк Америкен», Уайд Уорлд Ньюс және Англо-Америкен Ньюс Пейпер Сервистегі мырзалар, «Сталиннің мақалалары» деген жалған мақалаларды кезінде Масква бекерге шығармады деп сендірмек болып, оқушыларды алдап жүр. ССРО-ның «әуе күштері» туралы және «православный шіркеумен» «келісімге келу» туралы жалған «мақалалар» Москвада 1927 жылы ноябрьдің аяқ кезінде белгілі болды. Сыртқы істер халық комиссариаты бұларды сол кезде-ақ қолдан жасалған жалған нәрсе деп әшкерелеген болатын, бұл туралы Ассошиейтед Пресстің Москвадағы өкіліне, Резвик мырзаға хабарланған болатын. Резвик мырза осыған сүйеніп, іле-шала 1 декабрьде Ассо-

шнейтед Пресс агенттігіне мынадай телеграмма жіберген болатын:

«Бүгін маған Сыртқы істер халық комиссариатында мынаны мәлімдеді: Сталиннің қолын қойып мақалалар таратуды доғарту мақсатымен, «Нью-Йорк Америкен» газетіне қарсы және жалпы Херст газеттеріне қарсы Нью-Йоркте сот қудалауын қозғау туралы мәселені қатты қолға алып отырмыз дегенді мәлімдеді. Өкімет орындары әсіресе «Нью-Йорк Америкен» газетінің 6 ноябрьдегі: «Советтерді қолдау үшін шіркеуді пайдалану» деген атпен шыққан мақаласына, мұның өзі Москва президиумының мәжілісінде Сталиннің жасаған жасырын баяндамасы болса керек дегенге өте-мөте қатты қарсы шығып отыр. Сыртқы Істер Халық Комиссариатының көрсетуі бойынша бұл мақалалар барып тұрған жалған нәрсе болып табылады. Резвик, 1 декабрь 1927 ж.».

Бұл телеграмма АҚШ-та басылып шықты ма? Егерде басылып шықпаса, оның себебі не? Резвик мырзаның телеграммасын жарыялау американдық венгр немесе венгриялық американ Корда мырзаның кіріс кіргізетін негіздерін әлсірететін болғандықтан бастырмады ма екен?

«Нью-Йорк Америкен» газетінің Сталиннің болып көрмеген «әңгімесі» мен «макалаларын» қолдан жасау арқылы пайда табуға тырысуы бірінші рет емес. Мәселен, менің білетінім, 1927 жылы июньде «Нью-Йорк Америкен» «Англиямен байланысты үзу» жөнінде, «дүниежүзілік революциядан» бастарту жөнінде, Аркосты тінту, т. т. жөнінде қайдағы бір Сесиль Винчестер дейтінмен «Сталиннің өткізген әңгімесі» дейтін жалған әңгімені жарыялаған болатын. Газет кесінділерінің бюросы Аргус сол кезде осымен байланысты «әңгіменің» шын болғанын растап, біздің жұмысымызға қатысып тұрыңыз деп маған өтініш жіберген

болатын. Мүттәйім айлаға кездесіп отырғаныма көзім жеткендіктен, мен дереу сол кезде нью-йорктік «Дейли Уоркерге»[89] мынадай қарсы жауап жазып жібердім:

«Құрметті жолдастар! Газет кесінділерінің бюросы Аргус «Нью-Йорк Америкен» (12 июнь, 1927 ж.) газетінен кесінді алып маған жіберіпті, онда менің Сесиль Винчестер дейтін біреумен өткізген әңгімем деп жалған әңгіме басыпты. Осымен мынаны мәлімдеймін: ешқандай Сесиль Винчестерді ешуақытта да көрген емеспін, онымен де, басқадай ешкіммен де ешбір әңгімелескен емеспін және «Нью-Йорк Америкенмен» тіпті ешқандай қатысым жоқ. Егерде газет кесінділерінің бюросы Аргус мүттәйімдердің бюросы болмайтын болса, онда оны «Нью-Йорк Америкен» газетіне қатысы бар мүттәйімдер мен жалғаншылар адастырып отыр деп ойлау керек. И. Сталин. 11 июль, 1927 ж.».

Осыған қарамастан, Корда мырзаның ұйымындағы жалғаншылар өздерінің мүттәйімдік әрекеттерін тоқтатпай отыр...

Бұл әрекеттердің мағнасы қандай? Корда және оның сыбайластары жалғандық жасағанда нені көздеп отыр? Бәлкім, сенсация болсын дейтін шығар? Жоқ, көздегені тек сенсация ғана емес. Олардың мақсаты — ССРО делегациясының Женевада толық қарусыздану туралы жарыялаған өз декларациясы арқылы еткен әсерін бәсеңдету болып табылады.

Олар өз мақсатына жете ала ма? Әрине, жете алмайды! Қолдан жасалған жалған нәрселер әшкереленіп (олар кәзірдің өзінде-ақ әшкереленіп отыр), фактылар қалатын болады. Ал фактылар мынау: ССРО дүние жүзіндегі нағыз шын бейбітшілік саясатын

жүргізіп отырған бірден-бір ел болып табылады, ССРО шын қарусыздану туралы мәселені адал ниетімен қойған дүние жүзіндегі бірден бір ел болып табылады.

ССРО-ның бейбітшілік саясатына қарсы күресте капитал агенттерінің әртүрлі сенуге болмайтын адамдар мен түрлі-түсті бұзақы жазушылардың көмегін пайдаланып отырғандығы, — міне бұл факт Женевадағы ССРО делегациясының қарусыздану туралы мәселеде ұстаған позициясының моральдық құдіреті мен принциптік күшін тамаша етіп көрсетіп отыр.

И. Сталин

16 декабрь, 1927 ж.

„Правда" № 290,
18 декабрь, 1927 ж.

ЕСКЕРТУЛЕР

1 БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы 1927 жылғы 29 июльден 9 августе дейін болып өтті. Пленум мына мәселелерді қарады: халықаралық жағдай туралы, 1927/28 жылға берілетін шаруашылық директивалар туралы, Орталық Бақылау Комиссиясының — Жұмысшы Шаруа Инспекциясының жұмысы туралы, партияның XV съезі туралы, Зиновьев пен Троцкийдің партия тәртібін бұзғандығы туралы. Пленумның 1 августағы мәжілісінде И. В. Сталин «Халықаралық жағдай және ССРО қорғанысы» туралы сөз сөйледі. 2 августа пленум И. В. Сталинді халықаралық жағдай туралы қарар дайындау комиссиясының мүшесі етіп сайлады. Совет Одағына қарсы жаңа соғыс шабуылы қаупінің күшейгендігін көрсете келіп, пленум троцкистік-зиновьевтік одақтың жеңілімпаздық позициясын мінеді, және Совет Одағының қорғанысын барынша нығайту міндетін алға қойды. Пленум 1927/28-жылға арнап шаруашылық директивалар берді және оппозицияның экономикалық саясат жөніндегі капитулянттық жолының толық банкрот болғандығын атап көрсетті. Орталық Бақылау Комиссиясының — Жұмысшы Шаруа Инспекциясының жұмысы туралы қабылдаған қарарында пленум мемлекеттік аппараттың жұмысын бұдан былай да жақсарта берудің программасын белгіледі. Зиновьев пен Каменевтің партия тәртібін бұзғандығы туралы Г. К. Орджоникидзенің жасаған баяндамасы талқыланған кезде, пленумның 5 августағы мәжілісінде И. В. Сталин

сөз сөйледі. 6 августа пленум И. В. Сталинді Г. К. Орджоникидзенің баяндамасы бойынша қабылданатын қарардың жобасын дайындайтын комиссияға сайлады. Пленум троцкистік-зиновьевтік одақ басшыларының қылмысты әрекетін әшкерелеп, Троцкий мен Зиновьевті БК(б)П Орталық Комитеті мүшелерінің құрамынан шығару туралы мәселе қойды. Тек осыдан кейін ғана оппозиция басшылары 8 августа пленумға «арыз» беріп, ол арызында олар өздерінің мінез-құлқын екіжүзділік жасап сөкті, сөйтіп фракциялық әрекеттен бастартамыз деп уәде берді. Пленумның 9 августағы мәжілісінде И. В. Сталин оппозицияның «арызы» жөнінде сөз сөйледі. Пленум Троцкий мен Зиновьевке ескертумен қатты сөгіс жарыялады, троцкистік-зиновьевтік одақтың басшыларын фракцияны дереу таратуға міндеттеді және партияның барлық ұйымдары мен барлық мүшелерін партия бірлігі мен партияның темірдей берік тәртібін сақтауға шақырды. (БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясы пленумының қарарларын мынадан қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 170—194-беттер.) — *1.*

[2] Бұл арада 1926 жылы майда Пилсудский жасаған Польшадағы қарулы төңкеріс айтылып отыр. Төңкерістің нәтижесінде Пилсудский мен оның сыбайластары диктатурасының тәртібі орнады, бұлар елді фашизмге бейімдей бастады. (Пилсудскийдің төңкерісі туралы мынаны қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 8-том, қазақша 186 — 191-беттер.). — *4.*

[3] Әңгіме Вена пролетариатының 1927 жылғы 15—18 июльдегі революциялық бой көрсетуі туралы болып отыр. Бой көрсетуге себеп болған нәрсе — бірнеше жұмысшыларды өлтірген бір топ фашистерді Венаның буржуазиялық сотының ақтап жібергендігі болды. Бұл бой көрсету стихиялық түрде шыққан бой көрсету полиция мен әскерлерге қарсы көшелерде ұрыс жасаған көтеріліске ұласты. Көтеріліс Австрия социал-демократиясы көсемдерінің сатқындығының нәтижесінде жанышталған еді. — *5.*

4 Бұл арада Австрия социал-демократиялық партиясының 1916 жылы шығып, Ф. Адлер мен О. Бауэр басқарған «сол» қанаты айтылып отыр. Социал-демократиялық «солшылдар» революциялық құрғақ сөздерді бүркеніш етіп, іс жүзінде жұмысшылардың мүдделеріне қарсы шықты, сондықтан да бұлар социал-демократияның ең қауіпті бөлегі болды. — *5.*

5 Англиядағы жаппай ереуіл мен тау-кен жұмысшыларының ереуілі кәсіп иелерінің жұмысшы табының күн көру дәрежесіне шабуыл жасауынан туды. Кеншілердің жалақыны төмендетуге және жұмыс күнін ұзартуға рыйза болмауына байланысты шахта иелерінің жарыялаған локаутына жауап ретінде кеншілер 1926 жылы 1 майда ереуіл жарыялады. Кеншілермен ынтымақтастықтың белгісі ретінде 3 майда жаппай ереуіл басталды, бұл ереуілге өнеркәсіп пен транспорттың ең маңызды салаларының бірнеше миллиондаған ұйымдасқан жұмысшылары қатысты. 12 майда, жұмысшылар күресінің қызған кезінде, ағылшын тред-юниондары Бас советінің басшылары жаппай ереуілді бітті деп жарыялап, ереуіл жасаушы жұмысшыларға опасыздық істеді. Бірақ кеншілердің күресі тоқтамай жүре берді. Тек өкімет пен кәсіпиелерінің тарапынан болған жазалар ғана және материалдық жағдайдың ауырлығы ғана кеншілерді 1926 жылы ноябрьде ереуілді тоқтатып, шахта иелерінің қойған шарттарына көнуге мәжбүр етті. (Ағылшын жаппай ереуілі туралы мынаны қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 8-том, қазақша 172—182-беттері.). — *6.*

6 Бас совет — ағылшын тред-юниондары конгресінің атқару органы; бірінші рет 1921 жылы сайланды. — *7.*

7 **«Коммунистический Интернационал»** — журнал Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің органы. Бұл журнал 1919 жылғы майдан бастап 1943 жылғы июньге дейін орыс, француз, неміс, ағылшын және басқа тілдерде шығып тұрды. Коминтерн Атқару Комитеті Президиумының Коммунистік Интернационалды тарату туралы 1943 жылы 15 майдағы қаулысына байланысты бұл журнал шықпайтын болды. — *9.*

8 Брандлершілдік — Германияның коммунистік партиясындағы оңшыл оппортунистік ағым. Бұл ағымның аты 1922—1923 жылдары Германия компартиясына басшылық етіп, оңшылдар тобын басқарған Брандлердің фамилиясынан алынған. Брандлершілердің капитулянттік саясаты және олардың социал-демократияның басшы топтарымен істес болуы Германия жұмысшы табының 1923 жылғы революцияда жеңілуіне әкеп соқтырды. Антипартиялық фракцияшылдық әрекеті үшін Брандлер 1929 жылы коммунистік партияның қатарынан шығарылды. — *9.*

9 В. И. Ленин. «Пролетариаттың қәзіргі революциядағы міндеттері туралы» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XX том, 87—90-беттер.) — *15.*

10 Қытай жұмысшыларының 1925 жылы 19 июньде басталған Гонконг ереуілі 16 айға созылды. Ереуілдің саяси сыйпаты болды және ол шетел империализмінің езгісіне қарсы бағытталды. — *16.*

11 Гоминдан — Қытайдағы саяси партия, оны республика жолында және елдің ұлттық тәуелсіздікке жетуі жолында күрес жүргізу үшін 1912 жылы Сун-Ят-сен негіздеген болатын. Қытай коммунистік партиясының Гоминданға кіруі (1924 ж.) Гоминданның бұқаралық халық-революциялық партияға айналуына себепші болды. 1925—1927 жылдардағы қытай революциясы дамуының бірінші кезеңінде, бұл революция жалпы ұлттық біріккен майданның антиимпериалистік революциясы болған кезде, Гоминдан — қала мен деревня пролетариатының, ұсақ буржуазиясының және ұлттық ірі буржуазияның бір бөлегінің одағы болды. Екінші кезеңде, аграрлық, буржуазиялық-демократиялық революция дәуірінде, ұлттық буржуазия контрреволюция лагеріне шығып кеткеннен кейін, Гоминдан пролетариаттың, шаруалардың және қалалық ұсақ буржуазияның одағы бола отырып, антиимпериалистік революциялық саясат жүргізді. Бір жағынан, аграрлық революцияның өрістеп, феодалдардың Гоминданға қысым жасауы, екінші жағынан, Гоминданның коммунистерден қол үзуін талап еткен империалистердің

қысым жасауы — ұсақбуржуазиялық интеллигенцияны (Гоминдандағы солшылдарды) қорқытты, сөйтіп ол контрреволюция жағына бет бұрды. Солшыл гоминданшылар революция жолынан тая бастаған кезде (1927 жылдың жазы), коммунистер Гоминданнан шықты, ал Гоминдан революцияға қарсы күрес орталығына айналды. (Гоминдан туралы қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 9 том, қазақша 267—277, 377—386-беттері.). — *17.*

12 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 8-том, қазақша 408, 412-беттері. — *21.*

13 Бұл жерде Чан Кай-ши бастаған оңшыл гоминданшылардың 1927 жылы 12 апрельде жасаған Қытайдағы контрреволюциялық төңкерісі айтылып отыр. Төңкерістің нәтижесінде Нанкинде контрреволюциялық үкімет құрылды. (Чан Кайшидің төңкерісі туралы қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 9-том, қазақша 249—251-беттері.). — *22*

14 В. И. Ленин. «Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистердің бастапқы жобасы» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы XXV том, 285—290-беттер.) — *23.*

15 Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумының шығыс комиссиясы дайындаған қытай мәселесі жөніндегі қарар 1926 жылы 13 марттағы пленум мәжілісінде қабылданды (қараңыз: «Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумы. Тезистер мен қарарлар». М. — Л., 1926, 131—136-беттер). — *21.*

16 А. Мартынов (бұрынғы меньшевик, партияның XII съезі оны РК(б)П қатарына қабылдаған болатын) 1925—1927 жылдардағы Қытай революциясының даму мәселесі жөнінде жазған мақалаларының бірінде — Қытайдағы революцияның бейбіт түрде буржуазиялық-демократиялық революциядан пролетарлық революцияға көшуі мүмкін деген қағыйда ұсынды. Мартыновтың осы қате қағыйдасына жауапкершілікті троцкистік-зиновьевтік антисоветтік одақ Коминтерн мен БК(б)П басшылығына аударуға тырысты. — *25.*

17 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 9-том, 397-бет. — *33.*

18 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XX том, 91—93-беттер. — *33.*

19 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXI том, 33—38-беттер. — *37.*

20 Ағылшын-Совет, немесе Ағылшын-Орыс бірлік комитеті (Великобритания мен ССРО кәсіпшілер одағы қозғалысының Біріккен кеңесші комитеті) ағылшын-орыс кәсіпшілер одақтарының 1925 жылы 6—8 апрельде Лондонда болған конференциясында Кәсіпшілер Одағының Бүкілодақтық Орталық Советінің (ҚОБОС) бастауы бойынша құрылған болатын. Комитеттің құрамына ҚОБОС-тың және ағылшын тред-юниондары конгресінің Бас советінің өкілдері кірген болатын. Ағылшын тред-юниондары реакцияшыл басшыларының сатқындық саясатының салдарынан бұл комитет 1927 жылдың күзінде өмір сүруін тоқтатты. (Ағылшын-Орыс Комитеті туралы қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 8-том, 204—214, 217—227-беттері.) — *41.*

21 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXV том, 165—250-беттер. — *43.*

22 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 4-том, 280—281-беттері. — *48.*

23 Бұл арада шетел мемлекеттері разведкасының ССРО-ға жіберген 20 монархист-ақгвардияшының террорлық, диверсиялық және шпиондық әрекеті үшін ССРО ОГПУ коллегиясының 1927 жылғы 9 июньдегі үкімі бойынша атылуы айтылып отыр. Атылғандардың ішінде — бұрынғы орыс князьдары мен дворяндары, ірі помещиктер, өнеркәсіп иелері, купецтер және патша армиясының гвардия офицерлері бар. — *51.*

24 Керзон ультиматумы — ағылшын сыртқы істер министрі Керзонның 1923 жылғы 8 майдағы нотасы, бұл нотада ССРО-ға қарсы жаңа интервенция жасаймыз деп қорқытқан болатынды. — *53.*

25 «Социалистический Вестник» — ақэмигрант-меньшевиктердің журналы; 1921 жылғы февральдан бастап 1933 жылғы мартқа дейін Германияда шығып тұрды, кейін келе — Франция мен АҚШ-та шығып тұрды. «Социалистический Вестник» реакцияшыл ақэмиграцияның жаршысы болып табылады. — *64*.

26 «Руль» — ақэмигрант-кадеттердің газеті; 1920 жылғы ноябрьден бастап 1931 жылғы октябрьге дейін Берлинде басылып шығып тұрды. — *64*.

27 И. В. Сталин. «Шығыс халықтары Университетінің саяси міндеттері туралы» (қараңыз: Шығармалар, 7-том 142—161-беттер.) — *78*.

28 В. И. Ленин. «Европа Құрама Штаттары деген ұран туралы» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XVIII том, 232—233-беттер және 4-басылуы, 21-том, 311-бет). — *80*.

29 Бұл арада «Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумына байланысты Коминтерн мен РК(б)П міндеттері туралы» деген қарар айтылып отыр, бұл қарарды РК(б)П-ның 1925 жылғы 27—29 апрельде болған XIV конференциясы қабылдаған болатын (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 25—31-беттер). — *80*.

30 Бұл арада Орталық Комитеттің есепті баяндамасы бойынша, БК(б)П-ның 1925 жылы 18—31 декабрьде болған XIV съезі қабылдаған қарар туралы сөз болып отыр (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 47—53-беттер). — *80*.

31 Бұл арада БК(б)П-ның 1926 жылы 26 октябрьден 3 ноябрьге дейін болған XV конференциясы қабылдаған «БК(б)П-дағы оппозициялық одақ туралы» деген қарар айтылып отыр (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 148—155-беттер). — *80*.

32 Бұл арада Коминтерн Атқару Комитетінің 1926 жылғы 22 ноябрьден 16 декабрьге дейін болған кеңейтілген VII пленумының орыс мәселесі жөнінде қабылдаған қарары айтылып отыр (қараңыз: «Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген жетінші пленумының тезистері мен қарарлары». М. — Л., 1927, 60—70-беттер). — *80.*

33 Бұл арада Коммунистік Интернационалдың 1924 жылғы 17 июньнен 8 июльге дейін болған V конгресінің орыс мәселесі жөнінде қабылдаған қарары туралы сөз болып отыр (қараңыз: «Коммунистік Интернационалдың Бүкілдүниежүзілік V конгресі. Тезистер, қарарлар мен қаулылар». М., 1924, 175—186-беттер). — *84.*

34 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 391—397-беттер. — *88.*

35 «Оссовскийшілдік» — ССРО-да троцкистік партия құруды дәлелдемек болған контрреволюциялық «теория». Бұл теорияның авторы троцкист Оссовский 1926 жылы августа БК(б)П қатарынан шығарылды. — *93.*

36 Бұл арада «Партияның бірлігі туралы» РК(б)П-ның 1921 жылы 8—16 мартта болған X съезі қабылдаған қарар айтылып отыр (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1941, 364—366-беттер). — *95.*

37 «Рабочая правда» тобы — контрреволюциялық астыртын топ; 1921 жылы шықты. Бұл топтардың мүшелері РК(б)П-дан шығарылған болатын. — *102.*

38 Генуя конфереция сы — халықаралық экономикалық конференция; 1922 жылғы 10 апрельден 19 майға дейін Генуяда (Италия) болды. Конференцияға, бір жағынан, Англия, Франция, Италия, Жапония және басқадай капиталистік мемлекеттер, екінші жағынан, Советтік Россия катнасты. Конференция ашылған кезде совет делегациясы Европаны қалпына келтірудің кең программасын баяндап, жаппай қарусыздану жобасын ұсынды. Совет делегациясының ұсыны-

сы қабылданбады. Капиталистік елдердің өкілдері совет делегациясына талаптар қойды, ол талаптарды орындау Совет елін батысевропалық капиталының отарына айналдырған болар еді (соғыс борыштары мен соғысқа дейінгі борыштардың барлығын төлеу, национализацияланған меншікті шетелдік иелеріне қайтарып беру, тағы басқалар). Шетел капиталистерінің бұл талаптарын совет делегациясы қабылдамай тастады. — *138.*

59 Реформистік кәсіпшілер одақтарының 1919 жылғы июльде Амстердамдағы (Голландия) конгресте құрылған халықаралық бірлестігі туралы сөз болып отыр. Амстердам интернационалы реформистік саясат жүргізді, буржуазиямен ашықтан-ашық ынтымақтасып, революциялық жұмысшы қозғалысына қарсы күресті және Совет Одағына дұшпандықпен қарады. Екінші дүниежүзілік соғыстың кезінде Амстердам интернационалы факт жүзінде өзінің жұмысын тоқтатты; кәсіпшілер одақтарының Бүкіл дүниежүзілік федерациясының құрылуына байланысты 1945 жылы 14 декабрьде ресми түрде жойылды. — *144.*

60 Американ еңбек федерациясы — АҚШ кәсіпшілер одақтарының бір бөлегінің бірлестігі, 1881 жылы құрылды. Федерацияның басшылары АҚШ-тың кәсіпшілер одағы қозғалысындағы американ империализмінің агентурасы болып, дүниежүзілік жұмысшы қозғалысында жікшілдік әрекет жүргізіп отыр. — *144.*

61 1925 жылы 10—21 июльде Теннесси штатында (АҚШ) қалың жұртқа мәлім болған сот процесі болып өтті. Колледжде Дарвиннің эволюция теориясын оқытқаны үшін сот жауабына тартылған оқытушы Джон Скопсты американ наданреакционерлері штаттың заңдарын бұзды деп кінәлап, штраф төлеуге кескен болатын. — *148.*

62 **И. В. Сталин. «Шығыс халықтары Университетінің саяси міндеттері туралы» (қараңыз: Шығармалар, 7-том, 149-беті) — *166.***

63 И. В. Сталин. «Шығыс халықтары Университетінің саяси міндеттері туралы» (қараңыз: Шығармалар, 7-том, 148-бет). — *166*.

64 В. И. Ленин. «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XIX том, 40-бет және 4-басылуы, 22-том, 135-бет). — *167*.

65 БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы 1927 жылы 21—23 октябрьде болды. Пленум БК(б)П XV съезінің күн тәртібіндегі мәселелері жөнінде БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросы ұсынған тезистердің жобаларын: халық шаруашылығының бесжылдық жоспарын жасау жөніндегі директивалар туралы және деревнядағы жұмыс туралы тезистердің жобаларын талқылап, бекітті; пленум баяндамашыларды бекітіп, айтыс туралы қарар алды және XV съезге арналған тезистерді партия жыйналыстарында және баспасөзде талқылау үшін жарыялансын деп қаулы алды. Ұлы Октябрь социалистік революциясының онжылға толу құрметіне қабылданған ССРО Орталық Атқару Комитетінің Манифесіне, әсіресе оның жетісағаттық жұмыс күніне көшу туралы пунктіне троцкистік-зиновьевтік оппозиция басшыларының қарсы шығуына байланысты, пленум бұл мәселені талқылап, арнаулы қаулыда Орталық Комитет Саяси Бюросының Манифест шығару жөніндегі бастамасын және ССРО Орталық Атқару Комитетінің Манифесінің өзін дұрыс деп тапты. БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының августағы (1927 ж.) пленумынан кейінгі Троцкий мен Зиновьевтің фракциялық әрекеттері туралы пленум Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының баяндамасын тыңдады. Бұл мәселені талқылауда пленумның 23 октябрьдегі мәжілісінде И. В. Сталин жолдас «Троцкистік оппозиция бұрын қандай еді, қазір қандай» деген тақырыпта сөз сөйледі. Партияны алдағаны үшін және оған қарсы фракциялық күрес жүргізгені үшін пленум Троцкий мен Зиновьевті Орталық Комитеттің құрамынан шығарды және троцкистік-зиновьевтік оппозиция басшыларының жікшілдік әрекеттері жөніндегі барлық ма-

териалдарды партияның XV съезінің карауына тапсырылсын деп каулы алды. (Пленумның карарлары мен каулыларын мынадан караңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының каулы-карарлары», II бөлім, 1941, 195—220-беттер.). — *192*.

46 В. И. Ленин. «Большевиктер партиясының мүшелеріне хат» және «РСДЖП Орталық Комитетіне хат» (караңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXI том, 350—352, 353—356-беттер). — *197*.

47 В. И. Ленин. РК(б)П Орталық Комитетінің саяси жұмысы туралы 1921 жылы 8 мартта жасалған есепті баяндама (караңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 207—208-беттер). — *204*

48 В. И. Ленин. РК(б)П Орталық Комитетінің есепті баяндамасы бойынша 1921 жылы 9 мартта сөйленген қортынды сөз (караңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 222, 228-беттер). — *204*.

49 «Новая Жизнь» («Жаңа Өмір») — меньшевиктік газет, 1917 жылғы апрельден бастап Петроградта шығып тұрды; 1918 жылы июльде жабылды. — *213*.

50 Мясниковтың тобы — өзін «жұмысшы тобы» деп атаған контрреволюциялық астыртын топ. Бұл топты РК(б)П-дан шығарылған Г. Мясников және баска адамдар 1923 жылы Москвада құрды, бұл топ азғана ғана адамдардың басын біріктірді. Сол жылдың өзінде-ак бұл топ жойылған болатын. — *213*.

51 «Форвертс» (« Vorwärts») — газет, герман социал-демократиясының орталық органы; 1876 жылдан бастап 1933 жылға дейін шығып тұрды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін «Форвертс» газеті антисоветтік насихат орталықтарының бірі болды. — *219*.

52 Бұл арада 1924 жылы 28 августа Грузияда болған контрреволюциялық көтерілістер айтылып отыр, бұл көтерілістерді талқандалынған буржуазиялық-ұлтшылдық партиялардың калдыктары мен Н. Жорданияның эмигрант меньшевик-

тік «үкіметі» империалистік мемлекеттер мен II Интернационал басшыларының нұсқауы мен қаржылай көмегі бойынша ұйымдастырған болатын. Грузин жұмысшылары мен еңбекші шаруалардың белсене көмек көрсетуімен бұл көтерілістер келесі күні, 29 августа, жойылған болатын. — *220*

53 Бұл арада Қытай солдаттары мен полиция отрядының 1927 жылы 6 апрельде Пекиндегі (Бейпиндегі) совет елшілігіне қарулы шабуыл жасауы айтылып отыр, бұл шабуыл Қытай мен ССРО арасында соғыс жанжалын туғызу мақсатымен шетел империалистерінің тапсырмасы бойынша жасалған болатын. — *224*.

54 Бұл арада ағылшын полициясының Лондондағы совет сауда елшілігі мен Аркосқа (Англиямен сауда жасау жөніндегі Совет қоғамы) жасаған шабуылы айтылып отыр, мұны 1927 жылы 12 майда ағылшынның консервативтік үкіметі ұйымдастырған болатын. — *224*.

55 Бұл арада 1927 жылдың күзінде Францияда жүргізілген антисоветтік науқан айтылып отыр. Бұл науқанға жел берген француз үкіметі, әртүрлі антисоветтік әрекеттерді қолдап отырды, совет елінің Париждағы ресми өкілдері мен мекемелерін өсектеп, Англияның ССРО-мен дипломатиялық қарым-қатнастарын үзгеніне тілектес болды. — *224*.

56 Сменовехшылдар — 1921 жылы шет елде орыс ақгвардиялық интеллигенциясының арасынан шыққан буржуазиялық саяси ағымның өкілдері. Сменовехшілдікті Н. Устрялов, Ю. Ключников және басқалардың тобы басқарды, бұл топ «Смена Вех» журналын шығарып тұрды. Сменовехшылдар Советтік Россиядағы жаңа буржуазия мен буржуазиялық интеллигенцияның көзқарастарын жақтады, бұл буржуазия мен буржуазиялық интеллигенция жаңа экономикалық саясаттың енгізілуіне байланысты совет қоғамы буржуазиялық демократия рухында біртіндеп азғындайды деп сенді. (Сменовехшылдар туралы қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 242—243-беттер және И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том, 365—367-беттер және 9-том, 78—82-беттер.). — *226*.

57 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, VI том, 155—336-беттер және 4-басылуы, 7-том, қазақша 205—443-беттер. — *239.*

58 «Фоссише Цейтунг» («Vossische Zeitung») — немістің буржуазиялық газеті; 1704 жылдан бастап 1934 жылдың апреліне дейін Берлинде шығып тұрды. — *239.*

59 Сакко мен Ванцетти — Америка Құрама Штаттарына эмиграцияға барған итальян жұмысшылары. Сакко мен Ванцетти кісі өлтірді және тонады деген өтірік жала бойынша 1920 жылы 5 майда Броктонда (Массачусетс штаты) тұтқынға алынып 1921 жылы американ реакцияшыл соты оларды өлім жазасына үкім етті. Бұл үкімге наразылық білдіріп бұқаралық демонстрациялар, митингілер, стачкалар болды, бұларға бүкіл дүние жүзінің миллиондаған еңбекшілері қатнасты. 1927 жылы 23 августа Сакко мен Ванцетти өлім жазасына тартылды. — *241.*

60 Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің патша үкіметінің мемлекеттік қарыздарын жою туралы декреті 1918 жылы 21 январьда қабылданды. — *257.*

61 Поль Лафарг. «Революцияның келесі күні» (қараңыз: Шығармалар, I том, 1925, 329—330-беттер). — *263.*

62 В. И. Ленин. «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XIX том, 77-бет және 4-басылуы, 22-том, 182-бет). — *278.*

63 Москва соғыс округының округтік VII партия конференциясы 1927 жылы 15—17 ноябрьде болды. И. В. Сталиннің құттықтауы конференцияның таңертеңгі мәжілісінде 17 ноябрьде жарияланды. — *279.*

64 БК(б)П Москва губерниялық XVI конференциясы 1927 жылы 20—28 ноябрьде болды. Конференция БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының баяндама-

ларын тыңдады, ССРО халық шаруашылығын өркендетудің жалпы жоспарына байланысты Москва губерниясының шаруашылық құрылысының болашағын талқылады, БК(б)П Москва Комитетінің және Москвалық Бақылау Комиссиясының есепті баяндамаларын талқылады, деревнядағы жұмыс туралы баяндаманы және басқадай мәселелерді талқылады. И. В. Сталин конференцияның танертеңгі мәжілісінде 23 ноябрьде сөз сөйледі. БК(б)П Орталық Комитетінің баяндамасы бойынша қабылданған қарарда конференция Орталық Комитеттің саяси, ұйымдастыру жұмысын және оның троцкистік оппозиция туралы алған қарарын дұрыс деп тапты. Конференция И. В. Сталинді БК(б)П XV съезіне делегат етіп сайлады. — *280.*

65 В. И. Ленин. ««Азық-түлік салығы туралы» кітапшаның жоспары мен конспектісі» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 313-бет). — *283.*

66 В. И. Ленин. РК(б)П тактикасы туралы 1921 жылы 5 июльде Коммунистік Интернационалдың III конгресінде жасалған баяндама (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 460-бет). — *286.*

67 В. И. Ленин. РК(б)П VIII съезін ашарда 1919 жылы 18 мартта сөйленген сөз (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXIV том, 114-бет). — *285.*

68 В. И. Ленин. «Петербургтегі сайлаулар және 31 меньшевиктің екіжүзділігі» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, X том, 303—315-беттер және 4-басылуы, 12-том, 17—27-беттер). — *297.*

69 БК(б)П XV съезі 1927 жылы 2—19 декабрьде Москвада болып өтті. Съезд Орталық Комитеттің саяси және ұйымдастыру есептерін талқылады. Орталық тексеру комиссиясының, Орталық Бақылау Комиссиясының — Жұмысшы Шаруа Инспекциясының, Коминтерн Атқару Комитетіндегі БК(б)П делегациясының есепті баяндамаларын талқылады, халық шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспарын

жасау жөніндегі директиваларды, деревнядағы жұмыс туралы баяндаманы талқылады, съездің комиссиясының оппозиция туралы мәселе жөніндегі баяндамасын тыңдады және партияның орталық мекемелерін сайлады. И. В. Сталин 3 декабрьде БК(б)П Орталық Комитетінің саяси есебін жасады, 7 декабрьде қортынды сөз сөйледі. 12 декабрьде съезд И. В. Сталинді Коминтерн Атқару Комитетіндегі БК(б)П делегациясының жұмысы туралы баяндама бойынша қарар дайындайтын комиссияға сайлады. Съезд партияның Орталық Комитетінің саяси және ұйымдастыру бағытын дұрыс деп танып, оған бейбітшілік саясатын және ССРО-ның қорғаныс қабілетін нығайту саясатын бұдан былай да жүргізе беруді тапсырды, қарқынды бәсеңсітпей елімізді социалистік индустрияландыру ісін бұдан былай да жүргізе беруді, қала мен деревнядағы социалистік секторды кеңейтіп, нығайта беруді және халық шаруашылығындағы капиталистік элементтерді жоюға бағыт түзеуді тапсырды. Съезд ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісін барынша өрістету туралы қаулы алды, колхоздар мен совхоздарды кеңейту жоспарын белгіледі және ауыл шаруашылығын коллективтендіру жолындағы күрес әдістері туралы нұсқау берді. БК(б)П XV съезі партия тарихына коллективтендіру съезі болып енді. Съезд ССРО халық шаруашылығының бірінші бесжылдық жоспарын жасау туралы директива берді. Съезд троцкистік-зиновьевтік одақты жоюға бағытталған өзінің оппозиция туралы алған қарарларында: партия мен оппозиция арасындағы алауыздықтар программалық алауыздықтарға ұласты, троцкистік оппозиция антисоветтік күрес жолына түсті деп атап көрсетіп, троцкистік оппозицияда болушылықты және оның көзқарастарын насихаттаушылықты большевиктік партияның қатарында болуға жатпайтын іс деп жарыялады. Съезд БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен жыйналысының (1927 жылғы ноябрь) Троцкий мен Зиновьевті партиядан шығару жөніндегі қаулысын дұрыс деп тауып, троцкистік-зиновьевтік одақтың белсенді қайраткерлерінің барлығын партиядан шығарылсын деп қаулы алды. (БК(б)П XV съезі туралы қараңыз:

«БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», қазақша 275—276-беттер. Съездің қарарлары мен қаулыларын мынадан қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 222—262-беттер.). — *299*.

70 Бұл арада дәнді егістер: бидай, қарабидай, арпа, сұлы, жүгері айтылып отыр. — *302*.

71 И. В. Сталин. БК(б)П XIV съезінде 1925 жылы 18 декабрьде жасалған Орталық Комитеттің саяси есебі (қараңыз: Шығармалар, 7-том, 279—377-беттер). — *304*.

72 Бұл арада АҚШ, Англия және басқа елдер банкирлерінің, өнеркәсіпшілерінің және коммерсанттарының 1926 жылы октябрьде жарияланған декларациясы айтылып отыр. Бұл декларация европалық мемлекеттер енгізген таможнялық шектеулерді жоюды талап етті, сөйтіп бұл шынына келгенде ағылшын-американ финанс капиталының Европада өз гегемониясын орнатуға жасаған талабы болды. — *305*.

73 **«Уорлд'с Уорк»** («World's Work») — журнал, АҚШ ірі буржуазиясының билеуші топтарының көзқарастарын білдірді; 1899 жылдан бастап 1932 жылға дейін Гарден-сити қаласында (Нью-Йорк штаты) шығып тұрды. — *309*.

74 Теңіз каруларын азайту жөніндегі үш мемлекеттің конференциясы 1927 жылғы 20 июньнен бастап 4 августқа дейін Женевада (Швейцария) болды. — *311*.

75 1927 жылы 30 ноябрьде Женевада Ұлттар Лигасының карусыздану жөніндегі болашақ конференцияға дайындалу комиссиясының IV сессиясы ашылды. Совет делегациясы комиссияда декларация жариялап, ол декларацияда жаппай және толық карусыздану программасын жүзеге асыру талабын қойды. Советтің карусыздану жөніндегі жобасы кабылданбады. — *311*.

76 «Локарно системасы» — Европада соғыстан кейінгі Версаль бітім шарты белгілеген тәртіпті баянды ету үшін және Гер-

манияны Совет Одағына карсы пайдалану үшін империалистік мемлекеттердің 1925 жылы 5—16 октябрьде Локарнода (Швейцария) болған конференцияда жасаған шарттары мен келісімдерінің системасы. (Локарно конференциясы туралы қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том, 289, 291—292-беттер.). — *312.*

77 Бұл арада бір серб ұлтшылының 1914 жылы 28 июньде Сараевода (Босния) Австрия патша тағының мұрагері Франц-Фердинандты өлтіргендігі айтылып отыр, мұның өзі 1914—1918 жылдардағы дүниежүзілік империалистік соғыстың бастауына сыртқы себеп болды. — *313.*

78 1927 жылы Англияның консервативтік үкіметі кабылдаған кәсіпшілер одақтары туралы заң штрейкбрехерлікті мадақтап, кәсіпшілер одактарының саяси максаттар үшін каржылар жыйнауына шек койды, мемлекеттік қызметкерлердің тред-юниондар конгресіне және лейбористік партияға жақын тұрған кәсіпшілер одақтарына енуіне тыйым салды. Бұл заң үкіметтің кандай стачканы болса да заңсыз деп жарыялауына право берді. — *314.*

79 1927 жылы мартта Францияның депутаттар палатасы қабылдаған «Ұлтты карулаңдыру» туралы заң — француз империализмінің соғыс машинасын қайта құрып, жаңа соғыс дайындау жөніндегі жалпы жоспардың бір бөлегі болып табылады. Заңда мыналар каралған: елдің саяси және экономикалық өмірін милитаризациялау, соғыс бола қалған күнде метрополияның да, отарлардың да барлық халқын мобилизациялау, кәсіпшілер одақтарын және басқадай жұмысшы ұйымдарын милитаризациялау, стачка жасау правосын жою, тұрақты армияны көбейту және оны Франция пролетарнаты мен отарлардың езілген халықтарының революциялық аттаныстарын жаныштау үшін пайдалану. — *314.*

80 ССРО достарының Бүкіл дүниежүзілік конгресі 1927 жылы 10—12 ноябрьде Москвада болды. Бұл конгресс Ұлы Октябрь социалистік революциясының онжылдығын мерекелеуге байланысты Совет Одағына келген шетел жұмысшы

делегацияларының бастамасы бойынша шақырылды. Конгреске 43 елдің 947 делегаты қатнасты. Конгреске қатысушылар ССРО-дағы 10 жыл ішіндегі социалистік құрылыстың қортындылары туралы және дүние жүзіндегі ең бірінші пролетарлық мемлекетті соғыс қаупінен сақтау туралы баяндамалар тыңдады. Конгресс қабылдаған үндеу бүкіл дүние жүзі еңбекшілеріне арналған мынадай шақыру сөздермен аяқталды: «Күресіңдер, ССРО-ны, еңбекшілердің отанын, бейбітшіліктің тірегін, азаттықтың ошағын, социализмнің қамалын барлық құралдармен, барлық әдістермен қорғап, сақтаңдар!». — *317.*

81 В. И. Ленин. ««Азық-түлік салығы туралы» кітапшаның жоспары мен конспектісі» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 312-бет). — *358.*

82 «Труд» («Еңбек») — күнде шығып тұратын газет, КОБОС-тың органы, 1921 жылғы 19 февральдан бастап Москвада шығып келеді. — *350.*

83 В. И. Ленин. Партияның XI съезінде жасалатын саяси баяндаманың жоспары туралы В. М. Молотовқа хат (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 207-бет). — *361*

84 К. Маркс. «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмерасы» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, I том, 1948, 215-бет). — *370.*

85 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XIX том, 324—325-беттер және 4-басылуы, 23-том, 67-бет. — *381.*

86 В. И. Ленин. РК(б)П X съезіне Орталық Комитеттің берген есебі бойынша 1921 жылы 9 мартта сөйленген қортынды сөз (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 228-бет.). — *415.*

87 «Нейе фрейе Прессе» («Neue Freie Presse») — буржуазиялық-либералдық газет; 1864 жылдан бастап 1939 жылдың январына дейін Венада шығып тұрды. — *419.*

▪ «Нью-Йорк Америкен» («New York American») — американ реакционері Херстің газеті; 1882 жылдан бастап 1937 жылға дейін Нью-Йоркте шығып тұрды. Өмір сүруінің соңғы жылдарында бұл газет фашизмге бейім позиция ұстады. — *419*.

▪ «Дейли Уоркер» («The Daily Worker») — газет; АҚШ Жұмысшы (коммунистік) партиясының орталық органы. 1922 жылдан бастап бұл газет аптасына бір рет Чикагода «Уоркер» деген атпен шығып тұрды, 1924 жылдан бастап «Дейли Уоркер» болып күнделікті газет ретінде шығып келеді. 1927 жылдан бастап бұл газет Нью-Йоркте шығып тұр. — *422*.

ӨМІРБАЯН ХРОНИКАСЫ

(август — декабрь 1927)

29 июль — 9 август.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының жұмысын басқарады.
1 август.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының мәжілісінде «Халықаралық жағдай және ССРО қорғанысы» туралы сөз сөйлейді.
2 август.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының мәжілісінде халықаралық жағдай туралы қарардың жобасын редакциялау жөніндегі комиссияға сайланады.
5 август.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының мәжілісінде, Троцкий мен Зиновьевтің партия тәртібін бұзғандығы туралы Г. К. Орджоникидзенің жасаған баяндамасы бойынша сөз сөйлейді.
6 — 9 август.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының бі-

ріккен пленумының Зиновьев пен Троцкийдің партия тәртібін бұзғандығы туралы қарар жобасын дайындау жөніндегі комиссиясының жұмысына қатысады.

9 август. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының мәжілісінде «Оппозицияның 1927 жылғы 8 августағы мәлімдемесі жөнінде» сөз сөйлейді.

11 август. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының августағы біріккен пленумының қарарлары туралы баяндаманы талқылауда БК(б)П Москва ұйымы, активінің жыйналысына қатысады.

4 сентябрь. И. В. Сталин Халықаралық жастар күнінің XIII жылдығы күнінде Москвада Қызыл аланда болған жастар демонстрациясына қатысады.

9 сентябрь. И. В. Сталин америка жұмысшыларының тұңғыш делегациясымен әңгімелеседі.

16 сентябрь. И. В. Сталин М. И. Ульяноваға хат жазады.

И. В. Сталин француз жазушысы Анри Барбюспен әңгімелеседі.

27 сентябрь. И. В. Сталин Коммунистік Интернационалдың Аткару Комитеті Президиумы мен Интернационалдық Бақылау Комиссиясының біріккен мәжілісінде «Орыс оппозициясының саяси бет-бейнесі» туралы сөз сөйлейді.

30 сентябрь.	И. В. Сталин Коминтерн Атқару Комитетінің бір топ мүшелерімен және Германия коммунист партиясы Орталық Комитетінің председателі Э. Тельманмен әңгімелеседі.
21 — 23 октябрь.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының жұмысын басқарады.
23 октябрь.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының мәжілісінде «Троцкистік оппозиция бұрын қандай еді, қазір қандай» деген тақырыпта сөз сөйлейді.
	БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы И. В. Сталинді Орталық Комитеттің БК(б)П XV съезіне беретін саяси есебі жөнінде баяндамашы етіп бекітеді.
26 октябрь.	И. В. Сталин Москваның мемлекеттік авиация өнеркәсіп заводы жұмысшыларының делегациясымен әңгімелеседі.
Октябрь.	И. В. Сталин «Октябрь революциясының халықаралық сыйпаты» деген мақаланың конспектісін жазады.
3 ноябрь.	БК(б)П-ның Красная Пресня аудандық VIII конференциясы И. В. Сталинді БК(б)П-ның Москва губерниялық XVI конференциясына делегат етіп сайлайды.
5 ноябрь.	И. В. Сталин ССРО-ға Ұлы Октябрь социалистік революциясының онжылдығын мерекелеуге келген шетел жұмысшыларының делегацияларымен әңгімелеседі.

6 ноябрь.	И. В. Сталин Ұлы Октябрь социалистік революциясының онжылдығын мерекелеуге арналған Москва Советінің салтанатты мәжілісінде құттықтау сөз сөйлейді.
6 — 7 ноябрь.	И. В. Сталиннің «Октябрь революциясының халықаралық сыйпаты. Октябрьдің онжылдығына» деген мақаласы «Правда» газетінің 255-номерінде басылды.
7 ноябрь.	И. В. Сталин Ұлы Октябрь социалистік релюциясының онжылдығының құрметіне Москвада Қызыл алаңда болған Москва гарнизоны әскерлерінің параді мен еңбекшілер демонстрациясына қатысады.
9 ноябрь.	И. В. Сталин Москвадағы Үлкен театрда Ұлы Октябрь социалистік революциясының онжылдығына және Совет Одағының авиация құрылысының қортындыларына арналған СССР Осоавиахимі Орталық Советінің салтанатты мәжілісінде құттықтау сөз сөйлейді.
10 ноябрь.	И. В. Сталин СССР достарының Одақтар Үйінің Колонна залында болған Бүкіл дүниежүзілік конгресінің бірінші мәжілісіне қатысады.
16 ноябрь.	И. В. Сталин бір топ әскер қызметкерлерімен — Москва соғыс округінің VII партия конференциясының делегаттарымен әңгімелеседі.
18 ноябрь.	И. В. Сталиннің Москва соғыс округінің VII партия конференциясын құттықтауы «Красная Звезда» газетінің 263-номерінде жарыяланды.

19 ноябрь. БК(б)П-ның Ленинград облыстық I конференциясы И. В. Сталинді БК(б)П Ленинград облыстық Комитетінің мүшесі етіп сайлайды.

23 ноябрь. И. В. Сталин БК(б)П-ның Москва губерниялық XVI конференциясында «Партия және оппозиция» туралы сөз сөйлейді.

28 ноябрь. БК(б)П-ның Москва губерниялық XVI конференциясы И. В. Сталинді БК(б)П XV съезіне делегат етіп сайлайды.

2 — 19 декабрь. И. В. Сталин БК(б)П XV съезінің жұмысын басқарады.

3 декабрь. И. В. Сталин БК(б)П XV съезіне Орталық Комитеттің саяси есепті баяндамасын жасайды.

7 декабрь. И. В. Сталин БК(б)П XV съезіне Орталық Комитеттің берген саяси есебі бойынша қортынды сөз сөйлейді.

12 декабрь. Партияның XV съезі И. В. Сталинді Коминтерн Атқару Комитетіндегі БК(б)П делегациясының есебі бойынша қарар дайындау комиссиясына сайлайды.

16 декабрь. И. В. Сталин «Сталиннің мақалалары» деген жалған мақалалар туралы Москвадағы шетел баспасөзі өкілдерінің қойған сұрауына жауап береді.

17 декабрь. И. В. Сталин Коминтерн Атқару Комитетіндегі БК(б)П делегациясының есебі бойынша қарар жобасын дайындау жөніндегі БК(б)П XV съезі комиссиясының мәжілісіне қатысады.

19 декабрь. БК(б)П XV съезі И. В. Сталинді партияның Орталық Комитетінің мүшесі етіп сайлайды.

И. В. Сталин БК(б)П-ның XV съезі сайлаған Орталық Комитеті пленумының жұмысына қатысады.

Орталық Бақылау Комиссиясының Президиум мүшелері қатысқан БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы И. В. Сталинді Саяси Бюроның, Ұйымдастыру Бюросының, Орталық Комитет Секретариатының мүшесі етіп сайлайды және БК(б)П Орталық Комитетінің бас секретары етіп бекітеді.

МАЗМҰНЫ

Беті.

Алғысөз . . . . VII—IX

БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ОРТАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ БІРІККЕН ПЛЕНУМЫ. *29 июль — 9 август, 1927 ж.* . . . .

Халықаралық жағдай және ССРО қорғанысы. *1 августағы сөйленген сөз* . . . . 1—96

I. Оппозицияның Коминтерн секцияларына қарсы дұшпандықтары 3

II. Қытай туралы 11

III. Ағылшын-Совет бірлік комитеті туралы 41

IV. Соғыс қорқынышы және ССРО-ны қорғау туралы. 46

5 августа сөйленген сөз 68

Оппозицияның 1927 ж. 8 августағы „мәлімдемесі" жөнінде. *9 августа сөйленген сөз* 97

АМЕРИКА ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ МЕН ӘҢГІМЕ. *9 сентябрь, 1927 ж.* . . . . 105—165

I. Делегаттардың сұрақтары және Сталин жолдастың жауаптары 105

II. Сталин жолдастың сұрақтары және делегаттардың жауаптары. 151

М. И. УЛЬЯНОВА ЖОЛДАСҚА. Л. МИХЕЛЬСОН ЖОЛДАСҚА ЖАУАП 166

ОРЫС ОППОЗИЦИЯСЫНЫҢ САЯСИ БЕТ-БЕЙНЕСІ. *Коминтерн Атқару Комитетінің Президиумы мен Интернационалдық Бақылау Комиссиясының біріккен мәжілісінде сөйленген сөзден. 27 сентябрь 1927 ж.* 170

„ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙПАТЫ" ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ КОНСПЕКТІСІ 187

ТРОЦКИСТІК ОППОЗИЦИЯ БҰРЫН ҚАНДАЙ ЕДІ, ҚӘЗІР ҚАНДАЙ. *БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы мәжілісінде сөйленген сөз. 23 октябрь, 1927 ж.* . . . . 192—230

I. Кейбір ұсақ мәселелер 192
II. Оппозицияның „платформасы" туралы 198
III. Ленин айтыс туралы және жалпы оппозиция туралы 203
IV. Оппозиция және „үшінші күш". . . . 205
V. Оппозиция съезге қалай „дайындалуда" 211
VI. Ленинизмнен троцкизмге 215
VII. Соңғы жылдардағы партия саясатының кейбір өте маңызды қортындылары туралы. 219
VIII. Аксельродқа қарай кейін шегіну. . . . 225

ШЕТЕЛ ЖҰМЫСШЫ ДЕЛЕГАЦИЯЛАРЫМЕН ӘҢГІМЕ. *5 ноябрь, 1927 ж.* 231

ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙПАТЫ. *Октябрьдің он жылдығына* 266

МОСКВА СОҒЫС ОКРУГІНІҢ ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА 279

ПАРТИЯ МЕН ОППОЗИЦИЯ. *Москва губерниялық XVI партия конференциясында сөйленген сөз. 23 ноябрь. 1927 ж.* . . . . 280—298

I. Айтыстың қысқаша қортындылары . . . 280
II. Жұмысшы табы мен шаруалар. 283
III. Партия мен пролетариат диктатурасы. . . 289
IV. Біздің революцияның перспективалары 293
V. Енді не істеу керек? 296

БК(б)П XV СЪЕЗІ. *2—19 декабрь, 1927 ж.* . . . . 299—418

Орталық Комитеттің саяси есебі *3 декабрь* 301

I. Дүниежүзілік капитализмнің өршіп отырған дағдарысы және ССРО-ның сыртқы халі. . . 301—324

1. Дүниежүзілік капитализмнің экономикасы және сыртқы рыноктер үшін күрестің шиеленісуі 301

2. Капитализмнің халықаралық саясаты және жаңа империалистік соғыстардың дайындалуы 307

3. Дүниежүзілік революциялық қозғалыстың күйі және жаңа революциялық өрлеудің жаршылары 314

4. Капиталистік дүние мен ССРО 317

5. Қорытындылар 323

II. Социалистік құрылыстың табыстары және ССРО-ның ішкі халі. . . . . 325—364

1. Жалпы халық шаруашылығы 326

2. Біздің социалистік ірі өнеркәсібімізді өркендетудің қарқыны 334

3. Біздің ауыл шаруашылығының даму қарқыны . . . 338

4. Таптар, мемлекеттік аппарат, еліміздің мәдени жағынан өсуі 350

III. Партия мен оппозиция. 364

1. Партияның халі 364

2. Айтыстың қорытындылары 374

3. Партия мен оппозицияның арасындағы негізгі алауыздықтар 378

4. Енді не істеу керек? 389

IV. Жалпы қорытынды 395

Орталық комитеттің есебі бойынша қорытынды сөз *7 декабрь* 398

I. Роковскийдің сөзі туралы. 398

II. Каменевтің сөзі туралы 401

III. Қорытынды 415

„СТАЛИННІҢ МАҚАЛАЛАРЫ“ ДЕГЕН ЖАЛҒАН МАҚАЛАЛАР ТУРАЛЫ ШЕТЕЛ БАСПАСӨЗІНІҢ ӨКІЛДЕРІНЕ МӘЛІМДЕМЕ 419

Ескертулер 424

Өмірбаян хроникасы (август — декабрь 1927) . . . 443

Тираж 38 тысяч экз.
Сдано в набор 15 VIII 1949 года
Подписано к печати
1/X – 31/X 1949 г.
Объем 29 п. л.
Зак. № 947
Цена 6 руб.

*

Гостипография № 2
Управления по делам полиграфической промышленности, издательств и книжной торговли при Совете Министров КазССР.

АЛМА-АТА